




«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы

«Назарбаев Зияткерлік
мектептері» ДББҰ Басқармасының
2024 жылғы 21 тамыздағы
шешімімен бекітілген №43 хаттама

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНДЕ
NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ



Астана 2024

МАЗМҰНЫ

1. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫП ІСКЕ АСЫРУ (NIS-PROGRAMME 2.0).....	4
1.1 Құзыреттіліктерді дамытудағы кешенді тәсілдеме.....	4
1.2 NIS-Programme 2.0 бағдарламасы аясында оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету	9
1.3 NIS-Programme 2.0 шеңберінде оқушылардың академиялық адалдығын қалыптастыру	13
2. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР. PISA-2022 ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БОЛАШАҒЫ	18
3. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ЗИЯТ: КІРІКТІРУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ...	27
3.1 Жасанды зиятты білім беруге кіріктіру	27
3.2 Мұғалімдерді ЖЗ-ны пайдаланып сабақ беруге дайындау.....	33
4. «NIS LAB» ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ.....	35
«Химия» пәні	36
«Физика» пәні.....	37
«Биология» пәні	37
5. NIS-PROGRAMME БАҒДАРЛАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН, НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	39
5.1. «Тіл және әдебиет» білім беру саласы.....	39
«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні.....	39
«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні.....	57
Предмет «Русский язык и литература» (Я1).....	71
Предмет «Русский язык и литература» (Я2).....	87
Subject «English language»	97
Subject «Global Perspectives and Project Work»	107
5.2 «Математика және информатика» білім беру саласы	109
«Математика» пәні	109
Предмет «Информатика».....	124
5.3 «Жаратылыстану» білім беру саласы	136
«Физика» пәні.....	136
«Химия» пәні	149
«Биология» пәні	158
«География» пәні	174

5.4. «Адам және қоғам» білім беру саласы	190
«Қазақстан тарихы» пәні.....	190
«Қазақстан тарихы» пәні (жоғары мектеп)	197
Предмет «Всемирная история».....	200
«Құқық негіздері» пәні	216
Предмет «Экономика»	218
5.5 «Өнер» білім беру саласы	222
«Өнер» пәні	222
«Графика және жобалау» пәні.....	230
5.6 «Дене шынықтыру» білім беру саласы	233
«Дене шынықтыру» пәні	233
6. ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	242
7. ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР	246
«Инженерлік ғылым негіздері» міндетті элективті курсы.....	246
8. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР	250
9. NIS-PROGRAMME БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ІШКІ ҮЙЛЕСТІРУ	251

1. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫП ІСКЕ АСЫРУ (NIS-PROGRAMME 2.0)

1.1 Құзыреттіліктерді дамытудағы кешенді тәсілдеме

Кешенді тәсілдеменің негізін салушы Рон Миллер (1992)¹ кешенді білім беру жүйесін нақты бір әдіс емес, парадигма, яғни әртүрлі жолдармен қолдануға болатын негізгі қағидаттар жиынтығы ретінде қарастыру қажет екенін атап көрсетеді.

Мұндай тәсілдеменің негізгі ережелері:

1) кешенді білім тұлғаны жан-жақты оқытумен байланысты (эмоциялық, эстетикалық, шығармашылық, физикалық және т.б. тұрғыдан);

2) кешенді оқыту білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының ынтымақтастығын, өзара сыйластығын қолдайды;

3) кешенді оқыту практикалық тәжірибеге негізделеді;

4) кешенді білім берудің мақсаты – адамның мүмкіндіктерін өмірдің барлық салаларында толық дамытуды қамтамасыз ету.

Кешенді білім беру тәсілдемесі оқушылардың сыни ойлау және дербес жұмыс жасау дағдыларын дамытады. Осы тәсілдеме аясында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушыларды әуестенетін дүниелерімен айналысуға итермелеп, зерттеу жүргізуге және тұлға ретінде өсуге ықпал етеді.

Кешенді білім беру аясында ЮНЕСКО XXI ғасырдағы оқытудың төрт тірегі анықтады:

1) білім алуды үйренуге оқыту – сұрақ қоя білу, зейінді, қабылдауды, шығармашылықты дамыту;

2) қарекетшілдікке үйрету – зияткерлік, жауапты іс-әрекеттер, кәсіпті және өндірістік жұмысты игеру, жұмыс қажеттіліктеріне бейімделе білу;

3) бірлесіп өмір сүруге үйрету – жауапкершілікке үйрету, сыйластық пен ынтымақтастық, диалог және ортақ мақсаттарға жұмыс істеу арқылы түсінспеушілікті шешу;

4) болмысты түсінуге үйрету – адамның шынайы табиғатын ашу, адами құндылықтарды ескеретін әмбебап әлем, сонымен қатар өзін-өзі тану арқылы қол жеткізілген ішкі даналық.

Рон Миллер (2000)² **жан-жақты болудың бес контекстін** көрсетті.

1. «Толық адам» немесе «жан-жақты тұлға» – яғни физикалық, эмоциялық, зияткерлік, әлеуметтік, эстетикалық және рухани тұрғыдан дамыған адам, кемел тұлға. Дәл осы контекст маңызды, өйткені мұғалім осы бағытта жұмыс істейді.

2. «Қауымдастықтың тұтастығы» – қауымдастық ішіндегі тұлғааралық қатынастар (қала, мектеп, отбасы).

3. «Қоғамның тұтастығы» – бұл елдің идеологиялық және экономикалық өлшемі, қоғамның алға қойған мақсаттарға ұмтылысы.

4. «Әлемнің тұтастығы» – жаһандық контексте жүретін оқу үдерісі, осының арқасында мұғалімдер қоршаған орта дағдарысын мойындап, жаһандық сананы оятып, табиғатты аялауға дайындайды.

5. «Ғаламның тұтастығы» – адам өзінің шынайы болмысын санамен сезінуі орын алатын тұлғаның өзін-өзі тануының бастауы.

¹ Miller, R. (1992). What are schools for: Holistic education in American culture (2nd ed.), Brandon, VT: Holistic Education Press

² Miller, R. (2000). Caring for new life: Essays on holistic education. Brandon, VT: Foundation for Educational Renewal

Қазақ мәдениетінде «тұтастық» ұғымын Абай жақсы сипаттаған, ол «толық адамды» қалыптастыруға үгіттеген, кемел адам дегеніміз – жан-жақты, яғни рухани, моральдық, эстетикалық, зияткерлік және физикалық тұрғыдан үйлесімді дамыған тұлға. Мұндай адам өз әлеуетін өмірдің барлық салаларында жүзеге асыруға және қоғамда жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек».

Абай

Абай өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге және қоғамның игілігі үшін адал қызмет етуге шақырған. Оның ойынша, адам материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруы мен өзінің рухани тұрғыдан өсуге ұмтылуы арасында тепе-теңдікті сақтауы тиіс. Абай «толық адам» болу үшін қоғам мен уақыт талаптарына сай сана мен имандылықты дамытып, өзін-өзі жетілдіруі қажет деп санаған. Абайдың тұжырымы – оқыту мен тұлға қалыптастыруды тұтас қарастыру, яғни кешенді тәсілдемені практикалық тұрғыдан іске асыру ұстанымының жарқын мысалы.

Кешенді тәсілдеме:

- *қызығушылық пен шығармашылық қабілеттерді дамытады.* Оқушылардың ізденімпаздығы артады, бұл олардың жаңашыл ойлауы мен әртүрлі пәндерді байланыстыру қабілетін дамытады.

- *психологиялық, әлеуметтік және эмоциялық дамуды қамтамасыз етеді.* Оқушылардың өз эмоцияларын жақсы басқаруына және жағымды қарым-қатынас орнатуына көмектесетін эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

- *оңтайлы оқу ортасын құрады.* Оқушылар өздерін қауіпсіз және сенімді сезінеді, бұл оларға оқуға назар аударуға, белсенді білім алуға және сұрақтар қоюға мүмкіндік береді.

- *мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.* Жағымды өзара қарым-қатынас оқушылардың жалпы әл-ауқатын және оқу нәтижелерін жақсартатын сенім мен түсіністік атмосферасын орнатады.

- *коммуникативті дағдыларды дамытып, сенімділікті арттырады.* Кешенді білім беру тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытып, сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді, бұл оқушылардың ынтасы мен академиялық жетістіктерін арттыруға көмектеседі.

- *сыйластық пен жанашырлықты арттырады.* Оқушылар әртүрлі пікірлер мен мәдениеттерді құрметтеуге және түсінуге үйренеді, бұл эмпатия мен әлеуметтік сананы дамытады.



1-сурет. Кешенді тәсілдеме аясындағы баланың дамуы


«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес Зияткерлік мектептер білім мен тәрбиені қатар беру кешенді философиясын ұстанады, бұл оқушылар, мұғалімдер және бүкіл мектеп қоғамдастығының академиялық табысқа жетіп, әл-ауқатты болуына ықпал етеді³. Стратегияның «Кемелдікке ұмтылу» 1-стратегиялық бағытының мақсаты – **оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды кіріктіру, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын және жалпы мектеп әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ету** арқылы кешенді түрде іске асырылатын үйлесімді тұлғаны тұтас дамыту.

Кешенді білім беру – баланың жан саулығы мен тән саулығын, сондай-ақ ақыл-ойының дамуын қамтитын білім беру.

Миллер Д.

Зияткерлік мектептерде оқыту мен тәрбиелеу өзара байланысты және білім беру салалары, сабақтан тыс іс-шаралар мен әлеуметтік-тәрбиелік жобалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл үдерістің негізі – оқушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру, ал оны жүзеге асыруда оқушылардың танымдық, әлеуметтік-эмоциялық, өнегелік-эстетикалық әл-ауқатына және тән саулығына басты назар аударылады.

NIS-Programme білім беру бағдарламасында құндылықтар, білім, сауаттылық түрлері мен дағдыларды қамтитын негізгі құзыреттіліктер анықталған.



2-сурет. NIS-Programme бағдарламасының визуалды көрінісі

NIS-Programme мынадай құндылықтарды қалыптастырады:

- құрмет;
- ашықтық;
- отансүйгіштік және жауапкершілік;
- еңбекқорлық және шығармашылық;
- адалдық;
- отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер.
- денсаулық пен әл-ауқат;
- жаһандық азаматтық.

³ https://www.nis.edu.kz/storage/app/media/main/11.04.2024/strategiya_RU.pdf

Бұл құндылықтар «қалыптасатын құндылықтар» санатына жатады (оқу және тәрбие алу кезінде адамның игерген құндылықтары), жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарастырғанда олар адамның қасиеттеріне айналады.

Бұл құндылықтарды қалыптастыру Зияткерлік мектептердегі білім беру мазмұнының негізі болып табылады.

Білім беру бағдарламалары орталығы білім беру бағдарламасының аясында Зияткерлік мектеп оқушыларының жан-жақты дамуын жүзеге асыру мақсатында кіріктірілген элективті курстар әзірледі. Ағымдағы 2024–2025 оқу жылына арналған 9 элективті курс әзірленді. Курстардың толық сипаттамасы «Элективті курстар» атты 6-бөлімде берілген. Алдыңғы жылдары ұсынылған элективті курстардың толық тізбесі әдістемелік нұсқау хаттарда көрсетілген.

Оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін оңтайлы білім беру ортасын құру үшін мектеп, отбасы және қоғам тығыз ынтымақтастықта болып, өзара әрекеттесу керек. Мұндай өзара әрекет әрбір оқушының дамуы мен өсуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептер жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін білім беру кеңістігін құруды мақсат етеді. Ол үшін құндылықтарға бағытталған білім беру үдерісі қоғамның объективті қажеттіліктеріне негізделіп, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері ескерілуі керек. Тиімді тәрбие мен оқыту оқушылар белсенді әрекет етіп, олар үшін ынталандырушы педагогикалық жағдаяттар жасалған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тәсіл әрбір оқушының жеке тұлға ретінде өсуі мен дамуын қамтамасыз ете отырып, оның шығармашылық мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептердің түпкі мақсаты – келесі қасиеттерге ие жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру, яғни оқушылар:

- басқа адамдарға, олардың пікірлеріне, құқықтары мен бостандықтарына құрмет, ізгі ниет, биязылық, әдептілік пен төзімділік танытады;

- басқа адамдардың әртүрлі көзқарастарын, идеялары мен мәдени ерекшеліктерін түсінеді және қабылдайды;

- өз елін жақсы көреді, оның мүдделері мен әл-ауқатын қорғауға, болашағы үшін күресуге дайын болады, жауапкершілік танытады және белсенді азаматтық ұстанымды сақтайды;

- еңбекке құрмет білдіріп, өзін-өзі шығармашылық тұрғысынан жүзеге асыруға ұмтылады, көп жұмыс істеуге дайын, табанды, мәселелерді шешудің шығармашыл жолдарын, жаңа тәсілдерін іздейді;

- шындықты айтуға тырысады және моральдық қағидалар мен нормаларға сәйкес әрекет етеді, академиялық этикет пен адалдықты сақтайды, зияткерлік меншікті құрметтейді және академиялық жұмыстарда ақпарат көзін келтіреді;

- отбасында ұрпақтан ұрпаққа берілетін және оқушының дүниетанымын қалыптастыру үшін, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынасты нығайту үшін маңызды құндылықтар мен дәстүрлерді құрметтейді;

- салауатты өмір салтын ұстанады, дұрыс тамақтанады, физикалық белсенділікпен айналысады, өзінің психологиялық жағдайына, сондай-ақ басқа адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына қамқор болады;

- жаһандық қоғамдастықтың өміріне қатысады және әлемдік проблемаларға (кедейлік, аштық, экологиялық дағдарыстар және т.б.) жауапкершілікпен қарауға шақырады, өзінің әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі екенін түсінеді және әртүрлі елдер мен аймақтардағы адамдардың өмірін жақсартуға ұмтылады.

Құндылықтарға бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде Зияткерлік мектептердің әкімшіліктері мен педагогикалық ұжымдары мынадай ережелерді басшылыққа алуы тиіс.

- Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері қоғамның объективті қажеттіліктеріне, ондағы дүниетанымдық, адамгершілік-этикалық бағдарларға, мұраттар мен ұстанымдарға байланысты болуы керек.

- Тәрбие жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып құрылуы керек.

• Жеке тұлғаны тәрбиелеу тәрбиелік, ғибратты әңгімелер мен нұсқаулар барысында емес, тек іс-әрекет барысында жүзеге асады. Бұл тұлға үшін маңызды іс-әрекет неғұрлым әртүрлі және нәтижелі болса, берілген тұлғаның жалпыадамзаттық және кәсіби мәдениеттің жетістіктерін игеруі соғұрлым тиімді болады.

• Жеке тұлғаны тиімді тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру егер оқушы ұйымдастырылған қызметті жүзеге асыруда жоғары белсенділік танытқан жағдайда ғана жүзеге асады. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың белсенділігін ынталандыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау.

• Тұлғаның даму үдерісі оқушы білім беру субъектісі болған кезде оңтайлы сипатқа ие болады.

• Тәрбие үдерісінде оқушылардың кәсіби және өмірлік өсу перспективаларын ашып, оларды алға қойған мақсаттарына жетуге және жеткен жетістіктеріне қуануға үйрету керек.

• Тәрбие үдерісінде оқушының жеке тұлғасына адамгершілік және құрметпен қоса оған, оның іс-әрекетінің сипаты мен мінез-құлқына жоғары талаппен қарау керек.

• Тәрбие үдерісінде оқушылардың жақсы қасиеттерін анықтап, соларға сүйене отырып тәрбие беруді жүзеге асыру қажет.

• Тұлғаның өзін-өзі дұрыс дамытуы көбінесе тәрбие үдерісінің даралану дәрежесіне және оның шығармашылық бағытының сипатына байланысты. Тұлғаның өзін-өзі іске асыруы үшін ынталандырулар мен жағдайлар жасау, оның шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау және барынша дамыту қажет.

• Тәрбие нәтижелері нақты жағдайларға, нақты үдерістер мен жағдайлардағы оқушылармен өзара әрекеттесу сипатына байланысты. Ол үшін тәрбие және ұйымдастырушылық шараларды тиімді үйлестіру және өзара әрекеттесу керек. Тәрбие мен оқытудың үйлесіміне ерекше назар аудару керек.

Тәрбие әртүрлі аспектілерді, мысалы, *көркемдік-эстетикалық, зияткерлік, көпмәдениетті даму, рухани-адамгершілік, патриоттық және экологиялық тәрбиені* қамтиды.

Оқушыларды оқыту барысында тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру көбінесе оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты болып келеді. Мұғалім тәрбиелік компонентті оқыту үдерісіне үйлесімді түрде енгізе білуі керек.

Білім беру ортасын қалыптастыруда және оқушылардың жетістіктерге жетуінде **мұғалімнің жеке тұлғасы** маңызды рөл атқарады.

Джон Хэттидің (2003)⁴ зерттеуіне сәйкес, оқушылардың үлгеріміндегі айырмашылықтардың шамамен 30%-ы мұғалімге, оның біліміне және балалардың оқуға деген көзқарасына байланысты болады.

Хэтти өзінің «Visible learning» кітабында мұғалімді өз саласының маманы ретінде анықтайтын бес негізгі белгіні атайды.

1. Мұғалім өз пәні бойынша білімді ұсыну мен берудің ең маңызды тәсілдерін біледі және оларды қолданады. Айта кету керек, мұғалімдер тиімді жеткізу тәсілдерін білмесе, олардың пәндік білімі оқушылардың үлгерімін жақсартпа алмайды. Мұғалімнің өз білімін қалай ұйымдастырып, қалай пайдаланатыны, мазмұнды оқушылардың алдыңғы білімдерімен кіріктіріп ұсына білуі, оларға сабақты басқа пәндік салалармен байланыстыруға мүмкіндік беруі өте маңызды. Мұғалім әртүрлі стратегияларды қолдану арқылы оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес сабақты бейімдей алады.

2. Мұғалім сыныпта жайлы оқу атмосферасын құрады. Мұндай атмосфераның басты белгісі – сенім. Балалар көбінесе сыныптастарының келеке етуінен қорқып, оқу кезінде қате жасамауға тырысады. Үздік мұғалімдер қателіктерді қабылдау саясатын жүргізеді, өйткені қателер оқудың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Мұғалім оқу үдерісін бақылайды және кері байланыс береді. Кейде оқыту жоспар бойынша жүрмей қалуы мүмкін, мұғалім әр оқушының үлгерімін бақылап отыру үшін оқушылардың кері байланысын пайдаланады.

⁴ John Hattie (2003) Teachers Make a Difference, What is the research evidence?

4. Мұғалім әр оқушының табысқа жете алатындығына сенімді, өйткені білім мен дағдылар қатып қалған нәрсе емес, оларды жинақтауға болады. Мұғалім әр оқушыға құрметпен қарап, оның жетістіктерге жете алатынына сенеді.

5. Мұғалімдер пән бойынша тест немесе емтихан нәтижелеріне ғана емес, оқушылардың басқа салалардағы көптеген нәтижелеріне де әсер етеді. Олар балаларға пәндік білім мен құндылықтарды терең және тұжырымдамалық тұрғыдан түсінуге, өздерін және басқаларды құрметтеуге үйретіп, әлемнің белсенді азаматтары болып қалыптасуына көмектеседі.

Демек, ұстаз – оқушылардың өміріндегі елеулі тұлға. Оның білімі, білігі, оқыту мен тәрбие берудегі ұстанымы оқушылардың жетістікке жету деңгейіне ғана емес, сонымен бірге олардың қоғамдағы белсенді өмірге дайын болуына да әсер етеді. Мұғалімдер кәсіпқойлық және оқушылармен тиімді қарым-қатынас қағидаттарын ұстана отырып, өз оқушыларының болашағына айтарлықтай әсер ете алады.

1.2 NIS-Programme 2.0 бағдарламасы аясында оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету

Білім балалар мен жастардың өміріне, сондай-ақ қоршаған әлемге айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Алайда оқушылар мектепте өзін қауіпсіз сезініп, қорғаныс пен қолдау көрсе ғана білім шынайы инклюзивті және түрлендіруші болады. «Әл-ауқат» ұғымы көптеген аспектілерді қамтиды: психикалық денсаулық пен қауіп-қатерден қорғау, салауатты өмір салтын ұстану, белсенділік пен оқушының өзін бақытты сезінуі. Әл-ауқат оқушылардың мектепте алған тәжірибесіне және олардың үлгеріміне нақты әсер етеді. Егер оқушылар мектепте тамақтануға, денсаулыққа қатысты проблемаларды немесе зорлық-зомбылық пен кемсітушілікті бастарынан кешірсе, олар оқуда өз әлеуетін толық жүзеге асыра алмайды. Сондықтан мектептегі әл-ауқатты қамтамасыз ету оқушының жеке тұлғасын дамытуға және табысты оқытуға негіз болатын білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүргізген оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламаның (PISA) соңғы нәтижелері оқушылардың мектепке деген қатыстылық сезімінің төмендегенін және (кибер)буллингтің кең таралғанын көрсетеді. Зерттеулерге сәйкес, мектептегі буллинг оқушылардың денсаулығы мен оқу жетістіктеріне жойқын әсер етеді және оқуды мерзімінен бұрын тастап кету қаупін арттырады. Мектеп оқушыларының шамамен 20%-ы психикалық денсаулық проблемаларына, атап айтқанда, алаңдаушылық пен депрессияға ұшырайды. Мұғалімдер мен оқушылардың әл-ауқаты өзара байланысты. Мұғалімдер оқушылардың әл-ауқаты мен психикалық денсаулығын қамтамасыз ету үшін өздерін жайлы сезінуі керек.

NIS-Programme білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету балалардың әлеуметтік, эмоциялық және физикалық дамуын қазіргі кезде және болашақта қолдайтын негізгі аспект болып табылады. Бұл оқушылардың өзін-өзі тануы мен білімін дамытуға, өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға және олардың мектебіне, қоғамдастығына, жалпы қоғамға деген тиесілілік сезімін нығайтуға ықпал етеді. Осы дағдылар мен қасиеттерді дамыту үшін балалар әлем туралы өзіндік этикалық түсінік қалыптастыруы керек. Әл-ауқат пен академиялық жетістіктер арасында тікелей байланыс бар, яғни әл-ауқат табысқа жетудің негізгі алғышарты болып табылады, ал табысты болу әл-ауқат үшін өте маңызды.

NIS-Programme білім беру бағдарламасы білім берудегі көзқарастар мен бағдарларға негізделген құндылықтарды ұстанады. Бұл құндылықтар оқушылардың әл-ауқатына және олардың жан-жақты дамуына ықпал ететін білім беру ортасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету дегеніміз – әрбір оқушы өзін құнды және құрметке лайықты сезінетін ортаны құру.

Білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру және оңтайлы оқу ортасын құру үшін 1-кестеде келтірілген ұсыныстарды ескеру қажет.

1-кесте. Зияткерлік мектептерде оңтайлы ортаны құру жөніндегі ұсыныстар

Зияткерлік мектептерде оңтайлы ортаны құру жөніндегі ұсыныстар	
<i>Мектепте жағымды атмосфера құру</i>	Мұғалімдер жақсы көңілді күйді сақтауы керек, олардың жеке көңіл күйінің сыныптағы атмосфераға теріс әсер етуіне жол бермеу керек. Оқушыларға дұрыс кері байланыс беріп, оларға қолдау көрсету және нәтижеге жетуге ынталандыру қажет.
<i>Оқушылармен жеке жұмыс істеу</i>	Әр оқушының көңіл күйіне, жай-күйіне мұқият болыңыз. Егер бала жабырқаңқы күйде болса немесе оның оқу жетістіктері төмендеп кетсе, оның себептерін анықтаңыз: ол буллингке ұшырауы, денсаулығына қатысты мәселелер пайда болуы, үйде немесе мектепте қиындықтар туындауы мүмкін. Себебін өзіңіз анықтай алмасаңыз, жетекшіге немесе мектеп әкімшілігіне хабарласып, оқушыға қолдау көрсету шараларын қолдануыңыз қажет.
<i>Сабақ кестесі мен қауіпсіздік ережелерін сақтау</i>	Мұғалімдер сабақ кестесін, элективті курс және секциялық сабақтар кестесін қатаң сақтауы қажет. Оқушылардың біреуі сабаққа қатыспаған жағдайда, оның себебін анықтау керек. Оқу процесі кезінде балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты үшін мұғалім жауапты.
<i>Салауатты өмір салтын қолдау</i>	Оқушыларды дене шынықтырумен айналысуға шақыру және мектепте дұрыс тамақтануды қамтамасыз ету керек. Сыныпта температуралық режимді сақтау және сыныптарды жүйелі түрде желдету қажет.
<i>Мектептегі өзін-өзі басқару ісіне қатысу</i>	Мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне маңызды шешімдер қабылдауға қатысуға мүмкіндік беру керек, бұл оқушылардың мектепке деген тиесілілік және жауапкершілік сезімдерін оятады.
<i>Сабақта әл-ауқат пен қауіпсіздік мәселелерін талқылау</i>	Оқушылармен сабақта әл-ауқат пен қауіпсіздікке, эмоциялық және физикалық денсаулыққа қатысты сұрақтарды талқылаңыз, сондай-ақ оқушылардың күйзелісті басқару және жанжалдарды шешу дағдыларын дамытуға көңіл бөліңіз.

Оқу бағдарламаларына оқушылардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған оқу мақсаттары енгізілді. Бұл мақсаттар жағымды оқу ортасын құруға, эмоциялық және физикалық денсаулықты сақтауға, сондай-ақ өмірлік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

KiVa бағдарламасы туралы жалпы ақпарат

KiVa бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) – Финляндияның Білім және мәдениет министрлігінің қолдауымен Турку университеті ғылыми деректерге негіздеп әзірлеген буллингке қарсы бағдарлама.

Бағдарламаның мақсаттары:

- 1) буллинктің алдын алу;
- 2) іс-шаралар (буллинг жағдайларын шешуге арналған әрекеттер);
- 3) буллинктің жағымсыз салдарын азайту.

Бағдарламаның негізгі компоненттері:

1. Жалпы шаралар барлық оқушыларды қамтиды, негізінен буллинктің алдын алуға бағытталған. Оларға KiVa оқу бағдарламасы, мектеп қызметкерлері мен ата-аналарға арналған жиналыстар, символика (постерлер, кеудешелер) кіреді.

2. Арнайы іс-шаралар буллингке ұшыраған балалар мен жасөспірімдерге бағытталған. Буллингке ұшыраған оқушылармен сөйлесуді көздейді.

3. Мониторингке оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің жыл сайынғы онлайн-сауалнамасы және сауалнама нәтижелері бойынша жиналыс өткізу кіреді.

KiVa оқу бағдарламасы

Оқу бағдарламасы – жалпы шаралардың негізгі бөлігі. Ол 7-сынып оқушыларына арналған 12 сабақтан және 8-сынып оқушыларына арналған 12 сабақтан тұрады. 7 және 8-сынып оқушыларына арналған бірінші және екінші сабақтар KiVa Start бағдарламасының кіріспесін құрайды: біреуі таңдау курсы ретінде, екіншісі әрекет ретінде. Қалған барлық KiVa сабақтары «Әл-ауқат және қауіпсіздік» элективті курсының бөлігі ретінде өткізіледі.

Оқу бағдарламасының мазмұны әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамытуға және оқушылардың буллингке қарсы күресте топтың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған. Сабақтың мақсаты – жәбірленген оқушыларға жанашырлық таныту және қысым көрсетілген оқушыларға көмектесудің, оларды қолдаудың қауіпсіз жолдарын ұсыну. Буллингтің алдын алу жалпы жауапкершілік сезімін және бүкіл топтың мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға негізделген.

Сабақтар бүкіл оқу жылы бойы айына 1–2 рет сынып сағаты ретінде жүргізіледі. Сабақтар белсенді әдістермен өткізіледі және пікірталастар, топтық жаттығулар, бейнеүзінділер, тағы басқа да жаттығуларды қамтиды. Алғашқы сабақтарда эмоциялар және оларды басқару, өзгешеліктерді қабылдау, топқа қосылу және құрдастардың қысымы сияқты жалпы тақырыптар талқыланады. Бірте-бірте сабақтар буллинг және оны сақтаудағы немесе тоқтатудағы топтың рөлін талқылауға көшеді. Сабақтардың тақырыптары 2, 3-кестелерде көрсетілген.

2-кесте. «Әл-ауқат және қауіпсіздік» элективті курсының тақырыптық мазмұны, соның ішінде KiVa сабақтары. 7-сынып

№	Бөлімнің/тақырыптың атауы
1-бөлім	Денсаулықты сақтау және салауатты өмір салтын ұстану
Тақырыптар	1. Денсаулық. Жеке гигиена 2. KiVa Start 3. Дұрыс тамақтану мәдениеті, пайдалы және зиянды тағамдар 4. KiVa: 1-сабақ. «Барлығына құрмет көрсету» 5. Жаман әдеттер 6. KiVa: 2-сабақ. «Топта» 7. Күн тәртібі 8. Адам өміріндегі демалыстың маңызы
2-бөлім	Психикалық денсаулық және әл-ауқат
Тақырыптар	1. Өзін-өзі тану 2. Эмоциялық тұрақтылық, төзімділік дағдылары 3. KiVa: 3-сабақ. «Буллингті танып біл!» 4. Эмоциялық күйзелістің алдын алу 5. Жағымды және жағымсыз эмоциялар 6. KiVa: 4-сабақ. «Буллингтің жасырын түрлері» 7. Психикалық денсаулықты нығайту 8. Психологиялық көмек көрсету
3-бөлім	Әлеуметтік ортадағы әл-ауқат (Қарым-қатынас)
Тақырыптар	1. Әлеуметтік денсаулық 2. Басқалармен қарым-қатынас орнату, қарым-қатынас және өзара түсіністік 3. KiVa: 5-сабақ. «Интернеттегі жауапкершілік» 4. Дау-дамай жағдайлары, жанжал жағдайындағы мінез-құлық 5. KiVa: 6-сабақ. «Буллингтің салдары» 6. KiVa: 7-сабақ. «Топ және қорлау» 7. Дискриминация 8. Отбасы және отбасы құндылықтары 9. KiVa: 8-сабақ. «Қолдау көрсету» 10. Мен және қоғам

4-бөлім	Жеке және қоғамдық қауіпсіздік
Тақырыптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрмыстық жарақаттар, алғашқы медициналық көмек көрсету 2. KiVa: 9-сабақ. «Өзінді қорғай біл!» 3. Жолдардағы жаяу жүргіншілер, жеке қозғалыс құралдары 4. Өрт қауіпсіздігі 5. KiVa: 10-сабақ. «KiVa мектебі – мұны бірге жасайық!» 6. Судағы мінез-құлық. Табиғат апаттары 7. Экстремалды жағдайдағы мінез-құлық. 8. Менің жеке қауіпсіздігім


3-кесте. «Әл-ауқат және қауіпсіздік» элективті курсының тақырыптық мазмұны, соның ішінде KiVa сабақтары. 8-сынып

№	Бөлімнің/тақырыптың атауы
1-бөлім	Денсаулықты сақтау және салауатты өмір салтын ұстану
Тақырыптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мінез-құлықтық денсаулық. Тәуекелді мінез-құлық 2. KiVa Start 3. Тәуекелді мінез-құлықтан бас тарта білу 4. KiVa: 1-сабақ. «Топтағы рөлдер» 5. Қажеттіліктер мен тілектер. Тәуелділіктің қауіпті түрлері 6. KiVa: 2-сабақ. «Топтың күші» 7. Маңызды қоректік заттар 8. Уақытты басқару негіздері
2-бөлім	Психикалық денсаулық және әл-ауқат
Тақырыптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Күйзеліс және күйзеліске төзімділік 2. Психикалық денсаулық пен әл-ауқатты сақтау жолдары, саналы шешімдер қабылдау 3. KiVa: 3-сабақ. «Эмоциялар маңызды!» 4. Факт тексеру 5. Ойлау икемділігін, эмоциялық зиятты дамыту 6. KiVa: 4-сабақ. «Өзіне жанашыр болу» 7. Эмоциялық зият 8. Мақсатқа талпынушылықты адамгершілік-ерікті қасиет ретінде дамыту 9. Эмоциялық күйзелісті азайту
3-бөлім	Әлеуметтік ортадағы әл-ауқат (Қарым-қатынас)
Тақырыптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жағымды және сыйластық қарым-қатынас және өзара әрекеттесу 2. Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі құрметтеу 3. KiVa: 5-сабақ. «Әртүрлілікпен танысу» 4. Жеке шекаралар 5. KiVa: 6-сабақ. «Жасырын буллинг» 6. KiVa: 7-сабақ. «Онлайн-офлайн» 7. Эмпатия және басқа адамның мінез-құлқының себептерін түсіну 8. Кемсітушілік 9. KiVa: 8-сабақ. «Алымсақтық, гендерлік дискриминация және буллинг» 10. Өзара түсіністік
4-бөлім	Жеке және қоғамдық қауіпсіздік
Тақырыптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жарақаттардың алдын алу 2. KiVa: 9-сабақ. «Буллингтің салдары» 3. Өрт және өрт қауіпсіздігі, күйген кездегі алғашқы медициналық көмек 4. Қан кету. Қан кету кезіндегі алғашқы көмек 5. KiVa: 10-сабақ. «Біздің сынып» 6. Көгеру және ми шайқалу, қызып кету және тоңып қалу кезіндегі алғашқы көмек 7. Тамақтан улану 8. Менің денсаулығым және амандығым

1.3 NIS-Programme 2.0 шеңберінде оқушылардың академиялық адалдығын қалыптастыру

Жаңа технологиялар қарқынды дамып, қолданысқа енгізіліп жатқан заманауи білім беру кеңістігінде академиялық адалдық мәселелері ерекше өзекті болып отыр. Жаңа технологияларды білім беру үдерісіне кіріктіру оқушылар мен мұғалімдерден академиялық адалдық қағидаттары мен әдеп стандарттарын сақтауға баса назар аударуды талап етеді. **Академиялық адалдық** – бұл білім беру үдерісінде оқушылардың жеке адалдығы мен оқу жауапкершілігін, сенімді және адал жұмыстарды жасауда әдеп ережелерін басшылыққа ала отырып шешім қабылдау мен әрекет ету негізін дамытатын мінез-құлық қағидаттарының жиынтығы⁵.

Зияткерлік мектептердегі академиялық адалдық қағидаттары 1-диаграммада келтірілген.



1-диаграмма. Зияткерлік мектептердегі академиялық адалдық қағидаттары

4-кесте. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

№	Атауы	Анықтамасы
1	Плагиат	авторлықты немесе дереккөзді көрсетпей, материалдарды иемдену
2	Келісу	емтихан материалдары мен жауаптарын көшіру немесе тарату мүмкіндігін беру арқылы басқа оқушылардың ережелерді бұзуын қолдау; басқалардың академиялық адалдық ережелерін бұзғаны туралы белгілі фактіні жасыру
3	Алдау	көшіріп алу, бағаланып қойған жұмысты қайта тапсыру, жалған мәліметтерді ұсыну, көшіріп алуға көмектесу, басқалардың жұмысын өз жұмысы ретінде көрсету

⁵ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының оқушыларына арналған Академиялық адалдық ережелері

4	Бұрмалау	жалған ақпарат беру, бағаларды, деректерді қолдан жасау немесе басқа адам жасаған жұмысты өз жұмысы ретінде көрсету
5	Жауаптарды адал емес жолмен алу	жауаптарды тарату, бағалау материалдарын алаяқтық жолмен алу, бағалау жұмыстарын сатып алу және сату
6	Ақпаратты немесе құрылғыларды теріс пайдалану	бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде тыйым салынған ақпаратты немесе құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ педагогтердің материалдарын шығару, көшіру және ұрлау
7	Академиялық тұрғыдан орынсыз мінез-құлық	бағаланатын жұмыстардың кез келгеніне орынсыз материалды қосу не зерттеу жүргізу кезінде әдеп нормаларының ережелерін бұзу

Академиялық адалдық және жаңа технологиялар

Жаңа технологиялардың енгізілуімен академиялық адалдық алдында жаңа қиындықтар туындайды. Генеративті жасанды зият (GenAI) дайын ақпараттар негізінде мәтіндер, кескіндер және басқа деректер жасауға қабілетті, бұл жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар жаңа қауіптер туғызады.

1. *Жасанды зиятты (GenAI) пайдалану*: бұл құралдар деректерді өңдеу және идеяларды жинау үшін пайдалы болуы мүмкін. Дегенмен, AI арқылы алынған нәтижелер жасанды екенін және жаңа зерттеу бола алмайтынын есте ұстаған жөн. Олар адамның өз талдауы мен зерттеуін алмастыра алмайды, тек көмекші ресурс ретінде пайдаланылады.

2. *Ашықтық пен адалдық*: академиялық тапсырмаларды орындауда GenAI қолданылған жағдайда оның қолданылғаны жайлы жұмыстың негізгі бетінде нақты көрсетілуі керек. AI жасаған жұмысты адам өзінің ретінде ұсына алмайды. Бұл академиялық адалдықты бұзу болып саналады.

3. *Әдеп және жауапкершілік*: оқушылар технологияны қашан және қалай пайдалану керектігін түсініп, әрқашан әдеп нормаларын сақтауы керек. Бұған дереккөздерге дұрыс сілтеме жасау және өздігінен орындалуы керек тапсырмаларды орындау үшін AI-ді пайдалануға жол бермеу кіреді.

Мұғалімдерге арналған ұсыныстар:

1. Оқушылардан НЗМ ДББҰ-ның академиялық адалдық қағидаттары мен ережелерін сақтауды талап етіңіз.

2. Плагиатты анықтау үшін заманауи құралдарды қолданыңыз.

3. Оқушылармен адалдықтың маңыздылығы мен оны бұзудың салдары туралы ашық әңгіме жүргізіңіз.

4. Өзіңіз академиялық адалдықты сақтаудың үлгісі болыңыз.

5-кесте. Оқушыларда академиялық адалдықты дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары

№	Пән	Оқу мақсаты
1	«Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)»	7.Ж4 Шығармадағы бір эпизодты/оқиғаны/ оқиға орнын өз көзқарасы тұрғысынан өзгертіп, авторлық шығармашылық жұмыс (әңгіме, ертегі, миф, өлең) жазу 8.Ж5 Әдеби шығармадағы мәселе/құндылықтар туралы әртүрлі дереккөздерден алынған цитаталарды перифраз жасап, дұрыс қолдану арқылы шағын сыни пікір жазу 10.Ж5 Әдеби шығарманың қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі орнына қатысты әртүрлі еңбектерге сілтеме жасай отырып, сенімді дереккөздерді іріктеп қолдану арқылы шағын сыни шолу (әдеби эссе) жазу
2	«Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)»	7Ж1 Баспа және цифрлық дереккөздерден алынған ақпаратқа сілтеме жасай отырып, сызба-кесте жасау 8Ж1 Баспа және цифрлық дереккөздерден алынған ақпаратқа сілтеме жасай отырып, презентация әзірлеу

3	«Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)»	7.П5 Писать комментарий к произведению, используя факты из разных источников 9.П5 Писать рецензию на произведение, используя цитаты из различных источников и правильно оформляя их 10.П5 Писать критическую статью о месте художественного произведения в русской и мировой литературе, используя цитаты из разных достоверных источников и перефразируя выводы других авторов
4	«Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)»	9.П2 Излагать информацию из различных источников, используя перефразирование и ссылаясь на источники 10.П2 Излагать информацию из достоверных цифровых источников, используя различные способы цитирования и правильно оформляя цитаты
5	Ағылшын тілі	7.C12 Conduct with some support small research projects using references to paper and digital Resources 8.C13 Select with limited support credible information collected from the library and the internet 10.R8 Use a wide range of familiar and unfamiliar paper and digital reference resources to check meaning and extend understanding
6	Жаһандық перспективалар және жоба жұмысы	11RES2.1 Gather, record and analyse evidence from primary and secondary sources 11CO2.3 Cite sources and provide a reference list 11CO3.3 Cite sources and arrange a reference list appropriately
7	Биология	7.5.5.1 Ғылыми эксперимент ережелерін сақтап, зерттеу жүргізу кезінде айнымалылар мен тұрақты шамаларды анықтау 8.5.5.1 Зерттеу нәтижелерін адал көрсетуді қамтамасыз етіп, алынған деректерді талдау, түсіндіру және өңдеу 8.5.5.2 Ғылыми идеяларды, бақылауларды және эксперимент нәтижелерін қолдана отырып, қорытынды жасау 11.1.1.2 Филогенетикалық карталарды (кладограммалар мен филогенетикалық ағаштарды) құру және түсіндіріп беру 11.3.1.1 БҰҰ-ның орнықты даму контексінде Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешудің мүмкін нұсқаларын ұсыну 12.4.3.13 Адамды клондауды әдеп тұрғысынан талқылау
8	Математика	7.4.4.4 Деректердің нақтылығы мен дұрыстығын қамтамасыз етіп, кесте немесе жиілік полигоны түрінде ұсынылған статистикалық ақпаратты талдау 7.4.4.6 Кесте деректерінің қайшылықсыздығын тексеру 8.4.4.4 Академиялық адалдықты сақтап, статистикалық кесте, гистограмма бойынша ақпаратты талдау 11.4.3.5 Статистикалық деректерді кестелер мен графиктер, вариант, олардың жиіліктері мен салыстырмалы жиіліктері арқылы, соның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен де ұсыну және түсіндіру 11.4.3.7 Талдаудың нақтылығы мен адалдығын қамтамасыз етіп, вариация көрсеткіштерінің мәндерін (ауқым, квартильаралық ауқым, дисперсия, орташа квадраттық ауытқу) түсіндіру

9	Химия	<p>7.6 Эксперименттік деректерде адалдық пен нақтылық қағидаттарын сақтай отырып, идеялар мен гипотезаларды тексеру үшін әртүрлі ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдану</p> <p>7.7 Қолда бар факт пен сенімді бақылау нәтижелеріне сүйеніп, өз көзқарасын дәлелдей білу</p> <p>7.8 Берілген деректердің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз ету арқылы ғылыми идеяларды, бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерін пайдаланып, қорытынды жасау</p> <p>7.9 Нақты деректерді алу қажеттілігін түсіндіру және зерттеу жүргізуде әдеп нормаларын сақтау</p> <p>8.4.1.3 Отынның әртүрлі түрлерінің әлеуетін және отынның жану өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау</p>
10	Информатика	<p>8.2.1.2 Оценивать последствия нарушений политики безопасности</p> <p>11.1.3.1 Соблюдать закон об авторском праве при разработке приложения</p> <p>11.1.2.1 Объяснять разницу между терминами «безопасность», «конфиденциальность» и «целостность данных»</p> <p>11.1.2.1 Объяснять разницу между доступностью данных, конфиденциальностью данных и целостностью данных</p> <p>12.1.3.5 Использовать ресурсы проверки документации на плагиат</p> <p>12.1.3.1 Различать нарушение авторских прав и плагиат</p> <p>12.1.3.4 Объяснять, как политика конфиденциальности используется в пользовательском соглашении</p> <p>12.1.2.3 Использовать методы защиты данных от несанкционированного доступа, такие как пароль, биометрия, права доступа</p>
11	География	<p>8.1.1.1 Географияның зерттеу әдістерін қолдану (далалық, картографиялық, теориялық, қашықтықтан зерделеу), деректерді жинау және интерпретациялау кезінде дәлдік пен адалдықты қамтамасыз ету</p> <p>8.1.1.2 Географиялық деректерді талдау (ресми ақпарат көздеріндегі сандық және сапалық деректер)</p> <p>9.1.1.3 География ғылымы салаларындағы зерттеу нәтижелерін академиялық адалдық қағидаттарын ұстана отырып, түрлі формада ұсыну</p> <p>10.1.1.3 Академиялық адалдықты басшылыққа ала отырып, зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсыну</p>
12	Физика	<p>9.1.1.5 Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, идеялар мен гипотезаларды тексеру үшін түрлі ғылыми әдіс-тәсілдерді пайдалану</p> <p>9.1.1.7 Нәтижелерді ұсынуда нақтылық пен дұрыстығын қамтамасыз ете отырып, бастапқы және қайталама деректерді талдау, түсіндіру және өңдеу</p> <p>9.1.1.9 Нақты және сенімді нәтижелерге қол жеткізудің аясында ұсынылған әдістің тиімділігін дәлелдеу</p> <p>9.1.1.11 Гипотезалар, негіздемелер мен түсініктемелерді беру үшін ғылыми модельдер мен дәлелдерді қолдану</p> <p>10.1.1.5 Академиялық адалдық қағидаттарын ескере отырып, өз идеялары мен гипотезаларын тексеру әдістерін жоспарлау және әзірлеу</p>

13	Өнер	<p>A8.1.4.1 Жаңа идеяларды ұсыну және жоспарлау үшін алғашқы зерттеулерді және өздігінен таңдалған басқа да ақпарат көздерін қолдану</p> <p>A8.1.6.1 Өзінің тәжірибесі мен зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, шығармашылық жұмысты жасау үшін өздігінен өз идеяларын ұсыну</p> <p>A9.1.6.1 Тиісті дереккөздерден мазмұнды мәнмәнтіндер мен көзқарастарды зерттей және анықтай отыра, шығармашылық жұмысты жасау барысында өз идеяларын білдіру</p> <p>A7.1.7.1 Өз шешімдерінің өзіне және өзгелерге тигізер әсерін ескере отырып, эстетикалық талаптарға сай әртүрлі объектілердің өз дизайнын құрастыру</p> <p>A8.1.7.1 Этикалық нормаларға, эстетикалық және функционалдық (техникалық) талаптарға сай объектілердің/бұйымдардың өз дизайнын құрастыру</p> <p>M7.2.2.1 Өз идеяларын генерациялау және музыкалық шығармашылық жұмыстарды жасау үшін тиісті материалдарды (музыкалық және музыкалық емес) таңдау</p>
14	Құқық негіздері	<p>9.3.2.1 Меншік түрлерін анықтау</p> <p>9.3.2.2 Меншік құқығына ие болудың және оның тоқтатылуының жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау</p> <p>9.6.2.1 Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау</p> <p>9.6.2.2 Құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру</p>
15	Экономика	11-сынып. Развитие предприятия – Понимать значимость этической и социальной ответственности предпринимателя
16	Дүниежүзі тарихы	<p>8.2.3.1 Анализировать влияние идей эпохи Просвещения на общественно-политическое развитие, используя информацию из различных источников</p> <p>9.2.4.2 Оценивать роль военной техники и военной стратегии в ключевых сражениях мировых войн, выявляя релевантную информацию из исторических источников</p> <p>10.1.1.1 Выявлять причины социального расслоения в современном обществе, анализируя информацию из широкого спектра источников</p> <p>10.3.2.4 Анализировать и обобщать условия послевоенного мирного урегулирования, используя исторические документы</p> <p>10.3.2.2 Характеризовать противостояние военно-политических блоков НАТО и ОВД, опираясь на знание исторических фактов и карты</p>
17	Қазақстан тарихы	<p>8.2.1.2 Тарихи деректер негізінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қазақ қоғамындағы маңыздылығын зерттеу</p> <p>9.1.1.1 Демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын деректер негізінде талдау</p> <p>10.1.1.1 Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау</p> <p>11.1.1.1 Социологиялық зерттеулердің маңыздылығын, деңгейлері мен түрлерін анықтау</p> <p>11.1.1.2 Социологиялық зерттеулерде сандық және сапалық әдістерді қолдану</p> <p>11.1.1.3 Социологиялық зерттеулерді жоспарлау</p> <p>12.1.1.1 Социологиялық зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсыну</p> <p>12.1.1.3 Социологиялық зерттеу нәтижелерін бұқараның алдында жариялаудың талаптарын орындау</p>
18	Дене шынықтыру	<p>7.2.4.1 Әділ ойында адамгершілік құндылықтарды көрсететін мінез-құлықты түсіну және ұстану</p> <p>8.2.4.1 Әділ ойын мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіру</p> <p>9.2.4.1 Әділ ойында адамгершілік құндылықтарды көрсететін мінез-құлықты бағалау және салыстыру</p> <p>10.2.4.1 Әділ ойында адамгершілік құндылықтарды талдау және бағалау</p>

2. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР. PISA-2022 ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БОЛАШАҒЫ

PISA-2022 жалпы нәтижелері

PISA-2022 зерттеуіне 81 ел тартылды. 8 ел алғаш рет қатысты: Өзбекстан, Моңғолия, Камбоджа, Сальвадор, Гватемала, Ямайка, Палестина әкімшілігі, Парагвай. Іріктемеге бүкіл әлем бойынша 29 миллионға жуық 15 жасар балалардың ішінен 690000 оқушы кірді. Қазақстандық қатысушылар саны 571 білім беру ұйымының 19769 оқушысын, яғни еліміздің 15 жасар тұрғындарының 7%-ын құрады (барлығы – 272400 адам). 2022 жылы зерттеудің негізгі бағыты математикалық сауаттылық болды. Негізгі бағыттардан басқа, инновациялық сала – шығармашылық ойлау да бағаланды.

PISA шеңберіндегі математикалық сауаттылық адамның математикалық ойлау, математиканы тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілеті, әртүрлі контекстерде есептерді шешу дағдысы ретінде анықталады.

ЭЫДҰ елдеріндегі «PISA-шок»

ЭЫДҰ елдеріндегі PISA-2022 нәтижелері барлық үш бағыт бойынша ең төменгі көрсеткіштердің бірі болды. PISA-2018 нәтижелерімен салыстырғанда, ЭЫДҰ елдеріндегі орташа нәтижелер математикалық сауаттылық бойынша шамамен 15 балл, оқу сауаттылығы бойынша шамамен 10 балл көрсетті және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық аздап төмендеді. Бұл бұрын-соңды болмаған төмен нәтижелер. ЭЫДҰ сарапшылары көптеген елдердің білім беру жүйелеріне COVID-19 пандемиясы үлкен зиян келтірді деп санайды.

Бұл ретте нәтижелердің 10–15 баллға төмендеуі барлық қатысушы елдер үшін орташа көрсеткіш болып табылатынын, нәтижелердің жалпыға бірдей дерлік нашарлауын көрсететінін және көптеген елдерде жағдай одан да күрделі болғанын ескеру маңызды.

Францияның білім министрі Габриэль Атталь PISA-2022 зерттеуіндегі елдің нәтижелеріне қатысты «стандарттарды көтеру» қажет екенін мәлімдеді⁶. Сондай-ақ ол орта мектепте математика мен жаратылыстану пәндерінен емтихандар өткізудің және бастауыш мектепте Сингапурдағыдай жаңа бағдарламалар енгізудің қажеттігін айтты.

Математикалық сауаттылық нәтижелерінің бірқатар елдерде (Әзербайжан, Дания, Финляндия, Франция, Германия, Греция, Черногория, Нидерланд, Польша, Португалия, Словакия) 20-дан астам баллға, ал Албания, Иордания, Исландия, Норвегия және Малайзияда 30 баллға төмендеуі білім беру жүйелері алдында тұрған күрделі мәселелерді көрсетеді.

Өткен жылдағыдай барлық үш бағытта Еуропадағы ең жақсы нәтижелер эстониялық оқушыларға тиесілі болды.

PISA-2022 зерттеуіндегі маңызды үрдістерінің бірі Азия елдерінің көшбасшылығын сақтау болып табылады, олардың арасында **Сингапур** барлық үш бағыт бойынша бірінші орынды иеленді. Зерттеу есебінде былай делінген: «...нәтижелер сингапурлық оқушылардың өз құрдстарынан орта есеппен 3–5 оқу жылына озып кеткенін көрсетеді».

Алайда оқу жетістіктері әрдайым бақытқа жетелей бермейді, бұл ЭЫДҰ-ның білім алушылар игілігінің 9 аспектісі аясында өлшенген. Математикадан жақсы нәтиже көрсеткен сингапурлық оқушылар «сәтсіздіктен қатты қорқып, кейде сыныптан тыс спорттық іс-шараларға қатысудан бас тартатынын» айтты.

PISA-2022 барысында математикалық мазасыздықты өлшеу мақсатында сауалнама жүргізілді⁷. Жасөспірімдерден математикалық есептерді шешуде өздерін қаншалықты дәрменсіз

⁶ <https://www.rfi.fr/en/france/20231206-french-education-minister-wants-to-improve-schools-after-pisa-shock>

⁷ «Математикалық алаңдаушылық сандарды немесе басқа математикалық ақпаратты басқаруға қатысты кез келген нәрсеге жауап ретінде пайда болады. Ол білім алуда да, яғни мектепте немесе университетте математика сабақтарында, сондай-ақ күнделікті өмірде де байқалады. Мысалы, сандық ақпаратты есте сақтау немесе бір нәрсені есептеу қажет болған жағдайда».

сезінетіні және олардың математика бойынша ұпайлары туралы қаншалықты алаңдайтыны сұралды. ЭЫДҰ сарапшылары бұл бағыт бойынша төмен нәтижелер оқушылардың математикалық алаңдаушылығы жоғары екенін көрсетеді деген қорытындыға келді. Индекстің 1 балға артуы математикалық сауаттылық нәтижелерінің 18 тармаққа төмендеуіне әкеледі. Бірақ бұл үрдіс барлығына ортақ емес. Мысалы, Гонконг, Жапония, Макао және Тайвань сияқты Азия елдерінде жоғары математикалық алаңдаушылық жақсы нәтижеге жетуге кедергі емес.

ЭЫДҰ бағалауы бойынша білім беру жүйелерінің бір оқушыға жұмсалған шығындары әртүрлі елдер арасындағы оқушылардың орташа баллдарындағы айырмашылықтардың 51%-ын құрайды. Алайда бұл үрдіс шығындардың белгілі бір деңгейіне дейін ғана байқалады, атап айтқанда, бір оқушыға оқудың барлық кезеңдерінде жылына 75 мың АҚШ долларына дейін жұмсалады. Рейтингтің басында шығын деңгейі әртүрлі елдер түр: мысалы, Ирландия жылына бір оқушыға 94 мың доллар, ал Сингапур – 166 мың доллар, ал Макао (ҚХР) – 195 мың доллар жұмсайды.

ЭЫДҰ зерттеуі мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ету оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартатынын көрсетеді. Буллинг жағдайларының азаюы математикалық сауаттылық бойынша орташа баллдың өсуіне, оқушылардың әлеуетіне әсер етеді, ал мектептегі жағдайдың жақсаруы олардың оқу үлгерімін жақсартуға көмектеседі. Алдыңғы қатарлы елдердегі (Сингапур, Тайвань, Ирландия, Корея, Бельгия, Хорватия, Нидерланд, Португалия, Сербия, Швейцария) зерттеуге сәйкес оқушылардың 95%-дан астамы мектептегі қолайлы жағдайды ерекше атап өтті.

ЭЫДҰ сарапшыларының пікірінше, **оқушылардың сабақ барысында гаджеттерге алаңдауы олардың үлгеріміне кері әсер етеді**. Мысалы, телефондарды немесе гаджеттерді пайдаланудың нақты ережелерін ұстанатын мектептерде оқушылар тапсырмаларды орындау кезінде мұқият болады. Үнемі гаджеттерге алаңдайтын оқушылардың математикалық сауаттылығы орта есеппен 15 балға төмен нәтиже көрсетеді.

Айта кету керек, ЮНЕСКО 2023 жылғы есебінде мектептерде сабақ кезінде смартфондарды пайдаланбауды ұсынған. Бүгінгі таңда елдердің төрттен бірінен азы мектептерде смартфондарды пайдалануға тыйым салды. **Қазақстанда 2024 жылғы ақпанда «Білім туралы» Заңға түзетулер енгізілді, онда сабақ кезінде смартфондарды пайдалануға тыйым салынды.**

Осылайша, 47-баптың 10–1-тармағында: «Қысқа мерзімді оқу жоспарларының оқу мақсаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің орта білім беру ұйымдарында ұялы телефон құрылғысын оқу барысында пайдалануына тыйым салынады» делінген⁸.

Алайда гаджеттерді оқу мақсатында ұтымды пайдалану оқушылардың үлгеріміне оң әсер етеді. Гаджеттерді оқу барысында **күніне шамамен бір сағат** пайдаланатын оқушылардың математикалық сауаттылығы 24 балға жоғары болды.

Қазақстанның нәтижелері

Қазақстан пандемияның ықпалына қарамастан, әлемдік рейтингте өз орнын сақтап отыр. PISA-2022 бойынша елдің оқу сауаттылығының орташа көрсеткіші бұрынғы деңгейде қалды (386), математикалық сауаттылық 2 балға (425), ал жаратылыстану-ғылыми сауаттылық 26 балға (423) жақсарды, бұл зерттеуге қатысушылардың ең озық нәтижесі болып табылады.

ЭЫДҰ Директоратының Білім және дағдылар жөніндегі аға кеңесшісі Элизабет Форд-хэмнің айтуынша, PISA нәтижелері қатты төмендесе де, Қазақстан математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша өз жетістіктерін сақтап қалды және жаратылыстану сауаттылығы бойынша айтарлықтай жоғары нәтижелерге қол жеткізе алды. Ол Қазақстанның PISA зерттеуіне қатысу тәжірибесі және ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру жөнінде қабылданған кейбір шаралар Орталық Азия мен Кавказ елдеріне қызықты әрі зерттеуге тұрарлық болуы мүмкін деп санайды⁹.

https://skillbox.ru/media/education/matematiceskaya-trevozhnost-cto-eto-takoe-i-kak-s-ney-borotsya/?utm_source=media&utm_medium=link&utm_campaign=all_all_media_links_links_articles_all_skillbox

⁸ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

⁹ <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/16916?lang=en>


ЭЫДҰ елдері арасында орташа есеппен оқушылардың 69%-ы математикалық сауаттылық бойынша ең төменгі екінші деңгейге жетті. Қазақстанда оқушылардың 50%-ы ғана математикадан екінші деңгейге жетті, бұл олардың қарапайым жағдайларды математикалық тұрғыдан нұсқаулықсыз түсініп, шеше алатынын білдіреді. Қазақстандық оқушылардың 1,6%-ы ғана жоғары (5–6) деңгейге жетті, бұл олардың күрделі жағдайларды математикалық модельдей алатынын және проблемаларды шешудің тиімді стратегияларын таңдай алатынын дәлелдейді.

Қазақстандағы оқушылардың шамамен 55%-ы жаратылыстану бойынша екінші және одан жоғары деңгейге жетті, 2018 жылы бұл көрсеткіш 40%-ды құрады. 2022 жылы жаратылыстануда базалық деңгейге жеткен оқушылардың үлесі де өсті. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша нәтижелердің айтарлықтай жақсаруын білім беру мазмұнын жаңарту кезінде 1–6-сыныптар үшін «Жаратылыстану» пәні енгізілгендігімен де түсіндіруге болады.

6-кесте. PISA-2022 зерттеуіндегі НЗМ оқушыларының нәтижелері

	НЗМ	ЭЫДҰ
Математикалық сауаттылық	562	472
Оқу сауаттылық	490	476
Жаратылыстану ғылымдары саласындағы сауаттылық	536	485

Зияткерлік мектептер PISA зерттеуіне үшінші рет Қазақстанның атынан «NIS School sample» бөлек іріктеме ретінде қатысады (бұрын 2015 және 2018 жылдары қатысты). PISA-2022 зерттеуіне 2006 жылы туған балалар тартылды. Тестілеуге қатысушылардың жалпы саны 8–11 сыныптар аралығында 2662 оқушыны құрады: оның ішінде қазақ тілді мектептен – 1685, орыс тілді мектептен – 977 оқушы. Зияткерлік мектеп оқушыларының нәтижелері Қазақстанның 15 жастағы оқушыларының баллдарын есептеу кезінде ескерілмеді және PISA-2022 қорытындылары бойынша жалпы халықаралық есепке енгізілген жоқ. 2022 жылы зерттеу компьютерлік форматта жүргізілді.



2-диаграмма. Зияткерлік мектеп оқушыларының PISA-2022 халықаралық зерттеуіндегі орташа ұпайы

Зияткерлік мектеп оқушылары математикалық сауаттылық бойынша үздік үштікке және жаратылыстану сауаттылығы бойынша үздік бестікке енді.

Зияткерлік мектеп оқушыларының оқу сауаттылығы **21 баллға** төмендегені байқалды. Мұндай төмен көрсеткіштің себебі мынадай жағдайлар болуы мүмкін.

1. Негізгі мектепте тілдік пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің (бұдан әрі – ОӘК) болмауы. Мұғалімдер интернет көздерінен қажетті және өзекті мәтіндерді іздеуге мәжбүр, бұл қолданылатын материалдардың біркелкі болуына, яғни негізінен публицистикалық және ғылыми-көпшілік стильде болып, қарама-қайшы сыни ақпаратты қамтитын проблемалық мәтіндердің болмауына әкеледі. Сабақтарда монологтық сипаттағы мәтіндер басым, диалогтар мен полилогтар, сондай-ақ бірнеше ақпарат көздерімен жұмыс жетіспейді. Оқуға арналған мәтіндер оқушыларға нұсқаулықсыз беріледі: алдымен оқушылар мәтінді оқиды/тыңдайды, содан кейін мұғалім тапсырмалар береді. Мұғалімдер тапсырмаларды әзірлеу, оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістері мен стратегияларын қолдану дағдыларын толық дамытпаған.

2. Оқушылардың АКТ дағдыларын жетік меңгермеуі, жабдықтың ескі болуы, сондай-ақ олардың цифрлық мәтіндермен жұмыс істемеуі АКТ дағдыларын дамытуға бағытталған оқу мақсаттарына қол жеткізуді қиындатады.

3. Мұғалімдер әзірлеген тапсырмалардың төмен деңгейде болуы да оқу сауаттылығының төмендеу факторларының бірі болып табылады, атап айтқанда, мәтінге арналған тапсырмалар бірдей және жалпылама сипатқа ие. Мысалы, «*Мәтін түрін анықта*», «*Мәтін құрылымы қандай?*», «*Оқылған мәтіннің кілт сөздерін анықтап, оларды дәптерге жаз*». Негізінен ашық сұрақтар беріледі; ұсынылған тапсырмалар оқу мақсатын жүзеге асырумен ұштаспай жатады. Мысалы, «*әртүрлі ақпарат көздерінен қажет ақпаратты алу және алынған ақпаратты салыстыру үшін оқудың түрлерін пайдалану*» ОМ-ын жүзеге асыру үшін сабақта бір дереккөз беріледі және сәйкесінше қарама-қайшы ақпаратты салыстыруға бағытталған іс-шаралар жоспарланбайды.

Төмендегі кестеде PISA оқу сауаттылығының негізгі құзыреттіліктері берілген.

7-кесте. PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығының құзыреттіліктері

Негізгі құзыреттіліктер	Оқу бағдарламасынан алынған оқу мақсаттары
Ақпаратты локализациялау	<ul style="list-style-type: none"> • мәтінде қамтылған ақпаратты басқа дереккөздердің/жеке тәжірибенің ақпаратымен байланыстыра отырып, тұтас және тұтас емес мәтіндердің ашық және жасырын (астарлы мәтін) ақпаратын түсіну; • оқудың түрлерін қолдану, атап айтқанда, көріп оқу, жоспар, тезис, рефераттар құра отырып оқу.
Ақпаратты түсіну, біріктіру және түсіндіру	<ul style="list-style-type: none"> • мәтіндердің мазмұнын түсіндіру арқылы сұрақтар мен идеяларды тұжырымдау; • мәтіндегі жекеленген сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын түсініп, айқын және жасырын (астарлы мәтін) мағынасын түсіндіру; • ақпаратты әртүрлі көздерден алу және жинақтау, өз пікірін білдіре отырып, алынған мәліметтер негізінде түсіндіру, қорытынды жасау; • алынған ақпаратты салыстыру, әртүрлі көзқарастарды анықтау арқылы түрлі көздерден ақпарат алу; • автордың мақсатын, мақсатты аудиториясын (ғылыми мақала, саяхат туралы баяндама) және ұстанымын ескеріп, әртүрлі мәтіндердің стилистикалық (композициялық, тілдік, жанрлық) ерекшеліктерін салыстыру.

Рефлексия және бағалау	<ul style="list-style-type: none"> • негізгі ойды жеткізудегі мәтін құрылымының ерекшеліктері мен рөлін анықтау; • мәтіндегі жекеленген сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің, эмоциялық боялған және кәсіби сөздердің, неологизмдердің, окказионализмнің қолданылуын түсіну және лексикалық үйлесімділікті ескеріп, мағынасын түсіндіру; • әртүрлі жанрдағы, стильдегі және ішкі стильдегі мәтіндердің түрлерін (ғылыми мақала, саяхат туралы баяндама), сипаттамаларын, тілдік ерекшеліктерін анықтау; • ақпаратты әртүрлі көздерден алу және жинақтау, оның өзектілігін, қайшылықтарын, сенімділігін, мақсатты аудиториясын анықтау; • факт пен пікірдің аражігін ажырата отырып, әртүрлі көздерден ақпарат алу.
Шығармашылық ойлау	<ul style="list-style-type: none"> • шығармашылық жұмыстарды (130–150 сөз), мазмұны жағынан қарама-қайшы мәтін үзіндісін/үзінділерін жазу; • белгілі бір әлеуметтік рөл мен сөйлеу мінез-құлқын таңдау арқылы шығармашылық жұмыстарды (110–130 сөз) жазу; • белгілі бір композициялық элементтер (романның басталуы, оқиғаның жалғасы) болып табылатын шығармашылық жұмыстарды (150–170 сөз), мәтін үзіндісін/үзінділерін жазу; • ақпаратты сурет түрінде беру; • ақпаратты иллюстрациялар, комикстер түрінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы көрсету.

Оқу сауаттылығын арттыру үшін Білім беру бағдарламалары орталығы алдағы уақытқа іс шаралар жоспарлады:

1. Оқу сауаттылығы бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізу (АКТ дағдыларын дамыту, цифрлық ресурстармен жұмыс, тапсырмалар жасау).

2. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» сияқты тарихқа қатысты пәндерді қоса алғанда, тілдік емес гуманитарлық пәндер бойынша оқу сауаттылығын дамытуға байланысты әдістемелік ұсынымдар мен тапсырмалар жинағын әзірлеу. Аталған пәндер оқушылардың жұмысын әртүрлі мәтіндермен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар: оқу мәтіндері, жазбаша тарихи дереккөздер мен тарихи құжаттардың үзінділері, сондай-ақ тұтас емес мәтін-кестелер, сызбалар, графиктер және диаграммалар.

3. Негізгі мектептің тілдік пәндері бойынша ОӘК әзірлеу басталды, атап айтқанда: «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)», «Русский язык и литература (Я1)», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)», «Русский язык и литература (Я2)».

Жаңа ОӘК:

– оқушыларға бірнеше көздерден алынған мәтіндермен жұмыс істеуге бағытталған әртүрлі ресурстар мен тапсырмаларды ұсынып, *оқу сауаттылығын дамытуға*; ақпаратты бірнеше мәтіннен іздеуге; қорытынды жасауға, дереккөздердің сапасы мен дұрыстығын бағалау үшін ақпаратты біріктіруге; әртүрлі дереккөздердегі қайшылықтарды анықтауға;

– әртүрлі оқылым түрлеріне қажет дағдыларды *жетілдіруге* (еркін, іздеу, оқу-сканерлеу, құндылыққа бағдарланған және т.б.);

– оқушылардың бағдарлама мазмұнын *меңгеруіне*;

– құндылықтардың және кең ауқымды дағдылардың *дамуына*;

– *оқытуды стандарттауға* (оқулықты пайдалану әртүрлі сыныптарда бірдей мазмұнның қолданылуын қамтамасыз ететіндіктен, оқушылар бағалауға дайын болады);

– мұғалімдердің *уақытын үнемдеуіне*, сабаққа дайындалуға көбірек уақыт бөлуге, оқытуды саралау үшін қосымша ресурстар әзірлеуге мүмкіндік беруге;

- материалдарды басып шығаруға жұмсалатын (электр энергиясы, қағаз және т.б.) ұйымның бюджет қаражатын үнемдеуге;
- педагогикалық өтілі аз мұғалімдерге қолдау көрсетуге;
- мұғалімдерге әртүрлі ресурстарды ұсынуға мүмкіндік береді, себебі ОӘК-ке аудиоматериалдар мен мұғалімге арналған нұсқаулық қоса берілетін болады.

«Creative minds, creative schools» – «Креативті ақыл-ой, креативті мектептер»¹⁰

2024 жылдың маусымында ЭЫДҰ шығармашылық ойлау саласындағы PISA-2022 нәтижелерін жариялады. Бағалауға 64 ел қатысты. Дүниежүзілік экономикалық форумның «Жұмыс орындарының болашағы» (2023) есебіне сәйкес, шығармашылық ойлау жұмыскерлер үшін маңыздылығы жағынан аналитикалық ойлаудан кейін екінші орында тұр.

PISA зерттеуіндегі креативті ойлау – бұл түпнұсқалық (бірегей, біртума, соны) және әртүрлі идеяларды ойлап табу, бағалау және жетілдіру құзыреттілігі.

Жаңа технологиялар, жасанды зият дамыған сайын инновацияның, шығармашылық және сыни ойлаудың маңызы арта түсті. Шығармашылық ойлау қазіргі заманғы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін өте маңызды, сонымен қатар ол жоғары дәрежелі когнитивтік дағдыларды дамыту және эмоциялық дамуға ықпал жасау арқылы білім алуға ынталандырады.

PISA зерттеуінде шығармашылық ойлау ашық тапсырмалар арқылы бағаланды. Тест тапсырмалары төрт бағытты қамтыды: өз ойын жазбаша жеткізу, өз ойын көрнекі түрде көрсету, әлеуметтік мәселелерді шешу және жаратылыстану-ғылыми мәселелерді шешу. Оқушылардан әңгіменің түпнұсқа сюжетін жасау, әңгіменің логотипін жасау немесе жергілікті немесе жаһандық ауқымдағы әлеуметтік немесе ғылыми мәселенің шешімін ұсыну сияқты көрнекі немесе жазбаша тапсырмаларды шығармашылықпен орындау талап етілді.

ЭЫДҰ-ның әлеуметтік және эмоциялық дағдылар саласындағы зерттеуіне сәйкес, 15 жастағы жасөспірімдер 10 жастағы балаларға қарағанда шығармашылық деңгейінің төмендегенін сезінеді. Барлық балалардың бойында шығармашылық қабілет бар және балалар әрдайым оқуға дайын. ЭЫДҰ-ның Білім және дағдылар жөніндегі директоры Андреас Шляйхер шығармашылық ойлау дағдыларын үйреніп алуға болатынына сенімді: «Мұғалімдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін идеяларды зерттеуге, ойлап табуға және қарастыруға ынталандыру арқылы аша алады... Алайда алаңдатарлық жайт, оқушылардың жартысы ғана олардың шығармашылық қабілетін өзгертуге болады деп санайды... Оқушыларға шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беріп, қолдау көрсете отырып, педагогтер оларға шығармашылықтың туа біткен қасиет емес, шыңдап, жетілдіруге болатын дағды екенін түсінуге көмектесе алады». Сондай-ақ есепте «қыздарға қарағанда шығармашылық ойлау бойынша төмен ұпай жинайтын ұл балаларға ерекше назар аудару керек» деп айтылған. Дәл осындай үрдіс Қазақстанда да байқалады, ұлдарға қарағанда қыздар 3 ұпайға жоғары нәтиже көрсетуде.


Оқу үлгерімі мен шығармашылық ойлау бірін-бірі толықтыруы мүмкін, бірақ бір-біріне шарт емес. Осылайша, Сингапур, Корея және Канада шығармашылық ойлау, сондай-ақ математика, оқу және жаратылыстану сауаттылығы бойынша ең жоғары елдердің қатарында. Сингапурлық балалар рейтингті басқара отырып, мүмкін болатын 60-тан 41 ұпай жинады. Одан кейін Корея мен Канада 38 ұпай, Австралия 37 ұпай, Жаңа Зеландия, Эстония және Финляндия 36 ұпай алды.

¹⁰ PISA 2022 Results (Volume III) Creative Minds, Creative Schools <https://doi.org/10.1787/765ee8c2-en>

8-кесте. Шығармашылық ойлау бойынша PISA-2022 нәтижелері¹¹

	Ұпай саны		Ұпай саны	
ЭЫДҰ бойынша орташадан жоғары	Сингапур	41	Уругвая	29
	Корея	38	БАӘ	28
	Канада	38	Катар	28
	Австралия	37	Коста-Рика	27
	Жаңа Зеландия	36	Греция	27
	Эстония	36	Украина аудандары	27
	Финляндия	36	Румыния	26
	Дания	35	Колумбия	26
	Латвия	35	Ямайка	26
	Бельгия	35	Малайзия	25
	Польша	34	Моңғолия	25
	Португалия	34	Молдова	24
ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш	Литва	33	Қазақстан	24
	Испания	33	Бруней-Даруссалам	24
	Чехия	33	Кипр	24
	Қытайлық Тайбэй	33	Перу	23
	Германия	33	Бразилия	23
	Франция	32	Сауд Арабиясы	23
	Нидерланд Корольдігі	32	Панама	23
	Израиль	32	Сальвадор	23
ЭЫДҰ бойынша орташадан төмен	Макао (Қытай)	32	Баку (Әзербайжан)	23
	Гонконг (Қытай)	32	Тайланд	21
	Италия	31	Болгария	21
	Мальта	31	Иордания	20
	Венгрия	31	Солтүстік Македония	19
	Чили	31	Индонезия	19
	Хорватия	30	Палестина Әкімшілігі	18
	Исландия	30	Доминикан Республикасы	15
	Словения	30	Марокко	15
	Словакия	29	Өзбекстан	14
	Мексика	29	Филиппин	14
	Сербия	29	Албания	13

¹¹ https://www.oecd-ilibrary.org/education/pisa-2022-results-volume-iii_765ee8c2-en



3-сурет. Шығармашылық ойлау мен математика нәтижелерінің өзара байланысы¹²

PISA зерттеуінде жоғары ұпайлары бар басқа елдер – Чехия, Гонконг (Қытай), Макао (Қытай) және Тайбэй (Қытай) – шығармашылық ойлау бойынша ЭЫДҰ бойынша орташа деңгей немесе орташадан төмен нәтижелер көрсетті (ЭЫДҰ бойынша орташа балл – 33).

Есепте ең жоғары және ең төменгі көрсеткіштері бар елдер арасында үлкен алшақтық байқалады, ол 28 баллды құрайды.

Қазақстанның нәтижелері 24 баллды көрсетті және Молдова, Кипр, Перу, Бразилия, Сауд Арабиясы, Панама және Сальвадормен салыстыруға келеді. Қазақстандық балалардың жартысынан көбі креативті ойлау бойынша базалық 3-деңгейге жете алмады. Бұл балаларға күнделікті тапсырмаларды орындау үшін бірегей немесе әртүрлі идеяларды ойлап табу қиын екенін білдіреді.

15 жастағы балалардың көпшілігі, соның ішінде қазақстандықтар, басқалардың идеяларын жақсартуды талап ететін тапсырмаларға қарағанда (19,8%) өзінің шығармашылық (30,3%) немесе әртүрлі идеяларын (26,3%) ойлап табуды талап ететін тапсырмаларға жиірек дұрыс жауап берді. Пәндік салаға келетін болсақ, қазақстандық оқушылар өз ойларын көрнекі түрде көрсету (21,8%) және жаратылыстану-ғылыми мәселелерін шешу (18,6%) салаларымен салыстырғанда, өз ойларын жазбаша жеткізу (32,1%) және әлеуметтік мәселелерді шешу (27,9%) салаларында тапсырмаларды орындағаны үшін көбірек ұпай алды.


Барлық өңірлер арасында Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары ел бойынша ең жоғары нәтижеге ие болды (30 балл). Қостанай (45,7%), Солтүстік Қазақстан облыстарында (43,6%), Алматы (40,9%) және Астана (40,3%) қалаларында төртінші және одан жоғары деңгейге қол жеткізген білім алушылардың ең көп үлесі байқалды. Бұл балалар таныс контексте бірегей және әртүрлі идеяларды ойлап таба алады.

ӘЭМ (әлеуметтік-экономикалық мәртебесі) жоғары оқушылар тұрмысы нашар отбасылардан шыққан оқушыларға қарағанда жоғары нәтиже көрсетті. ЭЫДҰ елдерінде 10 оқушының шамамен 8-і кез келген пәннен шығармашылық ойлау қабілетін көрсете алады деп санайды.

Зияткерлік мектеп оқушыларының нәтижелері

Зияткерлік мектеп оқушылары шығармашылық ойлау бойынша мүмкін болатын 60 ұпайдан 37 ұпай жинады, бұл республика бойынша орташа көрсеткіштен 13 ұпайға және ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен 4 ұпайға жоғары.

¹² https://www.oecd-ilibrary.org/education/pisa-2022-results-volume-iii_765ee8c2-en



3-диаграмма. Зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық ойлау бойынша PISA-2022 нәтижелері

PISA-2025

Ағымдағы 2024 жылы PISA-2025 пилоттық зерттеуі жүргізілді, ал негізгі зерттеу 2025 жылы өтеді. Бұл – зерттеудің тоғызыншы циклі. Қазақстан оған әлемнің басқа 88 елімен бірге қатысады. **PISA-2025 зерттеуінің негізгі бағыты – жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, бұл сұрақтардың басым бөлігі дәл осы сауаттылықты бағалауға бағытталғанын білдіреді.**

2023 жылдың жазында ЭЫДҰ Оксфорд университетінің баспасымен бірлесіп, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың жаңартылған шеңберін ұсынды¹³. Шеңбердің негізгі аспектісі – «жаратылыстану-ғылыми сауаттылық» ұғымы кеңейтілді. Енді **жаратылыстану-ғылыми сауаттылық** – бұл шешім қабылдау және әрекет ету үшін ғылым, тұрақты даму және технология туралы дәлелді ойлау қабілеті. Ол үшін келесі дағдылар қажет:

- 1) табиғи және технологиялық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіре білу;
- 2) ғылыми зерттеулер жобаларын әзірлеу және бағалау, сондай-ақ ғылыми деректер мен дәлелдемелерді сыни тұрғыдан түсіндіре білу;
- 3) жаһандық, жергілікті немесе жеке сипаттағы мәселелерді зерттей білу, ғылыми ақпаратты бағалай білу және оны шешімдер қабылдауда, дәйекті іс-әрекеттер жасауда пайдалану.

Бағалау шеңберіне «антропоцен дәуірінде әрекет ету қабілеті» тұжырымдамасы қосылды, ол қоршаған орта мәселелерін шешуге, адамның жоғары белсенділігі мен табиғатқа әсер ету дәуіріндегі тұрақтылыққа бағытталған бірқатар құзыреттіліктерді анықтайды. Оқушылардың құзыреттіліктеріне әсер ету факторларының тұжырымдамасы да өзгерді, ол енді жаратылыстану пәніне емес, «жаратылыстану ғылымдарына қатысты өзін-өзі анықтау» деген ауқымды тұжырымдаманы өлшеуге басымдық беретін болды.

Жаңартылған тұжырымдама туралы толық ақпарат 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта келтірілген. Тұжырымданың интерактивті нұсқасы Қазақстандағы Ұлттық үйлестірушінің сайтында¹⁴ қолжетімді.

2025 жылы цифрлық әлемде оқыту инновациялық бағытқа айналады¹⁵, бұл «функционалдық сауаттылық» ұғымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

¹³ <https://pisa-framework.oecd.org/science-2025/>

¹⁴ https://taldau.edu.kz/ru/int_rezultaty/pisa/2025

¹⁵ <https://www.oecd.org/pisa/innovation/learning-digital-world/>

3. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ЗИЯТ: КІРІКТІРУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

3.1 Жасанды зиятты білім беруге кіріктіру

Жасанды зияттың (ЖЗ) әртүрлі салалардағы рөлінің маңызы артуда. Білім беру жүйесі ЖЗ үлкен әсер етуі мүмкін маңызды салалардың бірі ретінде ерекшеленеді.

ЖЗ шынайы кескіндерді жасап шығаратын, чат-боттар сендірерлік эссе жазатын, ал компаниялар зияткерлік алгоритмдерге миллиардтаған инвестиция салатын қазіргі әлемде ЖЗ сауаттылығы негізгі құзыреттіліктердің біріне айналууда.

«Болашақта адамдардың көпшілігі жасанды зиятқа байланысты жұмыссыз қалуы мүмкін, бірақ бұл міндетті түрде жаман нәрсе емес».

Илон Маск



4-сурет. Жасанды зият саласындағы сауаттылық¹⁶

ЖЗ өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, сондықтан технологиялық дамыған әлемде табысты болу үшін оның қағидаттарын түсіну маңызды. Жасанды зияттың бірнеше түрі бар:

1. Шектеулі ЖЗ (Narrow AI): нақты тапсырмаларды орындау үшін жасалған (мысалы, Siri, Alexa (Алиса), Netflix және Spotify ұсыныстары және Gmail-дегі спам сүзгілері).
2. Генеративті ЖЗ (GenAI): анықтамалар мен нақтылау әдістерін қолдана отырып, адам шығармашылығына ұқсатып жасайды (мысалы, Midjourney, ChatGPT-4).
3. Жалпы ЖЗ (AGI): гипотетикалық тұжырымдама, мұнда машиналар адаммен салыстыруға болатын зиятқа ие және әртүрлі тапсырмаларға бейімделе алады.
4. Супер-ЖЗ (ASI): барлық аспектілері бойынша адам зиятынан теориялық тұрғыдан жоғары, сондықтан ол этикалық сұрақтар мен бақылауға қатысты алаңдаушылық тудырады.

ЖЗ-мен жұмыс істеу үшін қажет дағдылар

Сыни тұрғыдан ойлау: ЖЗ қосымшаларын, олардың артықшылықтарын, шектеулерін және кіріктірілген қате түсініктерді бағалай білу.

¹⁶ Bloom's Taxonomy and AI literacy by Ng et al, 2021

Шығармашылық ойлау: тек адам ғана жаңа мүмкіндіктерді ұсына алады, күтпеген байланыстар орната алады және мәселелерді ЖЗ көмегімен ерекше тәсілдермен шеше алады.

Этикалық ойлар: құпиялылыққа, әділеттілікке қатысты ЖЗ-ны пайдаланудың салдарын түсіну.

Негізделген шешім қабылдау: ЖЗ-ның қоғамға кең таралып, пайдаланылуына белсенді әсер ету үшін білімін пайдалану.

ЖЗ: алгоритмдер мен модельдер

ЖЗ-ның негізгі «отыны» – деректер. ЖЗ модельдерінің дәлдігі деректердің сапасы мен әртүрлілігіне байланысты. Деректер неғұрлым көп және әртүрлі болса, ЖЗ модельдері дәлірек бола алады. Мысалы, бетті тану жүйесін оқыту үшін әртүрлі жастағы, жыныстағы және әртүрлі жарық жағдайларындағы адамдардың бейнелері қажет.

Алгоритмдер – бұл деректерді талдауда және модельдер құруда ЖЗ орындайтын қадамдар. Мұны шикі ингредиенттерден дайын тағам жасауға көмектесетін аспаздық рецепттермен салыстыруға болады. Машиналық оқытуда (Machine Learning) алгоритмдер заңдылықтарды анықтау және болжам жасау арқылы деректерден үйренеді. Терең оқыту (Deep Learning) адам миының жұмысын қайталайтын нейрондық желілерді пайдаланады, олар бейнені тану және табиғи тілді өңдеуге қатысты тапсырмаларды тиімді орындайды.

Модельдер – алгоритмдердің деректермен жұмысының нәтижесі. Алгоритмдер арқылы жасалған құралдар нақты тапсырмаларды орындайды (мысалы, трендтерді болжау, тілдерді аудару). Алдымен модельдер оқытылады – алгоритмдер деректерді талдайды және олардағы заңдылықтарды табады. Содан кейін тестілеу және валидация кезеңі басталады – модельдің дәлдігін және жаңа жағдайларда білімді жалпылау қабілетін тексеру үшін оған жаңа деректер енгізіп тексереді.

Модельдердің күрделілігі артқан сайын ЖЗ қабылдаған шешімдер үшін жауапкершілік туралы, инновациялар мен этикалық стандарттар арасындағы тепе-теңдік туралы маңызды сұрақтар туындай түседі.

Оқу бағдарламаларына ЖЗ кіріктіру

ЖЗ-ны білім беру үдерісіне кіріктіру жолында айтарлықтай қадамдар жасалды. ЖЗ-ны оқу бағдарламаларына енгізудің мақсаты – оқушылардың негізгі дағдылары мен құзыреттіліктерін дамыту, оларды қазіргі технологиялық әлемнің сын-қатерлеріне дайындау. Білім беру ортасында ЖЗ-ны қолдану білім деңгейін арттыруға ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды, шығармашылық ойлауды, оқушылардың озық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оқу бағдарламаларына әртүрлі пәндік салаларда ЖЗ негіздерін қолдануға арналған оқу мақсаттары енгізілді.

9-кесте. NIS-Programme бағдарламасында ұсынылған ЖЗ-ны қолдануға қатысты оқу мақсаттары

№	Бөлім	Оқу мақсаттары
Өнер. 6-сынып («Бейнелеу өнері» компоненті)		
1	1-бөлім. Пейзаж 2-бөлім. Өнер саласындағы кескіндер	МА.6.1.4.1 Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін (соның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін пайдалана отырып) қолдану
2	3-бөлім. Кітап жазу өнері	Аб.2.7.1 Шығармашылық жұмысты (сурет, бұйым, объект және т.б.) жасау үшін АКТ құралдары мен ЖЗ мүмкіндіктерін пайдалану
3	4-бөлім. Галактикаға саяхат	Аб.3.4.1 Өзінің және өзгелердің жұмыстарын (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жақсарту бойынша ұсыныстар жасау
4		МА.6.3.2.1 Өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер, музыканттар, ЖЗ) жұмыстарында көрініс тапқан идеяларды сипаттау

Өнер. 6-сынып («Музыка» компоненті)		
5	1-бөлім. Шедеврлер 2-бөлім. Қазіргі музыкалық мәдениет 3-бөлім. Музыка және өнер түрлері	М.6.1.1.1 Өз ойларын, сезімдері мен эмоцияларын сипаттай отырып, қазақ ұлттық және басқа да әлемдік мәдениеттердің музыкалық туындыларын (оның ішінде ЖЗ көмегімен жасалған жұмыстарды) белгілі бір жанрларда, стильдер мен контекстерде талдау
6	4-бөлім. Біздің өміріміздегі музыка	МА.6.2.1.1 Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін (соның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін пайдалана отырып) қолдану
7		МА.6.3.3.1 Өзінің және өзгелердің жұмыстарын (сонымен қатар ЖЗ көмегімен жасалған жұмыстарды) жетілдіру және бейімдеу бойынша ұсыныс жасау
Өнер. 7-сынып («Бейнелеу өнері» компоненті)		
8	1-бөлім. Портрет 2-бөлім. Роботтар 3-бөлім. Фотосурет өнері және басып шығару техникасы	МА.7.3.3.1 Өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жұмыстарын жасау үшін қолданған әдістер мен тәсілдерді талдау
9	4-бөлім. Кино. Қозғалатын суреттер	МА.7.1.4.1 Әртүрлі дереккөздерден ақпаратты таңдау арқылы шығармашылық идеяларды дамыту мақсатында бастапқы зерттеулерді (түпнұсқа) пайдалану (соның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін пайдалану)
10		А.7.3.4.1 Өзінің және өзгелердің жұмыстарын (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жетілдіру және бейімдеу бойынша дәлелді ұсыныстар жасау
11		А.7.2.4.1 Графиканың түрлі құралдарын (оның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін) қолдана отырып, шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздерді, сызбаларды орындау
12		МА.7.3.2.1 Өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер, музыканттар, ЖЗ) жұмыстарында көрініс тапқан идеяларды салыстыру
13		А.7.2.7.1 Шығармашылық жұмысты (сурет, бұйым, объект) жасау үшін сандық құрылғыларды, АКТ құралдарын және ЖЗ мүмкіндіктерін қолдану
14		А.10.2.4.1 Түрлі графика құралдарын (оның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін) қолдана отырып, өздігінен графикалық және технологиялық құжаттарды құрастыру

Өнер. 7-сынып («Музыка» компоненті)		
15	1-бөлім. Музыкалық сауаттылық 2-бөлім. Музыка және цифрлық медиатеchnология	М.7.1.1.1 Өз ойларын, сезімдері мен эмоцияларын, шығармадағы композитордың ойын сипаттай отырып, қазақ ұлттық және басқа да әлемдік мәдениеттердің музыкалық туындыларын (оның ішінде ЖЗ көмегімен жасалған жұмыстарды) әртүрлі жанрларда, стильдерде, контекстерде талдау және салыстыру
16	3-бөлім. Музыкалық стильдер мен жанрлар 4-бөлім. Театр, кино және анимациядағы музыка	МА.7.1.4.1 Әртүрлі дереккөздерден ақпаратты таңдау арқылы шығармашылық идеяларды дамыту үшін алғашқы зерттеулерді (түпнұсқа ақпарат) (оның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін пайдалана отырып) қолдану
17		МА.7.3.2.1 Өзінің және өзгелердің (музыканттар, композиторлар, ЖЗ көмегімен жасалған жұмыстар) жұмыстарын жасау үшін қолданған әдістер мен тәсілдерді салыстыру
18		МА.7.3.3.1 Өзінің және өзгелердің жұмыстарын (сонымен қатар ЖЗ көмегімен жасалған жұмыстарды) жетілдіру және бейімдеу бойынша дәлелді ұсыныстар жасау
19		М.7.2.4.1 Музыкалық шығармашылық жұмыстарды жасау үшін кең ауқымды контекстерді, музыкалық және музыкалық емес құралдарды, сонымен қатар цифрлық технологиялар мен ЖЗ мүмкіндіктерін қолдана отырып, әртүрлі жанрларда, стильдерде музыканы жасау/импровизациялау
Өнер. 8-сынып («Бейнелеу өнері» компоненті)		
20	1-бөлім. Микрожүйелер: 2D 2-бөлім. Микроқұрылымдар: 3D	А8.2.7.1 Шығармашылық жұмысты (сурет, бұйым, объект) жасау үшін цифрлық құрылғылар мен АКТ құралдарын және ЖЗ мүмкіндіктерін өз бетінше қолдану
21	3-бөлім. Кубизмнен поп-артқа дейін 4-бөлім. Өнім дизайны. Үстел ойыны	А8.3.4.1 Өзінің және өзгелердің жұмыстарын (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жетілдіру және бейімдеу бойынша бірнеше сыни ұсыныстар жасау
22		А8.3.3.1 Өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жұмыстарын жасау үшін қолданылған әдістер мен тәсілдерді талқылау және бағалау
23		А8.1.4.1 Жаңа идеяларды ұсыну және жоспарлау үшін алғашқы зерттеулерді және өз бетімен таңдаған ақпарат көздерін (оның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін) қолдану
24		А8.3.2.1 Өзінің және өзгенің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер, ЖЗ) жұмыстарында көрініс тапқан идеяларды талдау үшін критерийлерді қолдану

Өнер. 9-сынып («Бейнелеу өнері» компоненті)		
25	1-бөлім. Мәдени сәйкестілік және интерьер дизайнны	A9.1.4.1 Алғашқы зерттеулерді және әртүрлі ақпарат көздерін өз бетімен жоспарлау, балама шешімдер және бірегей идеяларды ұсыну үшін қолдану (оның ішінде АКТ мен ЖЗ мүмкіндіктерін қолдану)
26	2-бөлім. Табиғат күштері 3-бөлім. Болашақтың қаласы: шынайылықты	A9.2.7.1 Шығармашылық жұмысты жасап шығару үшін цифрлық құрылғыларды, АКТ құралдарын және ЖЗ мүмкіндіктерін өз бетінше қолдану
27	зерттеу 4-бөлім. Болашақтың қаласы: арманның орындалуы	A9.3.2.1 Өзінің және өзгенің (оның ішінде ЖЗ көмегімен жасалған) жұмыстарында тарихи, әлеуметтік, мәдениет және экологиялық мәнмәтіндерді талдау
28		A9.3.4.1 Қолданылған идея мен тәсілдердің талдауы мен бағасына сүйеніп, өзінің және өзгелердің жұмыстарын (және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жетілдіру және бейімдеу бойынша ерекше ұсыныстар жасау
29		A9.3.5.1 Комментарийлерді ұсына отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарын (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстарды) критерийлер бойынша бағалау
Өнер. 10-сынып («Бейнелеу өнері» компоненті)		
30	1-бөлім. Қоршаған әлемдегі өнер 2-бөлім. Бизнес және өнер	A.10.1.4.1 Инновациялық шешімдер және идеяларды ұсынып, талдау үшін мақсатты түрде алғашқы және қосалқы зерттеулерді (АКТ мен ЖЗ мүмкіндіктері көмегімен) қолдану
31	3-бөлім. Дизайн 4-бөлім. Өнердегі абстракция	A.10.3.4.1 Өзінің және өзгелердің жұмыстарының (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) мақсаты мен маңыздылығына қатысты өз пайымын және негізделген бағасын өз бетімен ұсыну
32		A.10.3.5.1 Әртүрлі мәнмәтінде көркемдік жұмыстың мәнін анықтай отырып, нәтиже шығарып, өзінің және өзгелердің жұмыстарын (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) критерийлер бойынша бағалау
Информатика. 9-сынып		
33	9.4В бөлімі – Компьютерлік желілер және жасанды зият	9.5.2.1 Жасанды зият және машиналық оқыту технологиясы ұғымдарын түсіндіру
34		9.5.2.2 Өнеркәсіпте, білім беруде, медицинада, ойын индустриясында, қоғамда жасанды зияттың қолданылу салаларын сипаттау
35		9.5.2.3 Жасанды зиятқа негізделетін қызметтердің мысалдарын келтіру
Информатика. 12-сынып		
36	12.1А бөлімі. Жасанды зият	12.4.3.1 Өнеркәсіпте, білім беруде, медицинада, ойын индустриясында, қоғамда жасанды зияттың қолданылу салаларын сипаттау
37		12.4.3.2 Виртуалды және толықтырылған шынайылықтың мақсатын түсіндіру

38	12.2В бөлімі. Жасанды зият	12.4.3.1 Жасанды зияттың қоғамда қолданылуының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау
39		12.4.3.2. Виртуалды және толықтырылған шынайылықтың мақсатын түсіндіру
40		12.4.3.3. Жасанды зият, машиналық оқыту және терең оқыту арасындағы айырмашылықты анықтау
41		12.4.3.4. Сараптама жүйесінің негізгі компоненттерінің мақсатын сипаттау: білім базасы, көрсететін машиналар, пайдаланушы интерфейсі
42		12.4.3.5. Ережелер мен фактілерді пайдалана отырып, сараптамалық жүйе құру
43		12.4.3.6. Сараптамалық жүйеге қарапайым сұраныстар жасау

Тапсырмаларды автоматтандыру және тиімділік

ЖЗ тапсырмаларды бағалау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және есеп беру сияқты әкімшілік және қайталанатын тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ЖЗ-ның арқасында деректерді талдау, түсіндіру және визуализациялау да жеңілдей түсті. Сондай-ақ ЖЗ артта қалып қоюы мүмкін оқушыларды болжалдай алады және олардың біліміндегі кінәраттарды жоюға көмектесе алады.

ЖЗ-ның емтихандар мен бағалауда қолданылуы

ЖЗ өте нақты, қауіпсіз және тиімді бағалау әдістерін жасай алады, ал онлайн-прокторинг жүйелері емтихан кезінде орын алуы мүмкін біртүрлі қимылдарды анықтауға көмектеседі, сөйтіп әділ тестілеу ортасын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар эссе тапсырған кезде ЖЗ оқушылар жазған эсселердің құрылымын, реттілігін және дәлдігін бағалауға көмектеседі.

Жалпы, ЖЗ-ның білім беруде қолданылуы білім беру үдерісін жақсартуға және оның тиімділігін арттыруға көп көмектеседі. Алайда жасанды зиятты білім беру үдерісіне табысты кіріктіру үшін оның артықшылықтары мен шектеулерін ескеретін және әрқашан адамның араласуы мен сараптамасына орын қалдыратын теңдестірілген тәсілдеме қажет екенін есте ұстаған жөн.

Білім беру саласында жасанды зият негізінде жұмыс істейтін сервистер мен чат-боттарды қолдану

Дизайнға арналған ЖЗ негізіндегі сервистер

Жасанды зият негізіндегі сервистер оқушылар мен мұғалімдерге оқу материалдарын, презентациялар мен басқа да білім беру ресурстарын жасауға көмектеседі. Олар ақпаратты визуализациялауды автоматтандырады, сөйтіп оқу үдерісін көрнекі және қызықты етеді. Мысалы, мұндай құралдар күрделі тақырыптарды жақсы түсінуге көмектесетін инфографика, схемалар мен анимацияларды жасай алады. Canva көмегімен (www.canva.com) оқу материалдарын, презентациялар мен инфографиканы жасауға болады, ал Adobe Spark (spark.adobe.com) – ЖЗ көмегімен графика, веб-беттер мен видеолар жасауға арналған құрал. Crello (crello.com) – графика мен анимация жасауға арналған платформа.

Музыка жасауға арналған ЖЗ негізіндегі сервистер

Музыка жасау сервистерін білім беру саласында өнер сабақтарында және сабақтан тыс уақытта музыкалық шығармашылыққа үйрету үшін пайдалануға болады. Оқушылар әртүрлі стильдермен және техникалармен жұмыс істей отырып, дағдылары мен шығармашылығын дамыта алады. Бұл құралдар композициялар, аранжировкалар мен дыбыстық эффектілерді жасауға мүмкіндік береді, оқушыларға музыка теориясын жақсы түсінуге және оны іс жүзінде қолдануға көмектеседі. Мысалы, Amper Music (www.ampermusic.com), AIVA (www.aiva.ai), Jukedeck (www.jukedeck.com).

Бағдарламалық кодты сканерлеуге арналған ЖЗ негізіндегі сервистер

Мұндай сервистер бағдарламалауды үйренуге көмектеседі. Олар кодтағы қателерді автоматты түрде табады және оларды түзету бойынша ұсыныстар береді, сөйтіп бағдарламаларды жазу қағидаларын тереңірек түсініп, білім сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл құралдарды кодтарда осалдықтар бар ма, жоқ па, соны талдау және оңтайландыру үшін де пайдалануға болады. Кодты талдау үшін DeepCode (www.deepcode.ai), Codacy (www.codacy.com), Snyk (snyk.io) сервистерін қолдануға болады.

Персоналдың тиімділігін талдап, бағалайтын ЖЗ негізіндегі сервистер

Мектептерде қолданылатын, жасанды зият негізіндегі сервистерді мұғалімдер мен оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін пайдалануға болады. Олар оқушылардың үлгерімін талдайды, оқу үдерісінің мықты және әлсіз жақтарын анықтап, жеке тұлғаға бағытталған оқу жоспарларын құруға көмектеседі. Бұл білім сапасын арттыруға және оны оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Coursera's Learning Analytics (www.coursera.org) және Humu (www.humu.com) сервистері оқушылардың үлгерімін және курстардың тиімділігін талдау үшін қолданылады. Knewton платформасы (www.knewton.com) оқушылардың деректерін талдауға және оқу материалдарын жеке тұлғаға бейімдеуге көмектеседі.

Мәтін құруға арналған ЖЗ негізіндегі чат-боттар

Чат-боттарды оқушыларға эссе жазуға, үй тапсырмасын орындауға және емтиханға дайындалуға көмектесу үшін пайдалануға болады. Олар оқушылардың жұмыс сапасын жақсартуға көмектесетін кеңестер, ресурстар және мысалдар береді. Сонымен қатар мұндай боттар берілген тақырыптарға мәтіндер жазып бере алады, демек, оқу материалдарын жазып, жаңа идеяларды дамыту үшін пайдалы болуы мүмкін. Мәтіндерді басқа сөзбен жазу және генерациялау құралдарының бірі – OpenAI's GPT-4 (www.openai.com), QuillBot (www.quillbot.com), Copy.ai (www.copy.ai).

Виртуалды көмек көрсетуге арналған ЖЗ негізіндегі чат-боттар

Білім беру мекемелерінде боттар виртуалды көмекші рөлін атқара алады. Олар оқушылардың сұрақтарына жауап қайтарып, оқу материалдары мен кестелері бойынша бағдар береді, пәндер, элективті курстар және үй тапсырмалары туралы ақпарат ұсынады. Сонымен қатар бұл боттар (мысалы, EdTech AI Assistants by AdmitHub (www.admithub.com) және Ivy.ai (www.ivy.ai) чат-боттары) техникалық мәселелерді шешуге көмектеседі және әртүрлі оқу мәселелері бойынша қолдау көрсете алады, осылайша оқу үдерісін ыңғайлы және тиімді етеді.

3.2 Мұғалімдерді ЖЗ-ны пайдаланып сабақ беруге дайындау

Қазіргі білім беру ортасында жасанды зияттың маңызы артып келе жатыр. Оқу үдерісінде ЖЗ мүмкіндіктерін барынша пайдалану үшін мұғалімдер дайын болуы тиіс. Бұл дегеніміз тек техникалық оқыту ғана емес, сонымен қатар әдістемелік дағдыларын дамыту, этикалық аспектілерді түсіну, педагогикалық тәсілдерді бейімдеу. Мұғалімдерді ЖЗ-ны қолдануға дайындаудың алғашқы қадамы – негізгі техникалық дағдыларды үйрету. Мұғалімдер ЖЗ құралдары қалай жұмыс істейтінін және оларды оқу үдерісіне қалай кіріктіруге болатынын түсінуі керек. Яғни ЖЗ туралы бастапқы білімдері және нақты ЖЗ құралдарымен (виртуалды көмек көрсететін чат-боттар, оқушылардың үлгерімін талдайтын жүйелер немесе контент жасайтын құралдар) жұмыс істей білуі қажет.

Техникалық дағдылар бұл дайындықтың тек бір бөлігі ғана. Мұғалімдер оқытуда жасанды зиятты тиімді пайдалану үшін өздерінің педагогикалық әдістерін қалай бейімдеу керектігін түсінуі керек. Яғни жеке тұлғаға бағытталған оқыту, бағалауды автоматтандыру, кері байланыс беру, интерактивті және бейімделгіш оқу материалдарын жасау үшін ЖЗ-ны оқу үдерісіне кіріктіру қажет. Жасанды зияттың өмірге енуімен жаңа педагогикалық әдістер пайда болды. Мұғалімдер аралас (blended learning) және гибридті оқыту тәсілдемелері сияқты инновациялық әдістерді сынап, енгізуге дайын болуы керек.

Білім беруде ЖЗ-ны қолдану бірқатар этикалық және құқықтық мәселелермен байланысты. Мұғалімдер осы аспектілерді біліп, олармен жұмыс істей білуі керек. Олар оқушылардың деректерін қорғаудың маңыздылығын түсініп, ЖЗ-ны Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес қолдана білуі керек. Сонымен қатар мұғалімдер алгоритмдердің біржақтылығы және әділеттілікке қатысты мәселелер сияқты жасанды зиятты қолданумен байланысты ықтимал қауіптер мен этикалық мәселелерді түсінуі керек. Олар ықтимал қауіптерді болжап, азайтуы қажет.

Мұғалімдерді жасанды зиятты қолдануға дайындау – бұл үздіксіз және маңызды үдеріс. Мұғалімдерге үнемі кәсіби қолдау көрсетілуі тиіс. Тұрақты түрде өткізіліп тұратын семинарлар, вебинарлар мен курстар мұғалімдерге жасанды зият пен білім беру технологиясының соңғы жетістіктерінен хабардар болуға көмектеседі. Кәсіби қауымдастықтар құру қажет, олар мұғалімдерге тәжірибе алмасуға, ең жақсы тәжірибелерді талқылауға және озық технологияларды қолдануда бір-біріне қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Білім беруде цифрлық технологияны қолданудың артықшылықтарын көрсететін сенімді деректер өте аз. Технологиялар тым жылдам дамиды, сондықтан олардың әсерін бағалау қиынға соғады, мәселен, білім беру технологиясының өнімдері орта есеппен алғанда 36 айда өзгеріп тұрады. Мысалы, Австралияның Жаңа Оңтүстік Уэльстік Білім департаменті инновациялық тәсілдерді зерттеп, оларды білім беру саласына енгізумен айналысады. Білім беруді дамыту жобасы шеңберінде департамент жеке және мемлекеттік мекемелердің ұлттық және халықаралық деңгейдегі озық тәжірибесіне негізделіп, тиімді оқыту әдістерін жасауға ұмтылады. Осындай жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – мұғалімдерді оқу үдерісінде ЖЗ-ны қолдануға дайындау. Осы орайда білім беру саласы ЖЗ-ға үлкен қызығушылық танытады, бірақ бұл ретте ЖЗ педагогтердің қажеттіліктеріне сәйкес сауатты пайдаланылуы шарт. Мұғалімдердің жұмысын жеңілдететін зиятты жүйелер құрылып қойылған, олар оқушылардың жеке ерекшеліктеріне көбірек көңіл бөлуге және оқу үдерісін үйлестіруге көмектеседі. Атап айтқанда, бұл жүйелер оқушылардың оқуға деген ынтасын және жетістіктерін бақылай алады, ал кейбір жағдайларда тіпті оқу мазмұнына түзетулер ұсына алады.

Білім беру жүйелеріне қарқынды даму үстіндегі технологияларға бейімделу қиындау. Дүние жүзіндегі елдердің 54%-ында цифрлық дағдыларға қатысты стандарттар бар, көбінесе оларды мемлекеттік емес, коммерциялық құрылымдар әзірлеген. Мұғалімдер көбінесе сабақтарында технологияны қолданып оқытуға дайын емес екендерін түсінеді, сондай-ақ олармен жұмыс істеуде өздерін сенімсіз сезінеді. Әлем елдерінің жартысында мұғалімдердің АКТ саласындағы дағдыларын дамыту стандарттары жоқ (UNESCO report on digital Technologies in Education).

Мұғалімдерді жасанды зиятты пайдаланып оқытуға дайындау кешенді тәсілдемені қажет етеді. Едәуір қауіптерге және сенімді деректердің жетіспеушілігіне қарамастан, ЖЗ технологиялары білім беру үдерісінің сапасы мен тиімділігін айтарлықтай арттыра алады, бірақ бұл ретте мәселеге ұқыптылықпен және жауапкершілікпен қарау шарт.

4. «NIS LAB» ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ


2024–2025 оқу жылында «NIS Lab» білім беру платформасында 10-сынып оқушыларына арналған «Физика», «Химия» және «Биология» пәндері бойынша қазақ және орыс тілдерінде цифрлық зертханалар орналастырылды.

Цифрлық зертханалық жұмыстың негізгі артықшылықтарының бірі – қаржылық немесе қауіпсіздік шектеулеріне байланысты нақты зертханалық жағдайларда ұйымдастыру қиын болатын 3D модельдер мен симуляцияларды пайдалану мүмкіндігі. Сонымен қатар мұндай зертханалық жұмыстар *зерттеу дағдылары, өз бетінше білім алу, өзін-өзі реттеу, жүйелі ойлау* сияқты оқу бағдарламасында қарастырылған негізгі құзыреттіліктерді дамытуға және қалыптастыруға ықпал етеді. Әлеуметтік және эмоциялық аспектілер де, соның ішінде *өзін-өзі тану, бейімделу және икемділік* ескеріледі. Виртуалды зертханалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы дағдыларды дамытады. Сонымен қатар мұндай жұмыс *функционалдық, экологиялық және цифрлық* сауаттылықты қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Мұғалімдерге виртуалды зертханалық жұмыстарды зертханадағы нақты тәжірибелерге дайындық ретінде пайдалану ұсынылады. Бұл оқушыларға процесті алдын ала көруге, негізгі қағидалар мен күтілетін нәтижелерді түсінуге мүмкіндік береді. Осының арқасында нақты зертханалық сабақтар тиімді әрі нәтижелі өтеді. Сонымен қатар сыныпта виртуалды эксперименттерді орындағаннан кейін оқушыларға алынған деректерді талдауды және синтездеуді талап ететін жоғары деңгейлі сұрақтар қою арқылы жұмыс нәтижелерін талқылауға болады. Мұндай тәсіл материалды терең түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар сыни ойлауды дамытып, білімді іс жүзінде қолдануға үйретеді.

Оқушыларға белгіленген жерді аралап жүруге мүмкіндік беретін функция қосылды. Олар зертханалық жұмыстарды бекітілген камерамен әдепкі қалпы орындай алады, бірақ жаңадан қосылған қозғалу мүмкіндігі оқушыларға жұмысты басқа қырынан көруге мүмкіндік береді. Бұл заттарды үстелге орналастыруда икемділік береді және оқушыларға қоршаған ортаны зерттеуге мүмкіндік жасайды.

Төменде 10-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі «Физика», «Химия» және «Биология» пәндері бойынша «NIS Lab» білім беру платформасында орналастырылатын зертханалық жұмыстардың тізімі берілген.



«Химия» пәні

10-сыныпқа арналған химия пәні бойынша виртуалды зертхананы пайдаланудың бірнеше ерекшелігі бар. Олар оқу үдерісінің тиімді әрі қызықты өтетінін қамтамасыз етеді. Келесі эксперименттер мысалында виртуалды зертхананы пайдалану ерекшеліктерін қарастырайық.

1. Зертханалық жағдайда аммиакты алу

Виртуалды зертхана қауіпті заттар мен реактивтермен жұмыс істеу кезіндегі қатерлерді болдырмауға мүмкіндік береді. Оқушылар, интернет қолжетімді болған жағдайда, эксперименттерді кез келген ыңғайлы уақытта және жерде орындай алады. Экспериментті бірнеше рет жасауға болады, бұл процесті жақсы түсінуге және қателерді жоюға мүмкіндік береді. Виртуалды зертхана нақты уақыт режимінде аммиак (NH_3) алу процесін, соның ішінде газдың бөлінуін және реакцияның өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді. Оқушылар виртуалды аспаптармен және реагенттермен жұмыс істей алады, бұл оқу үдерісіне белсенді қатысуға ынталандырады.

2. Этилен алу

Виртуалды зертхана этанолды сусыздандыру арқылы этилен (C_2H_4) алу әдісін дәл орындауға мүмкіндік береді. Қымбат реактивтер мен жабдықтарды сатып алудың қажеті жоқ, өйткені мұның бәрі виртуалды ортада қолжетімді. Виртуалды орта молекулалық өзгерістер мен реакцияларды визуализациялауға мүмкіндік береді, бұл химиялық процестерді жақсы түсінуге көмектеседі. Оқушылар эксперимент параметрлерін өзгерте алады (мысалы, температура, қысым және т.б.) және бұл өзгерістердің өнімнің алынуына қалай әсер ететінін бақылай алады.

3. Ерітінділердің электролизі

Электролизде электр тогы және реактивтер қолданылады, бұл нақты жағдайда қауіпті болуы мүмкін. Виртуалды зертхана бұл қауіп-қатерлерді жояды. Виртуалды зертхана оқушыларға электролиз процесін, соның ішінде электродтардағы газдың пайда болуын және ерітіндінің түсінің өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді. Виртуалды эксперименттер студенттерге электролиз процесін және оның қолданылуын жақсы түсінуге көмектесетін теориялық түсіндірмелермен күшейтіледі. Оқушылар әртүрлі ерітінділерді (мысалы, натрий хлориді немесе мыс сульфаты) электролиздеу және алынған өнімдерді бақылау үшін әртүрлі эксперименттер жүргізе алады.

4. Этан қышқылының химиялық қасиеттері

Виртуалды зертхана металдар, негіздер және тұздар сияқты әртүрлі реагенттермен этан қышқылының (CH_3COOH) реакцияларын зерттеуге мүмкіндік береді. Барлық эксперименттер қауіпсіз виртуалды ортада жүргізіледі, бұл қышқылдармен жұмыс істеу кезінде әсіресе маңызды. Оқушылар газдың бөлінуі, түсінің өзгеруі және тұнбаның пайда болуы сияқты визуалды өзгерістерді байқай алады, бұл оларға қышқылдың химиялық қасиеттерін жақсы түсінуге көмектеседі. Көп жағдайларда виртуалды зертханаларда оқу үдерісін қызықты әрі танымдық ету үшін интерактивті элементтер мен тапсырмалар беріледі.

10-кесте. «NIS LAB» зертханасында іске асырылатын «Химия» пәні бойынша оқу мақсаттары

№	Тақырыбы	Оқу мақсаты
Химия		
1.	Карбон қышқылдары: физикалық және химиялық қасиеттері. № 7-практикалық жұмыс: «Этан қышқылының химиялық қасиеттері»	10.6.2.26 Этан қышқылы мысалында карбон қышқылдарының қасиеттерін зерттеу
2.	Аммиактың алынуы және қасиеттері. № 1-практикалық жұмыс: «Аммиак: алу және қасиеттері»	10.2.1.2 Аммиак газының және оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу

3.	Электродтарда жүретін иондық реакциялар. № 3-практикалық жұмыс: «Ерітінділер электролизі»	10.3.1.7 Металдардың кернеу қатарын пайдалана отырып, электролиз өнімдерін болжау
4.	Еселі байланыс реакциялары. № 5-зертханалық жұмыс: «Алкендердің қасиеттерін зерттеу»	10.6.3.13 Алкендердің сапалық реакцияларын зерттеу (қанықпағандық)

«Физика» пәні

Физика пәнін оқытуда цифрлық зертханалық жұмыстарды қолдану оқушылардың практикалық тәжірибе алу мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырады.

«NIS LAB» платформасында «Физика» пәні бойынша 10-сыныпқа арналған 4 зертханалық жұмыс ұсынылған. Ток таразыларын (ампер таразыларын) қолдана отырып, магниттік индукция векторын эксперименталды түрде анықтауды талап ететін 10.4.5.4 оқу мақсатын жүзеге асыру барысында «Тоғы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін зерттеу» зертханалық жұмысына назар аударған жөн. Бұл жұмыс түсінуді айтарлықтай жақсартып, магнит өрісінің тоғы бар өткізгішке әсерін көрсетеді. «Радиоактивтілік» бөлімін зерттеу кезінде оқушылар «Тұздардың радиоактивтілігін зерттеу» зертханалық жұмысын жүргізе алады, онда олар Гейгер есептегішінің қалай қолданылатынын көреді.

«Электромагниттік индукция құбылысын зерттеу» және «Электромагниттік реленің әсер ету қағидасын зерттеу» виртуалды зертханалық жұмыстарын қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады. Бұл зертханалық жұмыстар «Электромагнетизм» бөлімін зерттеу аясында оқушылар үшін құнды тапсырмалар болып табылады. Олар соленоидтың магнит өрісіне әсер ететін факторларды талдау сияқты оқу бағдарламасында қамтылған негізгі ұғымдар мен қағидаларды терең түсінуге көмектеседі (10.4.5.6 оқу мақсатына сәйкес).

11-кесте. «NIS LAB» зертханасында іске асырылатын «Физика» пәні бойынша оқу мақсаттары

Тақырыбы	Оқу мақсаты
Магнит өрісінің тоғы бар өткізгішке әсерін оқып үйрену	10.4.5.4 Токтар теңгерімі (Ампер таразысы) көмегімен магнит индукциясы векторын тәжірибелік түрде анықтау
Электромагниттік индукция құбылысын зерттеу	10.4.5.6 Соленоидтың магнит өрісіне әрекет ететін факторларды талдау
Электромагниттік реленің жұмыс істеу принципін зерттеу	10.4.5.6 Соленоидтың магнит өрісіне әрекет ететін факторларды талдау
Тұздың радиоактивтілігін зерттеу	10.6.1.1 Табиғи радиоактивтіліктің бар екендігін көрсететін және олардың қасиеттерін зерттейтін тәжірибелерді сипаттау 10.6.1.3 Зарядталған бөлшектерді анықтау әдістерін сипаттау

«Биология» пәні

Биология пәнінен зертханалық жұмыстарды орындау оқушыларға тірі табиғатты басқаратын негізгі қағидалар мен заңдарды, сондай-ақ ондағы процестердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерін түсіну арқылы қоршаған әлемді танып білуге мүмкіндік береді.

Білім беру үдерісінде виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану білім алушылардың бойында төмендегідей қажет дағдылар мен қабілеттерді қалыптастырып, дамытады:

- ғылыми зерттеудің барлық кезеңдерін сақтай отырып, биологиялық эксперименттерді ұйымдастыру;

- эксперименттің проблемасы мен гипотезасын тұжырымдау, зертханалық жабдықты және әртүрлі зерттеу әдістерін қолдану;
- әртүрлі формада ұсынылған ғылыми деректерді талдау, түсіндіру және ажырату, себеп-салдарлық байланыстар орнату;
- пайда болған процестер мен құбылыстарды негіздеу және түсіндіру, алынған нәтижелер негізінде тұжырымдар жасай отырып, математикалық есептеулер жүргізу;
- ғылыми деректердің сенімділігі мен дұрыстығын арттыру жолдарын анықтау;
- алынған дағдылар мен қабілеттерді күнделікті өмірде қолдану.

12-кесте. «NIS LAB» зертханасында іске асырылатын «Биология» пәні бойынша оқу мақсаттары

№	Тақырыбы	Оқу мақсаты
Биология		
1.	Ферментті реакция жылдамдығына әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу	10.4.1.9 Ферменттің субстратпен өзара әрекеттесу ретін түсіндіру 10.4.1.10 Ферменттің әрекет ету механизмін зерттеу
2.	Тотығатын және тотықпайтын қанттарды анықтау	10.4.1.4 Редуцирленетін және редуцерленбейтін қанттарды зерттеу
3.	Ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу	10.1.3.3 Ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу
4.	Ауксиндердің тамырдың өсуіне және дамуына әсерін зерттеу	10.1.7.5 Өсімдіктердің тіршілігіндегі олардың өсуіне әсер ететін заттардың маңызын зерттеу
5	Өсімдік үлгілерінен (банан, киви) ДНҚ алу	10.4.1.11 ДНҚ молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау

5. NIS-PROGRAMME БАҒДАРЛАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН, НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5.1. «Тіл және әдебиет» білім беру саласы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні

Негізгі мектепте 2024–2025 оқу жылынан бастап «Қазақ тілі» (Т1) және «Қазақ әдебиеті» пәндері кіріктіріліп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні ретінде оқытылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәнін оқыту тіл құрылымын, сөздік қор мен сөздік құрамды, олардың қолданыс талаптары мен мүмкіндіктерін меңгертіп, сол арқылы ойды жүйелі жеткізудің, шығармашыл ойлаудың, сыни талдаудың, әлеуметпен қарым-қатынас орнатудың құралы ретінде қолдана алатын, өзіндік ойы, дүниетанымы қалыптасқан тұлға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат, эстетикалық талғамы бар оқырман дайындауды көздейді.

Оқу жүктемесі мен құжаттар

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
Негізгі мектеп				
7	5	180	2.1-нұсқасы, 2024 ж.	2.1-нұсқасы, 2024 ж.
8	5	180	2.1-нұсқасы, 2024 ж.	2.1-нұсқасы, 2024 ж.
9	5	180	2.1-нұсқасы, 2024 ж.	2.1-нұсқасы, 2024 ж.
10	5	180	2.1-нұсқасы, 2024 ж.	2.1-нұсқасы, 2024 ж.
11	2	72	3-нұсқа	3-нұсқа
12	2	72	3-нұсқа	3-нұсқа

2024–2025 оқу жылының «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасына енген өзгерістер

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқытудың мақсат-міндеттері:

– *тілдік дағдыларды дамыту*: көркем шығармаларды оқыту оқушылардың мәтінді оқу, түсіну, талдау дағдысын дамытумен қатар, сөздік қорын, грамматикалық білімін арттырады;

– *коммуниктивтік құзыреттілікті жетілдіру*: әдеби шығармаларды талдау, оның негізінде жазба жұмыстарын орындау оқушылардың ауызша және жазбаша коммуникациясын жақсартуға көмектеседі;

– *сыни ойлауды дамыту*: әдебиетті талдау оқушылардан сыни ойлауды талап етеді және пікір білдіріп, оны негіздеуге көмектесетін талдау дағдысын дамытуға ықпал етеді;

– *әлеуметтік-мәдени түсінік қалыптастыру*: әдебиет арқылы оқушылар түрлі мәдениетпен, қоғамдық, тарихи мазмұнмен танысып, әр ұлттың дүниетанымын, мәдени құндылығын жетік түсініп, бағалай алады;

– *шығармашылық ойлауға машықтандыру*: көркем туындыларды талдай отырып, мәтінді интерпретациялау, жазу оқушыны ойы мен сезімін, идеясын шығармашылық жолмен жеткізуге шабыттандырады.

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту ерекшелігі

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқыту оқушылардың терең әрі жан-жақты білім алуын, сөйлеу әрекеттері бойынша коммуникативтік дағдыларының берік қалыптасуын қамтамасыз етеді. Әдеби мәтіндер тілдік нормаларды сақтауына ықпал ететін аутентті материалдар қызметін атқарумен қатар оқушылардың қиял көкжиегін, эмоциясын дамытады. Әдеби мәтіндерді оқыта отырып, оқушылардың шығармашылық жазу қабілетін арттыру көзделеді. Мысалы, көркем мәтін негізінде түрлі стиль мен жанрда мәтін құру, көркем шығарманы өз көзқарасы тұрғысынан дамытып жазу, кейіпкер атынан мазмұндау, т.б.

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқытуда негізгі нысан – мәтін: түрлі стиль мен жанрдағы көркем және көркем емес мәтіндер. Оқыту мәтінге бағытталған тәсілдемені басшылыққа алады, яғни оқушылардың оқырмандық құзыреттілігін қалыптастыру. Мәтін түрлерімен (көркем және көркем емес) жұмыс оның мазмұнын түсіну, талдау, салыстыру, бағалау, интерпретациялау бағытында жүргізіледі. Кіріктірілген оқу бағдарламасында тіл мен әдебиеттің үлес салмағы бірдей. Пәнді кіріктіруде «Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасындағы шығарманың тақырыбы мен идеясын, композициясын, кейіпкерлер бейнесін, автор көзқарасын талдау, мазмұндас шығармалармен, басқа өнер түрлерімен салыстыра отырып бағалау, шығармашылық және академиялық жазылым іс-әрекеттері сақталды.

Тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқытудың ***артықшылықтары:***

- түрлі стиль мен жанрдағы көлемді мәтіндерді (көркем және көркем емес) қолдана отырып оқыту оқушылардың академиялық білімі мен әдеби тілін, тіл байлығын дамытады;
- оқушының мәтінді кешенді, тұтас талдау дағдысы қалыптасады;
- оқушылар тіл мен әдебиетті ұлттық-мәдени құндылық ретінде түйсіне отырып, ұлттық кодын, ұлттық-мәдени тамырын таниды;
- қазақ және әлем әдебиетінің озық үлгілерін жан-жақты, сыни талдау төл мәдениетін танумен қатар, мәденитаралық қарым-қатынасты, әлем туралы тұтас түсінігін де қалыптастырады;
- көркем шығармада баяндалған қызықты сюжеттер мен оқиғалар оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттырады;
- кейіпкерлердің түрлі шым-шытырық тағдыры кейіпкерлерге деген аяушылық сезімін тудырып, эмпатиясын қалыптастырады;
- көркем мәтіннің тақырыбы мен идеясын көркем емес мәтін айтылған идеямен салыстыра отырып талдау оқушылардың сыни ойлау, қисынды тұжырым жасау, интерпретациялау дағдысын дамытады.

Кіріктірілген оқу бағдарламасындағы әдебиеттің көрінісі


Оқу бағдарламасындағы шығармаларды **тақырыптарға шоғырландыру** ұстанымы да тіл мен әдебиет пәндерінің мақсат-міндетінен туындап отыр. Әдебиетті тақырыптар арқылы оқыту, шығармаларды бір ұғымға біріктіру, бір идеяның маңайына топтастыру оқушының адамдық, азаматтық ұстанымының, дүниетанымының, эстетикалық талғамының, ұлттық танымының қалыптасуына, көркем мәтінді кең ауқымда салыстыра талдау, сыни тұрғыдан бағалау дағдысының дамуына негіз болады. Шығармаларды бір ұғымға, лексикалық тақырыптарға топтастыру пәнаралық байланысты қамтамасыз етеді.

Шығармалар **мәңгілік, ғаламдық тақырыптарға** топтастырылған. Ғаламдық тақырыптар оқушыларды адамзатқа ортақ мәселелерге үңілуге, ғаламшарды сақтау жолын қарастыруға, әлемдік және жергілікті мәселелерге бей-жай қарамауға үйретеді. Ғаламдық тақырып уақыт және кеңістік, жаһандану, жеке даму, тұрақты даму, әділет, мәдениет, тұлға және қарым-қатынас тақырыптарын қамтиды.

Әр шығармада сипатталған тарихи-мәдени кезеңнің өзіне тән құндылықтар жүйесінің (жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық) қатар жүруі табиғи заңдылық. Қазақ әдебиетінде этикалық, эстетикалық құндылықтарға басымдық беріліп, шығармаларда ар, әдеп мәселесі қозғалады. Осыған байланысты жалпыұлттық ұғым аясындағы ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық мүддені қамтитын шығармалар бір тақырыпқа топтастырылған.

Шығармаларды топтастыруда «Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму мақсаттары» да ескерілді. Бұл – кедейлік пен оны жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, Жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. Тұрақты даму 5 негізгі бағыт (адамдар, планета, өркендеу, әлем, серіктестік), 17 мақсаттан тұрады.

5 негізгі бағыт



17-тұрақты даму мақсаты



Сілтеме: <https://egov.kz/cms/kk/zur>

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасында әдеби туындылар, көркем шығармалар **8 тақырыпқа** топтастырылған:

- құндылық, адамгершілік және мәдени бірегейлік;
- теңдік және теңсіздік;
- қақтығыс, бейбітшілік және қауіпсіздік;
- қоршаған орта және тұрақты даму;
- заң және әділдік;
- қиял мен шындық;
- білім және даму;
- өнер, шығармашылық және өркениет.

Әр лексикалық тақырып сыныптан-сыныпқа жіктеліп, күрделене түседі. Мысалы, 7-сыныпта «Теңдік және теңсіздік» тақырыбы 7-сыныпта «Әлеуметтік теңсіздік», 8-сыныпта «Кедейлікпен күрес», 9-сыныпта «Гендерлік теңсіздік», 10-сыныпта «Экономикалық теңсіздік» лексикалық тақырыптарына жіктеледі. Көркем туындылар да осы тақырыптар аясында оқытылады.

Оқу мақсаттарының жүйесіндегі өзгерістер. Оқу мақсаттары жүйесіндегі негізгі өзгерістер сапалық және сандық сипатта жүзеге асты. Кестеде жаңартылған оқу мақсаттарының жүйесі, сонымен қатар енгізілген өзгерістерге түсінік берілген.

Бөлім	Оқу мақсаты
Тыңдалым және айтылым	T/A1. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну
	T/A2. Тыңдаған/оқыған материалды мазмұндау
	T/A3. Тыңдалым мазмұнын бағалау
	T/A4. Көркем және көркем емес мәтіндердің мазмұны негізінде сөйлеу мәдениетін дамыту
Оқылым	Көркем емес мәтінмен жұмыс
	O1. Ақпаратты түсіну
	O2. Мәтіннің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ажырату
	O3. Тұтас/тұтас емес мәтіндерді талдау
	O4. Оқылым стратегияларын қолдану
	O5. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау
	Көркем мәтінмен жұмыс
	O6. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы
	O7. Көркем шығармадағы образ
	O8. Көркем шығарма табиғатының түрлі формадағы көрінісі
O9. Авторлық ой, көзқарас	
O10. Көркем шығарманы салыстыру және бағалау	
Жазылым	Ж1. Тыңдаған/оқыған материалдары негізінде мазмұндама жазу
	Ж2. Әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрастыру
	Ж3. Эссе жазу
	Ж4. Шығармашылық жазылым
	Ж5. Әдеби сын
Тіл және стиль	
Грамматикалық минимум	

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі

Кіріктірілген «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасының «Тыңдалым және айтылым» бөлімінің оқу мақсаттарын жүзеге асыруда тыңдалым мәтіні ретінде көркем емес мәтіннен бөлек көркем мәтіндерді де қолдану қажеттілігі туындайды. Оқу мақсаттарының мазмұнына сәйкес, айтылым дағдысын жүзеге асыруда да көркем емес мәтіндер қатар қолданылады. Осылайша, оқушылардың сөздік қорын байыту, тіл байлығын молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту, көпшілік алдында шешен сөйлеуге, ой-пікірін еркін жеткізіп, көркем сөйлеуге баулу көзделеді. Мысалы, «9.Т/A1. Көркем немесе көркем емес мәтіндердегі идеяға, мәселеге, оқиғаға көзқарасын білдіре отырып мазмұндау», «8Т/A4. Баспа және электронды мәтіндерге сүйеніп, ұсынылған мәселеге қатысты ұстанымын негіздеп, монолог (сипаттау, баяндау, пайымдау), диалог құру», т.б.

«Оқылым» бөлімі

Бұл бөлімде оқу мақсаттары «Көркем емес мәтінмен жұмыс» және «Көркем мәтінмен жұмыс» деп екіге бөлінеді. «Көркем емес мәтінмен жұмыс» бөлігінде түрлі стиль мен жанрдағы, түрлі типтегі мәтіндер қамтылса, «Көркем мәтінмен жұмыс» бөлігі әдеби туындыларды, үзінділер мен эпизодтарды, көркем мәтіндерді қамтиды.

Көркем емес мәтінмен жұмыс

Көркем емес мәтінмен жұмыс «O1. Ақпаратты түсіну», «O2. Мәтіннің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ажырату», «O3. Тұтас/тұтас емес мәтіндерді талдау», «O4. Оқылым стратегияларын қолдану», «O5. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау» бөлімдерінен тұрады.

Көркем емес мәтіндерді іріктеуде лексикалық тақырып пен көркем шығармалардың тақырыбы мен идеясы, көтерген мәселесі басшылыққа алынады. Мәтіндерді таңдауда мына өлшемшарттарды ескеру қажет:

- лексикалық тақырыпқа сәйкестігі;
- шығарманың тақырыбы мен идеясына сәйкестігі;
- оқу мақсатына сәйкестігі;
- көлемі мен мазмұны жағынан оқушылардың жас ерекшелігіне, қабілетіне сәйкестігі;
- оқу мақсатында ұсынылған түрлі стиль мен жанрдың қамтылуы;
- түрлі типтегі (тұтас, тұтас емес, аралас, баспа мәтіні, электронды мәтін, гипермәтін, т.б.)

мәтіндердің қолданылуы.

Көркем емес мәтіндер ауызша, жазбаша, визуалды, электронды түрде ұсынылуы мүмкін. Мәтінде идея, мәселе, сұрақтар, жағдаят, оқиға қамтылуы, оқушының осы аспектілер бойынша тұжырым жасауына, қорытынды шығаруына, талдау жасап, пікір таластыруға, пікір білдіріп, негіздеуіне ыңғайлы, ақпараттық, мазмұндық, стильдік тұрғыдан дұрыс құрылған болуы шарт. Көркем емес мәтін ретінде мақала, жарнама, шолу, эссе үзінділері, электронды мәтіндер (әлеуметтік желі сайттары, блог материалдары, брошюра, күнделік, мемуар, автобиографиядан үзінділер), т.б.

Оқу бағдарламасында пәнді оқыта отырып, оқушылардың **оқу сауаттылығын дамыту** көзделгендіктен, тіл мен әдебиет сабақтарында қолданылатын мәтіндер:

Тұтас мәтіндер	Тұтас емес мәтіндер	Көпқұрамды мәтіндер
- Сипаттау (көркем және техникалық мәтіндер); – баяндау (әңгіме, репортаж); – түсіндіру (шығарма, ұғымның мәнін ашу, сөзді түсіндіру, түйіндеме, қорытынды, интерпретация) – дәйектеу (негіздеме, комментарий); – нұсқаулық (жұмысты орындау жөнінде нұсқаулық, ереже, заң	график; диаграмма; кесте; карта, схема; сурет, фото; форма (сауалнама, т.б.) ақпараттық парақшалар мен хабарландырулар.	- Бір немесе бірнеше пішіндегі, жанрдағы мәтіндер (мысалы, екі тұтас емес мәтін немесе тұтас және тұтас емес мәтіндердің жиынтығы – цифрлық мәтіндер (мультиформатты мәтіндер: подкаст, бейнекаст, буктрейлер, электронды кітаптар)

«Көркем емес мәтінмен жұмыс» бөлімінде оқу мақсаттарының мазмұны оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуды мақсат етеді. Оқу сауаттылығының құзыреттілігі:

- іздеу және қажет ақпаратты анықтау;
- ақпаратты кіріктіру және интерпретациялау;
- мәтіннің мазмұны мен пішінін бағалау;
- мәтіндегі ақпаратты қолдану.

1. Іздеу және қажет ақпаратты анықтау:

- іздестірілген ақпараттың орнын анықтау (мәтін үзіндісі, гиперсілтеме, сайтқа сілтеме, т.б.);
- ақпараттың бір бөлігін анықтау және алу;
- мәтін үзіндісінен ақпараттың бірнеше бөлігін анықтау және алу;
- мәтіннің әр жерінде орналасқан ақпараттың бірнеше бөлігін анықтау және алу;
- түрлі мәтіндегі бірнеше ақпаратты анықтау және алу;
- ақпараттың бар/жоғын анықтау.

2. Ақпаратты кіріктіру және интерпретациялау:

- фактологиялық ақпаратты анықтау (сюжет, оқиға желісі, т.б.);
- мәтіннің мазмұндық құрылымын анықтау (тақырыпты, негізгі идеяны, көзделген аудиторияны анықтау);
- мәнмәтін арқылы сөз бен сөз тіркесінің мәнін түсіну;
- жағдай мен тұжырым арасында байланыс орнату (себеп-салдарлық байланыс, аргумент – контраргумент, тезис – мысал, ұқсастық пен айырмашылық);
- графикалық және вербальді ақпараттың ара қатынасын белгілеу;

- салыстыру нәтижесінде тұжырым шығару;
- мәтіннің әр бөлігіндегі немесе әртүрлі мәтіндегі ақпаратты кіріктіру және интерпретациялау арқылы қорытынды шығару;
- кейіпкерлердің сезімін, уәжін, мінезін түсіну;
- талқыланған мәселеге қатысты автордың ұстанымын түсіну;
- графикалық ақпаратты түсіну;
- факті мен көзқарасты ажырату;
- мәтін жанрын немесе жағдаятты ескере отырып, мәтінді (үзіндіні) интерпретациялау;
- мәтіннің бір бөлігіндегі ақпарат негізінде тұжырым жасау.

3. Мәтіннің мазмұны мен пішінін бағалау:

- автор мақсатына сәйкес мәтіннің мазмұнын, элементтерін (мысал, аргумент, иллюстрация, т.б.) талдау;
- автордың коммуникативтік ниетін, мәтіннің қызметін түсіну;
- мәтіннің пішінін бағалау (құрылым, стиль, т.б.);
- автор тәсілі ретінде қолданылған мәтіннің құрылымдық бірліктерінің қызметін түсіну;
- бір немесе бірнеше мәтіндегі ақпараттың сенімділігін бағалау;
- дереккөздің дұрыстығын, сенімділігін бағалау;
- бір немесе бірнеше мәтіннен қарама-қайшылықты айқындау;
- мәтінде талқыланған сұраққа қатысты пікір білдіріп, өз көзқарасын негіздеу;
- мәтіннің (мәтіндердің) элементтері, бөліктері арасында байланыс орнату.

4. Мәтіндегі ақпаратты қолдану:

- практикалық тапсырмаларды орындау үшін тек мәтіндегі ақпаратты қолдану (сапарды жоспарлау, затты, тауарды таңдау, т.б.);
- практикалық тапсырмаларды орындау үшін мәтіндегі ақпаратты және қосымша білімді қолдану;
- мәтіннен алған ақпарат негізінде өз болжамын құру, оқиғаны, үдеріс ағымын, эксперимент нәтижесін болжау;
- мәтінде талқыланған құбылыстың жаңа нұсқасын ұсыну (бір пәннен алған білімін екінші пәнде қолдану);
- мәтіндегі ақпарат пен қазіргі өмір арасында байланыс орнату.

Көркем мәтінмен жұмыс

Кіріктірілген оқу бағдарламасында көркем шығарма мазмұн (контент) қызметін атқарады. Көлемді шығармалардың (роман, повесть) лексикалық тақырыпқа сай келетін үзінділері мен эпизодтары іріктеліп оқытылады. Үзінділерді іріктеуде мазмұндық, логикалық байланыстың сақталуына, лексикалық тақырыптың ашылуына назар аударылады. Шығарманы толық түсіну, тақырыбы мен идеясын, композициясын анықтау қиындық тудырмаc үшін көлемі шағын (әңгіме, өлең, поэма, хикаят, т.б.) шығармаларды толық оқыту ұсынылады. Көркем мәтінмен жұмыс істеуде әдеби-теориялық терминдер (әдебиеттің тегі мен түрі, әдеби ағым, бағыт, жанр түрлері, құбылту, айшықтау түрлері, т.б.) шығарманы талдау кезінде бірге қарастырылады.

Көркем шығармалар мазмұны әлеуметтік, тарихи, мәдени сипатқа ие, сондықтан барлық мәтіндердің пішіні, мазмұны, мақсаты, аудиториясы әлеуметтік, тарихи, мәдени мазмұнға сәйкестігін ескеру қажет. Әдеби мәтіндерге әлеуметтік жағдай, мәдени мұра, тарихи өзгерістер әсер ететіні көркем және көркем емес мәтіндермен салыстыра талдауда ескеріледі. Мысалы, «9.О10. Көркем туындының идеясын мазмұндас шығармалармен, басқа өнер түрлерімен салыстыра талдап, тарихи, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баға беру», «10.О10. Көркем шығармадағы тарихи, көркемдік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтың тарихтағы, өнердегі, мәдениеттегі көрінісін салыстыра отырып бағалау», т.б.

«Жазылым» бөлігі

Бұл бөлімде *академиялық және креативті жазылым* түрлері қамтылған. Академиялық жазылым «Ж2. Әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрастыру», «Ж3. Эссе жазу», «Ж5. Әдеби сын» оқу мақсаттары, шығармашылық жазылым «Ж1. Тыңдаған/оқыған материалдары негізінде мазмұндама жазу», «Ж2. Әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрастыру», «Ж4. Шығармашылық жазылым» оқу мақсаттарының мазмұнында жүзеге асады. Оқушылар академиялық жазылымды көбіне көркем емес мәтіндермен жұмыс негізінде орындаса, креативті жазылым көркем мәтіндермен жұмыстың өнімі ретінде қарастырылады.

Әр тоқсанға бекітілген жазылым түрі бар, яғни оқушы бір-екі жазба жұмысының түрін бір тоқсанда толық меңгеріп, игеріп шығуы қажет. Төртінші тоқсанда алдыңғы білімді бекіту мақсатында негізгі жазба жұмысының түрлері қайталанады. Мысалы, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес оқушылар 1-тоқсанда «Ж1. Тыңдаған/оқыған материалдары негізінде мазмұндама жазу», «Ж4. Шығармашылық жазылым» оқу мақсаттарымен жұмыс жасайды. Мұғалімдер жазба жұмыстарында академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына баса назар аударуы тиіс.

Грамматикалық минимум

Бұл бөлім «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу мақсаттарының жүйесі сияқты оқу бағдарламасының ажырамас бөлігі болып саналады. Грамматикалық минимум сыныптан-сыныпқа күрделене түсетін тіл білімінің «Морфология және орфография», «Синтаксис және пунктуация» салаларынан тұрады және олар «Жазылым» бөліміндегі оқу мақсаттарымен тығыз байланысты. Грамматика мәнмәтін негізінде оқытылады, яғни жазба жұмыстарын жазу кезінде грамматикалық минимумда әр сыныпқа бекітілген оқу мақсаттары қатар алынады. Жазба жұмысына дескриптор түрінде енгізіледі. Мысалы, «ГМ4. Сөйлем құрауда сан есімнің жазылу емлесін сақтау және сөйлемдегі қызметін ажыратып қолдану», «ГМ8. Сөйлем құрауда үстеудің жазылу емлесін сақтау және сөйлемдегі қызметін ажыратып қолдану», «ГМ15. Сөйлем ішіндегі оқшау сөздердің тыныс белгісін орынды қою», т.б.

Тіл және стиль

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасында «Тіл және стиль» кестесі берілген. Мұғалімдер түрлі стиль мен жанрдағы мәтіндерді талдауда, сөйлеуде, жазуда осы кестедегі мәліметтерді қолдана алады. Мысалы, оқушы мәтіндерді кестедегі әр стильге тән лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерге сүйене отырып талдайды. Мұғалімге де, оқушыға да мәтін талдау, ауызша және жазбаша мәтін құру кезінде бағыт-бағдар береді. Бұл кесте ұсыныс түрінде берілген.

Стильдік ерекшеліктері	Ауызекі сөйлеу стилі (7–8)	Көркем әдебиет стилі (7–10)	Публицистикалық стиль (7–10)	Ресми-іскери стиль (8, 10)	Ғылыми стиль (10)
Лексикалық ерекшеліктері	Кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін сөздер мен сөз тіркестерін (диалект сөздер, кәсіби сөздер, дисфемизм, эвфемизм, бейресми сөздер, бейнелі сөздер, фразеологизмдер) талғап қолдану; *ой-сезімін кей жағдайда тілдік емес белгілермен беру: бас шайқау, бас изеу, кол сермеу, иығын көтеру, т.б.	Шындықты, ақиқат өмірдегі зат-құбылыстарды бейнелеу үшін деректі сөздерді орынды қолдану; Оқырман сезіміне әсер ету мақсатында эмоционалды-экспрессивті сөздерді талғап қолдану; ой мен сезімді образ арқылы беру мақсатында ауыспалы мағынадағы сөздерді орынды қолдану; оқырманға ойды бейнелі, көркем жеткізу үшін көркемдегіш құралдарды анықтау/талғап қолдану.	Оқырман назарын аудару мақсатында эмоционалды-экспрессивті, бағалауыш сөздерді орынды қолдану; нақты, қисынды, ықшам баяндау үшін әдеби тілдегі терминдер мен атауларды талғап қолдану; қоғамдық-саяси лексика мен фразеологияны тандап қолдану; сөздерді үнемдеп пайдалану мақсатында клише және штамп сөздерді, күрделі тіркестерді сөздерді ұтымды қолдану; сөздер мен сөз тіркесін келесі мақсаттарға сай іріктеп қолдану: заттар мен құбылыстардың мәнін ашу, оған көпшіліктің назарын аудару; жұртшылықты белгілі бір іске жұмылдыру; белгілі бір мақсатқа үндеу, оған деген сенімін ұштау, иландыру; белгілі бір құбылысқа оң не теріс баға беру және қоғамдық пікір туғызу.	Нақты мәліметтерді беру мақсатында сөздерді тура мағынада қолдану; ойды дәл әрі нақты жеткізу үшін даяр тіркестер мен термин сөздерді қолдану; қимыл-әрекетке немесе жағдайына байланысты адамның қызметі, міндетінің атауларын, құжат атауларын орынды қолдану; кеңсе қағаздарына ғана тән тілдік құралдарды қолдану; дипломатиялық қатынастарда қолданылатын сөздерді қолдану; қысқарған және қаратпа сөздерді орынды қолдану.	Табиғат, адам және қоғам туралы объективті хабар беру мақсатында дерексіз, жалпы ұғымдағы сөздерді қолдану; ойды дәлелді жеткізу үшін ғылыми терминдерді орынды қолдану.

Негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасы оқушылардың оқырмандық сауаттылығын, коммуникативтік құзыреттілігін, шығармашылық қабілетін, сонымен қатар негізгі құзыреттіліктерін дамытуды көздейді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудағы басымдыққа ие сауаттылық түрлері, дағдылар және құндылықтар:

Дағдылар	Сауаттылық түрлері	Құндылықтар
коммуникация	функционалдық сауаттылық	құрмет
креативті ойлау		еңбекқорлық және шығармашылық
сыни ойлау	медиа және ақпараттық сауаттылық	адалдық
эмпатия		отансүйгіштік және жауапкершілік
мәселелерді шешу және шешім қабылдау	цифрлық сауаттылық	отбасы құндылықтары мен дәстүрлер жаһандық азаматтық

«Коммуникация» дағдысы «Тыңдалым және айтылым» бөліміндегі оқу мақсаттары негізінде жағдаятқа сай пікір білдіру, пікір алмасу, дискуссия құру, өзгелердің пікіріне баға беру іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Оқушылар көркем және көркем емес мәтіндердің мазмұны негізінде бір-біріне сұрақтар (бағалау, нақтылау, проблемалық, талқылау) қойып, сындарлы пікір білдіруге машықтанады.

«Креативті ойлау» дағдысы «Ж1. Тыңдаған/оқыған материалдары негізінде мазмұндама жазу», «Ж2. Әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрастыру», «Ж4. Шығармашылық жазылым» бөліміндегі оқу мақсаттары арқылы жүзеге асады. Оқушылар әдеби туынды желісімен мазмұндама, шығармашылық жұмыс түрлерін (ертегі, әңгіме, миф, хат, күнделік, өлең, т.б.), түрлі стиль мен жанрда жазба жұмыстарын жазады. Бұл оқу мақсатының мазмұны шығарма үзіндісін, эпизодын өз көзқарасы тұрғысынан дамытып жазу, баяндаушы рөлін өзгертіп жазу, кейіпкерлерге аяушылық, жанашырлық сезімін білдіру, экспрессивті-эмоционалдық сөздерді қолдану секілді әрекеттерді қамтиды. Шығармашылық жұмыс оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын қажет етеді. Бұл оқу мақсаттарында оқушылардың бойында кейіпкерлердің жан дүниесін түсіну, жай-күйін ұғыну қабілеті, яғни эмпатия дағдысын да қалыптастыруға ықпал етеді. *Мысалы: 8.Ж4. Кейіпкерге сезімі (аяушылық, жанашырлық сезімі) мен эмоциясын білдіріп, авторлық шығармашылық жұмыс (әңгіме, хат, күнделік, ойтолғау, өлең) жазу.*

Цифрлық сауаттылық «О8. Көркем шығарма табиғатының түрлі формадағы көрінісі» бөліміндегі оқу мақсаттарында қамтылған. Оқушылар әдеби туынды композициясын, кейіпкерлер жүйесін, оқиғаның орны мен уақытын, уақыт пен кеңістікті *кесте, коллаж, инфографика, буктрейлер, саммари, бейнеролик* түрінде электронды нұсқада ұсынады. Бұл бөлім оқушылардың АКТ құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Оқу бағдарламасында **құндылықтардың** қалыптасуы:

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасында құндылықтарды (құрмет, еңбекқорлық және шығармашылық, адалдық, отансүйгіштік және жауапкершілік, отбасы құндылықтары мен дәстүрлер, жаһандық азаматтық, ашықтық, денсаулық және саламаттық) қалыптастыру ортақ тақырыптар, шығарма мазмұны және оқу мақсаттары негізінде жүзеге асады. Құндылықтар «О10. Көркем шығарманы салыстыру және бағалау» бөлімінде көрініс табады. Оқушылар көркем туындыны басқа өнер түрлерімен салыстыра талдап, ондағы тарихи, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарға баға береді.

Мысалы: 8.О10. Көркем шығармадағы ұлттық құндылықтың мазмұндас туындылардағы, басқа өнер түрлеріндегі сипатын көркемдік тұрғыдан салыстыра бағалау.

«Ж1. Тыңдаған/оқыған материалдары негізінде мазмұндама жазу», «Ж2. Әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрастыру», «Ж3. Эссе жазу», «Ж4. Шығармашылық жазылым», «Ж5. Әдеби сын» бөлімдері оқушыларды академиялық адалдық талаптарын сақтап, авторлық, түпнұсқа жазба

жұмыстарын жазуға бейімдейді. Жазба жұмыстары шығармашылық қабілетті талап ететіндіктен, бұл оқу мақсаттары арқылы еңбекқорлық және шығармашылық құндылығы да қалыптасады.

Мысалы: 8.Ж5. Әдеби шығармадағы мәселе/құндылықтар туралы әртүрлі дереккөздерден алынған дәйексөздерден перифраз жасап, дұрыс қолдану арқылы шағын сыни пікір жазу.

Негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үлгісі:

Дағды	Сауаттылық түрі	Құндылық	Негізгі құзыреттілік
Креативті ойлау	Функционалдық сауаттылық	Еңбекқорлық және шығармашылық	Танымдық, өзін-өзі реттеу
8.Ж4. Кейіпкерге деген сезімі (аяушылық, жанашырлық сезімі) мен эмоциясын білдіріп, авторлық шығармашылық жұмыс (әңгіме, хат, күнделік, ойтолғау, өлең) жазу	8.04. Ақпараттың өзектілігін, сенімділігін анықтау, ақпаратты салыстыру, факті мен көзқарасты ажырату, бағалау үшін оқылым стратегияларын қолдану	8.Ж5. Әдеби шығармадағы мәселе/құндылықтар туралы әртүрлі дереккөздерден алынған дәйексөздерден перифраз жасап, дұрыс қолдану арқылы шағын сыни пікір жазу.	
Ынтымақтастық	Функционалдық сауаттылық	Еңбекқорлық және шығармашылық	Проактивтілік
8Т/А4. Баспа және электронды мәтіндерге сүйеніп, ұсынылған мәселеге қатысты ұстанымын негіздеп, монолог (сипаттау, баяндау, пайымдау), диалог құру	8О3. Тұтас/ тұтас емес мәтіннің түрін, мақсатын, авторын, мақсатты аудиториясын, көтерілген мәселені анықтай отырып, тақырыптық-идеялық талдау жасау	8.Ж4. Кейіпкерге сезімі (аяушылық, жанашырлық сезімі) мен эмоциясын білдіріп, авторлық шығармашылық жұмыс (әңгіме, хат, күнделік, ойтолғау, өлең) жазу	
АКТ дағдысы	Цифрлық сауаттылық	Адалдық	Цифрлық, танымдық
8. О8. Шығарма композициясын, образдар жүйесін, оқиғаның орны мен уақытын талдай отырып, тұтас емес мәтін түрінде ұсыну	8.01.1. Тұтас/тұтас емес (электронды) мәтіндердің мазмұны негізінде жоғары дәрежелі сұрақтарды құрастыра отырып, негізгі ойды анықтау, факті мен көзқарасты ажырату	8.Ж5. Әдеби шығармадағы мәселе/құндылықтар туралы әртүрлі дереккөздерден алынған дәйексөздерден перифраз жасап, дұрыс қолдану арқылы шағын сыни пікір жазу	

Ұзақ мерзімді жоспарды жүзеге асыру ерекшеліктері

Ұзақ мерзімді жоспар

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні, 7-сынып

Тақырып (Бөлім)	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метәпәндік дағдылар, сауаттылық түрлері, құндылықтар	Дербестендірілген оқыту						
2-тоқсан Қақтығыс және шешім. Шешендік сөздер. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би. «Кімнен кім туады?» Төле би. «Үйсін Төле би мен Әнет баба» Қазыбек би. «Қазыбек бидің елшілігі», «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» Әйтеке би. «Әйтеке бидің сыншылығы» 2-тоқсан Бала құқығы мен міндеттері. Ә. Файзоллаұлының «Өрт» әңгімесі. Т. Әбдірайымның «Тұнжыр» хикаяты. 3-тоқсан Қоршаған ортаның ластануы: жеке адам мен көпшіліктің жауапкершілігі. М. Әуезовтің «Көксерек» повесі. Ш. Мұртазаның «Жүз жылдық жара» әңгімесі	7.07. Қатысу-шылардың сөздері, портреті, іс-әрекеті, мінез-құлқы, сезімі арқылы кейіпкерлер бойындағы өзгерістерді талдау	1. Көркем шығарма бойынша кейіпкерлердің өзара қатынасын анықтап, кесте толтыру: <table border="1" style="margin: 10px auto; width: 80%;"><tr><td style="width: 20%;">Кейіпкер</td><td style="width: 20%;">Іс-әрекеті мен мінезі</td><td style="width: 60%;">Автордың кейіпкерге көзқарасын дәлелдеу</td></tr><tr><td> </td><td> </td><td> </td></tr></table> 2. Шығарма үзіндісі бойынша кейіпкерлер образы мен шығарманың идеясын талдауға бағытталған 3 ашық сұрақ құрастыру; 3. Шығарма үзінділеріндегі автордың тілдік қолданысына сүйене отырып, өз ойын сипаттап жеткізу. Автордың тілдік қолданысы ұнады ма? Сіздің ойыңызша, шығармадағы ең маңызды мәселе не? Шығармада сізді таңғалдырған қай кейіпкердің әрекеті болды? Шығарманы оқығанда сіздің көз алдыңызға қандай сурет елестеді? Автор ойымен келістейтін тұстарыңыз бар ма? 4. Мәтін үзінділеріндегі ең маңызды ойларға сұрақтар тізімін дайындау. Сұрақтар тізіміне жауап беру арқылы кейіпкерге сипаттама беру. Кейіпкер бойындағы өзгерістерді зерттеуге негіз болатын тірек сөздерді анықтау.	Кейіпкер	Іс-әрекеті мен мінезі	Автордың кейіпкерге көзқарасын дәлелдеу				Кейіпкер іс-әрекеті арқылы мінезін ашу; кейіпкер іс-әрекеті арқылы өзара қатынасын анықтау; кейіпкер мінез-құлқын зерттеу; кейіпкер бойындағы өзгерістерді талдау.	Метәпәндік дағдылар: коммуникация эмпатия сыни ойлау зерттеу дағдылары Сауаттылық түрлері: функционалдық сауаттылық, құқықтық сауаттылық, экологиялық сауаттылық. Құндылықтар: құрмет, ашықтық, адалдық, жаһандық азаматтық.	Теория: Кейіпкер Портрет Мінездеу Практикалық жұмыстар: 1. Шығарма үзіндісі бойынша тілдік оралымдарға сүйене отырып кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын, кейіпкер бойындағы өзгерістер интеллект карта жасау. 2. Шығарма үзінділеріндегі автордың тілдік суреттеулерге сүйене отырып, кейіпкер портретін салу. Қосымша әдебиеттер: 1. З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1992 ж. 2. А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. Алматы, 2023 ж. 3. Р. Сыздықова. Қазақ тілінің анықтағышы. Алматы, 2018 ж. 4. Р. Сыздықова. Сөз құдіреті. Алматы, 2005 ж.
Кейіпкер	Іс-әрекеті мен мінезі	Автордың кейіпкерге көзқарасын дәлелдеу									
Оқылым											

Кестеде 7-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспардың үлгісі берілген. Бірінші жолда осы сыныпта оқытылатын шығармалар тізімі ұсынылған. Бұл тұста ескерілетін жайт: бір оқу мақсаты бірнеше тоқсанда қайталанады, сәйкесінше бөлімдер мен көркем шығармалар да әртүрлі болады.

Ұзақ мерзімді жоспарда оқу мақсаттары «Тыңдалым және айтылым», «Оқылым: көркем емес мәтінмен жұмыс, көркем мәтінмен жұмыс» және «Жазылым» деп тілдік дағдыларға жіктеліп, өз ретімен орналасқан. Мысалы, «Т/А1 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну» оқу мақсатымен басталса, «Ж5. Әдеби сын» оқу мақсатымен аяқталады. Кестеде «Оқылым» бөлігінің «7.07 Көркем шығармадағы образ» оқу мақсатына құрылған ұзақ мерзімді жоспар үлгісі көрсетілген.

Бірінші баған «Тақырып» деп аталып, 7-сыныптың лексикалық тақырыптары мен оқытылатын көркем шығармалар көрсетіледі. Оқу бағдарламасын құрастыру кезінде бөлім мен шығарманың тақырып жағынан үйлесімділігі ескеріліп, көркем шығармалар тақырыптар негізінде іріктелді.

Екінші бағанда осы бөлімдерде жүзеге асатын оқу мақсаты көрсетілген, яғни «7.07 Қатысушылардың сөздері, портреті, іс-әрекеті, мінез-құлқы, сезімі арқылы кейіпкерлер бойындағы өзгерістерді талдау» оқу мақсаты 2-тоқсанда «Қақтығыс және шешім» мен «Бала құқығы мен міндеттері» бөлімдеріндегі Шешендік сөздер, Ә. Файзоллаұлының «Өрт» әңгімесі, Т. Әбдірайымның «Тұнжыр» хикаяты; 3-тоқсанда «Қоршаған ортаның ластануы: жеке адам мен көпшіліктің жауапкершілігі» бөліміндегі М. Әуезовтің «Көксерек», Ш. Мұртазаның «Жүз жылдық жара» шығармаларын оқыту арқылы жүзеге асады.

Үшінші бағанда «7.07. Қатысушылардың сөздері, портреті, іс-әрекеті, мінез-құлқы, сезімі арқылы кейіпкерлер бойындағы өзгерістерді талдау» оқу мақсатын жүзеге асыру үшін үлгілік тапсырма түрлері ұсынылған. Мұғалімдер қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастырғанда осы тапсырма түрлерін басшылыққа алуына болады. Алайда мұғалімдер бұл тапсырма үлгілерін жетілдіріп, тақырып пен шығарма мазмұнына сай түрлендіре алады.

Төртінші бағанда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні аясында осы оқу мақсаты негізінде қалыптасатын дағдылардың түрі берілген. Мұғалімдер сабақ жоспарлауда ұсынылған пәндік дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру жолдарын қарастыруы тиіс.

Бесінші бағанда осы бөлімде, оқу мақсатында метапәндік дағдылар, құндылықтар, сауаттылық түрлері берілген. Мысалы, «7.07 Қатысушылардың сөздері, портреті, іс-әрекеті, мінез-құлқы, сезімі арқылы кейіпкерлер бойындағы өзгерістерді талдау» оқу мақсаты коммуникация, сыни ойлау, зерттеу дағдыларына бағытталады және функционалдық, құқықтық, экологиялық сауаттылықты дамытуды, құрмет, ашықтық, адалдық, жаһандық азаматтық сынды құндылықтарды сіңіруді көздейді.

Алтыншы баған дербестендірілген оқыту бойынша білім алатын оқушылар үшін меңгеретін теория мен практикалық тапсырмалардан тұрады. Оқушыларға тапсырманы орындауға көмек болатын қосымша әдебиеттер тізімі де ұсынылған.

«7.07. Қатысушылардың сөздері, портреті, іс-әрекеті, мінез-құлқы, сезімі арқылы кейіпкерлер бойындағы өзгерістерді талдау» оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған **тапсырма** үлгілері:

Сынып: 7

Бөлім: Қоршаған ортаның ластануы: жеке адам мен көпшіліктің жауапкершілігі

Көркем шығарма: М. Әуезовтің «Көксерек» повесі

1-тапсырма. Суретпен жұмыс: «Ойлаң, жұптас, бөліс».

1. Суретті көргенде қандай ой келді?
2. Ойыңды немен (естіген ақпарат, тәжірибе, оқыған кітап, т.б.) байланыстыра аласың?
3. Құрмаш бөлтірікті қатты құшақтап алған ба әлде бөлтірік оған жабысып тұр ма?
4. Құрмаштың көзқарасынан нені байқадың?



2-тапсырма

1. Жеке жұмыс. Шығарма кейіпкерлеріне қатысты кестені толтыр.

Кейіпкер	Портреті	Іс-әрекеті мен мінезі	Сезімі

2. Жұптық жұмыс. Толтырылған кестені жұпта алмастырып, «3 неге?» сұрағын қой.

Үлгі: Неге кейіпкердің ол әрекетін алдың?

Неге мінезі ондай деп ойлайсың?

Неге кейіпкер бойында ондай сезім туындады?

3. Топтық жұмыс. Шығарма үзінділерін топта талқыла.

Тақылау сұрақтары:

- Сенің ойыңша, үзіндідегі ең маңызды мәселе не?
- Сені қай кейіпкердің әрекеті таңғалдырды? Неге?
- Кейіпкерлердің бойындағы өзгерістерді қалай негіздей аласың?
- Автор ойымен келіспейтін тұстарың бар ма?

1-үзінді

Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар. Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай жібімейді. ...Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді.

2-үзінді

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта шаңдаттып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер иіскелейді. Тыныштала алмағандай. Көксеректің бұл жайын байқап ап, Құрмаштың әкесі: — Тұу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара, қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық,— деп еді. Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды.

3-үзінді

Осы оқиғаның ертеңінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы-жасаяу иттерді айтақтап, түгел жүгіріп еді. Көп ішінде “Көксерек те кетті” деп Құрмаш та жүгірді.

Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай, иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп, екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып тоқталмай ағызып, Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: “Кө-ө-к-ө-к-се-ре-к! Кө-ө-к-с-е-ре-к!” деп, шақырып айқайлап жүгірді.

Басқа да оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған тапсырма үлгілері:

Сынып: 7

Бөлім: Қазақ отбасы және отбасы құндылықтары

Көркем шығарма: Б. Момышұлының “Ұшқан ұя” романы

Оқу мақсаты: 7Т/А3. Өз ұстанымын дәлелдеп, мәтінді мазмұн, құрылым және пікірлер тұрғысынан бағалау

1-тапсырма. Тыңдалымды төмендегі алгоритм негізінде талда.

Тыңдалым мәтіні

Жас кезінде әкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты. Ал әжем оны «Қара қатпа» деуші еді. Әкем орта бойлы, арық қара кісі еді. Маңдайы жап-жазық, қасы қалың, көзі шүңгіл еді. Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын.

Әжем оны «Тарамыс» деп те атайтын. Сол күштілігіне бола атаса керек.

Мен бірде әжеме: – Неге «Тарамыс» дейсіз? – деппін, әкемді кемсіткен екен деп.

– Не десе де шешемнің еркі, – деп күлді әкем.

– Қарай гөр, мына жаманды, әкесіне болысып жатыр-ей, – деп әжем өтірік ашуланған болды.

Әлі есімде, бір рет әкемнің Момынқұл дейтін інісі әжеме:

– Қойшы, ана! – деп дауыс көтеріп қалып еді, әжем тарс кете жаздап:

– Сен тұрмақ, Момыш маған осы күнге дейін бетіме тік қарап сөйлеген емес. Сен қайдан шықтың, иттің күшігі?! Жоғал, көзіме көрінбе! – деп үйден қуып шықты.

– Не боп қалды? – деп әкем кіріп келді, әжем оны аймалап, арқасынан қағып:

– Анау інің көргенсіздеу боп бара жатыр. Жөнге сал туысқаныңды, – деді.

– Мақұл, ана, сазайын тарттырайын. Бірақ ұрмай-ақ қояйын, мақұл ма, ана, – деді. – Мейлің, – деп күрсінді әжем.

Момынқұл көкем сол түні қой қорада түнеп шықты. Таңертең әкем оны жақсылап сөгіп салып, басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жіберді. Сол екі ортада әжем енді Момынқұлын сағынып:

– Әй, әлгі тентек неме қашан келеді? – деп қайта-қайта сұрай бергені ғой, жарықтық.

Тыңдалым алгоритмі:

1. Тыңдалым тақырыбы ұсынылады.

2. Оқушылар көтерілген мәселеге жұпта болжам жасайды.

3. Топта пікір алмасады.

4. Тыңдалыммен танысады.

5. Тыңдалым мазмұны негізінде жуан сұрақтар құрайды.

6. Тыңдалымдағы негізгі мәселені анықтайды, тұжырым жасайды.

7. Көтерілген мәселеге қатысты пікірлерді бағалайды.

2-тапсырма. Жұптық жұмыс. А. Елгезектің “Заңдылық” өлеңін тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Бар әлемге сәуле шашса ғажап Күн,
Жаңа тыныс алып келер таң күліп.
Олай болса, алтын жүрек Қазақтың,
Таңбасынан Күн шығуы заңдылық!

Жарып шығып тас түнегін азаптың,
Шаңырақтан нұр сауласа, таң болып.
Әз-дүниеге ғашық болған Қазақтың,
Киіз үйді сүюі де заңдылық!

Арасынан соғыс пенен таластың,
Жеңімпаз боп шығатұғын паң болып.
Тұлпармінез, сұңқар болмыс Алаштың,
Пырақтарын пір тұтуы заңдылық!

Киесіндей бақыт пенен азаттың,
Төбесінде жайнап тұрса сам тұнып.
Тәңірісін сүйетұғын қазақтың,
Зеңгір көкті сүюі де заңдылық!

Күнді күткен мекен етіп таң астын,
Көкейінде «дербес!» сөзі жаңғырып.
Періштеге ғашық болған Алаштың,
Қыран құсты сүюі де заңдылық!

Талқылауға арналған сұрақтар:

Сенің ойыңда не сақталып қалды?

Тыңдап отырғанда не туралы ойладың?

Өлеңдегі ең маңызды мәселе қандай?

Автор тыңдарманды қалай қызықтырды?

Өз идеясын автор қалай дамытады?

Маңызды ақпаратты автор қалай берген?

Өмірден қандай мысал келтіре аласың?

Сынып: 7

Бөлім: Алғашқы мектептер

Көркем шығарма: Б. Соқпақбаевтың “Балалық шаққа саяхат” повесінен үзінді

Оқу мақсаты: 7О3. Тұтас/тұтас емес мәтіннің түрін, мақсатын, тіл бірліктерін анықтай отырып, тақырыптық-идеялық талдау жасау.

Тапсырма

1-мәтін.

...1864 жылы 8 қаңтарда, қыстың ортасында салынып аяқталған мектепті салтанатты түрде ашудың сәті түсті. Осы сәттегі ұлы ұстаздың қуанышын айтып жеткізу де бір ғанибет қой. Ыбырай Алтынсарин өзінің Н. Ильминскийге жазған хатында қуанышын былайша жеткізеді: «8 қаңтарда көптен күткен арманым іске асып, мектеп ашылды. Оған қырғыздың (қазақтың) 14 баласы түсті. Бәрі де жақсы, зерек балалар. Мен балаларды оқытуға қызу кірістім».

Ыбырай мұнымен тоқтамады. Осындай мектептерді қазақ даласында кеңінен ашуға болатынын дәлелдеді. Ол осындай мектептердің стратегиясын, мақсаттарын жасап, мынадай түрде белгіледі:

1. Мектеп арқылы кең мағынада жаңа мәдени тіршіліктің үлгісі – жаңа әдет-ғұрыпқа, тәртіптілік, тазалық-денсаулық сақтаудың басты ережелеріне, қолөнер кәсіптерінің әртүріне қазақ халқын бастап үйрету керек.

2. Мектеп жастарға көрнекі түрде, практика жүзінде зат туралы, айналадағы тіршілік және табиғат туралы ұғым беру керек. Тек кітап сөзін ғана пайдаланып қоймай, түрлі көрнекі құралдарды, коллекцияларды көрсетіп, демонстрация жасап отыру керек.


3. Мектептің жанында тәжірибе егістігі – бақша, гүл егісі болу керек.

4. Қазақ мектептері үшін таңдамалы, сыналған оқу құралдары мен кітаптарды қолданып, оқушыларға системалы білім үйрету керек.

5. Мұғалім әрі тәрбиеші болуы тиіс. Істің табысты болуы мұғалімге байланысты, оның педагогикалық мамандығына, дайындығына байланысты, мұғалім өзінің қызметін мейлінше сүйетін адам болуы тиіс.

6. Мектеп құру жұмысы – халықтың өз жұмысы, мектеп үшін қаражат та беретін халықтың өзі. Үкімет тек мектеп ашуға ерік берсін, мектепте ер балалар мен қыз балалар бірдей оқитын болсын.

egemen.kz



egemen.kz

Сұрақтарға жауап бер:

- Мәтін қандай мақсатпен жазылған?
- Мәтіннің идеясы қандай?
- Идеяны жеткізуде автор қандай тіркестерді қолданады?
- Қандай сөздер қалың шрифтпен айрықшаланған? Олар неге солай берілген деп ойлайсыз?
- Осы мәтінде қандай сөздер жиі кездеседі?
- Мәтіннің ең көлемді бөлігі қайсысы? Неге?
- Сандар мен терминдер қаншалықты жиі қолданылған, олар маңызды ма?
- Аббревиатуралар бар ма, олар түсінікті ме?
- Мәтінде қандай проблема көтерілген?
- Мәтіндегі проблеманың сенің өміріңе қатысы бар ма? Неге?

Сынып: 7

Бөлім: Әлеуметтік теңсіздік

Көркем шығарма: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасы

Оқу мақсаты: 7.Ж4. Шығармадағы бір эпизодты/оқиғаны/ оқиға орнын өз көзқарасы тұрғысынан өзгертіп, авторлық шығармашылық жұмыс (әңгіме, ертегі, миф, өлең) жазу

Тапсырма. Эпизодты өзгертіп, шығармашылық жазба жұмысын орында.

Шығармадан тыс қалған көрініс. Оқушыларға осы шығармада тағы қандай оқиға болуы мүмкін деген сұрақты қоя отырып, тағы бір эпизод қосып жазу.

Жалғастырып жазу. “Шығарма кейіпкерлерінің тағдыры әрі қарай қалай болуы мүмкін?” деген сұрақты бағдарға алып жазу.

Фокусты ауыстыру. Шығармадағы қосалқы кейіпкер туралы жазу. “Бұл кейіпкердің шығармадағы орны қандай? Ол бұл шығармада болмағанда оқиға желсі қалай болар еді?” деген сұрақтарды басшылыққа ала отырып жазу.

Моральдық тұрғыдан қайта бағдарлау. Жағымды кейіпкерді жағымсыз кейіпкер ретінде таныту немесе керісінше.

Жанрлық трансформация. Шығарманың бір сюжетін газеттік мақала, пьеса түрінде ұсыну; комедиялық сюжетті трагедиялық сюжетке айналдыру немесе керісінше.

Кроссовер. Шығарма кейіпкерлерінің диалогын жазу.

Шығармашылық жұмысты қайта толықтырып жазу, қайта редакциялау.

Әңгіме жазу үшін:

1. Оқиғаның өту орны мен уақытын сипаттап жазу;
2. Кейіпкердің есімі, өткені, ұстанымы туралы жазу;
3. Әңгімеге негіз болған жағдаятты сипаттап/баяндап жазу;
4. Оқиғаны дамытатын қақтығыстарды баяндау;
5. Кейіпкердің қақтығыстарды қабылдауы, сезімі туралы жазу.
6. Оқиғаның шиеленісу себептерін, кейіпкердің шешімін баяндап/сипаттап жазу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасын жүзеге асыруда құндылықтар мен тәрбие аспектілерін енгізу

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні оқу бағдарламасының мазмұнында шығармалар мен тақырыптар ортақ идеяға (1-қосымша) топтастырылған. Ортақ идеялар отбасылық, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды қамти отырып, өз мәдениеті мен дәстүрін құрметтейтін, өзге мәдениетке құрметпен қарайтын жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеуді көздейді. Отбасы, қоғам, қоршаған орта аясында біріктірген пән мазмұны ұлттық, рухани, жалпыадамзаттық құндылықтарды құрайды:

- құрмет;
- ашықтық;
- отансүйгіштік және жауапкершілік;
- еңбекқорлық және шығармашылық;
- адалдық;
- отбасы құндылықтары мен дәстүрлері;
- денсаулық және әл-ауқат;
- жаһандық азаматтық.

Бұл құндылықтар көркем шығармалар мен тақырыптарды оқып, талдау арқылы оқушының бойына сіңіріп, олардың көркем мінезді, тәрбиелі азамат болып қалыптасуына әсер етеді.

Құрмет құндылығы «Қазақ отбасы және отбасы құндылықтары», «Мәдениет: материалдық және рухани құндылық», «Мәдени ерекшеліктер және ұлттық таным» лексикалық тақырыптары аясында қалыптасады. Тіл мен әдебиет саласы оқушылардың пәнге деген қызғушылығын оятып, тілге, мәдениетке, рухани және материалдық мұраға деген құрметін арттыруды мақсат етеді. «Құндылық, адамгершілік және мәдени бірегейлік» ортақ тақырыбы аясында кеңінен ашылады.

Еңбекқорлық және шығармашылық құндылығы айтылым және жазылым дағдыларын жетілдіруде, ауызша және жазбаша сөйлеуде қалыптасады. Бұдан бөлек, «Өнер, шығармашылық және өркениет» ортақ тақырыбында еңбекқорлық, шығармашылық құндылығы айрықша көрініс табады.

Адалдық құндылығы «Ж1. Тыңдаған/оқыған материалдар негізінде мазмұндама жазу», «Ж2. Әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрастыру», «Ж3. Эссе жазу», «Ж4. Шығармашылық жазылым», «Ж5. Әдеби сын» бөлімдерінде жүзеге асады. Оқушылардың академиялық адалдық қағидаттарын сақтап, жазба жұмыстарын жазуы оларды еңбекке, шығармашылыққа, адалдыққа баулиды. Сонымен бірге бұл құндылық «Заң және әділдік» ортақ тақырыбы негізінде өрбиді.

Жаһандық азаматтық құндылығын «Теңдік және теңсіздік», «Қақтығыс, бейбітшілік және қауіпсіздік», «Қоршаған орта және тұрақты даму» сынды ортақ тақырыптармен байланыстырып қарастыруға болады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасы ортақ тақырыптарды, әдеби туындыларды оқыту арқылы барлық құндылықтарды (*еңбекқорлық және шығармашылық, адалдық, отансүйгіштік және жауапкершілік, отбасы құндылықтары мен дәстүрлері, жаһандық азаматтық, құрмет, ашықтық, денсаулық және әл-ауқат*) қалыптастыруды мақсат етеді. Шығармалардың тақырыбы мен идеясына, мазмұнына, көтерілген мәселеге әдеби талдау жасау кезінде құндылықтарға ерекше назар аударылады.

Тақырып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
Құндылық, адамгершілік және мәдени бірегейлік	Қазақ отбасы және отбасы құндылықтары	Мәдениет: материалдық және рухани құндылық	Мәдени ерекшелік және ұлттық таным	Жаһандану жағдайында мәдени бірегейлікті сақтау
	Бауыржан Момышұлының “Ұшқан ұя” романы, Ақберен Елгезектің “Зандылық” өлеңі	Оралхан Бөкейдің “Апамның астауы” әңгімесі, Лесли Ньюманның “Хачико. Иесін іздеген ит” романынан үзінді	Қадыр Мырза-Әлінің “Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру” өлеңі Тынымбай Нұрмағамбетовтың “Айқай” повесінен үзінді	Қуаныш Жиенбайдың “Аралқұмның Авромовичі” әңгімесі, Рэй Бредберидің “Фаренгейт бойынша 451 градус” романынан үзінді
Қақтығыс, бейбітшілік және қауіпсіздік	Қақтығыс және шешім	Қақтығыс және бейбітшілік	Көзқарастар қайшылығы	Ұлт және еркіндік
	Шешендік сөздер	Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы	Дулат Исабековтың “Әпке” драмасы Сайын Мұратбековтың “Ананың арманы” әңгімесі	Шахмардан Құсайыновтың “Томирис” драмасы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романынан үзінді
Қоршаған орта және тұрақты даму	Қоршаған ортаның ластануы: жеке адам мен көпшіліктің жауапкершілігі	Жер Ана: ресурстар	Табиғат және адам	Дилемма және таңдаулар
	Шерхан Мұртазаның «Жүз жылдық жара» әңгімесі, Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі	Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» драмасы	Мұхтар Мағауиннің “Шақан Шері” романынан үзінді, Қадыр Мырза Әлінің “Қызыл кітап” поэмасы	Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі
Өнер, шығармашылық және өркениет	Кино әлемі	Музыка және өмір	Өнер және өркениет	Музыка, театр және әдебиет
	Сәбит Мұқановтың “Балуан Шолақ” романынан үзінді, Ермахан Шайхыұлының “Келісімхат” сатирасы	Думан Рамазанның “Қос ішек” әңгімесі, Сәкен Жүнісовтің “Ақан Сері” романынан үзінді	Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан үзінді, «Біржан мен Сара» айтысынан үзінді, Сафуан Шаймерденовтің “Мәжнүн тал” повесінен үзінді	Үкілі Ыбырайдың «Гәкку», “Қалдырған” өлеңдері, Естай Беркімбауылының “Құсни-Қорлан” ән-өлеңі, Ақан Сері Қорамсаұлының «Құлагер» ән-өлеңі, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні

2024–2025 оқу жылынан бастап 8-сыныпқа жетілдірілген білім беру бағдарламасы енгізіліп отыр (2.0-нұсқа, 2023 жыл). Ал 6, 9 және 10-сыныптар 2018 жылғы білім беру бағдарламасымен білім алады. Жоғары мектептің білім беру бағдарламасы өзгертілген жоқ.

Оқу жүктемесі мен құжаттар

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
Негізгі мектеп				
6	4	144	3-нұсқа, 2018 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
7	4	144	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
8	4	144	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
9	4	144	3-нұсқа, 2018 ж.	3-нұсқа, 2018 ж.
10	3	99	3-нұсқа, 2018 ж.	3-нұсқа, 2019 ж.
Жоғары мектеп				
11	2	68	Нұсқа, 2018 ж.	3-нұсқа, 2019 ж.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бағдарламасы мазмұнының, ұйымдастырылуының және тараулары ретінің өзгеруі

NIS-Programme білім беру бағдарламасы оқыту ісінің іргетасы болып саналатын құндылықтарды, сауаттылық түрлері мен дағдыларды қамти отырып, **негізгі құзыреттілік** шеңберін анықтайды. Негізгі құзыреттілік шеңбері – оқушылардың бойында негізгі құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудың басты тірегі. Барлық оқушылардың өз әлеуетін жүзеге асыруына және қоғамда жауапкершілігі мол тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктердің берік іргетасын қалау қажет. 2021–2023 жылдар аралығында негізгі мектептің білім беру бағдарламасы оқушылардың бойында негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатымен қайта қарастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде **танымдық, өзін-өзі реттеу, жаһандық, цифрлық құзыреттілік, түрлендіру** құзыреттіліктері оқушылардың бойына сіңірілуге тиіс негізгі құзыреттіліктер қатарынан орын алады.

2019 жылы өткен Дүниежүзілік экономикалық білім беру форумында оқушы бойына жаһандық азаматтық (қоғамның белсенді мүшесі болу), инновациялық және шығармашылық (мәселені шешу, аналитикалық ойлау, жүйелі талдау), технологиялық (АКТ дағдылары, цифрлық құралдарды пайдалануда жауапкершілік алу), тұлғааралық қарым-қатынас (эмоциялық интеллект, эмпатия, келіссөз жүргізу, көшбасшы болу) дағдыларын сіңіру қажет екені ерекше аталып өтті. Соған орай білім беру бағдарламаларының мазмұны да осы аталған талаптарға жауап берерліктей болу керегіне басымдық берілді. Осының негізінде оқу бағдарламасының мазмұны оқушының бойында дағды, сауат, құндылықты қалыптастыру үшін қайта қаралып жетілдірілді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасындағы өзгерістер

Оқу бағдарламасының түсіндірме бөліміне жаңа тараулар енгізілді:

- 1.3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің басқа пәндермен кіріктірілуі;
- 1.4. Ұқсас тақырыптар мен концептілерді жүзеге асыру;
- 3.2. Оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызметін жүзеге асыру;
- 3.7. Экология және тұрақты даму саласында сауаттылықты қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің басқа пәндермен интеграциясы» бөлімінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің басқа пәндермен байланысы туралы түсініктемелер берілген, сонымен қатар пәнаралық сипаттағы оқу мақсаттарының мысалдары келтірілген. Бұл бөлімде қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін сыныптарда пәнаралық байланысты орнатудың маңыздылығы, ерекшелігі айтылады. Пәнаралық байланысты орнату барысында тек қана лексикалық тақырыптар арқылы ғана емес, оқу мақсаттары негізінде жүзеге асыру жолдары көрсетілген.

«Пәнаралық тақырыптарды /концептілерді жүзеге асыру» бөлімінде сабақ барысында концептіге негізделген білімді жүзеге асырудың мүмкіндіктері туралы айтылады және ұқсас тақырыптар арқылы өзге пәндермен тығыз байланыс орната отырып оқушылардың тақырып төңірегінде танымын кеңейту, бір мәселеге жан-жақты талдау жасау, бағалау дағдыларын дамыту жолдары кесте арқылы берілген.

«3.2 Оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалау әрекеттерін жүзеге асыру» бөлімінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың маңызы, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеріп жатқан оқушылар үшін зерттеу жүргізудің артықшылығы, сонымен қатар мүмкіндіктері туралы айтылып, сабақ барысында зерттеушілік дағдыларын дамытудың жолдары ұсынылады.

«3.7 Экология және тұрақты даму саласындағы сауаттылықты қалыптастыру» бөлімінде экологиялық сауаттылықты енгізу, оны сабақ үдерісінде жүзеге асырудың маңызы жөнінде айтылады. Әлем бойынша климаттың өзгеруінен туындайтын қиындықтармен күрес жалғасады, сондықтан экологиялық және тұрақты даму мәселелерін тереңірек түсіну қажеттілігі артып отыр. Оқу бағдарламасы аясында оқушылардың бойында экологияға деген құрмет, оны сақтау жолдары төңірегінде жұмыстар ұйымдастырылады. Адам мен табиғат біртұтас дүние екендігі, адамзаттың экологияға әсері, экологияның жалпы адамзатқа, оның ішінде әр салаға экономикаға, саясатқа, қоғамға әсері жайында түсінігін кеңейтеді.

Оқу мақсаттары жүйесіндегі өзгерістер

Оқу мақсаттары жүйесіндегі негізгі өзгерістер сандық және сапалық тұрғыдан анықталды. Төменде оқу мақсаттарының жаңартылған жүйесі, сондай-ақ енгізілген өзгерістер туралы түсініктемелер берілген.

8-сынып бағдарламасындағы оқу мақсаттарына енгізілген өзгерістер

Қолданыстағы бағдарлама	Жетілдірілген бағдарлама	Негіздеме
Тыңдалым дағдысы		
Құзыреттілік өзара байланысты жеке қасиеттер жиынтығын қамтиды (таным, өзін-өзі реттеу, өзара әлеуметтік арақатынас және т.б.). Құзыреттілік тәсілдемесі білім берудің практикалық жағын күшейте түседі, тәжірибелік рөлін және білімді практикада қолдану қабілетін көрсетеді.

Негізгі мектептің физика пәнінің оқу бағдарламасын қайта қарау нәтижесінде кей тұстарына өзгерістер енгізілді. Бағдарламаны жетілдіру мақсатымен кейбір оқу мақсаттары басқаша жазылды, алмастырылды немесе алынып тасталды.

Қолданыстағы оқу мақсаттары	Өзгертілген оқу мақсаттары	Түсініктеме
8.4.3.8. Тұрақты температурадағы металл өткізгіштің вольт – амперлік сипаттамасын зерттеу;	8.4.3.8. Ток күшінің тізбек учаскесіндегі кернеуден тәуелдігін зерттеу	Оқушылар ток күшінің тізбек учаскесіндегі кернеуден тәуелдігін зерттеу үшін оқу мақсаты өзгертілді, жаңа тұжырымдама электр тізбектерінің маңызды аспектілерін және олардың қызметін толығырақ ашады.
8.4.4.1. Магнит өрісінің негізгі қасиеттерін сипаттау және күш сызықтары арқылы графикалық бейнелеу	8.4.3.1. Магнит өрісінің негізгі қасиеттерін сипаттау 8.4.3.2. Магнит өрісін күш сызықтары арқылы графикалық бейнелеу	Оқыту мақсаты қолжетімді болу үшін бөлінді, өйткені мақсаттың алдыңғы нұсқасында екі әрекет етістігі болды. Бұл мақсатқа қолжеткізуді және оқушыларды бағалауды қиындатқан.
8.4.7.1. Электромагниттік толқындарды түрлі диапазонда қолдану мысалдарын келтіру	9.4.4.1. Электромагниттік толқындарды түрлі диапазондарда қолдану мысалдарын келтіру және олардың тірі ағзаларға әсерін бағалау	Оқу мақсаты жоғары деңгей дағдылары мен экологиялық білімді дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
8.5.1.13 Көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау	8.5.1.13. Көздің көру қабілетінің төмендеуіне әсер ететін факторларды және көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау	Оқу мақсаты медициналық сауаттылықты және «Денсаулық пен әл-ауқат» құндылығын дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
9.2.1.1. Үдеудің нені білдіретінін түсіну	9.2.1.1. Қозғалыс, жылдамдық және үдеу сияқты кинематикалық шамалардың физикалық мағынасын түсіндіру	Оқу бағдарламасындағы оқу мақсатының танымдық деңгейін арттыру және әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқу мақсатындағы етістік өзгертілді.
9.1.1.9. Нақты және сенімді нәтижелерге қол жеткізуде ұсынылған әдістің тиімділігін түсіндіру	9.1.1.9. Нақты және сенімді нәтижелерге қол жеткізуде ұсынылған әдістің тиімділігін негіздеу	Оқу мақсаты коммуникативтік дағдылар мен сыни ойлауды дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
9.2.1.5. Түзу сызықты бірқалыпты қозғалыстың координата, орын ауыстыру және жылдамдық теңдеулерін білу	9.2.1.6. Түзу сызықты бірқалыпты қозғалыстың координата, орын ауыстыру және жылдамдық теңдеулерін шығару	Оқу мақсаты жоғары деңгей дағдыларын дамыту үшін қайта тұжырымдалды (есептің шарты бойынша кинематикалық теңдеулерді шығара және түрлендіре білу).

9.2.1.9. Градиентті анықтап, график сызу	9.2.1.9. Физикалық шамалардың тәуелдік графигін сыза білу	«9.2.1.9 – градиентті анықтап, график сызу» оқу мақсатын үш бөлек мақсатқа бөлу арқылы оқушылардың физикалық шамалар графигімен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі және тиімді дамытуға болады. Бірінші мақсат оқушылардың график құру дағдыларын дамытуға бағытталған. Өйткені ол – деректерді визуализациялауда және олардың өзара байланысын түсінуде негізгі элемент; екінші мақсат графиктерді талдау дағдысын дамытуға бағытталған; үшінші мақсат графиктегі градиент ұғымы түсінігін бекітуге бағытталған.
	9.2.1.10. Физикалық шамалардың тәуелділік графигінің ауданын есептей білу	
	9.2.1.11. Физикалық шамалардың тәуелділік графигінен градиентті анықтай білу	
9.2.1.10. Дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын түсіну және сипаттау	9.2.1.14. Сызықтық және бұрыштық шамалар ұғымдарын пайдаланып, дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сипаттау	Оқу мақсатына қол жеткізу үшін игеру қажет шамаларды нақтырақ анықтау үшін оқу мақсаты күшейтіледі.
9.2.2.1 Ньютон заңдарының тұжырымдамаларын білу және түсіну	9.2.2.1 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есеп шығарғанда қолдану	Оқу мақсаты қолжетімді болу үшін бөлінді. Өйткені мақсаттың бұрынғы нұсқасында бір мақсатқа арналған ақпарат тым көп болған. Бұл, өз кезегінде, мақсатқа қолжеткізуді және оқушыларды бағалауды қиындатқан.
	9.2.2.2 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есеп шығарғанда қолдану	
	9.2.2.3. Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есеп шығарғанда қолдану	
9.2.2.14. Гук заңының формуласы бойынша $F = -k\Delta x$ серпімділік күшін есептеу	9.2.2.5. Гук заңының формуласы бойынша қатаңдық пен абсолют ұзаруды есептеу $F_{упр} = -k\Delta x$	Оқу мақсаты есептеу дағдыларымен қоса формулаларды түрлендіру дағдыларын дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
9.2.2.13. Деформацияның түрлерін білу және түсіндіру	9.2.2.4. Деформация түрлерін ажырата білу	Оқу мақсаты 9-сыныпта оқытылатын деформацияның түрлерін нақтылау қажеттігіне байланысты қайта тұжырымдалды.
9.2.3.3. Дене импульсі және күш импульсінің анықтамаларын білу	9.2.3.3. Дене импульсі және күш импульсі ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру	Оқу мақсаты коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
9.2.3.8. Серпімді деформацияланған дененің энергиясын түсіну, күштің деформацияға тәуелділік графигінен серпімділік күшінің жұмысын анықтау	9.2.3.7. Серпімді деформацияланған дененің энергиясын анықтау	Оқу мақсаты қолжетімді болу үшін бөлінді. Өйткені мақсаттың бұрынғы нұсқасында бір мақсатқа арналған ақпарат тым көп болған. Бұл, өз кезегінде, мақсатқа қолжеткізуді және оқушыларды бағалауды қиындатқан.
	9.2.3.9. Күштің ұзаруға тәуелділік графигінен серпімділік күшінің жұмысын анықтау	

9.2.4.3. Күш моменті мен айналдырушы моменттің анықтамаларын білу және оларды есеп шығару кезінде қолдану	9.2.4.3. Күш моменті ұғымын түсіндіру және оны есеп шығарғанда пайдалану	Оқу мақсаты қайта тұжырымдалды, себебі «айналдырушы момент» және «күш моменті» ұғымдары бірдей физикалық шаманы білдіреді. Сонымен қатар оқу мақсатының осы нұсқасы коммуникативтік дағдыларды дамытады.
9.2.5.1. Еркін тербелістердің мысалдарын келтіру	9.2.5.1. Еркін және еріксіз тербелістерді ажырату және оларға мысал келтіру	Оқу мақсаты жоғары деңгей дағдыларын дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
9.2.5.4. Маятниктердің түрлерін білу және олардың тербелістерін сипаттау	9.2.5.4. Маятник түрлерін (математикалық және серіппелі) ажырату және тербелістерін сипаттау	Оқу мақсаты 9-сыныпта оқытылатын маятниктердің түрлерін нақтылау қажеттігіне байланысты қайта тұжырымдалды.
9.7.2.4. Парсек дегеннің не екенін білу	9.7.2.4. Парсек дегеннің не екенін түсіндіру және $D = \frac{1}{p''}$ формуласын есеп шығарғанда қолдану	Оқу мақсаты есептеу және коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін қайта тұжырымдалды.
9.2.5.22. Дыбыс қаттылығы мен тон биіктігі қандай факторларға тәуелді екенін білу	9.2.5.22. Дыбыс қаттылығы мен тон биіктігі қандай факторларға тәуелді екенін түсіну	«Түсіну» етістігі «білу» етістігіне қарағанда белсенді болғандықтан, оқу мақсаты қайта тұжырымдалды (доктор Ф. Ламберттің ұсыныстары ескеріліп).
9.7.2.2. Жұлдыздардың жарықтығы оның температурасы мен көлеміне тәуелді екенін білу	9.7.2.2. Жұлдыздардың жарықтығы оның температурасы мен көлеміне тәуелді екенін түсіну	«Түсіну» етістігі «білу» етістігіне қарағанда белсенді болғандықтан, оқу мақсаты қайта тұжырымдалды (доктор Ф. Ламберттің ұсыныстары ескеріліп).

Оқушылардың бойында негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқу мақсаттарының жүйесіне жаңа мақсаттар қосылды.

Жаңа оқу мақсаты	Негіздеме
8.4.1.4. Қолжетімді құрал-жабдықтардан қарапайым электроскоп құрастыру	Оқу мақсаты қосылды. Өйткені бұл оқу мақсаты жоғары деңгей дағдыларын және «Қолөнер» дағдысын дамытуға бағытталған, сонымен қатар үйде практикалық жұмыстарды өз бетінше орындауды талап етеді.
9.2.1.13. Қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін дененің еркін құлауына қолдану	Оқу мақсаты қосылды. Себебі бұл оқу мақсаты мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған.
9.2.1.16. Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтардың өзара байланысын түсіндіру	Оқу мақсаты коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін қосылды
9.2.5.22. Шу мен дыбыстардың тірі ағзаларға әсерін түсіндіру	Оқу мақсаты «экологиялық сауаттылық» пен «денсаулық сақтау» құзыреттілігін қалыптастыру үшін қосылды.
9.2.4.5. Тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін түсіндіру кезінде себеп-салдарлық байланыс орнату	Оқу мақсаты жүйелі ойлау дағдыларын дамыту үшін қосылды.

Орны ауысқан оқу мақсаттары

Қолданыстағы оқу мақсаттары	Түсініктеме
8.4.3.5. Электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді өлшеу, нәтижелерін құралдардың қателіктерін ескеріп жазу	Мақсат «8.3А. Өткізгіштерді қосу» бөлімінің «Ом заңы. Зертханалық жұмыс N4: «Тізбек қимасы үшін Ом заңын зерттеу» тақырыбынан «Тұрақты ток» бөлімінің «Кернеу. Зертханалық жұмыс N3 «Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөлімдеріндегі ток пен кернеуді өлшеу» тақырыбына көшірілді.
8.3.2.14. Жылулық тепе-теңдік теңдеуін есеп шығарғанда қолдану	Мақсат «Будың түзілуі және конденсация» тақырыбынан «8.1В. Жылу мөлшері» бөлімінің «Жылу мөлшері. Меншікті жылу. Жылу балансының теңдеуі» тақырыбына көшірілді.
8.5.2.1. Шыны призма арқылы өтетін жарықтың дисперсиясын сипаттау	Мақсат 9-сыныпқа көшірілді.
8.5.2.2. Жарықтың шашырауын түсіндіру және мысалдар келтіру.	Мақсат 9-сыныпқа көшірілді.
9.2.2.18. Көкжиекке бұрыш жасай/параллель лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау.	11-сыныпта кеңірек қарастырылатындықтан, мақсат кейінге қалдырылды. Оқу мақсаты: «11.2.1.4. Дененің гравитациялық өрістегі қозғалысын кинематика тұрғысынан сипаттау: тігінен, көкжиекке белгілі бір бұрыштан».

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

8-сыныптың оқу бағдарламасындағы «Магнит өрісі» бөлімінен «Тікелей ток пен соленоидтің магнит өрісі» тақырыбы алынып тасталды. Бұған оқу бағдарламасының жаңартылып, өзекті және сұранысқа ие тақырыптарға көбірек назар аудару үшін оқу уақытының қайта үлестірілуі және бұл тақырыптың жоғары мектепте тереңірек қарастырылатыны себеп болды. Сондай-ақ 8-сыныптың «Электр энергиясын тұтыну» бөліміне № 7 «Ток жұмысы мен қуатын эксперимент жасап өлшеу» зертханалық жұмысы қосылды. Бұл жұмыс «8.4.2.13. Айнымалы және тұрақты шамалардың көмегімен эксперимент арқылы токтың қуаты мен жұмысын анықтау» оқу мақсатын жүзеге асыру үшін қосылды. «Электромагниттік толқындардың спектрі» бөлімі 8-сынып оқушылары толқын қозғалысын сипаттайтын шамалармен әлі таныс емес болғандықтан, «Электромагниттік толқындар» деген тақырыппен 9-сыныпқа ауыстырылды. Электромагниттік толқындар механикалық толқындармен қатар зерттелуге тиіс әрі бұл бөлімнің 9-сыныпқа ауысуы оқушыларға физикалық құбылыстарды толық және дәйекті түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

9-сыныпта оқу сағаттарының қысқаруына байланысты «Гравитациялық өрістер» бөлімі 9-сыныптан 10-сыныпқа ауыстырылды. 9-сыныптағы «Статика-моменттер» бөліміндегі «Күштердің векторлық үшбұрышы» тақырыбына 11-сынып бағдарламасынан № 7 «Бір-біріне бағытталған күштерді қосу» зертханалық жұмысы қосылды. Бұл зертханалық жұмыс денеге әртүрлі күштің тигізер әсерін зерттейді, нәтижесінде дене тепе-теңдікте болады.

Физика пәнінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін барлық аспектіні (дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар) кешенді дамыту қажет.

Дағдылар	Сауаттылық түрлері	Құндылықтар	Негізгі құзыреттілік
<i>Қолөнер</i>	<i>Денсаулық саласындағы сауаттылық (медициналық)</i>	<i>Денсаулық пен әл-ауқат</i>	
8.4.1.4. Қолжетімді құрал-жабдықтардан қарапайым электроскоп құрастыру	9.2.5.23. Шу мен дыбыстардың тірі ағзаларға әсерін түсіндіру	8.5.1.13. Көздің көру қабілетінің төмендеуіне әсер ететін факторларды және көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау;	Қолданбалы
<i>Жауапты тұтыну</i>	<i>Денсаулық саласындағы сауаттылық (медициналық)</i>	<i>Отансүйгіштік және жауапкершілік</i>	
10.6.2.10. Радиоактив материалдарды өңдеу, қолдану және сақтауды сипаттау	10.6.2.11. Медицинада, археологияда және тамақ өнеркәсібінде радиоактив құбылысының практикалық қолданылуын түсіндіру	10.7.1.1. Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңызын бағалау	«ЭКО-МЕН»
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Қаржы сауаттылығы</i>	<i>Отансүйгіштік және жауапкершілік</i>	
9.2.5.2. Тәжірибелік және графиктік әдістерді пайдаланып, тербелмелі қозғалысты зерттеу	8.4.2.15. кВт*сағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын анықтау үшін практикалық есептеу	8.4.2.14. Әлемде және Қазақстанда электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру	Қарекетшілдік
<i>Коммуникация</i>	<i>Цифрлық</i>	<i>Құрмет</i>	
7.2.1.1. Терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру – траектория, жол, орын ауыстыру, жылдамдық, орташа жылдамдық	7.1.2.3. Деректерді кесте, график, диаграмма, презентация және т.б. түрінде жинау, өңдеу және ұсыну	9.2.2.1. Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есеп шығарғанда қолдану	Цифрлық
<i>Білім алып үйрену</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Денсаулық пен әл-ауқат</i>	
9.1.1.10. Ғылыми идеялар, бақылаулар мен тәжірибе нәтижелерін пайдаланып қорытынды жасау	8.4.1.3. Электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру	7.2.2.1. Инерция құбылысын түсіндіру және мысал келтіру	Өзін-өзі реттеу

Ұзақмерзімді жоспарларды іске асырудың ерекшеліктері

Оқу бағдарламасы негізінде ұзақмерзімді жоспардың үлгісі жасалды. Онда аталған бөлімнің тақырыбы және оқу мақсатымен байланысты тұжырымдамалар көрсетілген. 8-сыныптың ұзақмерзімді жоспарларында «Ұсынылатын бағалау критерийлері» бағаны бар, онда қалыптастырушы және жиынтық бағалау параметрлері берілген. Бұл қосымшаның мақсаты – мұғалімдер оқу жылында оқушылардың үлгерімін бағалау үшін қолдана алатын нақты критерийлерді белгілеу. Үлгіде оқытудың әрбір мақсатына жету үшін тапсырмалар ұсынылады, оқу мақсаты шеңберінде қандай дағдылар, сауаттылық түрлері мен құндылықтар қалыптасатыны көрсетіледі және жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағаны енгізілген (онда теориялық материалға да, жаңа материалды бекітуге арналған тапсырмаларға да сілтемелер берілген). Осылайша сабақтан қалып қойған жағдайда оқушылар тақырыптарды өз бетінше оқиды.

Ұзақмерзімді жоспар бойынша оқу жоспары жасалды, онда ұзақмерзімді жоспарда ұсынылған классификацияға сәйкес тапсырмаларға мысалдар, мұғалімге әдістеме тұрғысынан кеңестер берілген.

Ұзақмерзімді жоспар үлгісі

Физика, 8-сынып

Өзгерістер Қозғалыс Өзара әрекеттесу					
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 8.1А. Жылу физикасы					
Тұжырым/ Ортақ тақырып	Оқу мақсаттары	Бағалау критерийлері	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән сабағында қалыптасатын дағдылар	Металпендік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар
1-тоқсан					
Молекулалық кинетикалық теорияның негізінде қатты денелер, сұйықтар мен газдардың сұйықтар мен газдардың құрылысын ажыратады; МКТ-ның негізгі ережелерін растайтын тәжірибелерді сипаттау және мысал келтіру	Оқушы МКТ негізінде қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың құрылысын ажыратады; МКТ-ның негізгі ережелерін растайтын тәжірибелерді сипаттап, мысал келтіреді	Шығармашылық тапсырмалар: мөтімен жұмыс істеу, МКТ-ның негізгі ережелерін растайтын мысалдар келтіріп, презентация/постер жасау. <i>Графикалық тапсырмалар:</i> қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың құрылысындағы айырмашылықты көрсететін диаграммалар/схема сызбалар жасау. <i>Сапалы тапсырмалар:</i> мөтімен, суреттермен және схемалармен жұмыс істеу.	Түсіндіру Салыстыру Жіктеу Бақылау	<i>Металпендік дағдылар:</i> жүйелі ойлау; есептеу дағдылары; ынтымақтастық; коммуникация. <i>Сауаттылық түрлері:</i> функционалдық сауаттылық. <i>Құндылықтар:</i> еңбекқорлық және шығармашылық; адалдық.	Теория «Физика» оқулығы, 8-сынып, Астана, «НЗМ» ДББҰ, 2019, 10–11 бб. Практика «Физика» оқулығы, 8-сынып, Астана, «НЗМ» ДББҰ, 2019, «Сұрақтар мен тапсырмалар» айдары (11-бет), «Өз білімінді тексер» айдары (№ 1, 2-тапсырмалар, 16-бет). Бейнеролик https://youtu.be/d6G-FColl9s?list=PLdjp7wVqN3Wssi0MhFBZTuiz6Ev5YHVBa Ресурстар https://foxford.ru/wiki/fizika/osnovnye-polozheniya-mkt-i-ih-opytное-obosnovanie?provider=google_oauth2&referrer=https%3A%2F%2Ffoxford.ru%2Fwiki%2Ffizika%2Fosnovnye-polozheniya-mkt-i-ih-opytное-obosnovanie

8-сыныптағы сабақ үлгісі

8.1 А. БӨЛІМІ. ЖЫЛУ ФИЗИКАСЫ

2-тақырып Температура. Температураны өлшеу әдістері. Температура шкалалары (2 сағат)

Оқу мақсаттары:

8.3.1.3. Температураны әртүрлі температуралық шкалаларда көрсету (Кельвин, Цельсий)

8.3.1.4. Жылу ұлғаюы негізінде температураны өлшеуді сипаттау

8.3.1.5. Жылу тепе-теңдігін сипаттау

Болжалды нәтижелер

Оқушылар:

- температураны бір шкаладан екіншісіне аударады (Кельвин, Цельсий);
- жылу ұлғаюы негізінде температураны өлшеуді сипаттайды;
- жылу тепе-теңдігін сипаттайды.

Сабақ барысы

Бастапқы білім. Оқушылар «8.3.1.2 МКТ-ның негізгі ережелерін растайтын тәжірибелерді сипаттау және мысалдар келтіру» оқу мақсатында белгіленген дағдыларды дамытуға тиіс. Оқушылардың жетістіктерін қалыптастырушы бағалау тапсырмалары қосымшада берілген.

Қызықтыру кезеңі. Мұғалім оқушыларға сол қолын үстелге, ал оң қолын металл затқа тигізіп, сезімдерін сипаттауды сұрайды.

Қорытынды. Кабинеттегі заттардың температурасы бірдей, бірақ сол қол жылыны, ал оң қол суықты сезінеді. Демек, температураны сезім арқылы бағалау мүмкін емес.

Мақсат қою. Оқушылармен бірге сабақ мақсаты анықталады:

- температураны әртүрлі температура шкалаларында көрсету (Кельвин, Цельсий);
- жылудың кенеюі негізінде температураны өлшеуді сипаттау

Жаңа тақырыпты зерттеу кезеңдері

• Мұғалім металл доппен тәжірибе көрсетеді. Ол қыздырылғанға дейін сақинадан еркін өтеді, ал қыздырған соң, өтпей қалады.

• Мұғалім оқушылармен бірге неліктен доп қызғаннан кейін сақинадан өтпей қалатынын талқылап, сұйық термометрдің жұмыс істеу қағидатын зерттеуге көшеді.

• Әрі қарай мұғалім оқушылармен бірге температура шкалаларын (Цельсий, Кельвин, Фаренгейт, Ремер) қарастырып, температура мәндерін бір шкаладан екіншісіне ауыстыру формуласын көрсетеді.

Материалды бекітуге арналған сұрақтар

1. Сұйық термометрдің жұмыс істеу қағидаттары қандай?
2. Сұйық термометрдің медициналық термометрден айырмашылығы неде?
3. Англия, АҚШ және Францияда қандай температура шкаласы қолданылады?
4. Қай температура шкаласы ешқашан теріс температураны көрсетпейді?

	°C (Цельсий градусы)	K (Кельвин)
Адам есін жоғалтатын шекті сыни температура	+42	?
Жердегі ең жоғары ауа температурасы (солтүстік Африка)	?	331
Жердегі ең төменгі ауа температурасы (Антарктида)	?	185
Марстағы орташа температура	-60	?
Күн бетіндегі Температура	?	6273

Сабақтың әр кезеңінде оқушылар бағаланады.
Сабақ соңында оқушылар рефлексия жасайды.


- Мен не білдім? Мен не үйрендім?
- Не түсініксіз болды?
- Нені жетілдіру қажет?

Оқушылар өз жұмысын және сыныптастарының жұмысын белгілі бір критерийлер бойынша бағалайды.

Қосымша. Оқушылардың жетістіктерін қалыптастырушы бағалау


Ойлау қабілетінің деңгейі: білу және түсіну

1. А. 1-суретте көрсетілген үдерісті ата



[1 балл]

В. Ұяшықтарға осы үдеріске қатысатын заттардың атауын толықтырып жаз.



[2 балл]

Бағалау критерийлері

Заттар дұрыс аталды – әрбір дұрыс жауапқа 1 балл.

С. Мына үдеріске анықтама бер. Бұл үдерістің жылдамдығы неге байланысты?

[2 балл]

Бағалау критерийлері

Диффузияға толық анықтама берді – 1 балл.

Шамалар арасындағы тәуелдікті дұрыс атады – 1 балл.

2. Мәтінді оқы. Көпнүктенің орнына бір сөз жаз.
- А. Зат ...-дан тұрады.
- В. ... бөлшектері қозғалады.
- С. Бөлшектер бір-бірімен
- Д. Броун қозғалысын ... және ...– да байқауға болады.
- Е. Заттың температурасы ... болған сайын, диффузия соғұрлым ... түседі.
- Ғ. Диффузияның себебі –
- Г. Қызған кезде дененің көлемі ..., ал салқындаған кезде –
- Н. Диффузия ... -да тезірек, ал ...– да баяу жүреді.

Ойлау қабілетінің деңгейі: қолдану

3. Кестені толтыр.

МКТ-ның негізгі ережелері (тұжырымдама)	Эксперимент арқылы дәйектеу
1.	1. 2. 3.
2.	1. 2.
	3.
3.	1. 2. 3.

Бағалау критерийлері

МКТ-ның негізгі ережелері дұрыс тұжырымдалған – 3 балл.

Олардың әрқайсысының эксперимент арқылы дәйектеуі дұрыс тізімделді – 3 балл.

Қосымша оқу ресурстары

8-сыныпқа арналған физика бойынша NIS-programme оқулығы, 2019, §§ 1.1–1.2

Вопросы и задания

Задачник Л. Э. Генденштейн, Л. А. Кирик № 1.1–1.30

Сборник задач В. И. Кем, Б. А. Кронгарт № 1–42

PISA-2013 тапсырмалар жинағы (PISA халықаралық зерттеуі, Астана, 2013)

Әртүрлі температура шкалалары туралы <https://meteoinfo.ru/t-scale>, <https://easy-physic.ru/shkaly-temperatur-istoriya-i-zadachi/>

Жылу тепе-теңдігі

<https://phscs.ru/physics9/temperature>, https://www.youtube.com/watch?v=mD1YBgdkoN8&ab_channel

https://www.youtube.com/watch?v=jerVQBuvQq4&ab_channel

<https://app.online.nis.edu.kz/library/educmaterial/topics?classId=2&topicId=1§ionId=19&themId=271>

<https://app.online.nis.edu.kz/library/educmaterial/topics?classId=2&topicId=1§ionId=19&themId=272>

3. Жоғары мектептегі жиынтық бағалау нәтижелері жөнінде әдістемелік ұсыныстар

12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері негізінде оқушылардың көп қателескен тақырыптары анықталды. Осыған байланысты бұл тақырыптарды оқыған кезде мынадай дағдыларды қалыптастыруға көңіл бөліну керек.

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Дағды
Физикалық шамалар мен өлшемдер	Физикалық шамалар	Векторлық мәндер	«Тең әсерлі күш» ұғымына қозғалыс санының өзгеру жылдамдығы ретінде анықтама беру
Термодинамика	Жылу қозғалтқыштары	Жылу қозғалтқыштары	ПӘК-ті есептеуге формула қолдану
Кванттық физика	Электрондардың сыртқы фотоэффектісі	Электрондардың сыртқы фотоэффектісі	Фотоэлектрлік құбылысты фотон энергиясы мен шығу энергиясы тұрғысынан түсіндіру.
Кванттық физика	Атомдардағы энергия деңгейлері	Атомдардағы энергия деңгейлері	Оқшауланған атомдарда (мысалы, атом сутегісі) электронның дискретті энергия деңгейлерінің бар екенін түсінетінін көрсету және бұл энергия деңгейлері арқылы спектр сызықтарын қалай түзетіні жайлы қорытынды жасау.
Кванттық физика	Атомдардағы энергия деңгейлері	Атомдардағы энергия деңгейлері	Эмиссия және сіңіру спектрлерін ажырату.
Толқын оптикасы	Интерференция және дифракция	Интерференция құбылысы	«Интерференция» ұғымын толқын теориясы тұрғысынан түсіндіру.

«Физикалық шамалар мен өлшемдер» бөлімін оқыған кезде физикалық шамалар және олардың өлшемдерімен байланысты скаляр және векторлық шамалар, модуль, қолдану бағыты мен нүктесі сияқты векторлық шамалардың қасиеттері, сондай-ақ қосу және азайту сияқты векторларға қолданылатын негізгі амалдар секілді негізгі ұғымдарды қайталау қажет. Материалды жақсы түсініп, есте сақтап қалу үшін физикалық құбылыстар мен шамаларды көрнекі көрсетуге диаграммалар, сызбалар, графиктер қолданған абзал. Сандарды болжалдау дағдысын, яғни маңызды сандардың санын және үтірден кейінгі сандардың санын анықтау қабілетін, сондай-ақ эксперименттердегі ықтимал қателіктерді талдау және анықтау дағдыларын дамыту керек. Бұл дағдылар оқушыларға өлшеу нәтижелерін дұрыс ұсынып, нақты есептеуге септеседі. Өлшеу әдістеріне және эксперимент нәтижелерін жазу тәсілдеріне назар аударып, әртүрлі физикалық шамалар тәуелдіктерінің графиктерін салу және талдау қағидаттарын түсіну үшін өлшем бірліктерін дұрыс қолданып, деректерді дәл ұсыну қажет, қорытынды нәтижені есептеу және маңызды сандарды қажет форматта ұсынған кезде сандарды дөңгелектеу ережелерін қайталаған дұрыс. Мысалы, есептеу нәтижесі 12,3456 болса және оны үш маңызды цифрмен ұсыну керек болса, онда қорытынды нәтиже 12,3 болады.

«Термодинамика» бөлімін оқыған кезде термодинамика заңдылықтарын және онымен байланысты ұғымдарды егжей-тегжейлі зерделеген жөн; осы ұғымдарды жақсы меңгеріп, қолдану үшін PV диаграммасынан идеал газдың ішкі энергиясын есептеу тапсырмаларын орындап жаттығу; ішкі жану қозғалтқыштары (ІЖҚ), бу және газ турбиналы қозғалтқыштар сияқты әртүрлі жылу қозғалтқыштарының түрлерін қайталау. Жылу қозғалтқыштарының негізгі қағидаларын түсіну оқушыларға тиімділікті және оның түрлі факторға тәуелдігін жақсы түсінуге септеседі. Сонымен қатар ПӘК-ті есептеу тапсырмаларын шешу ұсынылады.

«Кванттық физика» бөлімін зерделеу кезінде Планк формуласымен фотон санын анықтауға, Планк формуласы бойынша материалды қайталауға және онымен байланысты

ұғымдарға назар аудару қажет. Оны іс жүзінде қолдану ерекшеліктерін түсіну үшін осы формуламен байланысты есептерді шығаруға машықтану керек. «Атомдардағы энергия деңгейлері» тақырыбын зерттеу кезінде Бор моделіне назар аударған жөн. Бұл модельдің негізгі принциптері туралы білім оқушылардың энергия деңгейлері мен олардың арасындағы ауысымдарды жете түсінуіне ықпал етеді. Атомдардың сәулеленуі мен жарықтың сіңуін зерттейтін спектроскопияның негіздерін де түсіндіріп өтіңіз. Спектрлердің түрлері (сызықтық, сіңіру, шығару) және олардың атомдардың энергия деңгейлерімен байланысы туралы айтып беріңіз.

«Толқын оптикасы» бөлімін зерттегенде толқын, ұзындық, жиілік және толқын амплитудасы сияқты ұғымдарды қайталап өткен жөн. Осы ұғымдар интерференцияның толқындардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі екенін түсінуіне сеп болады. Толқындардың суперпозициясы, фазалардың айырмашылығы, интерференция шарттары және интерференция түрлері (конструктив және деструктив) сияқты негізгі ұғымдарға назар аудару керек. Жұқа үлдірлердегі жарық интерференциясы, екі саңылауда пайда болатын жарық интерференциясы және жазық параллель пластиналардан туындайтын жарық интерференциясы сияқты белгілі интерференциялық тәжірибелер мен құбылыстарды көрсетіңіз. Екі жарық көзі үшін интерференция формуласын қолдану оқушылардың интерференцияның математикалық моделін түсінуіне, ал бұл, өз кезегінде, интерференция құбылыстарын болжау және талдау дағдыларын жетілдіруге септеседі.

«Физика» пәні білім беру бағдарламасында тәрбиелік аспектілерді іске асыратын құндылықтар

«Физика» пәні білім беру бағдарламасы нақты білім беру және дағдыларды игерту тұрғысынан ғана емес, тәрбие аспектісінде де елеулі рөл атқарады. Әр пәндегі тәрбие аспектісі білім беру бағдарламасында бекітілген құндылықтарға негізделген. Құндылықтар оқушының тұлға болып қалыптасуының жетекші факторы болып саналады.

Құндылықтар мен тәрбие ісі компоненттерін қамтитын кейбір оқыту мақсаттарын қарастырайық.

7-сынып	
7.1.3.3. Физика кабинетінде қауіпсіздік техникасын білу және сақтау	Осы оқу мақсатын орындау барысында оқушылар физика кабинетіндегі техника қауіпсіздігі ережесімен және зертханада әртүрлі жабдықтармен жұмыс істегенде сақталуға тиіс қауіпсіздік ережелерімен танысады. Бұл ретте оқушылардың <i>денсаулығы</i> мен <i>игілігі</i> , өзара <i>сыйластығы</i> , басқаларға құрмет көрсету, құрылғыларға ұқыпты қарау сияқты құндылықтарына баса назар аударылады.
8-сынып	
8.4.2.14. Әлемдегі және Қазақстандағы электр энергиясын өндіру ісіне мысалдар келтіру	Бұл оқу мақсатын орындау кезінде оқушылар электр энергиясын өндірудің әртүрлі әдістерін талдайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, сондай-ақ туындайтын проблемалар мен оларды шешудің ықтимал жолдарын талқылайды. Бұл процесс табиғатқа құрметпен қарауға үйретеді, оқушылардың экологиялық мәселелерге қызығушылығын арттырып, табиғат пен оның ресурстарының тұтастығын сақтауды құндылық ретінде қабылдауға негіз болады. Жаһан назарының экологиялық мәселелерге аударылуы кездейсоқ емес. Себебі адамзат әлі толық түсінбеген жаһандық ауқымдағы проблемалардың күрделенуі әлем халқын алаңдатуда. Осы мақсат үдесінен шығу барысында оқыту процесінде оқушылардың экологиялық, ақпараттық және коммуникативтік мәдениеті қалыптасады, физика мен экологияға қызығушылығы артып, электр энергиясын өндіруде электр станцияларының қоршаған ортаға тигізетеріс әсерінің алдын алу шараларына байланысты ұсыныстарын айтады.

9-сынып	
<p>9.2.5.11. Пайдалы немесе теріс резонанс жағдайларына мысал келтіру</p> <p>9.2.5.23. Жаңғырықтың пайда болу табиғатын сипаттау және жаңғырық арқылы қашықтықты өлшеу әдісін сипаттау</p> <p>9.2.5.24. Ультрадыбысты және оның медицина мен техникада қолданылуын сипаттау</p>	<p>Резонанс құбылысын түсіндіру, кез келген физикалық табиғаттың толқындары мен тербелістеріне қатысты тербеліс үдерістерінің негізгі заңдылықтарының әмбебаптығы тұрғысынан резонанс құбылысының пайда болу жағдайларын қарастыру, резонанстың оң әсерін – музыкалық аспаптардың дыбыс шығаруы, маятник механизмдері, медицина, тау жыныстарын өндірудегі әсерін, сондай-ақ зілзала, Цунами кезінде көпірлер мен әртүрлі құрылымның бұзылуы, ғимараттардың қирауы сияқты теріс әсерін талдап үйрену қажет. Оқушылар резонанс ағзаға теріс әсер етуі мүмкін екенін түсінуі керек. Мысалы, құлаққап киіп, қатты дыбысты әуен, саз тыңдау зиян. Дыбыс қарқыны мүмкіндігінше құлаққа зиян келтірмейтіндей болу қажет.</p> <p>Басқа да оқу мақсаттарын қарастырған кезде оқушылар жаңғырықтың пайда болуын, оның қолданылу тәсілдерін сипаттап, естілмейтін дыбыстар әлемі, олардың табиғат пен техникада қолданылуы жөнінде ой-өрісін кеңейтетін болады. Аталған оқу мақсаттары оқушыларға коммуникативтік дағдыларын дамытуға, өз пікірлерін еркін айтуға және басқа оқушылар пікірлеріне құрметпен қарауға, эстетикалық қабылдау сезімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Рухани мәдениеттің негізін қалыптастыруға септесетін адамгершілік, эстетикалық тәрбие дыбыстар мен музыка арқылы жеткізіліп, сұлулықты түсіну қабілеті дамытылады. Оқушылар дыбыстар туралы меңгерген білімдерін дыбыстың зиянды әсерінен қорғану және тыныштық сақтау үшін пайдалануы керек. Әуен дыбысын қатты ойнатып тыңдамау – адам мәдениетінің көрсеткіші, айналасындағыларға білдірген құрметі.</p>
10-сынып	
<p>10.7.1.1. Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңызын бағалау</p>	<p>Аталған оқу мақсатын іске асырған кезде ғарыш ғылымның дамуына қосқан үлесіне назар аудару, ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңызын бағалау қажет. Оқушылар қазақстандық ғарышкерлер: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев пен А. Айымбетовтің ғарышқа ұшу сапарларын мысал ретінде қарастырып, Қазақстанды халықаралық аренада жетістіктерімен танытқан тұлғалар тарихымен танысады. Оқушыларды Отан алдындағы міндеттерін орындау үшін азаматтық жауапкершілікке, Отанды құрметтеуге, патриотизмге, жауапкершілік сезіміне, белсенді азаматтық ұстанымға, Отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу қажет. Мұның бәрі <i>қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік</i> құндылығын сіңіруге ықпал етеді.</p>

Құрмет құндылығы ғалымдардың физиканы дамытуға қосқан үлесін зерттеу, әр замандағы, әртүрлі мәдениет ортасынан шыққан ғалымдардың еңбегін дәріптейтін презентациялар, баяндамалар жасау арқылы дамытылады. Мұғалімдер кері байланыс орнатып, пікірталастар ұйымдастырып, талқыға сала алады. Бұл кезде оқушылар өзіндік қорытындыларын білдіріп, пікір, әсерлерін айтысады.

Еңбекқорлық пен *шығармашылық* қолда бар материалдардан физикалық құбылыстардың модельдерін жасау арқылы қалыптасып, шығармашылық ойын дамытып, табандылық қасиетін бекітеді. Мұғалімдер шығармашылық жобалар көрмесін өткізе алады. Мұндай шара әр оқушыға өз жобасымен таныстырып, оның орындалу барысын айтып беруге мүмкіндік береді.

Адалдық деректерді өз еңбегімен тауып, адал ісімен нәтиже шығарудың маңызы туралы түсінік қалыптасқанда, сондай-ақ ғылыми алаяқтық салдарын үнемі талқылағанда, зертханалық жұмыстар орындау барысында оқушылар бойына сіңіріледі. Академиялық адалдық сақтау өте маңызды: мұғалімдер рефлексиялық сессиялар ұйымдастыра алады. Онда оқушылар өз әдістері мен нәтижелерін талдайды, ғылыми жұмыста адалдық түсінігін талқылайды және өзара

пікірлеседі. Осылай оқушылар академиялық адалдықтың маңызын түсініп, ғылыми зерттеулерге жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Денсаулық пен әл-ауқат физикалық процестерді зерттеу және әртүрлі физикалық факторлардың адам денсаулығына қалай әсер ететінін түсіну үшін физика білімін қолданғанда қалыптасады. Мұғалімдер оқушылардың білімін өз денсаулығын нығайтуда қалай пайдаланатынын анықтау үшін сауалнамалар таратып немесе пікірталастар ұйымдастыра алады.

Жаһандық азаматтық тұрақты энергетика, экологиялық таза технологиялар тақырыбындағы жобалар әзірлеу және ұсыну, жаһандық мәселелерді талқылау және физикалық принциптерге негізделген шешімдер іздеу арқылы қалыптасады. Мұғалімдер жоба презентацияларын таныстыратын шаралар, дөңгелек үстелдер өткізе алады. Онда оқушылар өз идеяларын айтысып, сыныптастары және мұғалімдерімен кері байланыс орната алады.

«Химия» пәні

«Химия» пәні оқу бағдарламасы оқушылардың химиялық үдерістердің мәнін, заңдарын, заңдылықтары мен заттарды күнделікті өмірде қауіпсіз қолдану дағдыларын дамытуға, білімін ұштап, түсінігін қалыптастыруға бағытталған.

1. Оқу жүктемесі және құжаттар

Оқу бағдарламасы оқушыларды өзгермелі әлемге сай азамат болуға дайындау үшін негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Құзыреттілік тәсіл білім беру үдерісінің тәжірибелік мазмұнын күшейтіп, тәжірибе рөлінің маңызын арттыра түседі және білімді іс жүзінде қолдана білу қабілетін дамытады.

Сынып	Апталық жүктеме, сағат	Жылдық жүктеме, сағат	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
Негізгі мектеп				
7	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
8	3	108	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
9	3	108	6-нұсқа, 2023 ж.	6-нұсқа, 2018 ж.
10	3	108	6-нұсқа, 2023 ж.	6-нұсқа, 2019ж.
Жоғары мектеп				
11	6	216	11-нұсқа, 2018 ж.	8 нұсқа, 2020 ж.
12	6	216	11-нұсқа, 2018 ж.	7-нұсқа, 2020 ж.
11	3	108	2-нұсқа, 2018 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
12	1.5	54	2-нұсқа, 2018 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.

Негізгі құзыреттіліктер маңызын арттыру мақсатымен негізгі мектепке арналған химия пәнінің оқу бағдарламасы қайта қарастырылып, кей тұстарына өзгеріс енгізілді.

8-сыныптағы кейбір оқу мақсаттары жүйесі когнитивті дағдыларды дамыту үшін іс-қимыл етістіктерімен толықтырылып күшейтілген.

Оқу бағдарламасы, 8-нұсқа, 2019 ж.	Оқу бағдарламасы, 2.0-нұсқа, 2023 ж.	Түсініктеме
8.2.4.5. Белсендірек металл өз тұздарының ерітінділерінен белсенділігі азырақ металды ығыстыратынын түсіну	8.2.4.5. Металдардың тұз ерітінділерімен өзара әрекеттесуінің реакцияшылдығын зерттеу	Іс-қимыл етістігін өзгерту арқылы оқу мақсаты күшейтілді, өйткені осы оқу мақсатын іске асыруға зертханалық жұмыс берілген.

8.3.3.4 химиялық тепе-теңдіктің ығысуына әсер ететін факторларды білу	8.3.3.4 химиялық тепе-теңдіктің ығысуына әсер ететін факторларды тізімдеп атау	Оқу бағдарламасында оқу мақсатының танымдық деңгейін көтеру мақсатымен іс-қимыл етістігі өзгертіліп, оқу мақсаты күшейтілді.
8.2.3.1. Күрделі заттың құрамындағы химиялық элементтердің массалық үлесін есептеу және элементтердің массалық үлестері бойынша заттардың формулаларын шығару	8.2.3.1. Күрделі заттың құрамындағы химиялық элементтердің массалық үлестерін есептеу 8.2.3.1. Элементтердің массалық үлестері бойынша заттардың формулаларын шығару	Екі жеке мақсатқа бөлу, өйткені оқу мақсатында екі түрлі есеп берілген.
8.2.4.1. Металдар ежелгі дәуірден белгілі болғанын және кейбір металдан жасалған заттардың бүгінге дейін сақталғанын білу	8.2.4.1. Осы уақытқа дейін металл артефактілердің сақталу себебін түсіндіру;	Оқу бағдарламасында оқу мақсатының танымдық деңгейін көтеру мақсатымен іс-қимыл етістігі өзгертіліп, оқу мақсаты күшейтілді.
8.1.3.1. Атомдардағы электрондар ядродан өсіп келе жатқан қашықтықта электронды қабықшалар бойынша дәйекті түрде бөлінетінін түсіну 8.1.3.2. Әрбір электрондық қабықтағы электрондардың саны белгілі бір максимал мәннен аспайтынын түсіну	8.1.3.1. Электрондардың электрондық қабықшалар бойынша таралу ережесін түсіндіру	Оқу мақсаттары бір-бірін толықтыратындықтан біріктірілді.

Оқушылардың бойында негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатымен дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруды күшейту жөніндегі оқу мақсаттары өзгертілді.

Сауаттылық түрі «Денсаулық сауаттылығы»

Оқу бағдарламасы, 8-нұсқа, 2019 ж.	Оқу бағдарламасы, 2.0-нұсқа, 2023 ж.	Түсініктеме
8.4.2.8. Озон қабатының маңызын, оның бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру	8.4.2.8. Озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын және қоршаған ортаға, адам денсаулығына әсерін түсіндіру	Берілген оқу мақсаты экологиялық проблемалармен қатар озон қабатының жұқаруы қандай аурулардың пайда болуына сеп болатынын қарастыруға мүмкіндік береді; ауру факторлары, қаупі мен себептері туралы түсінік қалыптастырады.

Пәннің ерекшелігі – іргелі жаратылыстану білімдерін игертумен қатар, кәсіби құзыреттілікпен байланысты дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

«Қолөнер» дағдысы

«8.2.3.14. Ерітіндідегі еріген заттың массалық үлесін есептеу» қолданыстағы оқу мақсатына «Берілген пайыздық концентрациядағы ерітінділерді дайындау» практикалық жұмысы енгізілді және келесі оқу мақсаттары күшейтілді.

Кестеде қолдануға кеңес берілетін тапсырмаларға мысалдар, сондай-ақ негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мысалдары берілген. Оқу мақсаттарына қарай мұғалім тапсырмаларды өзі таңдайды және сабақта орындалатын әртүрлі жұмыстарды жоспарлайды. Мұндағы мақсаты – оқушылар бойына құндылықтарды сіңіру.

Дағдылар	Сауаттылық түрлері	Құндылықтар	Негізгі құзыреттілік
<i>Есептен ойлау</i>	<i>Деректермен жұмыс істеу</i>	<i>Құрмет</i>	
8.2.2.4. Ион зарядтарының мәндерін қолданып, қосылыстардың формулаларын шығару	8.5.2.11. Ерітіндіде еріген заттың массалық үлесін есептеу	8.6.4.4. Тұрғын аймағы бойынша Қазақстан тұрғындарының әдепкі тамақтану рационын сипаттау	Цифрлық
<i>Жүйелік ойлау</i>	<i>Экологиялық сауаттылық</i>	<i>Денсаулық пен игілік</i>	
8.3.1.5. Тотығу, жану және тыныс алу үдерістерін салыстыру	8.6.4.6. Улы металдармен ластау көздерін анықтау	8.6.4.2. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулар мен дәрумендердің функцияларын сипаттау	ЭКО – МЕН
<i>АКТ дағдылар</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
7.1. Электрондық кестелерде диаграмма құру	8.2.4.5. Металдардың тұз ерітінділерімен өзара әрекеттесуінің реакцияшылдығын зерттеу	9.4.2.6. Химиялық реакция жылдамдығына әртүрлі фактордың әсерін жалпылау	Қолданбалы
<i>Сыни ойлау:</i>	<i>Кәсіпкерлік сауаттылық</i>	<i>Патриотизм және жауапкершілік</i>	
8.3.3.2. Химиялық тепе-теңдікті бөлшектер теориясы тұрғысынан динамикалық үдеріс ретінде түсіндіру	10.6.3.24. Жанатын өнімдерді атау және спирттің биоотын ретінде падалануын бағалау	9.1.2.6. Қазақстанда атом өнеркәсібін дамыту болашағын бағалау	Қарекетшілдік
<i>Сыни ойлау:</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Денсаулық пен игілік</i>	
8.4.2.3. Атмосфера ауасы мен жер қыртысының құрамындағы оттегінің құрамын салыстыру	8.6.2.15. Суды тазарту әдістерін сипаттау	10.6.3.35. Алкоголь тұтынудың әлеуметтік және медициналық салдарын талқылау	Өзін-өзі реттеу

2. Ұзақмерзімді жоспарларды іске асыру ерекшеліктері

Ұзақмерзімді жоспарда аталған бөлімнің тақырыбы мен оқу мақсаттарына бағытталған тұжырымдамалар бар. Оқытудың әрбір мақсатына жету үшін тапсырмалар ұсынылған, оқытудың осы мақсатында қалыптастырылатын дағдылар, сауаттылық түрлері мен құндылықтар көрсетіліп, мұғалімге тапсырмаларды дәл таңдауға мүмкіндік беретін әрбір мақсат шеңберінде бағалаудың ұсынылатын критерийлері берілген. Теориялық материалға, жаңа материалды бекітуге арналған тапсырмаларға сілтемелер берілген дербестендірілген оқуға арналған баған енгізілген. Бұл сілтемелер сабақтан қалып қойғанда оқушылардың тақырып мазмұнын өз бетінше игеруіне мүмкіндік береді.

Ұзақмерзімді жоспар бойынша оқу жоспары жасалды, онда ұзақмерзімді жоспарда ұсынылған классификацияға сәйкес тапсырмалар мысалдары ұсынылып, мұғалімге әдістеме тұрғысынан кеңес берілген.

Ұзақ мерзімді жоспар үлгісі, 8 сынып
Химия, 8-сынып

Тақырып Мазмұны	Оқу мақсаты	Ұсынылатын бағалау критерийлері	Ұсынылатын тапсырмалар/ есеп түрлері	Пән шеңберінде дамитын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
2 -тоқсан						
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 8.2А Металдардың белсенділік қатары						
Металдардың тұз ерітінділерімен реакциясы. №3 демонстрация «Металдар бәсекелестігі»	8.2.4.5. Металдардың тұз ерітінділерімен өзара әрекеттесуінің реакцияшылдығын зерттеу	Оқушы: – металдардың тұз ерітінділерімен реакциясындағы белсенділігін көреді, түсіндіреді; – өз деректеріне сүйеніп, белсенді металдар қатарын жасайды	<i>Зерттеу тапсырмалары:</i> <i>Бақыланған немесе сипатталған құбылыстарды түсіндіру.</i> – демонстрациялық эксперимент бойынша нұсқаулық кестесін толтыру; – бақыланатын құбылыстарды ғылыми тілмен түсіндіру; – эксперимент жоспарын құру және жасау; – эксперимент қорытындыларын тұжырымдау. Сапалы тапсырмалар: <i>Деректерді немесе үрдістерді түсіндіруге бағытталған тапсырмалар</i> – бірнеше металды мысалға алып, белсенді металдар қатарын жасау.	Экспериментті нұсқаулыққа сәйкес орындау. Деректер жинау Қорытындыларды талдау және тұжырымдау	Метапәндік дағдылар: Креатив ойлау. Сыни ойлау. Зерттеу дағдылары Сауаттылық түрлері: Функционалдық сауаттылық	Теория 1.Оқулық Химия 8 сын: 3.2 п., 40–41 б. Тәжірибе: 1.Оқулық Химия 8 сын: 41 -б., 2,3 жат. 2. BilimLand білім беру сайты 8-сынып 1 -тоқсан 14-сабақ OnlineMektep = BilimLand

Сабақ үлгісі

ТАҚЫРЫП: МЕТАЛДАРДЫҢ ТҰЗ ЕРІТІНДІЛЕРІМЕН РЕАКЦИЯСЫ.

№ 3 ДЕМОНСТРАЦИЯ «МЕТАЛДАР БӘСЕКЕЛЕСТІГІ»

Оқу мақсаты:

8.3.2.5. Металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің реакцияшылдығын зерттеу

Болжалды нәтижелер:

- Бақыланған құбылыстарды түсіндіреді;
- Жоспар құрып, эксперимент жасайды;
- Тұз ерітінділерімен әрекеттесу реакцияларындағы түрлі металдар белсенділігін зерттейді;
- Тұз ерітінділерімен әрекеттесу реакцияларындағы түрлі металдар белсенділігі жөнінде

тұжырым жасайды;

- Эксперимент нәтижелері бойынша белсенді металдар қатарын жасайды.

Ұсынылатын тапсырмалар:

Оқушыларға күміс немесе қорғасын ағаштарының пайда болуы туралы бейнеүзіндіні көруді тапсырыңыз немесе оқушыларға алдын ала дайындалған күміс және қорғасын кристалды ағаштарды көрсетіңіз.

«Күміс ағашының» айналасында көгілдір бояудың пайда болуының себебі неде екенін сұраңыз. Оқушыларды мыс күмісті тұз ерітіндісінен ығыстырады деген қорытынды шығаруға жетелеу керек. Мұндай реакциялардың алмастыру реакциялары екенін түсіндіріп, реакция теңдеулерін құруды сұраңыз.

Түрлі металдардың белсенділігін зерттеу үшін оқушылардан жоспар құрып, эксперимент жасауды сұраңыз:

Мыс, магний, қорғасын, мырыш және олардың тұздарының ерітінділері берілген. Осы тақырып бойынша төрт тармақтан тұратын қысқаша жұмыс жоспарын жасаңыз.




1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

1. Үш түтікке 2 мл тұз құю.
2. Әр түтікке металл үлгісін салу.
3. Бақыланатын құбылыстарды кестеге жазу.
4. Басқа ерітінділермен тәжірибе жасау.

Жұмыс жоспарына сәйкес әрекеттесу реакцияларын жасаңыз. Металдардың бәсекелес реакцияларын бақылау деректерін талдаңыз және эксперимент нәтижелері бойынша қорытынды жасаңыз. Анықталған мәліметтерді зерттелетін металдардың химиялық қасиеттерімен және олардың реакцияшылдығымен салыстырыңыз. Кестені толтырыңыз:

	Cu	Mg	Pb	Zn
Cu(NO ₃) ₂	x	металл пластинаның бетінде	пластинада қызыл-қоңыр түсті металл пайда болды	пластинада қызыл-қоңыр түсті металы пайда болды
Mg(NO ₃) ₂	өзгеріс болған жоқ	x	өзгеріс болған жоқ	өзгеріс болған жоқ
Pb(NO ₃) ₂	өзгеріс болған жоқ	металл пластинаның бетінде	x	металл пластинаның бетінде
Zn(NO ₃) ₂	өзгеріс болған жоқ	металл пластинаның бетінде	өзгеріс болған жоқ	x

2. Металдар мен тұз ерітінділері арасындағы мүмкін реакциялар теңдеулерін құрастырыңыз.



3. Берілген металдардың белсенділігінің төмен болуы ретімен белсенділік қатарын құрастырыңыз.

Mg, Zn, Pb, Cu

Бекіту тапсырмалары:

1. Оқушының бақылауы мен ол зерттейтін металдарды сәйкестендіріңіз.

Металл белгісі	Металл
А металы қызыл-қоңыр түсті және тұз қышқылымен әрекеттеспейді.	Алюминий
В металы жоғары реактивтікке байланысты май қабатының астында сақталады және тұз қышқылымен өте күшті реакцияға түседі.	Мыс
С металы сұйылтылған тұз қышқылымен өте баяу әрекеттеседі, бірақ концентрацияланған тұз қышқылы құйылса, реакция лезде жеделдейді.	Натрий

2. X, Y және Z металдары берілген. Бұл металдар келесі химиялық қасиеттермен сипатталады:

* Y X-ті оның тұзының ерітіндісінен ығыстырады.

* Z X және Y металдарының екеуін де тұздарының ерітінділерінен ығыстырады.

Үш металды химиялық белсенділігінің жоғарылау ретімен орналастырыңыз.

3. Металдар белсенділігінің төмендеуі бойынша орналасқан:



Q және R белгісіз металдар.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Q металы суық сумен әрекеттесе ме?

б) R металы суық сумен әрекеттесе ме?

с) R металы сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесе ме?

д) R металы мыс сульфатының ерітіндісіндегі мысты алмастыра ма?

Реакцияларды жазу дағдыларын нығайту үшін

Ресурстар:

1. BilimLand білім беру сайты 8-сынып 1-тоқсан 14-сабақ

[OnlineMektep – BilimLand](#)

2. Оқушылардың интерактивті іс-әрекеті:

<http://www.youtube.com/watch?v=LRy6vAB5wH0>

<http://www.docbrown.info/page03/Reactivityb.htm>

Жоғары мектептегі жиынтық бағалау нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар

2023–2024 оқу жылында 12-сыныптың сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері:

– инфрақызыл спектр бойынша функциялық топты анықтау (90,2%);

– Бренстед-Лоури теориясы бойынша қышқыл және негіз ұғымдарын түсіндіру (78,7%);

– коваленттік байланысы бар қосылыстың нүктелері мен кресттерінің диаграммасын құру (73,6%) тапсырмаларында ең жоғары ұпай алған.

Оқушылар:

– гетеролитикалық бөліну реакциясының теңдеуін жазу;

– этерификация реакциясының шарттарын түсіндіру;

– галогеналкандардан аминдердің түзілу механизмін түсіндіру;

- бір уақытта үш функциялық топ (бензол сақинасы, амин тобы және эфир тобы) қатысқан қосылысты дұрыс атау;
- C-13 ЯМР және протон ЯМР интерпретациялары, сондай-ақ спектрлердің қалай пайда болғанын түсіну;
- реакциялардың ретін градиент графигі бойынша анықтау;
- реакция жылдамдығының константасының мәні мен өлшем бірлігін есептеу дағдыларын жете меңгермегенін көрсетті.

Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінде оқушылар тым көп қате жіберген тақырыптар анықталды.

Осыған байланысты осы тақырыптарды оқу барысында мынадай дағдыларды қалыптастыруға назар аудару керек.

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Дағды
Айналамыздағы химия	Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	Қосылу реакциялары	Қос байланыс тотығу өнімдеріндегі гидроксил топтарының санын анықтау
Айналамыздағы химия	Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	Нуклеофильді алмастыру	Гетеролитикалық бөліну реакциясының теңдеуін жазу
Бөлшектер және олардың құрылымы	Атомның құрылымы	Инфрақызыл спектроскопия	Алкогольді деммен анықтау үшін инфрақызыл спектроскопияны қолданудың мүмкін емесінің себебін түсіндіру
Бөлшектер және олардың құрылымы	Атомның құрылымы	ЯМР спектроскопиясы	C-13 ЯМР және протон ЯМР-ды түсіндіру қабілеті, сондай-ақ спектрлердің қалай алынғанын түсіну
Айналамыздағы химия	Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	Хош иісті және басқа күрделі қосылыстардың IUPAC номенклатурасы	Үш функциялық топ (бензол сақинасы, амин тобы және эфир тобы) қатысқан қосылысты дұрыс атау
Айналамыздағы химия	Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	Этерификация реакциясы	Этерификация реакциясының шарттарын түсіндіру
Химия және өмір	Биохимия	Аминдер	Галогеналкандардан аминдердің түзілу механизмін түсіндіру

Қосылу реакцияларын, сондай-ақ органикалық химиядағы нуклеофильді алмастыру реакцияларын зерттеу кезінде оқушылардың назарын бірнеше негізгі аспектіге аудару қажет:

Оқушылар қос байланыс тотығу өнімдеріндегі гидроксил топтарының санын анықтау тапсырмаларында төмен білім деңгейін көрсетті. Төмен болуының себебі – тотығу механизмдері мен органикалық қосылыстардағы функциялық топтарды анықтау әдістері туралы түсініктің жеткіліксіздігіне байланысты болуы мүмкін. Өнімнің құрылымын дұрыс анықтау үшін органикалық химия теориясы мен қосылыстарды талдау әдістерін түсіну маңызды. Қосымша оқу материалдары, тапсырма мысалдары және тапсырмалар бойынша өзіндік жұмыс оқушыларға әртүрлі қосылыстардағы гидроксил топтарының санын, гидроксил топтарының пайда болуына септесетін реакция мен тотығудың негізгі белгілерін анықтаудың дағдылары мен түсініктерін жетілдіруге көмектеседі.

Оқушылардың көпшілігі гетеролитикалық алшақтық теңдеуін дұрыс жаза алмады, олар өнім зарядтарының түзілуін және олардың бірінде жалғыз электронды жұптың болуын ескерген

жоқ. Алдымен, химиялық реакцияның негізгі принциптерін оқып, кейін үдерісті түсінуді жақсарту және теңдеу құру дағдыларын нығайтуға көмектесетін гетеролитикалық үзіліс реакцияларын жазу тапсырмаларын орындау ұсынылады.

Оқушылардың бестен бір бөлігі ғана гидроксил тобының суда болуы дем арқылы алкогольді анықтау үшін инфрақызыл спектроскопияны қолдануға кедергі келтіретінін түсінеді. ИҚ-спектроскопиясын қолдану кезінде пайда болатын негізгі үдерістерді зерттеу қажет. Гидроксил тобының инфрақызыл спектроскопия нәтижелеріне әсерін түсінуге берілген мәселеге баса назар аударатын тапсырмалар, оқыту ресурстары мен тәжірибелік сабақтар септеседі.

Оқушылардың көпшілігі үш функционалды тобы (бензол сақинасы, амин тобы және эфир тобы) бар қосылысты дұрыс атай алмады. Сабақтарға номенклатура ережелерін, көпфункционалы органикалық қосылыстардың изомериясын қолдану тапсырмаларын қосуға кеңес беріледі.

Оқушылардың аз ғана тобы сілтілі гидролиздің, қышқылға қарағанда, пайдалану артықшылығын дәл көрсете алды. Бұл жайт оқушылардың оқыс жағдайларда қарапайым тұжырымдамаларды қолдануға қиналатынын білдіреді. Химиялық реакциялардың механизмдерін мұқият зерделеу керек және сабақтарға аналитикалық ойлау дағдыларын және ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау қабілетін дамыту тапсырмаларын енгізу қажет. Бұл бір әдістің екіншісіне қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінуде, сипаттауда және бағалауда үлкен рөл атқаратын болады.

Оқушылардың оннан бір бөлігі ғана дейтерий (ауыр) су ОН шыңын протон ЯМР спектрінде алып тастайтынын көрсетті. Оқушылардың кей топтары ғана галоалкандардың аммиакпен реакцияларында соңғысының артық мөлшерде не үшін қолданылатынын түсіндіре алды. Біріншіден, «Атом құрылымы» бөлімінде зерттелетін талдау әдістері өте күрделі, бірақ оларды қарастыру замануи зерттеу әдістерін түсінуде аса маңызды. Осыған байланысты C-13 ЯМР және протон ЯМР-ды зерттеу кезінде мұндай спектрлерді түсіндіру және сипаттау, сондай-ақ тиісті ұғымдарды зерттеу үшін қолдануға кеңес береміз. Екіншіден, оқушылардың назарын аминдердің галоалкандардан түзілу механизміне, сондай-ақ осындай реакциялардың ерекшеліктеріне аудару қажет.

«Химия» пәні оқу бағдарламасын іске асыру барысында құндылықтар мен тәрбиелік аспектілерді бойға сіңіру

Заманауи білім беру мұғалімдерден білім беруді, дағдыларды оқытуды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың гуманистік дүниетанымы мен белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін оқу пәнінің тәрбиелік және дамыту әлеуетін пайдалануды талап етеді. Химия пәні оқу бағдарламасының аясында оқу үдерісін жүзеге асыра отырып, пән мазмұны арқылы білім беру және оған тәрбие мақсаттарын кіріктіру өте маңызды.

Рухани-адамгершілік тәрбие өзін-өзі тануды дамытуға, тұлғаның этикалық принциптерін, моральдық қасиеттері мен қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасауды, рухани-адамгершілік білім мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру және дамытуды; оқу, өндірістік және қоғамдық қызметте адамгершілік, кәсіби этика нормаларына байланысты білімді қолдана білуді; тәрбиеленушілерде дәстүрлі ұлттық және моральдық құндылықтарды жаңғырту негізі ретінде репродуктив сананы және отбасын құру жөнінде көзқарас қалыптастыруды көздейді. Химия сабақтарында рухани-адамгершілік тәрбиені тарихи жаңалықтар, өнертабыстар мен заңдардың мәнмәтінін зерделеу арқылы қалыптастыруға болады. Мысалы, белгілі химик ғалымдардың өмірбаяндарын, ғылым мен қоғамға қосқан үлесін зерттеу; маңызды әлеуметтік өзгерістерге сеп болған химия ғылымындағы жаңалықтар; атом энергиясын бейбіт және әскери мақсатта пайдалану тақырыбын талқылау, т.б.

Дене тәрбиесі және денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру саламатты өмір салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл физикалық қасиеттерді дамытуға ғана емес, адамның ақыл-ойын дамытып, тиімді кәсіби қызметке қажет қасиеттерді бойға сіңіруге ықпал етеді. Күнделікті өмірдегі кейбір маңызды биологиялық үдерістер, химия тұрғысынан алғанда, оқушылардың денсаулық және саламатты өмір салты ережелерін сақтауға қажет білімді,

дағдыларды қалыптастыру және меңгерілген білімді қолдану мүмкіндігі ретінде қарастырылады (8.6.4.3. Макро және микроэлементтердің ағза үшін маңызын түсіндіру; 10.6.3.35. Алкоголь тұтынудың әлеуметтік және медициналық салдарын зерттеу). Бұл білім оқушылардың саламатты өмір салты ережелерін саналы ұстануына және меңгерген дағдыларын игілігі мен денсаулығын жақсартуға пайдалануына аса керек.

Химия ғылымы білімін атмосфераның ластануы сияқты **экологиялық мәселелерді** шешуде қолдану зор маңызға ие. Оқушылардың климаттың өзгеруі және қоршаған ортаның ластануы сияқты жаһандық мәселелерді шешудегі химияның маңызын түсінуі (8.6.2.7. Озон қабатының бұзылу себептерін және оның қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерінің салдарын түсіндіру; 10.6.2.9. Аммиак өндірісінің экологиялық салдарын және шығарындыларды азайту жолдарын бағалау). Оқушылар химияның өз өмірі мен қоғам өміріндегі рөлі аясында рефлексия жасауды үйренеді, адалдық, жауапкершілік және қоршаған ортаға құрмет сияқты моральдық қасиеттерді қалыптастырады.

Химиялық білім беру **экологиялық мәдениет**, сауатты әрі қауіпсіз мінез-құлықтың дамуына ықпал етуге бағытталған. Бұл оқушылардың адамзат алдында тұрған шикізат, энергетика, азық-түлік және медициналық мәселелерді шешудегі химияның рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру үшін қажет. Экологиялық мәселелердің көпшілігі химиялық сипатқа ие және оларды шешуде химия туралы білім қолданылады. Мұғалім оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға шақырып, экологиялық таза мінез-құлық мысалдарын көрсетуі керек. Оқушыларға химия білімімен қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын сақтауға ықпал ететін экологиялық қауіпсіз азық-түлік өндіріп, материалдарды қалай жасауға болатынын көрсету маңызды. Оқу бағдарламасы химия мен экологияның өзара байланысы мәселелерін, сондай-ақ химия және химия технологиясы ұсынатын экология мәселелерін шешу жолдарын баяндауды көздейді.

Сабақтың әр тақырыбында сәйкес экологиялық материал таңдауға болады. Экологиялық компонент әртүрлі заттар мен қосылыстардың құрамы, құрылымы, қасиеттері мен функцияларының өзара байланысы туралы идеяларда; әртүрлі жүйелердің химиялық механизмдерінде; заттардың организмдер мен табиғатқа қолданылуы мен әсерінде; химиялық ластанудың ықтимал экологиялық әсерлерінде және т.б. көрініс табады. Химия курсына оқушыларды экологиялық мәселелермен таныстыру 7-сыныпта басталады.

Білім беру контекстінде, атап айтқанда, химияны зерттеу барысында ғалымдардың ғылым мен техниканың дамуына қосқан үлесі туралы ақпаратты қосу маңызды. Мысалы, «Металдар» тақырыбын зерделеу кезінде Қазақстанның пайдалы қазбаларын зерттеуге елеулі үлес қосқан академик Қ. И. Сәтпаевтың жұмыстарын қарастыруға болады. Оның зерттеулері мен Қазақстанның металлогендік картасы металдар туралы меңгерген білімді тәжірибе жүзінде қолданудың үлгісі бола алады. Сондай-ақ Қазақстан жерінде табылған ұлттық әшекейлер, ыдыс-аяқ және әскери сауыт-саймандар сияқты заттарды зерделеу өте пайдалы. Бұл оқушылардың металдардың тарихи маңызын және өркениеттердің дамуындағы рөлін түсінуіне ықпал етеді.

Еңбекке баулу және экономикалық оқыту мен тәрбие жасөспірімдер мен жастардың өзіне-өзі қызмет ету: ұжымда жұмыс істей білу, өз іс-әрекеттерінің мәні мен салдарын дұрыс бағалау, белгілі бір тиімді нәтижеге барынша қол жеткізу дағдыларын, қызметіне адал болу жауапкершілігін, шығармашылық көзқарасын қалыптастыруды көздейді. М. В. Ломоносов, Д. И. Менделеев және т.б. танымал химиктердің өмірі мен жетістіктері туралы әңгімелер оқушыларды еңбекқорлық пен жауапкершілікке рухтандыруы мүмкін. Химия тақырыптары бойынша пікірталастар мен жобалар өткізу оқушылардың топтық жұмыс, жоспарлау және жобаларды жүзеге асыру дағдыларын дамыта алады, бұл олардың экономикалық ойлауына оң әсер етеді. Оқушыларды химиялық бағдарламалармен және симуляциялармен жұмысқа ынталандыру заманауи әлемдегі технологиялар мен цифрлық дағдылардың маңызын түсінуге көмектеседі.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – оқушылардың бойында адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру және көркем мәдениет, дәуірлердің және халықтардың әлемдік көркемдік құндылықтарымен, сондай-ақ ұлттық және жалпыадамзаттық туындылар мен табиғат

сұлулығымен таныстыру. Эстетикалық тәрбие оқушылардың моральдық, ақыл-ой, физикалық дамуымен тығыз байланысты. Тәрбиенің бұл түрі көрнекі материалдарды пайдалану, қызық эксперименттер мен демонстрациялар жасау, эстетикалық тартымды және креатив жобалар мен презентациялар жасау арқылы берілуі мүмкін. Көрнекі химиялық реакциялар, молекулалар мен химиялық құрылымдардың түрлі түсті үлгілері, түрлі иллюстрациялар мен бейнематериалдарды пайдалану оқушылардың назарын аударуға, тақырыпқа қызығушылығын тудыруға ықпал етеді. Сондай-ақ әдемі химиялық кристалл формалар жасау (мысалы, келесі оқу мақсатына жету барысында: 7.5.2.6. Ерітінді дайындап, одан кристалл шығару), химиялық формулаларды сипаттау немесе молекулалық құрылымдарды модельдеу бойынша шеберлік сыныптары өткізілуі мүмкін. Химиядағы эстетиканың маңызын атап өту және ғылым қызық қана емес, сонымен қатар тартымды болуы мүмкін екенін көрсету де орынды.

Химик ғалымдардың көпшілігі суретші, музыкант, ақын болған. Оқушылар химиялық элементтерді жіктеу қағидаларын зерделеу барысында (7.2.1.1 И. Деберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеев жұмыстарының мысалымен элементтердің жіктелуін білу және салыстыру), химиялық элементтерді атом массаларының өсу ретімен орналастырған Джон Ньюландс туралы оқып білген кезде ғылыми жаңалық ашуда ғылым мен өнерді біріктіру мүмкіндігінің бар екеніне сенімді болады. Нәтижесінде аталған ғалым әрбір сегізінші элементтің қасиеттері бойынша бірінші элементке ұқсайтынын байқайды да, оны музыкалық гамманың жеті интервалына ұқсатып «Октава заңы» деп атайды.

«Биология» пәні

«Биология» пәні оқу бағдарламасы биологиялық үдерістерді, құбылыстар мен заңдылықтарды түсіну үшін білім жүйесін қалыптастыруға, әртүрлі организмдердің қалай өмір сүретінін, өзара әрекеттесетінін және Жердегі тіршілік формаларының әралуандығын түсіну үшін оқушылардың жаратылыстану ғылымынан сауаттылығын көтеріп, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

1. Оқу жүктемесі және құжаттар

2024–2025 оқу жылында негізгі мектептің 8-сыныптарына «Биология» пәні оқу бағдарламасының 2.0-нұсқасы енгізіледі. Оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін 7 және 8-сыныптарға арналған 2023 жылғы оқу жоспарының 2.0-нұсқасын пайдалануға кеңес беріледі. 9 және 10-сынып оқушылары 2019 жылғы оқу бағдарламасы (8-нұсқа) бойынша оқиды.

Барлық сыныптың оқу бағдарламаларының енгізілуі және оқу жүктемесі туралы ақпарат кестеде берілген:

Сынып	Апталық жүктеме, сағ.	Жылдық жүктеме, сағ.	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
Негізгі мектеп				
7	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
8	3	108	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
9	3	108	8-нұсқа, 2019 ж.	6.0-нұсқа, 2018 ж.
10	3	108	8-нұсқа, 2019 ж.	6.0-нұсқа, 2019 ж.
Жоғары мектеп				
11	6	216	11-нұсқа, 2018 ж.	8-нұсқа, 2020 ж.
12		216		7-нұсқа, 2020 ж.
11	3	108	2-нұсқа, 2018 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
12		54		2-нұсқа, 2019 ж.

8-сыныптың «Биология» пәні оқу бағдарламасына негізгі құзыреттіліктерге көбірек көңіл бөлу мақсатымен өзгерістер енгізілді: оқу мақсаттарының жүйесі қайта қаралды, кейбір оқу

мақсаттары өзгертіліп жазылды, жойылды немесе басқа сыныптарға немесе бөлімдерге ауыстырылды. 7 және 8-сыныптарға арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары жүйесіндегі өзгерістер туралы толық ақпарат кестеде берілген:

8-сыныптың өзгертілген мақсаттары

№ р/н	Құрылымдық элемент (ОМ, бөлім, бөлімше, тақырып)		Негіздеме
	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	
	8.1.1.2. Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ қырықжапырақ мысалы арқылы өсімдіктердің айрықша белгілерін сипаттау	8.1.1.2. Балдырлар, мүктер, қырықжапырақ мысалы арқылы өсімдіктердің айрықша белгілерін сипаттау	Оқушыларға эволюциялық байланыстар мен биологиялық алуантүрлілікті тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін биология ғылымының негізі ретінде жіктеуге баса назар аудару қажет. Төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктер туралы ұғымдарды енгізу мақсатымен оқу мақсатының мағынасы кеңейтілді. Бастапқы оқу мақсаты балдырларды, мүктерді және қырықжапырақтарды зерттеумен шектелді, бұл өсімдіктер әлемінің алуантүрлілігі туралы толық түсінік бере алмады. Кеңейтілген оқу мақсаты саңырауқұлақтар мен қыналар, ашықтұқымды және жабықтұқымдылар бөлімдерін зерттеуді қамтиды. Мақсаттың бұлай өзгеруі флора әлемі туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді.
	8.1.5.2. Тері құрылымын сипаттау	8.1.5.2. Терінің құрылымы мен қызметін зерттеу	Жаңа оқу мақсатында оқушылар микропрепараттар арқылы тері құрылымын зерттеумен қатар тері қызметтерімен танысады. Микропрепараттарды қолдану арқылы терінің негізгі құрылымдық компоненттерін бөліп көрсетуді, олардың функционалдық ерекшеліктерін салыстыруды және мүшенің жалпы жұмысында әр элементтің қызметі туралы қорытынды жасауды үйрене алады.
	8.1.6.4. Гиподинамияның салдарын ата	8.1.6.5. Гиподинамияның салдарын талдап, сымбаттың бұзылуы және жалпақтабан болудың себептерін анықтау	Бастапқы оқу мақсаттары гиподинамия мен сымбаттың бұзылуын/жалпақтабан болуды бөлек мәселелер ретінде қарастырады. Алайда адам денсаулығымен байланысты бұл аспектілер көп жағдайда өзара байланысты болады. Бастапқы нұсқада қайталау кездеседі: оқушылар гиподинамияның салдарын олардың өзара байланысына қарамастан, сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабан болудың себептерінен бөлек қарастыруы керек болған. Біріктірілген мақсат осы қайталанған жолдарды жойып, бағдарламаның жүктемесін азайтады.

<p>8.1.7.1. Таяқшалар мен құтышалардың, шаш жасушаларының құрылымын олардың қызметімен салыстыру</p> <p>8.1.7.2. Көру және есту арқылы қабылдау ерекшеліктерін зерттеу</p> <p>8.1.7.3. Көру және есту қабілеттеріне күтім жасау ережелерін сипаттау</p>	<p>8.1.7.2. Көз анализаторының, таяқшалары мен құтышаларының құрылымы және қызметінің белгілерін бөліп көрсетіп, көзбен қабылдау ерекшеліктерін зерттеу</p> <p>8.1.7.3. Есту анализаторының, талшық жасушаларының құрылымы мен жұмысының белгілерін бөліп көрсетіп, есту арқылы қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу</p>	<p>Бұл оқу мақсаттары біріктіріліп, қайта тұжырымдалған. Көлемді практикалық жұмыс бөлінді.</p> <p>Бастапқы тұжырым көру және есту қабілетін зерттеуді бір тапсырмаға біріктірді. Оларды жеке оқу мақсаттарына бөлу әрбір анализаторды терең және егжей-тегжейлі зерделеуге мүмкіндік береді. Жаңа тұжырымдамада анализаторлардың визуал (таяқшалар мен құтышалар) және есту (шаш жасушалары) элементтерінің құрылымы мен қызметін зерттеуге баса назар аударылады. Бұл оқушылардың көру және есту анализаторларының жұмыс ерекшеліктерін және осы сенсорлық жүйелердің жұмысын жақсы түсінуіне ықпал етеді.</p>
<p>8.1.7.7. Ұйқы безі немесе қалқанша без қызметінің бұзылуынан туған ауруларды сипаттау</p>	<p>8.1.7.7. Гипофиз, ұйқы безі немесе қалқанша без қызметінің бұзылуынан пайда болған ауруларды сипаттау</p>	<p>Бұл оқу мақсаты қайта тұжырымдалып, бездер тізіміне гипофиз қосылды. Гипофиздің қосылуы эндокриндік жүйені және өртүрлі бездер арасындағы байланысты жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді.</p> <p>Бұл эндокриндік аурулардың пайда болу механизмдерін және адам денсаулығы туралы біртұтас идеяны қалыптастыру үшін маңызды мүшелер арасындағы өзара әрекеттесуді жақсы түсінуге ықпал етеді.</p>
<p>8.1.2.1. Жапырақтың ішкі құрылымын сипаттап, құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты түсіндіру</p>	<p>8.1.2.1. Жапырақтың ішкі құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты түсіндіру.</p>	<p>Оқу мақсатын қайта тұжырымдау оны анық және түсінуді жеңіл етеді. Жаңа тұжырым жапырақтың құрылымын сипаттаумен қатар бұл құрылымның оның қызметімен қалай байланысатынын түсіндіру қажетін көрсетеді. Бұл оқушыларға жапырақтың құрылымымен бірге оның өсімдіктегі функционалдық маңызын түсінуге оң әсер етеді.</p>
<p>8.1.2.5. Өсімдіктерге арналған минерал тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың маңызын зерттеу</p>	<p>8.1.2.5. Өсімдіктер үшін минерал тыңайтқыштардың (азот, фосфор, калий) маңызын анықтау</p>	<p>Бұл оқу мақсаты қайта тұжырымдалған. Себебі – минерал тыңайтқыштардың әсерін зерттеу олардың өсімдіктерге әсерін өртүрлі аспектілерге қосу қажетіне байланысты ұзақ процесс болуы мүмкін. Минерал тыңайтқыштардың белгілі бір түрлерін, маңызын зерттеуге назар аударып, оқушылар негізгі ұғымдар мен қағидағаттарды тез игере алады.</p>
<p>8.2.1.4. Гүлді өсімдіктердегі қос ұрықтанудың маңызын сипаттау</p>	<p>8.2.1.4. Гүлді өсімдіктердегі қос ұрықтанудың маңызын бағалау</p>	<p>«Маңызын бағалау» когнитив мағынадағы егістік оқушыларға құбылыстың мәнін түсінуден («маңызын сипаттау» сияқты) қатар қос ұрықтану процесінің маңызы мен салдарын бағалау міндетін қояды. Бұл тақырыпқа терең бойлауды және ақпаратты талдау мен бағалауға белсенді қатысуды білдіреді.</p>

<p>8.1.3.1. Жануарлардың қанайналым жүйесінің маңызын түсіндіру</p> <p>8.1.3.2. Жануарлардың қанайналым жүйесінің түрлерін сипаттау</p> <p>8.1.3.3. Жануарлардың жүрек пен қан тамырларының құрылымын сипаттау</p> <p>8.1.3.4. Қантамырлар қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты түсіну</p>	<p>8.1.3.1. Жануарлардың қанайналым жүйесінің маңызын түсіндіру</p> <p>8.1.3.2. Жануарлардың қанайналым жүйесінің түрлерін сипаттау</p> <p>8.1.3.3. Жекеленген жүрек құрылымдарының жүрек қызметімен байланысын түсіндіру</p> <p>8.1.3.4. Қантамырлар қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату</p>	<p>«Заттардың тасымалдануы» бөлімінің оқу мақсаттарының тұжырымдамаларындағы өзгерістер оларды нақтылауға және логикалық ретін жақсартуға байланысты енгізілді.</p> <p>«Жануарлардың жүрек пен қан тамырларының құрылымын сипаттау» тұжырымдамасы жеке жүрек құрылымдары мен оның функциялары арасындағы байланысты толық түсіну үшін «жеке жүрек құрылымдарының жүрек қызметімен байланысын түсіндіру» болып қайта тұжырымдалды, ал жануарлардың жүрек құрылымы қанайналым жүйесінің түрлерімен бірге зерттеледі. Сондай-ақ «қантамырлар қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату» оқу мақсатындағы когнитив мағынадағы егістік тамырлардың құрылымы олардың қызметіне қалай әсер ететінін терең түсіну үшін «қантамырлар қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты түсіндіру» болып өзгертілді.</p>
<p>8.1.3.5. Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін және оның қайта қалпына келуін зерттеу</p>	<p>8.1.3.5. Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу</p>	<p>Жүрек жұмысына оның дене белсенді кезінде жұмыс істеуімен қатар жүктемелерге бейімделу мен қалпына келтіруді қоса алғанда көптеген үдеріс кірегінің негізінде оқу мақсаты басқаша жазылды.</p> <p>Оқу мақсатының өзгеруі оның қалпына келуін жазбай-ақ жаттығулардың жүректің жұмысына тікелей әсерін зерттеуге ден қоюға ықпал етеді.</p>
<p>8.3.1.4. Экожүйелердің негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын белгілеу</p>	<p>8.3.1.4. Экожүйелердің негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын салыстыру</p>	<p>«Салыстыру» егістігі «белгілеу» егістігімен салыстырғанда когнитив белсенділіктің жоғары деңгейін білдіреді. Салыстыру тақырыпты терең түсінуге ықпал ететін әртүрлі сипаттамаларды талдауды және бағалауды талап етеді. Салыстыру оқушыларға негізгі ерекшеліктерді бөлумен қатар экожүйелердің әртүрлі элементтері арасында себеп-салдарлық байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.</p>
<p>8.3.1.5. Экожүйелердің жалпы құрылымының схемасын жасау</p>	<p>8.3.1.5. Экожүйелердің жалпы құрылымының схемасын модельдеу</p>	<p>Тұжырымдама АКТ дағдыларын дамыту, деректермен жұмыс істеу сауаттылығын арттыру мақсатымен өзгертілді. «Жасау» когнитив егістігі оқу мазмұнына көбірек сәйкес келетін «модельдеу» егістігіне өзгертілді. Модельдеу экожүйе схемасын құруға белсенді қатысуды білдіреді және оқушылардан сыни ойлауын, талдауды қолдануды талап етіп, оқушылардың шығармашылық қасиеттерін дамытады. Бұл тақырыпты терең түсінуге және оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына оң әсер етеді.</p>

8-сыныптың орны ауыстырылған мақсаттары

№ р/н	Құрылымдық элемент (ОМ, бөлім, бөлімше, тақырып)		Негіздеме
	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	
1	8.1.4.3. Химиялық тыныс алу процесінің ауызша теңдеуін қолданып, аэробты тыныс алуды сипаттау	9.1.4.2. Химиялық тыныс алу процесінің ауызша теңдеуін қолданып, аэробты тыныс алуды сипаттау	Зерттелетін тақырыптардың нақты тізбегін құру үшін 8-сыныптан 9-сыныпқа ауыстырылды. Себебі 8-сыныпта осы оқу мақсатының болуы бөлімнің мазмұнына сәйкес келмеді
2	7.1.6.2. Адам қаңқасының негізгі бөлімдерін анықтау	8.1.6.2. Адам қаңқасының негізгі бөлімдерін анықтау	Оқытылатын тақырыптардың ретін оңтайландыру үшін 7-сыныптан 8-сыныпқа ауыстырылды. 7-сыныптағы оқу мақсаттары бөлімнің мазмұнына сәйкес келмеді
3	7.2.3.2. Жануарлар мен өсімдіктер онтогенезінің кезеңдерін ажырату	8.2.3.1. Өсімдіктердің бойлап және жуандап өсу үдерісін зерттеу 8.2.3.2. Жануарлар онтогенезінің кезеңдерін зерттеу	8-сыныпқа ауыстырылды, «ажырату» егістігі «зерттеу» деп өзгертілді, оқу мақсаты жәндіктер жиынтығын қолдану арқылы жәндіктерді зерттеуді қамтиды
4	7.1.1.5. Организмдерді анықтау үшін дихотомиялық кілттерді қолдану	8.1.1.5. Организмдерді анықтау үшін дихотомиялық кілттерді қолдану	7-сыныптан 8-сыныпқа ауыстырылды. Себебі жіктеу мен таксономияны оқығаннан кейін дихотомиялық кілттерді қолдану тиімді болады (7-сынып оқушылары организмдердің түрлері және кластарымен әлі таныспаған)

Әрі қарай кестеде 8-сыныптың оқу мақсаттары арқылы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мысалдары келтірілген. Оқу мақсаттарына қарай мұғалім тапсырмаларды таңдайды және сабақта орындалатын әртүрлі жұмыс түрлерін жоспарлайды, мұндағы мақсат – оқушылар бойына құндылықтарды сіңіру.

Дағдылар	Сауаттылық түрлері	Құндылықтар	Негізгі құзыреттілік
<i>Креатив ойлау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Отансүйгіштік және жауапкершілік + еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.1.1.5. Организмдерді анықтау үшін дихотомиялық кілттерді қолдану	8.4.3.1. Биотехнологияның медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы, өнеркәсіптегі және минералды ресурстарды өндірудегі маңызын түсіндіру	8.3.2.1. Жергілікті өлкенің және Қазақстан Республикасының негізгі экологиялық мәселелерінің себептерін анықтау	Таным
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Денсаулық және әлауқат</i>	
8.1.2.1. Жапырақтың ішкі құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты түсіндіру	8.4.1.3. Өсімдіктер мен жануарлардың тіршігінде микроэлементтер мен макроэлементтердің (кальций, калий, темір, магний азот, фосфор) рөлін сипаттау	8.1.7.7. Гипофиз, ұйқы безі немесе қалқанша без қызметінің бұзылуынан пайда болған ауруларды сипаттау	Өзін-өзі реттеу
<i>Жүйелі ойлау</i>	<i>Медиа және ақпараттық сауаттылық</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
8.1.7.2. Көз анализаторының, таяқшалары мен құтышыларының құрылымы және қызметінің белгілерін бөліп көрсетіп, көзбен қабылдау ерекшеліктерін зерттеу.	8.5.5.1. Анықталған деректерді талдау, түсіндіру және өңдеу	8.3.2.3. Дүниежүзілік тұқым қорының құндылығын бағалау	Цифрлық
<i>Жүйелі ойлау</i>	<i>Экологиялық сауаттылық</i>	<i>Отансүйгіштік және жауапкершілік + еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.1.1.1. Тірі ағзалардың систематикалық орнын анықтау	8.3.1.4. Экожүйелердің негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын салыстыру	8.3.2.1. Жергілікті өлкенің және Қазақстан Республикасының негізгі экологиялық мәселелерінің себептерін анықтау	Эко-мен

<i>Алғашқы көмек көрсету</i>	<i>Медициналық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.1.6.6. Қаңқа зақымданған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін түсіндіру	8.1.3.6. Қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау	8.3.1.5. Экожүйелердің жалпы құрылымының схемасын модельдеу	Қолданбалы
<i>Мәселелерді шешу, коммуникация</i>	<i>Кәсіпкерлік сауаттылық</i>	<i>Денсаулық және әлауқат</i>	
8.2.4.4. Ағзалар селекциясында қолдан сұрыптаудың маңызын негіздеу	8.4.3.1. Биотехнологияның медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы, өнеркәсіптегі және минерал ресурстарды өндірудегі маңызын түсіндіру	8.1.5.3. Тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру	Қарекетшілдік

Ұзақмерзімді жоспарларды іске асыру ерекшеліктері

Ұзақмерзімді жоспарда аталған бөлімнің тақырыбы мен оқу мақсаттары негізделген тұжырымдамалар бар. Онда әр оқу мақсатын жүзеге асыру үшін ұсынылған тапсырмалар берілген, қалыптасатын дағдылар, сауаттылық түрлері мен құндылықтар көрсетілген. Сондай-ақ әр мақсаттың бағалау критерийлері ұсынылады. Бұл жайт мұғалімге тапсырмаларды дәл таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар теориялық материалға сілтемелер және жаңа материалды бекітуге арналған тапсырмалар берілген дербестендірілген оқытуға арналған баған қосылған. Бұл бағандағы мазмұн оқушылар сабақта болмай қалған жағдайда өз бетінше білім алуға көмектеседі. Ұзақмерзімді жоспар негізінде мұғалімге арналған нұсқаулықтар мен ұзақмерзімді жоспарда ұсынылған жіктеуге сәйкес тапсырмалардың мысалдары берілген оқу жоспары жасалды.

Ұзақмерзімді жоспар үлгісі, 8 сынып

Тақырып Мазмұны	Оқу мақсаты	Бағалау критерийлері	Ұсынылатын жұмыс түрлері	Пән шеңберінде дамитын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
1 -тоқсан						
8.1А Тірі ағзалардың жіктелуі						
Тұжырымдамалар						
Тірі ағзалардың систематикалық орны	8.1.1.1. Тірі ағзалардың систематикалық орнын анықтау	Оқушы: – тірі организмдердің систематикалық орнын анықтайды	<i>Биологиялық иллюстрациялар, схемалар және диаграммалар мен жұмыс тапсырмалары:</i> ұсынылған нысандарды таксономиялық топтарға бөлу. <i>Шығармашылық тапсырма:</i> таксондардың кезегін есте сақтау үшін мнемосұлба құру <i>Ғылыми деректермен жұмыс істеу тапсырмалары:</i> Анықтағышты қолдану арқылы ұсынылған биологиялық нысандарды анықтау	Түсіндіру Бақылау Себеп-салдарлық байланыстарды табу Ақпаратпен жұмыс Суреттермен/сызбалармен жұмыс Сұрақ қоя білу	Метапәндік дағдылар: – зерттеу дағдылары; – ынтымақтастық, – коммуникация; – мәселелерді шешу; – жүйелі ойлау. Сауаттылық түрлері: функционалдық сауаттылық; деректермен жұмыс істеу сауаттылығы. Құндылықтар: – құрмет; – ашықтық; – еңбекқорлық және шығармашылық.	Теория: тірі организмдердің бес патшалығының негізгі сипаттамаларын зерттеу; Берілген ақпарат көздерімен жұмыс (мәтін, сызба, сурет, бейне). Биология 8-сынып оқулығы Практика. тапсырмаларды орындау: сызбаны толтыру. Толық жауапты (сыни тұрғыдан ойлауды) қажет ететін тапсырмаларды орындау

Оқу жоспарынан алынған сабақ мысалдары

8-сынып

ТАҚЫРЫБЫ: ТІРІ АҒЗАЛАРДЫҢ СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ОРНЫ

Оқу мақсаты: 8.1.1.1. Тірі ағзалардың систематикалық орнын анықтау

Болжалды нәтижелер:

Оқушылар:

- жіктеудің таксономиялық бірліктерін біледі;
- тірі организмдердің систематикалық орнын анықтайды;
- отряд немесе тұқымдас (өсімдіктер үшін) және отрядқа (жануарлар үшін) тән сыртқы көрінетін ерекшеліктерді сипаттау;
- ұсынылған биологиялық нысандарды таксономиялық топтарға бөлу.

Терминдермен жұмыс:

Классификация	жіктеу	classification
Таксономическая иерархия	таксономиялық иерархия	taxonomic hierarchy
Систематическое положение	жүйелік орны	systematic position
Царство	Патшалық	Kingdom
Тип/отдел	Тип/бөлім	Phylum
Класс	Класс	Class
Отряд/порядок	Отряд/ қатар	Order
Семейство	Тұқымдас	Family
Род	Туыс	Genus
Вид	Түр	Species

Сабақ барысы:

Оқушыларға биологиялық нысандардың суреттерін бес патшалыққа бөлуді тапсырыңыз. Қажет болған жағдайда оқушылардың жауаптарын түзеп, ағзаларды топтастыру қажет екенін талқылаңыз, оларға сабақ тақырыбы мен оқу мақсатын анықтауды тапсырыңыз.

Сабақ тақырыбын оқыту барысында таксондардың ретін анықтауға мүмкіндік беретін биологиялық иллюстрациялар, сызбалар мен диаграммалары бар тапсырмаларды пайдаланыңыз. Бұл себеп-салдарлық байланысты анықтау дағдысын игеруге мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде оқушыларға таксондардың ретін есте сақтау үшін мнемосұлба жасауға көмектесіңіз. Сызбаларды пайдалану арқылы оқушылар ағзаның толық таксономиялық иерархиясын жасау үшін пайдалануға болатын қасиеттерді тани алады.

Мысалы: Пияз Тұқымдастардың Күлтелері Қызғылт Түсті, Таспа Тәрізді (П-патшалық, Т-тип, К – класс, Қ – қатар, Т – тұқымдас, Т – туыс, Т – түр)

Оқушыларға организмнің белгілі бір таксономиялық санатқа жататынын анықтау үшін өсімдік гербарийлерін/ жануарлардың ылғал препараттарын/ жәндіктер жиынтығын пайдалануды тапсырыңыз. Бұл зерттеу және сыни ойлау дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Өткен тақырыпты бекіту және бағалау үшін оқушыларға мынадай тапсырмаларды орындауды тапсырыңыз:

Мысалы:



1. Ең кіші санаттан бастап жабықтұқымдылар өкілдерінде жүйелік санаттардың бағыну ретін белгілеңіз.

1. Жабықтұқымды
2. Қара меңдуана
3. Қосжарнақтылар
4. Меңдуана
5. Өсімдіктер

6. Алқа тұқымдастар

Дұрыс жауап: 246315

2. «Тірі организмдердің систематикалық орны» кестесін толтыру

Патшалық		
Тип/бөлім		
Класс		
Отряд/ қатар		
Тұқымдас		
Туыс		
Түр	 <p>Сұр қасқыр (Canis lupus)</p>	 <p>Дәрілік бақбақ (Taraxacum officinale)</p>

Сабак соңында оқушылар тұжырымдама картасын толтыруы керек. Жергілікті флора мен фаунаға шолу немесе жақын жердегі ботаникалық баққа немесе хайуанаттар бағына бару сияқты қосымша тапсырмаларды қосу оқушылардың материалды жете түсінуіне және есте сақтауына көмектеседі.

Қосымша оқуға арналған материалдар:

<https://i.pinimg.com/originals/3b/42/f3/3b42f322cf14b4cffb1643b7d725e1f3.png>

«Система таксономической классификации мнемоники»

<https://www.youtube.com/watch?v=4g0u9fp2rFc>

«Систематика растений: основные термины и понятия»

<https://botsad.ru/menu/activity/articles/goncharova-sb/sistematika/>

«Система классификации живых организмов»

<https://ours-nature.ru/b/book/11/page/9-8-mnogoobrazie-organicheskogo-mira/72-50-sistema-klassifikatsii-zhivih-organizmov>

Осы тақырыпты зерттеуге арналған ресурстар:

– «Что такое царство?»

http://www.tes.co.uk/teaching_resource/Which-kingdom-6144076/

– «Таксономия»

<https://www.tes.com/teaching-resource/download/6302995>

ТАҚЫРЫБЫ: ӨСІМДІКТЕРДЕГІ ПИГМЕНТТЕР

Оқу мақсаттары: 8.1.2.3. Өсімдіктерде әртүрлі пигменттердің болуын зерттеу

8.5.5.1. Анықталған деректерді талдау, түсіндіру және өңдеу

Болжалды нәтижелер:

Оқушылар:

- өсімдік жапырағының пигменттерін бөледі;
- өсімдік жапырағының пигменттерін анықтайды;
- өсімдік жапырағының негізгі пигменттерін салыстырады.

Терминдермен жұмыс:

пигмент	пигмент	pigment
хлорофилл	хлорофилл	chlorophyll
каротиноиды	каротиноидтар	carotenoids
антоцианы	антоциандар	anthocyanins
флавоноиды	флавоноидтар	flavonoids
бумажная хроматография	қағаз хроматография	paper chromatography

Сабақ барысы:

Сабақтың басында оқушылардан сұрақтарға жауап беруді сұраңыз:

- Неліктен жапырақтар түсін өзгертеді?
- Пигменттер дегеніміз не?

Оқушылардың жауаптарын толықтырып, пигменттер ұғымын талқылаңыз. Оларға сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарын анықтауды тапсырыңыз.

Сабақтың тақырыбын зерттеу үшін оқушыларға «Қағаз хроматография әдісімен пигменттерді бөлу» практикалық жұмысын орындауды және алынған мәліметтерді өңдеуді тапсырыңыз:


- пигменттердің бөліну қашықтығын анықтау;
- анықталған деректерді талдау;
- зертханалық жұмыс барысында анықталған мәліметтердің мағынасын түсіндіру;
- нәтижесін шығару және қорытынды жасау.

Анықталған білімді бекіту мақсатымен қорытындыларды талқылауға және пигменттер туралы ақпаратпен танысуды ұйымдастыруға кеңес беріледі.

Кесте. Өсімдік пигменттері

Пигмент	Түс	Орналасқан жері	Мәні
Антоциандар	қызыл, көк, күлгін және басқа да күңгірт түстер	өсімдік жасушаларының вакуольдерінде	гүлдер, жемістер және жапырақтарға түс береді
Флавоноидтар	сары	пластидтер мен цитоплазмада	Өсімдік тіндеріне түс береді, жемістер, гүлдер, жапырақтар, тамырлар және тұқымдарда кездеседі.
Каротиноидтар	қызғылт сары, қызыл, сары	фотосинтетикалық хлоропласт мембраналарының құрылымдық компоненттері	биологиялық антиоксиданттар, көз торының ауруларының алдын алу және емдеу үшін қолданылады
Хлорофилл	жасыл	барлық жасыл өсімдіктің жасушаларында	фотосинтез процесінде маңызды рөл атқарады

Оқылған материалды түсіну деңгейін бағалау және диагностика жасау мақсатымен оқушыларға сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар орындауды тапсырыңыз. Мысалы: пигменттерді бөлудің негізгі әрекеттерін (1–8) талдау. (бірінші жол үлгі ретінде толтырылған).



Іс-әрекет	Нәтиже	Мәні
1. жапырақтарды ұсақтау	сұйық паста шығады	пигмент сығындысын алу
2.....		
3.....		
4.....		
5.....		
6.....		
7.....		
8.....		

Талқылау мен жауаптарды бағалауды ұйымдастырыңыз.

Қосымша оқуға арналған материалдар

Фотосинтетические пигменты <http://biologylib.ru/books/item/f00/s00/z0000009/st190.shtml>

Chromatography (2016) IB Biology <https://www.youtube.com/watch?v=vxhp8SfjUWU>

Paper Chromatography <https://www.youtube.com/watch?v=7q5HDMXSdtU>

Пигменты в листе растений <https://shareslide.ru/biologiya/prezentatsiya-po-biologii-na-temu-pigmenty>

Осы тақырыпты зерттеуге арналған ресурстар:

Что такое пигменты? <https://byjus.com/biology/pigments/>

«Изучение изменения окраски частей организма у растений» <https://pandia.ru/text/78/157/40049.php>

Разделение пигментов методом бумажной хроматографии <https://biologyreader.com/separation-of-plant-pigments-by-paper-chromatography.html#PlantPigments>

3. Жоғары мектептегі жиынтық бағалау нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар

2022–2023 оқу жылындағы 12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау барысында көп қате жіберетін негізгі тақырыптар анықталды. Осыған сүйене отырып, 11–12-сыныптарда биология оқу бағдарламасын меңгерту кезінде кестеде келтірілген дағдыларды дамытуға ерекше назар аудару керек.

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Дағды
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Координация және реттеу	12.1.7.4. Өсімдіктердің өсуіне үдеткіштердің әсер ету механизмін зерттеу	Өсімдіктердің өсіргіш заттарының сипаттамасын анықтайды

Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Заттардың тасымалдануы	12.1.3.1. Жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерінің механизмін түсіндіру	Қанттардың өсімдік сабағы бойымен қозғалу бағытын анықтайды
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Қоректену	12.1.2.5. Фотосинтезді шектеуші факторларды зерттеу және түсіндіру	Фотосинтезді шектеуші факторды анықтайды
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Қоректену	11.1.2.1. Әртүрлі жағдайдың (температура, РН, субстрат концентрациясы, ингибитор) ферменттердің белсенділігіне әсерін зерттеу	Ферменттердің белсенділік жағдайларын анықтайды
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Заттардың тасымалдануы	12.1.3.3. Мембраналық әлеуетті сақтаудағы белсенді тасымалдаудың рөлін анықтау	Мембраналық әлеуетті анықтайды
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Заттардың тасымалдануы	12.1.3.2. Натрий-калий сорғысының мысалында белсенді тасымалдау механизмін түсіндіру	Натрий-калий сорғысы мембраналық әлеуетті қалай сақтайтынын түсіндіреді
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Координация және реттеу	12.1.7.3 Гормондардың әрекет ету механизмін түсіндіру	Гормонның әрекет ету механизмін түсіндіреді
Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар	Жасушалық айналым	11.2.2.4. Мейозды бақылау үшін микропрепараттар көмегімен тозаң мен өсімдік жатындарының құрылымын зерттеу	Микроспорогенезді сипаттайды. Мегаспорогенезді сипаттайды
Көбею, тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	11.2.4.6. Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстыру	Гендердің өзара әрекеттесу түрін анықтайды
Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар	Молекулалық биология	11.4.1.4. Ақуыздар құрылымының төрт деңгейін сипаттау және ақуыз құрылымының әр деңгейінде болатын байланыс түрлерін түсіндіру	Ақуыз молекуласының құрылымдық деңгейін анықтайды
Тірі ағзалардың алуантүрлілігі, құрылымы мен қызметтері	Қоректену	11.1.2.1. Әртүрлі жағдайлардың (температура, РН, субстрат концентрациясы, ингибитор) ферменттердің белсенділігіне әсерін зерттеу	Әртүрлі факторлардың ферменттің белсенділігіне әсерін зерттейді
Көбею, тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	12.4.1.5. ДНҚ молекулаларындағы ақуыз құрылымы туралы ақпараттың қалай кодталатынын түсіндіру	Кодондардың санын анықтайды

«Координация және реттеу» бөлімшесін зерттеу кезінде фитогормондардың әртүрлі концентрацияларымен тәжірибе жасау және өсімдіктердің реакциясын бақылау арқылы өсімдіктердің өсуін үдеткіштердің (мысалы, ауксиндердің) әсер ету механизмін зерттеу сияқты оқу мақсаттарын жүзеге асыруға назар аудару керек. Гормондардың әсер ету механизмін организмнің физиологиялық процестеріне әсер ету мысалында процестерді (мысалы, адреналинді) визуалдауға арналған модельдер немесе симуляцияларды қолдану арқылы түсіндіру қажет. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін әртүрлі жағдаяттық және проблемалық тапсырмаларды талдауға кеңес беріледі.

Оқушылардың «Заттардың тасымалдануы» бөлімшесіне берілген пәндік дағдыларын дамыту үшін жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдау түрлерінің механизмдерін түсіндіруге, мембраналық әлеуетін сақтаудағы белсенді тасымалдау рөлін анықтауға және натрий-калий сорғысының мысалында белсенді тасымалдау механизмін түсіндіруге ерекше назар аударған жөн. Осы оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін оқушылар заттардың өсімдік сабағы бойымен қозғалу бағытын анықтау, мембраналық әлеуетін анықтау және калий-натрий сорғысының мембраналық әлеуетті қалай сақтайтынын түсіндіруге арналған практикалық тапсырмалар орындауы керек. Оқушылар жасушалардағы заттар тасымалдануының күрделі тұжырымдамаларын жете түсінуі үшін интерактив оқыту әдістерін, соның ішінде жасуша мембранасының үлгілерін көрсетуді пайдалану қажет.

«Қоректену» бөлімін зерттеу кезінде оқушылардың назарын ферменттер белсенділігінің жағдайларын зерттеуге аудару қажет. Ферменттердің биологиялық үдерістерге әсерін талдау үшін эксперименттердің барлық нұсқасын (температура, РН, субстрат концентрациясы және ингибитордың әсері) орындау маңызды. Фотосинтезді шектеуші факторларды зерттеу оқу мақсатын жүзеге асыру үшін осы маңызды процесті шектеуші факторды анықтауға бағытталған жарық қарқыны, CO_2 концентрациясы және температура сияқты әртүрлі параметрлерді өзгерту арқылы бірқатар эксперимент жасауға болады. Эксперимент нәтижелерін талқылау фотосинтез механизмдерін, олардың өсімдіктер тіршілігіне және бүкіл экожүйеге әсерін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

«Жасушалық айналым» бөлімін оқу кезінде микропрепараттарды бақылаумен қатар өсімдіктің тозаңы мен жатыны құрылымының егжей-тегжейлі иллюстрациялары мен микрофотосуреттерін түсініктемелер беру және талдау арқылы қолданған жөн. Құрылымдардың қызметі мен құрылысын байланыстырып, спора түзілу кезеңдерін егжей-тегжейлі көрсетуге кеңес беріледі.

Оқу мақсаттарын тиімді іске асыру және дағдыларды дамыту үшін «Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары» бөлімшесінде проблемалық оқыту және топта талқылау, зертханалық жұмыстар мен жобалар сияқты белсенді әдістерді пайдалану қажет. Олардың өзара әрекеттесуін анықтау үшін аллельді және аллельді емес гендерді салыстыру дағдыларын дамыту және оқушылар қажет кодондардың санын анықтай алуы үшін ДНҚ ақуыз құрылымы туралы ақпаратты қалай кодтайтынын түсіндіру маңызды. Мұндай түсіндірме биологиялық процестердегі тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік механизмдерін жақсы түсінуге септеседі.

Оқушылардың оқу сауаттылығын, жүйелі ойлауын, практикалық және процедуралық дағдыларын дамытудың маңызын атап өту қажет. Оқушылар көбіне толық жауап бермеу, құбылыстарды жеткілікті жете түсіндірмеу салдарынан және объектілерді салыстыру кезінде қарама-қарсы ақпарат берілгендіктен жоғары балл жинай алмады. Жасуша өлшемін есептеуде бірліктерді аудару қателіктері де көптеген оқушының жиынтық бағалау нәтижелерін айтарлықтай төмендетті. Қиындық себептері теориялық білімнің жеткіліксіздігімен, әртүрлі контексте биологиялық ұғымдарды, қолданбалы тапсырмаларда теориялық білімді қолдана алмауымен байланысты болуы мүмкін.

«Биология» пәні оқу бағдарламасын іске асыру барысында құндылықтар мен тәрбиелік аспектілерді бойға сіңіру

Биология сабақтарына қазіргі заманның экологиялық мәселелерін, жердегі тіршіліктің пайда болу теориясын, гендік инженерияны, жыныстық жетілудің ерекшеліктерін, денсаулық сақтау мәселелерін және т.б. тақырыптарды зерттеуді қамтитын тәрбиелік және құндылық аспектілерін қоспау мүмкін емес.

Кестеде тәрбиелік компонентті жүзеге асыруға бағытталған оқу мақсаттарының бірнеше мысалы берілген

7-сынып	8-сынып	9-сынып
- экожүйеге әсер ететін адам қызметінің салаларына мысалдар келтіру; – Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысалдар келтіру	- биологиялық алуантүрлілікті сақтау және оның жойылуын болдырмау қажеттігінің себептерін талқылау; – қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар тудыратын аурулардың ерекшеліктерін, олардың алдын алу шараларын сипаттау.	- контрацепцияның мәні мен түрлерін түсіндіру; – бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру; – пестицидтердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін түсіндіру

«Отансүйгіштік және жауапкершілік» құндылығын сіңіруге бағытталған оқу мақсатын орындауға мысал

Отансүйгіштік дегеніміз – өз Отанына сүйіспеншілік, адамның қоғам мен мемлекетке, елдің тарихы мен дәстүрлеріне құрметі; отбасындағы, жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық қоғамдастықтағы орнын түсінуі. Сонымен қатар отансүйгіштік қоғамдастық, қоғам мен мемлекет игілігі үшін азаматтық тұрғыдан қарекет етуден көрінеді.

Оқу мақсаттарының мысалдары:

7.3.2.3. Қазақстанның қорғалатын аймақтарындағы өсімдіктер мен жануарларды сипаттау;

7.3.2.4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысалдар келтіру;

8.3.2.1. Биологиялық алуантүрлілікті сақтау және оның жойылуының алдын алу қажеттігін негіздеу;

9.3.2.1. Мұнай өндіру мен басқа да пайдалы қазбалардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

11.3.2.1. Мүмкін болатын жаһандық климаттың жылыну салдарын болжау;

11.3.2.2. Қазақстанның экологиялық проблемаларын оқып білу және шешу жолдарын ұсыну.

Оқу мақсаты: 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының қорғалатын аймақтарындағы өсімдіктер мен жануарларды сипаттау.

Қазақстанның биоалуантүрлілігін зерттеу. Қазақстан аумағындағы жабайы табиғаттың алуан түрлілігіне шолу жасау. Еліміздің табиғатының бірегейлігі мен сұлулығына, фотосуреттерді, бейнематериалдарды талдауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда тіршілік ететін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасына баса назар аударылады.

Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтарының флорасы мен фаунасы



Киіктер



Реликтілік шағалалар



Ілбіс



Грейг қызғалдағы




Қызғылт қоқиқаздар



Тянь-Шань шыршасы

ҚР-ның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары туралы әңгімелеу. Қорықтар, ұлттық саябақтар және табиғи қорықшалардың флорасы мен фаунасын зерттеу. Биоалуантүрлілік пен экологиялық тұрақтылықты сақтауда олардың маңызды екенін талқылау.

1. Қазақстандағы мемлекеттік табиғи қорықтардың орналасу картасын талдау



Сабақта ҚР-ның әрбір азаматы өз елінің табиғатын сақтауға жауапты екеніне ерекше назар аударылады. Патриотизм ұғымы табиғатқа қамқорлық жасау және оның ресурстарын қорғау тұрғысынан да қарастырылып талқыланады. Адам қызметінің қоршаған ортаға теріс әсері және оны қорғау үшін шаралар қабылдау қажеттігі талқыланады. Тақырыпты кеңейту және тереңдету мақсатымен экологиялық акцияларға, табиғи аумақтардағы қоқыстарды жинауға немесе жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерін сақтау жобаларына қатысуға болады.

«География» пәні

1. Оқу жүктемесі және құжаттама

2023–2024 оқу жылында 8-сыныптар 2023 жылғы оқу бағдарламасымен (2.0-нұсқа) оқытылады. Аталған оқу бағдарламасын меңгертуде 2023 жылы әзірленген оқу жоспарын (2.0-нұсқа) қолданған жөн. Ал 9–10-сыныптар 2016 жылғы оқу бағдарламасымен (2-нұсқа), жоғары мектептің 11–12-сыныптары 2017 жылғы оқу бағдарламасымен (2-нұсқа) оқиды.

Сынып	Апталық жүктеме, сағат	Жылдық жүктеме, сағат	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
Негізгі мектеп				
7	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
8	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
9	2	72	2-нұсқа, 2016 ж.	6-нұсқа, 2020 ж.
10	2	72		4-нұсқа, 2019 ж.
Жоғары мектеп				
11	3	108	2-нұсқа, 2017 ж.	8-нұсқа, 2019 ж.
12	3	54		4-нұсқа, 2019 ж.

Қазіргі өзгермелі әлемдегі өзгерістер мен тосын жағдайлар туралы түсінік беріп, бейімдеу үшін оқушылардың бойында негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру аса өзекті саналады. Осы ретте негізгі құзіреттіліктер қатарына мыналарды жатқызамыз: *танымдық, өзін-өзі реттеу, цифрлық, қолданбалы, «Эко-Мен», проактивтік, өзара әлеуметтік қарым-қатынас жасау, түрлендіру, жаһандық.*

8-сыныптың оқу бағдарламасына қайта қарау барысында бірқатар өзгеріс енгізілді. Оқу мақсаттарының құрылымы, мазмұны қайта қарастырылып, кейбір оқу мақсаттары алынып, кей оқу мақсаттары біріктірілді, ал енді бір оқу мақсаттары тақырыптың ауқымына байланысты екі оқу мақсатына жіктеліп берілді. Белгілі бір сыныптардағы жүктемені азайту үшін оқу мақсаттары басқа сыныптар бағдарламаларына енгізілді. Көшіру барысында шиыршық қағидасының бұзылмауына баса назар аударылды. Оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсатындағы етістіктер етістіктің болымсыз түріне ауыстырылды.

«3. Физикалық география» бөліміндегі бөлімшелер санын азайту мақсатымен «3.4. Биосфера» және «3.5. Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшелері өзара біріктірілді. Сондай-ақ «5. Экономикалық география» бөліміндегі «5.3. Дүниежүзі шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы» және «5.4. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері» бөлімшелері де біріктірілді.

Төменде 8-сынып бағдарламасы тақырыптарындағы мазмұны және құрылымы өзгерген оқу мақсаттарының тізімі берілген.

Оқу бағдарламасы (2-нұсқа, 2016 ж.)	Оқу бағдарламасы (Нұсқа 2.0, 2023 ж.)	Негіздеме
8.1.1.1 географияның зерттеу әдістерін түсіндіреді (далалық, картографиялық, теориялық, қашықтан зерделеу).	8.1.1.1 географияның зерттеу әдістерін қолдану (далалық, картографиялық, теориялық, қашықтан зерделеу)	Бұл оқу мақсаты оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту мақсатымен өзгертілді.
8.1.1.2 географиялық деректерді талдайды (сандық және сапалық деректер)	8.1.1.2 географиялық деректерді талдау (ресми ақпарат көздеріндегі сандық және сапалық деректер)	Бұл оқу мақсаты медиа және ақпараттық сауаттылықты, сыни ойлау дағдысын дамыту мақсатымен толықтырылды.
8.1.1.3 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді.	8.1.1.3 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіру	Оқу мақсаты ықшамдалды. Модельдерді өзгерту техникаларын мұғалім өз қалауымен таңдайды.
8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді жіктейді, талдайды және құрастырады (профиль, диаграмма, график, кесте).	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар арқылы профиль, диаграмма, график жасау, кесте сызу)	Оқу мақсаты оқушылардың АКТ дағдысын дамыту мақсатымен толықтырылып, ықшамдалды.
8.2.1.4 географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді	8.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсету және кескін картада белгілеу	Оқу мақсаты оқушылардың картографиялық дағдыларын дамыту мақсатымен толықтырылды.
8.3.2.1 климат түзуші факторларды талдайды	8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдау	«Түзуші» сөзі «қалыптастырушы» сөзіне алмастырылды.
8.3.2.4 климат белдеулерін ағайды, картада көрсетеді, талдайды, салыстырады	8.3.2.3 климат белдеулерін картадан көрсету, салыстырмалы талдау жасау	Оқу мақсаты ықшамдалды.
8.3.3.4 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды	8.3.3.4 көлдер мен өзендерді, мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау.	Оқу мақсаты оқушылардың академиялық білімін тереңдету мақсатымен толықтырылды.
8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын талдайды, салыстырмалы сипаттама жасайды	8.3.4.1 табиғи аймақтардың (ендік зоналық пен биіктік белдеулерін) қалыптасуын талдау, салыстырмалы сипаттама жасау	Оқу мақсаты нақтыланды.
8.3.4.2 табиғи аймақтарды картада ажырата алады, биіктік белдеулерін график түрінде көрсетеді	8.3.4.2 табиғи аймақтар (ендік зоналық пен биіктік белдеулерін) картада ажырату, биіктік белдеулерін графикалық түрде ұсыну (соның ішінде АКТ көмегімен)	Оқу мақсаты нақтыланды, АКТ дағдысын дамыту мақсатымен толықтырылды.

8.3.4.3 әр құрлықта орналасқан ұқсас табиғи аймақтар мен биіктік белдеулерін салыстырады.	8.3.4.3 әр құрлықта орналасқан ұқсас табиғи аймақтар мен биіктік белдеулерін салыстырып, ерекшеліктерін анықтау	Оқу мақсаты оқушылардың академиялық білімдерін тереңдету және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту мақсатымен толықтырылды.
8.3.5.2. географиялық қабық заңдылықтарының маңызын түсіндіреді	8.3.4.5 географиялық қабық заңдылықтарының маңызын талдау.	Бұл оқу мақсаты дағдының күрделенуіне байланысты өзгертілді.
8.4.1.3 демографиялық көрсеткіштерді (туу, өлім-жітім коэффициенттері, табиғи, механикалық, жалпы өсім, халықтың ұдайы өсуі) маңызын атайды, маңызын түсіндіреді және есептеу әдістерін қолданады (қазақстандық көрсеткіштерді басқа аймақтар мен елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде)	8.4.1.2 ресми ақпарат көздеріндегі демографиялық көрсеткіштердің (туу, өлім-жітім коэффициенттері, табиғи, механикалық, жалпы өсім, халықтың ұдайы өсуі) маңызын түсіндіру және есептеу әдістерін қолдану (қазақстандық көрсеткіштерді басқа аймақтар мен елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде).	Бұл оқу мақсаты медиа және ақпараттық сауаттылықты, сыни ойлау дағдысын дамыту мақсатымен толықтырылды.
8.4.1.4 демографиялық көрсеткіштерді графикалық түрде ұсынады	8.4.1.3 демографиялық көрсеткіштерді графикалық түрде ұсыну (соның ішінде АКТ көмегімен)	АКТ дағдысын дамыту мақсатымен толықтырылды.
8.4.1.6 демографиялық мәселелерді анықтайды	8.4.1.6 демографиялық мәселелерді анықтау, себеп-салдарын талдау	Сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту мақсатымен толықтырылды.
8.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды	8.5.1.2 дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	Оқу мақсатындағы «жекелеген» деген сөз мақсат нақты болу үшін алынып тасталды. Қазақстан географиясы бойынша білімдерін тереңдету мақсатымен толықтырылды.
8.5.1.3 жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттайды, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды	8.5.1.3 табиғи ресурстарды өңдеу және қайта өңдеу технологиясын сипаттау, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау.	Оқу мақсатындағы «жекелеген» деген сөз мақсат нақты болу үшін алынып тасталды.
8.5.3.1 шаруашылық түрлерін жіктейді (өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы)	8.5.3.1 өнеркәсіп құрылымын жіктеу (өндіруші және өңдеуші, ауыр/жеңіл).	Шаруашылық түрлері 7-сыныпта қарастырылатындықтан, 8-сыныпта өнеркәсіп құрылымын тереңірек қарастыру және шиыршық қағидасын дұрыс жүзеге асыру мақсатымен өзгертілді.
8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын атайды және түсіндіреді	8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын анықтау және түсіндіру	Дағдының күрделенуіне байланысты өзгертілді.

Төменде 8-сынып бағдарламасындағы бөлінген және біріккен оқу мақсаттарының тізімі берілген

Оқу бағдарламасы (2-нұсқа, 2016 ж.)	Оқу бағдарламасы (2.0-нұсқасы, 2023 ж.)	Негіздеме
8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктейді; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды.	8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктеу және жоспар бойынша сипаттау.	Оқу мақсаттарының аса күрделі болмауы назарға алынып және 8-сыныптың I тоқсанындағы оқу мақсаттары санының көп болуына байланысты біріктірілді.
8.3.1.7 тау жыныстарын пайда болуына байланысты жіктейді; 8.3.1.8 тау жыныстарының қасиеттерін анықтайды.	8.3.1.3 тау жыныстарын пайда болуына байланысты жіктел, қасиеттерін сипаттау.	Оқу мақсаттары аса күрделі болмау үшін және 8-сыныптың I тоқсанындағы оқу мақсаттары санының көп болуына байланысты біріктіріліп, сондай-ақ дағдының күрделенуіне байланысты өзгертілді.
8.5.2.3 әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңызына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде); 8.5.2.4 экономикалық инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңызына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	8.5.2.2 әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылым элементтерін (қазақстандық компонентті қосымша қамту арқылы) сипаттау, олардың маңызына баға беру.	Оқу мақсаттарының аса күрделі болмауы ескеріліп біріктірілді.

Төменде 8-сыныпқа енгізілген жаңа оқу мақсаттарының тізімі берілген

Оқу бағдарламасы (Нұсқа 2.0, 2023 ж.)	Негіздеме
8.2.2.1 географиялық нысандарды электронды кестеде іріктеу	«Информатика» пәнінен ауыстырылған оқу мақсаты болып саналатын АКТ дағдылары оқушылар бойында берік қалыптастыру мақсатымен енгізілді.

Төменде 8-сынып бағдарламасынан басқа сыныптар тақырыптарына көшірілген оқу мақсаттарының тізімі берілген

Оқу бағдарламасы (2-нұсқа, 2016 ж.)	Оқу бағдарламасы (Нұсқа 2.0, 2023 ж.)	Негіздеме
8.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді	7.2.2.1 географиялық нысандарды электронды кесте түрінде топтастыру	Бұл оқу мақсаты орнына «Информатика» пәнінен ауыстырылған оқу мақсаты қойылғандықтан, 8-сыныптан 7-сыныпқа ауыстырылды, Сонымен қатар оқу мақсаты АКТ дағдысын арттыру мақсатымен толықтырылды.

8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесін анықтайды, графикалық түрде бейнелеп сипаттайды.	7.3.4.2 мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын талдау, шегараларын графикалық түрде бейнелеу (соның ішінде АКТ арқылы)	Мұхитқа байланысты оқу мақсаттары 7 - сыныпта қарастырылатындықтан, бұл оқу мақсатын 7-сыныпта қарастыру тиімді болады. Тақырыптар арасында логикалық байланыс болу үшін 8-сыныптан 7-сыныпқа ауыстырылды.
8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады	9.3.4.1 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттігін дәлелдеу, қорғау жолдарын ұсыну (дүниежүзіндегі ерекше қорғалатын аумақтар, «Қызыл кітап», табиғатты қорғау ұйымдары).	Тақырыптар арасында логикалық байланыс болу үшін 9-сыныпқа көшірілді.
8.5.2.1 инфрақұрылым маңызын түсіндіреді, салаларын атайды және сипаттайды	7.5.2.1 инфрақұрылым маңызын түсіндіру, салаларын атау және сипаттау.	Тақырып аса күрделі болмағандықтан және 8-сыныптың IV тоқсанындағы оқу мақсаттарының санын қысқарту үшін берілген оқу мақсаты 7-сыныпқа ауыстырылды.
8.5.3.4 ауылшаруашылық мен өнеркәсіп салаларын жоспар бойынша сипаттайды	7.5.3.2 өнеркәсіп салаларын жоспар бойынша сипаттау, жұмыс нәтижесін шығармашылық түрде ұсыну; 7.5.3.3 ауылшаруашылық салаларын жоспар бойынша сипаттау, жұмыс нәтижесін шығармашылық түрде ұсыну.	8-сыныптың IV тоқсанындағы оқу мақсаттарының санын қысқарту үшін берілген оқу мақсаты 7-сыныпқа көшірілді. Оқу мақсаты ауқымды болғандықтан, екіге бөлу туралы шешім қабылданды.
9.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылық субъектілерін сипаттайды	8.5.3.4 дүниежүзілік шаруашылық субъектілерін сипаттау.	Шығыршық қағидасын дұрыс жүзеге асыру мақсатымен 9-сыныптан 8-сыныпқа ауыстырылды.
9.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктейді, сипаттайды	8.5.3.5 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеу, сипаттау.	Шығыршық қағидасын дұрыс жүзеге асыру мақсатымен 9-сыныптан 8-сыныпқа ауыстырылды.
8.6.1.2 елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады	7.6.1.2 елдерді басқару формасы бойынша топтастыру; 7.6.1.3 елдерді мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру.	8-сыныптың IV тоқсанындағы оқу мақсаттарының санын қысқарту үшін берілген оқу мақсаты 7-сыныпқа көшірілді. Сонымен қатар 7-сыныпта елдердің экономикалық-географиялық жағдайын сипаттау барысында елдер туралы қысқаша ақпарат (басқару формасы, мемлекеттік құрылымы) беріледі. Осымен байланысты аталған оқу мақсаты 7-сыныпқа ауыстырылды.
8.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды	10.6.1.2 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдау.	Аталған оқу мақсаты 8-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты 10-сыныпқа ауыстырылды.

Төменде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үлгілері ұсынылған.

Дағдылар	Сауаттылық түрлері	Құндылықтар	Негізгі құзыреттіліктер
<i>Зерттеу дағдылары</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.1.1.1 географияның зерттеу әдістерін (далалық, картографиялық, теориялық, қашықтан зерделеу) қолдану	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар арқылы профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру)	8.1.1.3 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін жасау арқылы олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіру	ТАНЫМ
<i>Өзін-өзі реттеу</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Құрмет</i>	
8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар арқылы профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру)	8.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсету және кескін картада белгілеу	8.4.1.5 елдерді демографиялық көрсеткіштері бойынша жіктеу	ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ
<i>АКТ дағдылары</i>	<i>Цифрлық сауаттылық</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
8.2.2.1 географиялық нысандарды электрон кестеде іріктеу	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютер бағдарламаларымен профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру)	8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастыру, шешу жолдарын ұсыну	ЦИФРЛЫҚ
<i>Тиімді тұтыну</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.5.1.3 табиғи ресурстарды өңдеу және қайта өңдеу технологиясын сипаттау, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау	8.3.4.2 табиғи зоналарды (ендік зона мен биіктік белдеулерді) картада ажырату, биіктік белдеулерін графикамен ұсыну (соның ішінде АКТ арқылы)	8.3.4.4 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикамен көрсетіп, түсіндіру	ҚОЛДАНБАЛЫ
<i>Мәселелерді шешу және шешім қабылдау</i>	<i>Экологиялық сауаттылық</i>	<i>Құрмет</i>	
8.3.3.5 құрлық суларының экологиялық мәселелерін жіктеу, шешу жолдарын ұсыну	8.3.1.6 антропогендік факторлардың литосфераға әсерін анықтау, себеп-салдарын түсіндіру, таралуын картадан көрсету (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	8.5.2.1 көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттау, маңызына баға беру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	«ЭКО – МЕН»

<i>Сыни ойлау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Құрмет</i>	
8.3.1.5 карта арқылы белгілі бір аумақтағы пайдалы қазбалардың таралуын талдау	8.1.1.2 географиялық деректерді талдау (ресми ақпарат көздеріндегі сандық және сапалық деректер)	8.4.1.6 демографиялық мәселелерді анықтау, себеп-салдарын талдау	ҚАРЕКЕТШІЛДІК
<i>Мәселелерді шешу және шешім қабылдау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.3.3.5 құрлық суларының экологиялық мәселелерін жіктеу, шешу жолдарын ұсыну	8.2.1.3 сағат белдеулері картасын қолданып уақытты есептеу	8.3.4.2 табиғат зоналарын (ендік зона мен биіктік белдеулерін) картада ажырату, биіктік белдеулерін графикамен ұсыну (соның ішінде АКТ арқылы)	ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ
<i>Креатив ойлау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.4.1.7 демографиялық саясат ұғымын түсіндіру, өзіндік үлгісін ұсыну	8.3.3.1 құрлық суларының негізгі түрлерін (өзен, көл, батпақ, мәңгі тон, мұздық, жерасты сулары) ажырату, оларды зерттеудің практикалық маңызын түсіндіру	8.4.1.3 демографиялық көрсеткіштерді графикамен көрсету (соның ішінде АКТ арқылы)	ТҮРЛЕНДІРУ
<i>Жүйелі ойлау</i>	<i>Тұрақты дамуға қажет сауаттылық</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
8.3.4.1 табиғи зоналардың (ендік зона мен биіктік белдеулерінің) қалыптасуын талдау, салыстырмалы сипаттама жасау	8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау	8.5.1.2 дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурс әлеуетін бағалау (қазақстандық компонентті қосымша қамту арқылы)	ЖАҒАНДЫҚ

Ұзақмерзімді жоспарды жүзеге асыру ерекшеліктері

Ұзақмерзімді жоспарда бөлім, бөлімше атаулары, тақырып пен оқу мақсаттарына сәйкес концептілер беріледі. 8-сыныптың ұзақмерзімді жоспарындағы «Ұсынылатын бағалау критерийлері» атты бағанаға нақты оқу мақсаты бойынша бағалау критерийлері енгізіліп, «Ұсынылатын тапсырма түрлері» атты бағанада оқу мақсатына жетуге жетелейтін тапсырма түрлері ұсынылған. Сонымен қатар ұзақмерзімді жоспарда пән аясында қалыптасатын, оқу мақсатында айқын көрініс тапқан дағдылардың тізімімен қатар метапәндік дағдылардың, сауаттылық түрлерінің, құндылықтардың тізімі берілген. Оқу мақсатын жүзеге асыру барысында олар да назардан тыс қалмағаны жөн. Аталған дағдылар мұғалім мен оқушылар арасындағы диалог барысында және мұғалім ұсынатын тапсырмаларды орындау кезінде меңгеріледі. «Дербестендірілген оқыту» айдары оқушылардың тақырыпты өз бетінше игеруіне септесетін тапсырмалар мен ресурстардан тұрады.

Ұзақ мерзімді жоспар үлгісі
8-сынып

Бөлімше Мазмұны	Оқу мақсаты	Ұсынылатын бағалау критерийлері	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
1-тоқсан						
2. Картография және географиялық деректер базасы						
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі						
Концепт						
2.1 Географиялық карталар Тақырыптық карталар және олардың қосымша элементтері	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар арқылы профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру)	Оқушы: – тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдайды; – қосымша элементтері бар тақырыптық карта құрастырады.	Картамен жұмыс істеуге бағытталған тапсырма: Атлстағы тақырыптық картаның біреуін таңдап, оның қосымша элементтерін (кесте, график, диаграмма, сурет және т.б) анықтау АКТ арқылы орындлатын тапсырма: Электрон карта өзірлеу. Pictochart бағдарламасы арқылы қосымша элементтері бар тақырыптық карта жасау. Өз тандауымен кез келген материктің тақырыптық картасын құрастыру. Жұмыстың орындалу алгоритмі: – материктің картасы; – материктің көрікті жерлерінің фотосуреті;	– АКТ-мен жұмыс; – географиялық дереккөздермен жұмыс істеу; – талдау; – құрастыру.	Метапәндік дағдылар: – Мәселелерді шешу және шешім қабылдау; – коммуникация; – креатив ойлау; – АКТ дағдылары; Сауаттылық түрлері: – деректермен жұмыс істеу сауаттылығы; – функционалдық сауаттылық; Құндылықтар: – еңбекқорлық және шығармашылық.	Теория: Картаның қосымша элементтерін анықтау және сипаттау. Практика: Электрон карта өзірлеу. Pictochart бағдарламасымен қосымша элементтері бар тақырыптық карта жасау. Ресурс: География. 8-сыныпқа арналған оқулық, Нұр-Сұлтан: «НЗМ» ДББҰ, 2019. Тақырып: Тақырыптық карталар және олардың қосымша элементтері Атлас, 7–8-сыныптар, Pictochart бағдарламасы

Сағат белдеулер	8.2.1.3 сағат белдеулері картасын қолданып, уақытты анықтайды	Оқушы: – сағат белдеулері картасын қолданып, уақыт айырмашылығын табады.	– белгілі бір меридиан немесе параллель бағытымен гипсометриялық кескін сызу; – кестеге ірі географиялық нысан енгізу (мысалы, тау, көл, өзендер т.б.); 5) материктердің аумағына қатысты диаграмма сызу. Осы аталған тапсырмаларды орындап, анықталған деректерді тандаған материк картасының жан-жағына орналастыру.	– кеңістіктік ойлау; – географиялық дереккөздермен жұмыс істеу.	Метапәндік дағдылар: – сыни ойлау; – жүйелі ойлау; Сауаттылық түрлері: – деректермен жұмыс істеу сауаттылығы; – функционалдық сауаттылық; Құндылықтар: – еңбек және шығармашылық.	Теория: Тақырыппен байланысты терминдер мен ұғымдарды түсіндіру. Практика: Берілген есептерді шығару. 1. Алматыдан күндізгі сағат 12.45-те ұшып шыққан ұшақ 5 сағаттан соң +2-сағат белдеуінде орналасқан Стамбулға, 10 сағаттан соң –3 сағат белдеуінде орналасқан Рио-де-Жанейро қаласына қонды. Ұшақ қонған сәт уақытын белгілеп, дәл осы кездегі Мәскеу мен Берлиннің жергілікті уақытын анықта.
-----------------	---	--	--	--	---	--

			<p><i>Географиялық есеп шығару:</i> сағат белдеулері картасын пайдаланып, қалалардың жергілікті уақытын, қалалар арасындағы уақыт айырмашылығын табу.</p>			<p>2. Егер жолаушылар Анкара қаласынан Токио қаласына ұшатын болса, сағат уақытын қалай өзгерту керек? 3. 77° ш.б. орналасқан Алматы қаласында 16:00 сағат болғанда, 74° б.б. орналасқан Нью-Йоркте сағат неше болады? Ресурс: География. 8-сыныпқа арналған оқулық, Нұр-Сұлтан: «НЗМ» ДББҰ, 2019. Тақырып: Сағат белдеулері. Сағат белдеулерінің картасы.</p>
--	--	--	---	--	--	---

Сабақ үлгісі

8-сынып

2-бөлім. КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ДЕРЕКТЕРІНІҢ БАЗАСЫ

2.1-бөлімше. Географиялық карталар

Тақырып: ТАҚЫРЫПТЫҚ КАРТАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОСЫМША ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Оқу мақсаты: 8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар арқылы профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру);

Болжалды нәтижелер:

- тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді ажыратады;
- тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдайды;
- тақырыптық карта және олардың қосымша элементтерін құрастырады.

Сабақ барысында ұсынылатын іс-әрекеттер:

Сабақтың басында географиялық карталардың жіктелуін тірек-сызба арқылы топтастырып, оқушылармен бірге талдаңыз.

Оқушылар 8-сынып атласын қолданып, тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді атау қажет немесе әр оқушы атластан бір тақырыптық картаны таңдап, қосымша элементтерін анықтауға тиіс.

АКТ-мен орындалатын тапсырма

Электрон карта әзірлеу.

Оқушыларды топқа бөліңіз. Pictochart немесе басқа да бағдарламалар арқылы қосымша элементтері бар тақырыптық карта жасауды тапсырыңыз. Оқушыларға өз таңдауымен кез келген материктің тақырыптық картасын құрастыруды ұсыныңыз.

1-топ – Еуразия

2-топ – Африка

3-топ – Солтүстік Америка

4-топ – Оңтүстік Америка

5-топ – Аустралия

Жұмыс істеу алгоритмі:

1) материктің картасы;

2) материктің көрікті жерлерінің фотосуреті;

3) белгілі бір меридиан немесе параллель бағытымен гипсометриялық кескін сызу;

4) кестеге ірі географиялық нысан енгізу (мысалы, тау, көл, өзендер т.б.);

5) материктер аумағының диаграммасын сызу. Осы аталған тапсырмаларды орындап, анықталған деректерді өзі таңдаған материк картасының айналасына орналастыру.

Кескін картада орындалатын тапсырма

Оқушыларды топтарға бөліңіз. Картаның қосымша элементтерін пайдаланып, таңдаған материктің “Жер бедері” картасын жасауды ұсыныңыз. Тақырыптық картада төменде берілген нысандарды орналастыруға нұсқау беріңіз.

Жұмыс істеу алгоритмі:

1. Материктегі аласа және биік тауларды белгілеу;

2. Материктегі жазықтар, үстірттер, ойпаттар, қыраттарды белгілеу;

3. Материктегі ең төмен және ең биік нүктелерін белгілеу;

4. Таулардың биік нүктелерін көрсету;

5. Ірі мұздықтарды белгілеу;

6. Шартты белгілерді қолдану.

7. Қосымша элементтер қолдану (жер бедерінің қимасы, графиктер, диаграмма, кесте)

Ескерту: тақырыптық карта жасау үшін сыныптың мүмкіндігіне қарай климат және табиғи зоналарды, топырақ картасын таңдауға болады.

Сабақты бекіту барысында NIS ONLINE платформасындағы тест тапсырмаларын орындау өте тиімді болады.

Ресурстар:

1. К.К. Сахова, Ж. Ф. Тенькебаева, А. Ж. Садвакасов, А. С. Кенжебаев. География. 8-сыныпқа арналған оқулық, Нұр-Сұлтан: «НЗМ» ДББҰ, 2019.

Электрон карта жасау <https://piktochart.com/>

Электрон карта жасау https://www.canva.com/ru_ru/

Электрон карта жасау <https://miro.com/ru/>

NIS ONLINE платформасы <https://app.online.nis.edu.kz:8800/>

Тақырып: САҒАТ БЕЛДЕУЛЕРІ

Оқу мақсаты: 8.2.1.3 сағат белдеулері картасын қолданып, уақытты анықтау.

Болжалды нәтижелер:

Сағат белдеулері картасын қолданып, уақытты табады.

Сабақ барысы:

Бұл сабақта сағат белдеулері, уақыт айырмасы, уақыт түрлері және даталардың ауысу сызығы туралы білім қалыптастырыңыз. Терминдермен жұмыс істетіңіз. Меңгерген білімдерін қолданып, уақытты есептеумен байланысты тапсырмаларды орындатыңыз.

Әлемнің уақыт белдеуі және ағымдағы уақыт онлайн картасын пайдаланып, Чикаго, Дакар, Токио қалаларының дәл сол сәттегі уақытын анықтау, уақыттың әркелкі болу себебін түсіндіру.

Сағат белдеулері картасын қолданып уақытты тап.

1	Мәскеу қаласында сағат 11:00 болғанда, Астана/Ақтау қаласында сағат неше болатынын тап.	
2	Канберра қаласында сағат 13:00 болғанда, Астана/Ақтау қаласында сағат неше болатынын анықта.	
3	Астана/Ақтау қаласында сағат 15:00 болғанда, Вашингтон қаласында сағат неше болатынын анықта.	
4	Нью-Йоркте сағат 10:00 болғанда, Токиода сағат неше болады?	
5	Берлинде сағат 08:00 болғанда, Ақтауда сағат неше болады?	
6	Буэнос-Айрэсте сағат 23:00 болғанда, Кейптаунда сағат неше болады?	
7	20 тамыз күні Токио қаласы айлағынан АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласына кеме шықты. Кемнің айлақтан жүзіп шыққанына 10 тәулік болды. Ол Лос-Анджелес қаласына тамыздың қай күні жетеді?	
8	Сиэтл қаласынан 2 желтоқсанда шығып, 8 тәулік жүзген кеме Владивостокқа қай күні келеді?	

Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырма

Кейптаун және Астана қалаларында тұратын екі кәсіпкердің бейне арқылы 60 минут сұхбаттасуына қай уақыт оңтайлы? Сұхбат жұмыс уақытында өтуге тиіс. Жұмыс уақыты сағат 09.00–18.00 аралығы, түскі ас уақыты сағат 13.00–14.00 аралығы.

Сабақты бекіту барысында NIS ONLINE платформасындағы тест тапсырмаларын орындау өте тиімді.

Ресурстар:

1. К.К. Сахова, Ж. Ф. Тенькебаева, А. Ж. Садвакасов, А. С. Кенжебаев. География. 8-сыныпқа арналған оқулық, Нұр-Сұлтан: “НЗМ” ДББҰ, 2019.

2. Әлемнің уақыт белдеуінің картасы және дәл осы сәттегі уақыт https://www.worldtimezone.com/index_ru.php

3. 8-сынып атласы. Сағат белдеулері картасы

4. Белдеу уақыты конвертері <https://time.is/ru/compare>

5. Уақыт конвертері <https://24timezones.com/ru/difference>

6. Уақыт калькуляторы <http://www.gmt.su/time-calculator/>

7. Уақыт калькуляторы <https://planetcalc.ru/923/>

8. NIS ONLINE платформасы // <https://app.online.nis.edu.kz:8800/>

Жоғары мектептегі ЖБ нәтижелері бойынша әдістемелік ұсыныстар

Оқушыларға «Геоморфология» бөлімшесінен «Жер бедерінің қалыптасуындағы эндогендік үдерістер», «Адамзаттың ғаламдық мәселелері» бөлімшесінен «Демографиялық даму», «Халықаралық экономикалық қатынастар» бөлімшесінен «Халықаралық валюта және несие қатынастарының механизмдері», «Валюта бағамдары» сияқты тақырыптармен байланысты тапсырмалар қиын болды. Төмендегі кестеде емтиханда қиын болған оқу мақсаттары және тапсырмалар берілген.

Оқу мақсаты	Сұрақтың сипаттамасы
«Геоморфология»	
Жер бедерінің қалыптасуында эндогендік үдерістердің (жер сілкінуі, жанартау атқылауы) әсерін сипаттай білуге тиіс.	1-суреттегі тақталар қозғалысының қалыптасуына әсер еткен факторларды талдаңыз.
«Адамзаттың ғаламдық мәселелері»	
Демографиялық дамуды (дамыған елдердегі демографиялық дағдарыс дамушы елдердегі демографиялық жарылыс) қамтуға тиіс	6-суреттегі картаны қолданып, аймақтардағы еңбек ресурстарының жылдық өсімі айырмашылықтарының себептерін талдаңыз.
Демографиялық дамуды (дамыған елдердегі демографиялық дағдарыс дамушы елдердегі демографиялық жарылыс) қамтуға тиіс	Дамыған елдердегі еңбек ресурсын арттырудың ықтимал жолдарын ұсыныңыз.
«Халықаралық экономикалық қатынастар»	
Халықаралық валюта және несие қатынастарының механизмдерін білуге тиіс.	Дүниежүзілік валюта жүйесінің элементтерін анықтаңыз.
Халықаралық валюта және несие қатынастарының механизмдерін білуге тиіс.	Халықаралық несиелендіру механизмінің әрекетін сипаттаңыз
Валюта бағамдарын білуге тиіс; халықаралық валюта және несие қатынастарының механизмдерін білуге тиіс	«Қазақстанда болған девальвациялар ел экономикасының тұрақтылығына әсер етеді». Сіз бұл тұжырыммен келісесіз бе?

Емтихан барысында оқушылардың кейбір географиялық заңдылықтарды білмеуі, кейбір ұғымдар мен терминдерді меңгермегені анықталды. Осымен байланысты барлық бөлім материалдарын оқыту барысында оқушылардың терең теориялық білім алуына жағдай жасау қажет. Сонымен қатар емтиханда бағаланатын «талдау», «бағалау», «шешім шығару» сияқты дағдылардың дамуына ерекше көңіл бөлу керек. Емтихан нәтижесінде оқушылардың тапсырмаларды дұрыс түсінбегені, тапсырмаларда берілген графикалық деректердің толық қолданылмағаны анықталды. Бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығының төмен екенінің белгісі, яғни оқу сауаттылығы мен жаратылыстану бағыты бойынша сауаттылығының төмен екенін көрсетеді. Сол себептен сабақтарда оқушылардың оқу және функционалдық сауаттылығының дамуына айрықша көңіл бөлу қажет. Оқушыларды тапсырмалар мәтінін мұқият оқуға, графикалық деректерге дұрыс талдау жасауға бағыттау қажет.

«Геоморфология» бөлімі бойынша оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында оқушыларға терең академиялық білім беру маңызды. Бұл бөлімде терминдер мен ұғымдардың көп болуы, географиялық заңдылықтардың көп қамтылуы оқушылардың түсінуіне қиын болуы мүмкін. Емтихан барысында оқушылардың басым көпшілігі «Жер бедерінің қалыптасуында

эндогендік үдерістердің (жер сілкінуі, жаңартау атқылауы) әсерін сипаттай білуге тиіс» деген оқу мақсаты тапсырмаларын орындауда көп қате жіберген. Аталған оқу мақсатына жету үшін жер сілкінісі мен жаңартау атқылауына сеп болатын тақталар қозғалыстарына ерекше көңіл бөлген жөн. Дүниежүзіндегі ірі және ұсақ тақталардың орналасуын анықтауға бағытталған картамен жұмыс істеу қажет. Сонымен қатар эндогендік үдерістердің себеп-салдар байланысын талдауға бағытталған тапсырмаларды орындату керек. Сабақ барысында емтиханда бағаланатын дағдылардың дамуына да назар аударып, түрлі географиялық дереккөзбен (карталар, карта-сызбалар және т.б.) жұмыс істеткен жөн. Сабақта оқушыларға шынайы жағдаяттар бойынша құрастырылған тапсырмалар беру өте тиімді. Мысалы, Түркия, Сирия елдерінде болған жер сілкінісіне зерттеу жасау (қандай тақталар қозғалысының нәтижесінде болғанын анықтау, тақталар қай бағытқа қозғалғанын және оның себебін анықтау, болашаққа болжам жасау және т.б.).

«Адамзаттың ғаламдық мәселелері» бөлімі материалдарын меңгерту барысында демографиялық мәселелерге көңіл бөлу. Халық санының аз/көп болуының себеп-салдарын талдату қажет. Түрлі географиялық дереккөзбен жұмыс істеуді ұсынған жөн.

«Халықаралық экономикалық қатынастар» бөлімі тақырыптарын меңгерту барысында терминдер мен ұғымдарға арнайы тоқталған жөн. Терең де жан-жақты теориялық білім берілуіне баса назар аудару қажет. Кез келген экономикалық үдерістің себеп-салдарын талдауға бағытталған тапсырмалар ұсыну қажет. Сонымен қатар оқушыларды өз жауаптарын нақты дәйектерге сүйеніп, өмірден алынған мысалдармен түсіндіре білуге үйрету қажет. Сабақта меңгерген білімдерін өмірмен байланыстыра білу маңызды.

Емтиханда оқушылардың эссе жазуда қиналатыны да анықталды. Осы орайда эссе құрылымын оқушыларға негізгі мектептен бастап меңгертуге болады. Кейін бұны жоғары сыныптарда жалғастырады.

«География» пәнінің білім беру бағдарламасында тәрбиелік аспектілерді іске асыратын құндылықтар

Қазіргі замандағы білім беру жүйесі білім беру міндетімен ғана шектелмейді, өзін-өзі «дамытушы» және қоғам өміріне белсенді қатысуға дайын үйлесімді тұлға қалыптастыруды да талап етеді. Бұл тұрғыда география ғылыми пән ретінде оқушыларды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. «География» пәні оқушылардың білімін кеңейтіп қана қоймай, қазіргі қоғамда өз орнын табуға қажет құндылықтарды қалыптастырып, дағдыларын дамытады.

NIS-Programme білім беру бағдарламасында білім берудің маңызын айшықтайтын құндылықтар белгіленген. Құндылықтар оқушылардың үйлесімді дамыған интеллектуал тұлға ретінде қалыптасуында, дүниетанымын және қоршаған әлеммен қарым-қатынасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, қоғамдағы рөлін түсінуіне және жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті азамат болуына септеседі. «География» пәні бойынша негізгі мектептің оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында мынадай құндылықтар қалыптасады (тізім басым құндылықтардан басталады):

- жаһандық азаматтық
- отансүйгіштік және жауапкершілік
- еңбек және шығармашылық
- ашықтық
- құрмет
- адалдық
- денсаулық және әл-ауқат
- отбасы құндылықтары мен дәстүрлері

Төмендегі кестеде кейбір құндылықтардың оқу мақсаттарында қалай көрініс табатыны көрсетілген.

Жаһандық азаматтық	Отансүйгіштік және жауапкершілік	Еңбек және шығармашылық
8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастыру, шешу жолдарын ұсыну	8.5.1.2 дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютерлік бағдарламалар арқылы профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру)
Ашықтық	Құрмет	Денсаулық және әл-ауқат
8.4.1.7 демографиялық саясат ұғымын түсіндіру, өзіндік үлгісін ұсыну	8.6.1.3 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру	8.3.2.5 климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін бағалау

Төменде кейбір оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында құндылықтарды бала бойына сіңіру әдістемесіне қатысты ұсыныстар берілген.


Еңбек және шығармашылық құндылығы

Оқу мақсаты: 8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді талдау және құрастыру (соның ішінде компьютер бағдарламаларымен профиль, диаграмма, график, кесте құрастыру).


Бұл оқу мақсатын жүзеге асыру барысында оқушыларға тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтер жасату арқылы еңбекқорлыққа, төзімділікке, шығармашылық пен жауапкершілікке баулуға болады. Сабақ барысында оқушылардың назарын жұмыс орнын әзірлеуге және таза ұстауға, жинауға, АКТ пайдалануда қауіпсіздік ережелерін ұстануға аудару маңызды. Еңбекке тәрбиелеуде жұмыс нәтижесін көру оқушылардың пәнге қызығушылығын күшейтеді.

Осы оқу мақсатын жүзеге асыру барысында сабақтың негізгі бөлімінде оқушыларға NIS ONLINE платформасындағы тапсырмаларды орындату өте тиімді болады. Мысалы:

1) Орал және Алтай таулары арасындағы жер бедерінің профилін тұрғызу:



2) Алматы қаласының жылдық температурасы мен жауын-шашынның өзгеру диаграммасын жасау:



Сабақты бекітуде де NIS ONLINE платформасындағы тапсырмаларды орындау тиімді болады. Мұндай тапсырмаларды орындау оқушыларды еңбекқорлыққа баулып қана қоймай, олардың функционалдық, цифрлық сауаттылықтары артып, АКТ дағдылары да дами түседі.

Жаһандық азамат құндылығы

Оқу мақсаты: 8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін әсерін топтастыру, шешу жолдарын ұсыну.

Сабақтың басында, осы оқу мақсатын жүзеге асыру барысында оқушыларға атмосфераға келіп жатқан зиян туралы айтып, суреттерін көрсету қажет:

Ауаның ластануы – адам мен ғаламшарға зиян келтірер негізгі қауіптердің бірі. Жыл сайын атмосфераға көптеген зиянды қоспа шығарылады: CO, CO₂, NO₂, SO₂, қатты бөлшектер және т.б. Олар жанартаулардың атқылауы кезінде, биологиялық үдерістердің нәтижесінде, өнеркәсіп орындарының жұмысы мен көлік жүргізудің нәтижесінде пайда болады. Ауаның ластануы халықтың денсаулығына ғана емес, қоршаған ортаға да зор қауіп төндіреді. Мұхиттардағы оттегі мөлшерін азайтып, биоәртүрліліктің кемуіне сеп болып, климаттың өзгеруіне ықпал етеді.



Ауаның өнеркәсіп қалдықтарынан және автокөлік түтінінен ластануы

Сабақта адамзаттың шаруашылық әрекетінің нәтижесінде атмосфераның ластануын, дамыған елдердің экология мәселелерін шешу тәжірибесін зерттеу, сондай-ақ атмосфераны қорғауға әр адам жауапты және оған үлес қосу керек екенін айту маңызды. Бұл ретте адамдардың қоршаған ортаға зиян келтірмейтін өмір сүру салтын ұстану керегін түсіндіріп өткен жөн. Бұл оқушылардың бойында жауапкершілік сезімін ұялатып, жаһандық азамат құндылығын дамытуға септеседі.

Дереккөздер:

1) «География» пәнінің оқушыларды тәрбиелеудегі рөлі. «География» пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2024. – 96 б.

2) NIS ONLINE платформасы // <https://app.online.nis.edu.kz:8800/>

Зияткерлік мектептердегі оқу және тәрбиенің біртұтастығын нығайту мақсатымен 9-сыныптардың (IV тоқсан) «География» пәні сабағында «Менің өлкемдегі табиғатты пайдалану түрлері» атты жоба жүзеге асады. Аталған жобаның білім беру мен тәрбие берудегі маңызы зор. Жоба аясында оқушылар туған өлкемен кеңірек танысып, зерттеп зерделейді. Бұл оқушылардың бойындағы зерттеу дағдыларын дамытып, туған елге сүйіспеншілігін арттырады. Экожүйелерді, табиғи ресурстарды және қоршаған ортадағы өзгерістерді зерттеу оқушылардың экологиялық сана сезімі мен табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға ықпал етеді. Жоба жұмысы оқушылардың өздерінің қоғамдағы рөлін және адам әрекетінің қоршаған ортаға, қоғамдастыққа әсерін түсінуге негіз болады. Жоба аясында оқушылар туған өлкедегі табиғатты пайдалану түрлерін (суды пайдалану, орман шаруашылығы, туризм және рекреация, ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі) зерттейді. Олардың қоршаған ортаға, экожүйелерге, биоалуантүрлілікке әсерін зерттеп, баға береді. Жергілікті жердегі өзен, көлдердің, топырақтың, ауаның экологиялық жағдайын анықтайды. Зерттеу жасау барысында далалық зерттеу әдістерін қолданады (бақылау, өлшеу, үлгілерді жинау және т.б.). Жиналған үлгілерді лабораторияда тәжірибе жасап зерттейді (су сапасын, құрамын анықтау, топырақтың қышқылдығын анықтау және т.б.). Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлейді.

5.4. «Адам және қоғам» білім беру саласы

«Қазақстан тарихы» пәні

1. Оқу жүктемесі және құжаттама

Тарих – өткенді, тарихи оқиғалардың өзгеруінің нақты фактілері мен заңдылықтарын, қоғамның эволюциясын және ұрпақтар бойындағы адам әрекетіне байланысты қатынастарды зерттейтін ғылым. Тәуелсіз Қазақстанның келешегі саналатын жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың санасына ұлттық рух пен патриоттық тәрбие қалыптастыруда Отан тарихының алатын орны ерекше. Тарихты зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады.

NIS-Programme «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасы қазақстандық қауымдастықтың ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық салаларының негізгі даму кезеңдерін және көшпелілер өркениеті мен Қазақ мемлекеттілігі тарихын оқытуға бағытталған.

2024–2025 оқу жылында негізгі мектептің 7–8-сыныптары 2023 жылғы (2.0-нұсқа) оқу бағдарламасы бойынша оқиды. Оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін 7–8-сыныптарға арналған 2023 жылғы (2.0-нұсқа) оқу жоспарын пайдалану ұсынылады. 6, 9, 10-сынып оқушыларын оқыту үшін 2019 жылғы (5-нұсқа) оқу бағдарламасы негізге алынады.

Негізгі мектеп оқу бағдарламасының әр сыныпқа арналған оқу жүктемесі (1-кесте).

Оқу бағдарламасы бойынша әр сыныптың оқу жүктемесі

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
6	2 сағат	68 сағат	5-нұсқа, 2019 жыл	1-нұсқа, 2018 жыл
7	2 сағат	68 сағат	2.0-нұсқа, 2023 жыл	2.0-нұсқа, 2023 жыл
8	2 сағат	68 сағат	2.0-нұсқа, 2023 жыл	2.0-нұсқа, 2023 жыл
9	1,5 сағат	51 сағат	5-нұсқа, 2019 жыл	2-нұсқа, 2019 жыл
10	2 сағат	66 сағат	5-нұсқа, 2019 жыл	2-нұсқа, 2019 жыл

8-сынып «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасындағы басты өзгерістер

Білім беру бағдарламасындағы өзгерістер құндылықтар, білім, сауаттылық түрлері және дағды жиынтығындағы негізгі құзыреттіліктерді оқушылар бойында берік қалыптастыруға бағытталды.

2-кестеде қайта қаралған оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары арқылы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мысалдары келтірілген: таным, өзін-өзі реттеу, цифрлық, қолданбалы, «Эко – Мен», қарекетшілдік, әлеуметтік өзара әрекеттесу, түрлендіру, жаһандық.

Дағды	Сауаттылық түрлері	Құндылық	Негізгі құзыреттілік
<i>Креатив ойлау</i>	<i>Деректермен жұмыс істеу сауаттылығы</i>	<i>Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері</i>	
8.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларын тарихи дерек ретінде құндылығын бағалау	8.2.3.1 тарихи деректер негізінде Жәңгір ханның ағарту ісіндегі жаңашылдығын бағалау	8.2.1.2 тарихи деректер негізінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қазақ қоғамындағы маңызын зерделеу	Таным
<i>Өзін-өзі реттеу</i>	<i>Деректермен жұмыс істеу сауаттылығы</i>	<i>Құрмет</i>	
8.3.1.3 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	8.3.2.4 деректер негізінде Абылай ханның көрші елдермен қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерттеу	8.3.2.2 жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру	Өзін-өзі реттеу
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Цифрлық</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
8.3.2.1 түрлі деректерді қолдану арқылы қазақ-жоңғар соғысындағы шешуші кезеңдерді анықтау	8.3.1.6 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-территориялық өзгерістерді түсіндіру	8.3.2.3 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	Цифрлық
<i>Қолөнер</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.2.2.5 қолданбалы өнердің ерекшеліктерін деректер негізінде бағалау	8.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы тұжырым жасау	8.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің оқу-ағарту саласына қосқан үлесін деректер негізінде бағалау	Қолданбалы

<i>Сыни ойлау</i>	<i>Экологиялық сауаттылық</i>	<i>Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері</i>	
8.4.2.1 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау	8.3.1.6 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-территориялық өзгерістерді түсіндіру	8.2.2.4 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру	«Эко-мен»
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Ашықтық</i>	
8.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын анықтау	8.2.2.3 XIX ғасырдағы әдебиет өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуының маңызын түсіндіру	8.3.2.4 деректер негізінде Абылай ханның көрші елдермен қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерделеу	Қарекетшілдік
<i>Ынтымақтастық</i>	<i>Кәсіпкерлік сауаттылық</i>	<i>Отансүйгіштік және жауапкершілік</i>	
8.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дерек ретінде құндылығын бағалау	8.2.2.5 қолданбалы өнердің ерекшеліктерін деректер арқылы бағалау	8.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің оқу-ағарту саласына қосқан үлесін деректер негізінде зерделеу	Әлеуметтік өзара әрекеттесу
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Кәсіпкерлік сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.2.2.4 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру	8.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің оқу-ағарту саласына қосқан үлесін деректер арқылы бағалау	8.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Құрбанғали Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын зерделеу	Түрлендіру
<i>Мәселелерді шешу және шешім қабылдау</i>	<i>Тұрақты даму сауаттылығы</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
8.2.3.1 тарихи деректер негізінде Жәңгір ханның ағарту ісіндегі жаңашылдығын бағалау	8.2.3.2 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын нақтылау	8.2.1.2 тарихи деректер негізінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қазақ қоғамындағы маңызын зерделеу	Жаһандық

Негізгі құзыреттіліктерді (дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар) қалыптастыруға бағытталған NIS-Programme 8-сынып «Қазақстан тарихы» пәнінің білім беру бағдарламасына енгізілген өзгерістер, күшейтілген оқу мақсаттарының мысалдары төмендегі кестеде ұсынылған:

Қандай өзгеріс енгізілді?	Өзгертілген оқу мақсаттары	Өзгерістерді негіздеу
Оқу мақсатының мазмұны тереңдетілді	8.3.1.2 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының тарихи маңызын анықтау	Маңыздылық тарихи концептіге негізделіп, оқу мақсатының мазмұны тереңдетілді.
Метапәндік дағды енгізілді	8.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарларын талдау	Сыни ойлау, табандылық пен төзімділік дағдыларын дамыту мақсатымен тарихи оқиғаның себеп-салдарын талдауға бағытталды.

Жаңа мақсат	8.3.1.7 Абылай ханның қазақ хандығын нығайтудағы рөліне баға беру	Абылай ханның қазақ хандығын нығайтуға зор үлес қосқан Ұлы хан ретіндегі тұлғасын ашуға және оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталды.
Метапәндік дағды енгізілді	8.3.2.4 деректер негізінде Абылай ханның көрші елдермен қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерделеу	Бейнематериал, суретті дерек, зерттеушілердің тұжырымдарын қолдану арқылы оқушылардың деректермен жұмыс істеу дағдысын дамытуға және зерттеуге бағытталды.
Метапәндік дағды енгізілді	8.2.2.5 қолданбалы өнердің ерекшеліктерін деректер негізінде бағалау	Бейнематериал, суретті дерек, зерттеушілердің тұжырымдарын қолдану арқылы оқушылардың деректермен жұмыс істеу арқылы зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталды.
Оқу мақсатының құрылымы өзгертілді	8.2.1.1 ХІХ ғасырдағы әдебиет өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуының маңызын түсіндіру	«Өзгеріс пен сабақтастық» тарихи концептісіне сәйкес «Уақыт пен кеңістікте бағдарлану» дағдысын негізге алып мерзімі нақтыланды.
Метапәндік дағды енгізілді	8.2.1.2 тарихи деректер негізінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қазақ қоғамындағы маңызын зерделеу	Дәлел тарихи концептісіне негізделіп, бейнематериал, суретті дерек, зерттеушілердің тұжырымдарын қолдану арқылы оқушылардың деректермен жұмыс істеу дағдысын дамытуға бағытталды.
Метапәндік дағды енгізілді	8.2.2.5 қолданбалы өнердің ерекшеліктерін деректер негізінде бағалау	Интерпретация тарихи концептісіне негізделіп қолданбалы өнердің ерекшеліктері туралы айтылған тұжырымдарды қолдану арқылы әртүрлі көзқарастарды бағалауға бағытталды.
Метапәндік дағды енгізілді	8.2.3.1 тарихи деректер негізінде Жәңгір ханның ағарту ісіндегі жаңашылдығын бағалау	Маңыздылық тарихи концептісіне негізделіп бейнематериал, суретті дерек, зерттеушілердің тұжырымдарын қолдану арқылы оқушылардың деректермен жұмыс жасау және зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталды.
Метапәндік дағды енгізілді	8.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін деректер негізінде бағалау	

8-сынып «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасы тақырыптарындағы өзгерістер:

Өзгеріске дейінгі тақырып	Өзгерген немесе жойылған немесе жаңадан құрастырылған тақырыптар	Өзгерісті негіздеу
Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	Жеке тақырып ретінде жойылды.	Қазақстанды отарлаудың жүзеге асуы «Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?» тақырыбымен және Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау оқу мақсаты аясында қаралады.
Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	Ұлы жүздің Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	Ұлы жүз руларына қатысты болғандықтан, тақырып нақтыланды.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша қайта қаралған ұзақмерзімді жоспарды жүзеге асыру. Ұзақмерзімді жоспарды жүзеге асыру 8-сыныптың тақырыбы бойынша және ұсынылған оқу мақсатына сәйкес бір тапсырма мысалымен ұсынылды.

8-сынып «Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұзақмерзімді жоспарды жүзеге асыру ерекшелігі.

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі: 8.2А ХVIII ғ. Қазақстанның мәдениеті.

Тақырып: ХVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?

Оқу мақсаты:

8.2.2.1 – халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларын тарихи дерек ретінде құндылығын бағалау

Концепт: дәлел.

Бағдарлама бойынша ұсынылған тапсырма түрі: ХVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларының тарихи дерек ретінде құндылығын бағалау.

Тапсырма. Аналитикалық талдау парағымен жұмыс: дерек үзіндісінің құндылығын талда және ойынды тұжырымда.

Бөгенбайға арнау

Қорғасындай Бөгенбай!	Арасы толған көп қалмақ.
Қолтығы ала бұғының	Қалмақты қуып қашырдың,
Пәйкесіндей Бөгенбай!	Қара Ертістен өткізіп.
Жалаңқия жерлерден	Алтай тауға асырдың,
Жазбай түсіп түлкі алған	Ақ Шәуліге қос тігіп.
Білегі жуан бүркіттің	Ауыр қол жиып алдырдың,
Тегеурініндей Бөгенбай!	Қалмаққа ойран салдырдың!
Баянауыл, Қызылтау,	Қабанбай мен Бөгенбай
Абыралы, Шыңғыстау,	Арғын менен найманға
Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ,	Қоныс қылып қалдырдың.

Үмбетей жырау

Дереккөз: Қазақстан тарихы. 8-сыныпқа арналған оқулық.

Талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1-қадам. Бақылау		
А.	Жыр үзіндісін 5 минут ішінде оқыңыз. Жырдан алған жалпы әсеріңізді сипаттаңыз. Жырды шумақтарға бөліп, оның әр сөзіне мән беріңіз.	
В.	Жырдағы адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.	
	Адамдар	Жер-су аттары
	Бөгенбай	Баянауыл
		Іс-әрекеттер
		Түлкі алған
2-қадам. Дәлел		
А.	Жырда қандай оқиға суреттелген? Дәлел келтіріңіз.	

3-қадам. Қорытынды	
А	Жырдың құндылығын көрсететін үш іс-әрекетті жазыңыз, жырдан қорытынды шығарыңыз.
4-қадам. Сұрақтар	
А.	Бұл жыр сізде қандай сұрақ тудырды?
В.	Оларға жауаптарды қайдан таба аласыз?

Тапсырманың әдістемелік негіздемесі: ұсынылған тапсырма халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларын тарихи дерек ретінде құндылығын бағалауға бағытталған. Үмбетей жыраудың «Бөгенбайға арнауы» жырынан үзінді ұсынылған. Аналитикалық талдау парағын қолданып, оқушылар жырдың дерек ретінде құндылығын анықтайтын болады. Жырды оқиды, әр сөзіне көңіл бөліп, осы арқылы жырда суреттелген тарихи оқиғаны анықтайды. Аналитикалық талдау парағы оқушылардың «тарихи деректердің интерпретациясы», «деректегі ақпараттың құндылығын бағалау» пән дағдылары және сыни ойлау, зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларын тарихи дерек ретінде құндылығын бағалау, дәлел келтіру арқылы дәлел концептісі жүзеге асатын болады. Осы тапсырма арқылы халық арасынан шыққан ақын-жыраулардың шығармаларымен халықтың мұң-зарын жоқтағанын, ерлікке, елдікке шақырғанын түсініп, отансүйгіштік және жауапкершілік құндылығын бойына сіңіреді.

«Қазақстан тарихы» пәні оқу бағдарламасында тәрбиелік аспектілерді іске асыратын құндылықтар

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады.

Негізгі мектеп деңгейіндегі 6–10-сыныптардың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша NIS-Programme білім беру бағдарламасын жүзеге асыру оқушылар бойында мынадай құндылықтарды қалыптастырады:

- Құрмет
- Ашықтық
- Отансүйгіштік және жауапкершілік
- Еңбекқорлық және шығармашылық
- Адалдық
- Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері
- Денсаулық және әл-ауқат
- Жаһандық азаматтық

«Қазақстан тарихы» пәнінде құндылықтар оқу мақсатының мазмұнынан көрініс табады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрыптары, шаруашылығын білу оқушылардың бойында отбасы құндылықтары мен дәстүрлері, құрмет, отансүйгіштік және жауапкершілік, еңбекқорлық пен шығармашылық құндылықтарының қалыптасуына негіз болады. Мемлекеттердің құрылуы, халықтардың қалыптасуы, мемлекеттердегі саяси процестер, белгілі тұлғалардың мемлекетті нығайтудағы рөлдері туралы оқыған оқушылар отансүйгіштік және жауапкершілік, еңбекқорлық және шығармашылық, адалдық, құрмет құндылықтарын қалыптастырады. Қазақстанның көрші елдермен дипломатиялық қатынастары, аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарын саралау арқылы оқушылар ашықтық, жаһандық азаматтық құндылықтарының маңызын жете түсініп, бойына сіңіреді. Бұл құндылықтар өз елінің мәдениетін, дәстүрлері мен өнерін, халқын, елін құрметтеу сезімін, өз елінің мүдделері мен әл-ауқатын қорғау түсінігін бекітіп, іштей ел болашағының жарқын болуына үлес қосуға дайын болуы керек екенін түйсіндіреді. Аталған құндылықтар азаматтық санаға және қоғамда белсенді болуға ықпал етеді.

NIS-Programme білім беру бағдарламасындағы құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеп, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға болады.

«Қазақстан тарихы» пәнінде оқу бағдарламасының құндылықтарын оқушылар бойында қалыптастыру үшін оқу үдерісін ұйымдастырудың интерактив формаларына мысалдар

Тақырып: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық өнер мен әдебиетті дамыту жолдары қандай? (10-сынып)

Оқу мақсаты: 10.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттігін негіздеу.

Тарихи концепт: маңыздылық.

Құндылықтар: отансүйгіштік және жауапкершілік.

Тапсырма: «GROW» әдісін қолданып, «Мәдени мұра» немесе «Рухани жаңғыру» бағдарламасын талдау.

Тапсырма сипаты:

«GROW» әдісі арқылы «Мәдени мұра» немесе «Рухани жаңғыру» бағдарламасын талдау барысында оқушылар бағдарламаның мақсатын анықтап, оның жүзеге асырылуын зерделейді. Мүмкіндіктерін талдап, болашаққа болжам жасайды. Бағдарлама нәтижесінде атқарылған іс-шараларға дәлелдер келтіріп, Қазақстанның мәдениет саласында бірнеше елмен ынтымақтастық орнатқанын және бұның халықаралық байланыстарды дамытуға септескенін тілге тиек етуге болады.

2004 жылғы «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты – Ұлы дала халқының мәдени игілігін сақтау болса, ал 2017 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты мақсаты – рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену.

Бұл жерде құрмет, отбасы құндылықтары мен дәстүрлер және ашықтық құндылықтары қалыптасады. Осы арқылы оқушыларды полимәдениетті тұлға ретінде тәрбиелеуге болады.

Goal (мақсаты)	Бағдарламаның негізгі мақсаты неде? Нәтижесінде неге қол жеткізуді қалайсыздар? Мақсатқа қол жеткізу үшін қанша уақыт бересіздер? Мақсатқа қол жеткізген соң біз қандай боламыз?	
Reality (іске асырылуы)	Қазіргі уақытта қандай шаралар жүзеге асты немесе жалғасуда? Бағдарламаның жүзеге асырылуын қалай басқаруға немесе өзгертуге болады? Бағдарламаның жүзеге асырылуына қосымша қандай ресурстар қажет?	
Options (мүмкіндіктері)	Бағдарламаның жүзеге асырылуында қандай ішкі қайшылықтар болуы мүмкін? Бағдарламаны ұзақмерзімді мақсаттар қойып қабылдау қандай мүмкіндік береді? Егер уақыт пен материалдық құралдар, басқа да әдістер көп болса нені өзгертер едіңіздер?	
Way forward (алға қарай әрекет ету)	Сіздерді қандай іс-әрекеттер қанағаттандырды? Жетістікті қандай критерийлер бойынша өлшейсіздер? Әрі қарай әрекет ету үшін қандай қолдау қажет деп санайсыздар?	

«Қазақстан тарихы» пәні (жоғары мектеп)

Пәннің маңызы – оқушылардың әлемдік қауымдастықтың дамуы контексінде қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және қоғамдық-саяси дамуы туралы біртұтас түсінігін әрі елді дамыту жөнінде өзіндік азаматтық позициясын қалыптастыру.

«Қазақстан тарихы» пәні қазақ тілінде оқытылады.

Оқу жүктемесі мен құжаттар

Сынып	Апталық жүктеме, сағ	Жылдық жүктеме, сағ	Сыныптарды топқа бөлу	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
11	2	68	Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар	4-нұсқа наурыз, 2019 ж.	4-нұсқа шілде, 2019 ж.
12	2	68			4-нұсқа маусым, 2019 ж.

Оқытудың ерекшеліктері

«Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұнында қоғамдық-гуманитарлық пәндердің интеграциясы көзделген. Ашып айтар болсақ, тарих, география, құқық негіздері, экономика, дінтану пәндерін, сонымен қатар «Әлеуметтану», «Саясаттану», «Мәдениеттану» курстарының негізін жинақтап оқыту ескерілген. «Қазақстан тарихы» сабақтарында орындалатын жобалау-зерттеу жұмыстары теориялық білімді практикалық түрде және күнделікті өмірде қолданудың кең мүмкіндіктерін ұсынып, басқа пәндік салаларда меңгерілген білімге негізделеді.

Оқу бағдарламасында мынадай дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқыту мақсаттары іске асырылады:

- метакогнитивтік дағдылар – оқушылар өз жұмысының мықты және әлсіз жақтарын көреді, әлсіз жақтарын түзету жөнінде және зерттеу жұмысын жақсарту жолдары туралы ойланады;
- зерттеу дағдылары – оқушылар өз еліне қызмет ету үшін жаңа табысты жобалар туралы зерттеулер жасайды, өзіндік зерттеу-идеяларын немесе өнімдерін ұсынады;
- креатив ойлау дағдылары – оқушылар объектіні әртүрлі перспективадан және әр қырынан көріп үйренеді, бұл зерттеу саласындағы жаңа мүмкіндіктерді көруге мүмкіндік береді;
- практикалық дағдылар – оқушылар меңгерген білімдерін зерттеу-идеяларын іске асыруға қолданады.

Бұл дағдылар оқушылардың болашақ мамандықтарын таңдау туралы шешім қабылдауына, қоғам мен мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуына үлес қосуына, кез келген өмірлік жағдайда функционалды сауаттылық пен бәсекеге қабілетті екенін көрсетуіне мүмкіндік береді.

Мониторинг нәтижесінде 2024–2025 оқу жылында мұғалімдерге арналған ұсыныстар

1. Мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған және сараланған оқыту тәсілдерін қолданып, деңгейі әртүрлі оқушыларға барынша қолдау көрсетуі керек. Саралауды жүзеге асыру және мықты оқушылардың одан әрі дамуына, әлсіз оқушыларға қолдау көрсетуге, әртүрлі қиындық деңгейлерінен тұратын тапсырмалар беруге мүмкіндік беру.

2. Мұғалімдер оқушылардың дағдыларының прогрессиясын белгілеп әрі оқушылармен кері байланыс орнатып, айтып отыру керек. Мысалы, тіл кедергілеріне жиі ұшырайтын оқушылардың айтылым/тыңдалым/жазылым/оқылым дағдыларының жақсарғанын байқағанда, үнемі оқушының ынтасын арттырып, жігерлендіру үшін қолдап отыру.

3. Сабақтарды жоспарлағанда дәстүрлі емес, белсенді сабақтарды өткізуге назар аударыңыз.

4. Әр сабақ сайын CLIL әдісінің элементтерін және академиялық тілді дамыту жұмыстарын күшейтуге кеңес беріледі.

«Қазақстан тарихы» пәнінің білім беру бағдарламасында тәрбиелік аспектілерді іске асыратын құндылықтар

Жоғары мектептің 11–12-сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні оқу бағдарламасын меңгертуде оқушылардың бойында мынадай құндылықтар қалыптасады:

- *Отансүйгіштік және жауапкершілік*
- *Құрмет*
- *Еңбексүйгіштік және шығармашылық*
- *Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері*
- *Жаһандық азамат*
- *Денсаулық және әл-ауқат*
- *Адалдық*
- *Ашықтық*

Отансүйгіштік және жауапкершілік – еліне сүйіспеншілік, құрмет сезімі, жеке жауапкершілікті мойнына алуға, елінің мүдделері мен әл-ауқатын қорғауға дайын болу, өз елінің болашағына қосқан үлесі; азаматтық сананың жоғары деңгейі, қоғам өміріне белсенді қатысу.

Құрмет – елдің әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық жетістіктерін құрметтеу, көп этносты халықтардың құқықтары мен бостандықтарын, құндылықтарын құрметтеу; олардың пікірлеріне, құқықтары мен бостандықтарына төзіммен қарау;

Қазіргі қоғамның басты талабы – мемлекеттік және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, жан-жақты, адамгершілік нормаларын меңгерген, отансүйгіш ұрпақтар тәрбиелеу. Осы орайда «Құқық негіздері» пәнінің маңызы зор. Бұл пән оқушылардың құқықтық білім негіздерін игеруін қамтамасыз етеді, олардың сыни ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытады, құқықтық сауаттылықтың және мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

«Құқық негіздері» пәні қазақ тілінде оқытылады.

1. Оқу жүктемесі мен құжаттар

Сынып	Апталық жүктеме, сағ	Жылдық жүктеме, сағ	Сыныптарды топқа бөлу	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
9	1	34	Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар	1-нұсқа наурыз, 2018 ж.	2-нұсқа мамыр, 2018 ж.

Пәннің өзектілігі

Бүгінгі тұрақсыз және тез өзгермелі әлемде «Құқық негіздері» пәнін оқыту пән мұғалімдерінен инновацияны, бейімделгіштік қасиетін, жаңашылдықты талап етеді. Бұл оқытудың өзектілігі

мен тиімділігін қамтамасыз етуге, оқушылардың қажет білім мен дағдыларды меңгеруіне, сондай-ақ табысты кәсіби қызметке және қазіргі қоғамға сай белсенді азамат болып қалыптасуы үшін дайындалуына мүмкіндік береді.

Құқықтық сауаттылық: Заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіндегі тұрақты өзгерістер жағдайында құқық негіздерін білу осы сала мамандары үшін ғана емес, барлық азаматқа қажет. Бұл олардың құқықтары мен міндеттерін түсінуіне, мүдделерін қорғай білуіне және қоғамдық өмірге белсене қатысуына септеседі.

Этика және әділеттік: Этика мен әділеттік мәселелері ерекше маңызды. Құқық негіздерін оқыту оқушылардың моральдық бағдарларын қалыптастыруға және жеке әрі кәсіби өмірде әділет заңдары мен принциптерін сақтаудың маңызын түсінуіне ықпал етеді.

Оқытудың ерекшеліктері

Интерактив оқыту әдістері: Бүгінгі ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған әрі жасанды интеллекті дәуірінде оқытудың дәстүрлі формаларын пайдалану жеткіліксіз. Сабақта кейс-стади, пікірталас, рөлдік ойындар және модельдеу сияқты интерактив әдістер оқушылардың материалды белсенді меңгеруіне және теориялық білімді практикада қолдана білуіне көмектеседі.

Құқықтық-нормативтік құжаттардың трансформациялануы: Мұғалімдер сабақтарын жоспарлауда уақыт ағымына сәйкес өзгерген заңнама, сот практикасын және қазіргі заман құқық мәселелерін қамту үшін сабақ мазмұнын үнемі жаңартып отыруы керек. Бұл ретте ағымдағы жаңалықтарды пайдалануға, құқықтық талдаулар жасауға, практиктерді шақыруға болады.

Цифрлық технологияларды қолдану: Заманауи технологиялар құқық пәнін оқытуда мол мүмкіндік береді. Онлайн платформалар, виртуал сыныптар, цифрлық кітапханалар және мамандандырылған заң базалары оқушыларға жаңартылған ақпаратпен танысуға және олардың орналасқан жеріне қарамастан интерактив сабақтарға қатысуына мүмкіндік береді.

Сыни ойлауды дамыту: Құқықты оқыту оқушылардың сыни ойлауы мен талдау дағдыларын дамытады. Құқықтық жағдайларды талдау, этикалық дилеммаларды талқылау және дәлелді құқықтық ұстанымдарды тұжырымдау тапсырмаларының аталған дағдыларды дамытудағы рөлі ерекше.

Пәнаралық байланыс: Қазіргі жағдайда құқықтың экономика, әлеуметтану, саясаттану және ақпараттық технологиялар сияқты басқа білім салаларымен байланысын ескеру маңызды. Пәнаралық перспективаларды сабаққа енгізу оқушылардың құқықтық мәселелердің күрделілігін түсінуіне және тиімді шешімдер табуына септеседі.

2. «Құқық негіздері» пәнінің оқу бағдарламасындағы құндылыққа бағытталған тәсілі

1. Оқушылардың құқықтық нормалар мен құндылықтарға құрметін арттыру;
 2. Зерттеу және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру;
 3. Академиялық адалдық пен өз іс-әрекеті үшін жауапкершілікке тәрбиелеу;
- Құндылыққа-бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға ұсынылатын идеялар:

1. Құқықтық сұрақтар жөніндегі белсенді дискуссиялар

Мақсаты: Сыни ойлай білуді дамыту және әртүрлі көзқарастарды құрметтеу сезімін бекіту

Тапсырма: Өзекті құқықтық мәселелер бойынша пікірталастар ұйымдастыру (мысалы, Адам құқықтары, сөз бостандығы). Оқушылар топтарға бөлінеді, олардың әрқайсысы көзқарасын білдіреді. Талқы соңында оқушылар ортақ тұжырым жасау арқылы келісімге келеді.

2. «Құқық және қоғам» тақырыбындағы зерттеу жобалары

Мақсаты: Құқықтың қоғамдағы рөлін түсіну және зерттеу дағдыларын дамыту.

Тапсырма: Оқушылар тақырып таңдайды (мысалы, Қазақстанның құқықтық жүйесі, әлемдегі құқықтық жүйелердің қалыптасуын салыстыру) және зерттеу жасайды. Олар әртүрлі

ресурстан дерек жинап, талдау жасап, нәтижелерін презентация немесе инфографикамен көрсетуі керек.

3. Рөлдік ойындар: «Сыныптағы сот процестері»

Мақсаты: Дәйектеу дағдыларын дамыту және адалдық пен әділет принциптерін түсіну.

Тапсырма: Сот процесін сахналауды ұйымдастырыңыз. Оқушылар топтарға бөлінеді: адвокаттар, прокурорлар, куәгерлер мен судьялар. Әр топ өз аргументтері мен фактілерін дайындайды, кейін процестің өзі «үкім» шығарумен жүзеге асырылады.

4. Этика және құқық: эссе жазу

Мақсаты: Жазылым дағдыларын және академиялық адалдықтың маңызын түсіну.

Тапсырма: Оқушылар «Құқықтағы этика» тақырыбында эссе жазады. Жұмыс барысында плагиаттың не екенін зерделейді, басқалардың еңбегін неліктен құрметтеу және сілтемелерді қалай рәсімдеу керек екені туралы түсінік қалыптастырады.

5. Сыныптың құқықтық кодексін құрастыру

Мақсаты: Құқықтар мен нормаларды құрметтеуге тәрбиелеу, ынтымақтастық және коммуникация дағдыларын дамыту.

Тапсырма: Оқушылар маңызды деп санайтын мінез-құлық ережелері мен нормаларын қамтитын «Сыныптың құқықтық кодексін» бірлесіп әзірлейді. Кодексті талқылап бекіткеннен кейін барлық оқушы белгіленген ережелерді сақтауға уәде беріп қол қояды. Бұл тапсырманы оқу жылының ең бірінші сабағында орындатуға кеңес беріледі.

Мониторинг нәтижесінде 2024–2025 оқу жылында мұғалімдерге арналған ұсыныстар:

Сабақтарды дәстүрлі емес, белсенді форматта өткізу ұсынылады. Мысалы, оқушыларға белгілі бір тақырыпта бейнематериал түсіруге, оның бетіне субтитрін жазуды тапсырыңыз. Нәтижесінде ақпараттық бейнематериал туындылары әзірленеді. Оқушылардың өздеріне заң жобасын дайындауды да ұсынуға болады. Бұл ретте бүгінгі өзекті <https://chatgpt.com/> мүмкіндіктерді пайдалануға кеңес бергеніңіз жөн.

Мұғалімдердің әр оқушының интеллектісі деңгейін ескеріп, сараланған оқыту технологиясын қолданғаны абзал.

Оқушылардың тілдік дағдыларын ескеріп, әр сабақта термин сөздермен жұмыс істеуге арнайы уақыт бөлген жөн. CLIL әдісінің мүмкіндіктерін қолданып, оқушыларға тілдік тұрғыдан қолдау көрсетуге кеңес беріледі.

Предмет «Экономика»

1. Учебная нагрузка и документы

Образование нацелено на воспитание грамотной и уверенной личности, умеющей внести определенный вклад в социально-экономическую деятельность. В данном контексте преподавание и изучение предмета «Экономика» подразумевает получение знаний по предмету, а также приобретение соответствующих умений и навыков.

Содержание предмета «Экономика» в старшей школе включает изучение основных экономических законов, структуру рыночных отношений, основ бизнеса и предпринимательства и основ макроэкономики. Оно направлено на развитие у учащихся экономического мышления, предпринимательских навыков и финансовой грамотности, способности анализировать экономические ситуации и явления.

Предмет «Экономика» является предметом по выбору и преподается в 11 и 12 классах на английском языке. В 11 классе учащиеся знакомятся с основными понятиями экономики, системой рыночной экономики, основами предпринимательства. В 12 классе учащиеся изучают элементы макроэкономики.

Учебная нагрузка

Класс	Недельная нагрузка, ч.	Годовая нагрузка, ч.	Деление класса на группы	Учебная программа	Учебный план
11	3	102	Да	Версия 13, 2018 г.	Версия 4, 2017 г.
12	3	45	Да		Версия 2, 2018 г.

Изучение предмета «Экономика» в образовательной программе NIS-Programme готовит учащихся к активному участию в экономической жизни общества и способствует формированию навыков управления ресурсами, необходимых для успешной карьеры и достижения целей.

Особенности преподавания

Содержание учебной программы предмета «Экономика» предусматривает интеграцию общественно-гуманитарных и естественно-научных дисциплин. Применение экономических знаний и навыков в других предметных областях формирует у учащихся наиболее полное и научное представление об окружающем мире, о взаимосвязи предметов и явлений в нем; способствует развитию навыков исследовательской деятельности и пониманию экономики с ее универсальным языком и методами описания и познания действительности. Деятельность учащихся на уроках экономики предусматривает широкие возможности для интеграции содержания обучения с другими предметами (биология, физика, химия, география, история и информатика). Реализуемые проектно-исследовательские работы на уроках экономики опираются на знания, полученные по другим предметным областям, предлагая широкие возможности применения теоретических знаний в практической деятельности и в повседневной жизни.

В программе реализуются цели обучения, направленные на формирование:

- *метакогнитивных навыков: учащиеся размышляют над сильными и слабыми сторонами своей работы, над способами исправления слабых сторон и улучшения своего продукта;*
- *исследовательских навыков: учащиеся проводят исследования о новых успешных проектах в сфере предпринимательства, предлагают свои бизнес-идеи или продукты;*
- *навыков творческого мышления: учащиеся учатся видеть объект с разных перспектив и в разных формах, что позволяет увидеть новые возможности в бизнесе;*
- *практических навыков: учащиеся применяют полученные знания для реализации бизнес-идей.*

Формирование этих навыков позволит учащимся определиться с выбором будущей профессии, внести вклад в экономическое развитие общества и государства, проявлять функциональную грамотность и конкурентоспособность в любой жизненной ситуации.

Привитие ценностей и воспитательные аспекты в реализации учебной программы по предмету «Экономика»

Изучение предмета «Экономика» играет значительную воспитательную роль в процессе становления личности учащегося. В образовательной программе NIS-Programme определены основные ценности:

- *уважение;*
- *сотрудничество;*
- *открытость;*
- *патриотизм и гражданская ответственность;*
- *труд и творчество;*
- *обучение на протяжении всей жизни.*

Воспитание глобальной гражданственности является одним из основных направлений в учебной программе по предмету «Экономика». Учащиеся изучают темы: роль государства в развитии экономики страны, экономическая стабильность, международная торговля, важность интеграции Казахстана в мировую экономику. На уроках экономики творчество и трудолюбие формируются через активную учебную деятельность учащегося, через самореализацию в творческом процессе по созданию различных проектов, а также через понимание учащимися роли труда и творчества в развитии человека и общества, уважения к труду и человеку труда, что подразумевает усердную работу, настойчивость, творческий подход к решению задач и поиск новых способов их решения.

Патриотизм и ответственность – это ценности, которые формируются на каждом уроке экономики через различные виды проектной деятельности в процессе анализа экономических проблем и вызовов в контексте ответственности перед своей страной и обществом, обсуждение роли экономического развития в процессе формирования и сохранения национальной идентичности.

Честность – качество человека, проявляющееся в его стремлении говорить правду и действовать в соответствии с моральными принципами и нормами. В контексте предмета «Экономика» честность включает в себя соблюдение принципов академической этики и честности при выполнении проектных работ и исследований по экономике; проявление уважения к интеллектуальной собственности и признание источников информации в академических работах, размещение проектных работ в средствах массовой информации с учетом авторского права.

Здоровье и благополучие – ценности, которые относятся к физическому и психологическому благополучию человека. На уроках экономики данные ценности реализуются через обсуждение влияния экономических факторов на здоровье и благополучие людей, анализ проблем доступности здравоохранения, продовольствия, жилья и других основных потребностей. В семейных ценностях и традициях важными являются такие качества, как уважение, доверие, ответственность, забота, взаимопонимание, соблюдение определенных общественных, религиозных или культурных норм и стандартов, которые приняты в семье и т.д. На уроках экономики данные ценности прививаются при обсуждении роли семьи в экономическом развитии и воспитании, ведении семейного бюджета. В ходе анализа влияния семейных ценностей и традиций на экономическое поведение и решения учащиеся учатся понимать роль семьи в жизни каждого человека и общества.

Для реализации учебных целей и привития ценностей рекомендуется использовать активные формы применения знаний: моделирование ситуации из жизни с помощью ролевых игр и дебатов, поиск связи между изучаемыми темами, концептами и конкретными примерами из экономики Казахстана и других стран, использование кейс-метода для анализа реальных экономических ситуаций.

Пример реализации цели обучения на уроке

11 класс. Раздел 11.3А. Введение в предпринимательство

Тема: Предпринимательство как экономическое явление

Цель обучения:

Анализировать современные тенденции мирового и отечественного предпринимательства.

Предложите учащимся порассуждать о современных направлениях развития предпринимательства. Учащиеся в группах приводят примеры мировых успешных бизнес-проектов.

Задание. Проанализируйте в группах кейсы казахстанских стартапов, инновационных бизнес-проектов и проведите исследование инновационности бизнес-проектов согласно критериям:

- *инновационность продукта или услуги;*
- *влияние на экономику Казахстана: создание рабочих мест, стимулирование конкуренции;*

- *социальное развитие общества;*
- *рыночный потенциал: анализ рыночного размера, степени конкуренции, трендов спроса;*
- *бизнес-модель: оценка монетизации продукта или услуги, структуры доходов, стратегии масштабирования и т.д.;*
- *финансовая устойчивость: анализ финансовых показателей (прогнозные доходы и расходы, привлеченные инвестиции, потребность в финансировании и т.д.);*
- *экологическая и социальная устойчивость: влияние на социальное развитие общества.*

1 группа. Казахстанский кикшеринговый сервис JET¹⁹ – это система бесстанционной краткосрочной аренды электросамокатов по аналогии с каршерингом. Прокат самокатов осуществляется с помощью специального мобильного приложения. Клиенты могут арендовать электросамокат на одной из парковок, расставленных по городу, и завершить аренду там, где им удобно. В обороте компании находится 10 тысяч самокатов в 14 городах.

Стартап зарегистрирован в Astana Hub. Недавно проект привлек новый раунд инвестиций в размере \$3 млн. Инвестором раунда стал серийный казахстанский предприниматель Эрик Искаков, а также более 10 частных инвесторов и бизнес-ангелов.

Привлеченные средства помогут JET выйти на новые рынки в странах Восточной Европы и Центральной Азии.

2 группа. S1LKPAY. S1lkPay – это инновационный финтехбанк, предлагающий нестандартное решение для денежных переводов. Стартап работает по принципу «prepaid platform», который предполагает выпуск предоплаченных карт без открытия банковского счета. Любой гражданин в любой точке мира, приобретая эту карту, становится клиентом платформы и получает доступ к различным услугам, включая мгновенные переводы по всему миру. Осенью 2021 года стартап привлек \$1,2 млн. от инвестиционной компании Seven Rivers Capital LTD, ОАЭ, а также от нескольких ангелов-инвесторов в Ближневосточном и Центрально–азиатском регионах.

3 группа. Cerebra – это программное обеспечение для диагностики инсульта на ранней стадии по снимкам компьютерной томографии. В его основе лежат нейросети – математические модели, обученные распознавать определенные болезни и дефекты на медицинских изображениях. Система анализирует все снимки за несколько минут, облегчая процесс принятия решения и назначение лечения. Проект CEREBRA запустила компания Almaty A.I. Lab, занимающаяся разработками технологий в области искусственного интеллекта с 2018 года. Система действует в пилотном режиме в 11 инсультных центрах по всему Казахстану, и до конца 2021 года компания планировала внедрить ее в крупнейшем госпитале Южной Кореи. За восемь месяцев тестового периода ИИ проанализировал более 7000 снимков.

4 группа. ApartX – это мобильное приложение для арендодателей, которое позволяет безопасно и удаленно управлять своими квартирами для аренды. Решение помогает заселять арендаторов дистанционно за пару минут – приложение проводит верификацию каждого арендатора и генерирует пин-код для временного доступа. Через софт также можно подписать договор аренды. Стартап привлек \$400 тыс. при оценке \$2 млн. долларов от управляющей инвестиционной компании Activat (прежнее название – Smart Investments). Как сообщил основатель проекта Канат Кельдибеков, средства от инвестиций пойдут на закупку оборудования и обеспечение предварительно заключенных договоров.

¹⁹ <https://5qbe.kz/ru/posts/top-10-kazahstanskih-startapov-po-privlechennym-investicziyam-v-2021-godu>

5.5 «Өнер» білім беру саласы

«Өнер» пәні

2024–2025 оқу жылында «Өнер» пәнінің оқу бағдарламасында өзгерістер қарастырылмаған. Жаңа оқу жылында «Өнер» пәнінің оқу бағдарламасын 2.0-нұсқасы және «Өнер» пәні бойынша 7 және 8-сыныптарға арналған ОӘК (мұғалімге арналған нұсқаулық және оқулық) өзгерістеріне сәйкес қайта қаралған нұсқасын пайдалану ұсынылады.

Оқу жүктемесі және құжаттар

Сынып	Апталық жүктеме, сағат	Жылдық жүктеме, сағат	Оқу бағдарламасының нұсқасы	Оқыту жоспарының нұсқасы
6	2	72	4-нұсқа, 2019 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
7	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
8	2	72		
9	2	72		
10	2	66		

6–10-сыныптарға арналған «Өнер» пәні бойынша оқу бағдарламасы шығармашылық және сыни ойлауды, әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды қалыптастыруға, музыка, бейнелеу және сәндік өнер, дизайн және технологиялар саласындағы түрлі шығармашылық жобаларды орындау кезінде білімді функционалдық қолдануға бағытталған.

Төмендегі кестеде белгілі бір дағдыларды, сауаттылық түрін, құндылықты дамытуға ықпал ететін және нәтижесінде негізгі құзыреттердің қалыптасуына әкелетін оқу мақсаттарының мысалдары келтірілген.

«Бейнелеу өнері» компоненті

Дағдылар, сауаттылық түрлері, құндылықтар арқылы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырудың мысалдары

Дағды	Сауаттылық түрі	Құндылық	Негізгі құзыреттіліктер
<i>Зерттеу дағдылары</i>	<i>Қаржылық сауаттылық</i>	<i>Адалдық</i>	Таным
А8.1.4.1. Жаңа идеяларды жоспарлап, оларды ұсыну үшін ақпарат көздерін өз бетімен таңдау, бастапқы зерттеулерді қолдану (соның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерін қолдану)	А8.1.6.3. Өнімнің материалдық шығындары мен құнын анықтау	А8.3.4.1. Өзінің және өзгелердің жұмыстарын (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер және ЖЗ мүмкіндігімен жасалған жұмыстар) жетілдіру және бейімдеу бойынша сыни ұсыныстар жасау	

<i>Зерттеу дағдылары</i>	<i>Тұрақты дамуға қажет экологиялық сауаттылық</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
А8.1.1.1. Алдыңғы тәжірибелер мен зерттеулерге сүйене отырып, олардың ерекшеліктерін анықтау және түсіндіру арқылы қоршаған әлемнің (табиғи/жасанды) салалары туралы терең білім мен түсінікті көрсету	А8.1.3.1. Суретшілердің шығармаларындағы стильдердің, жанрлардың және әртүрлі контекстердің (тарихи/әлеуметтік/мәдени/экологиялық және т.б.) сипаттамаларын бірін-бірі қалайша ашатынын және бір-біріне қалайша әсер ететінін анықтай отырып салыстыру	А8.1.2.1. Өнер, дизайн және ғылымды байланыстыра отырып, түрлі тарихи және мәдени (қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеті) туындылардың ерекшеліктерін салыстыру	Жаһандық
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Кәсіпкерлік сауаттылық</i>	<i>Құрмет</i>	
А8.3.2.1. Өзінің және өзгенің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер, ЖЗ) жұмыстарында көрініс тапқан идеяларды талдау үшін критерийлерді қолдану	А 8.1.8.2. Бұйымға кеткен материал шығындарын, құнын анықтау	А8.1.2.1. Өнер, дизайн және ғылымды байланыстыра отырып, түрлі тарихи және мәдени (қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеті) туындылардың ерекшеліктерін салыстыру	Өзін-өзі реттеу
<i>АКТ дағдылар</i>	<i>Цифрлық сауаттылық</i>	<i>Адалдық</i>	
А8.1.7.1. Объектінің/бұйымдардың дизайнын функционалдық (техникалық), эстетикалық талаптар мен этикалық нормаларға сәйкес әзірлеу	А8.2.7.1. Цифрлық жабдықтар мен АКТ құралдарын, ЖЗ мүмкіндіктерін шығармашылық жұмысты (сурет, бұйым, объект) жасау үшін пайдалану	А8.2.4.1. Түрлі графикалық құралдардың (соның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерінің) көмегімен бұйым жасау үшін нобай сызу, графикалық құжаттама жасау	Цифрлық
<i>Жауапты тұтыну</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Отансүйгіштік және жауапкершілік</i>	
А8.1.7.1. Объектінің/бұйымдардың дизайнын функционалдық (техникалық), эстетикалық талаптар мен этикалық нормаларға сәйкес әзірлеу	А8.1.3.1. Суретшілер шығармаларындағы стильдердің, жанрлардың және әртүрлі контекстердің (тарихи/әлеуметтік/мәдени/экологиялық және т.б.) сипаттамаларын, олардың бір-бірін қалай бейнелейтінін және әсер ететінін анықтап байланыстыру	А8.1.9.1. Объектінің/бұйымдардың/шығармашылық жұмыстың эстетикалық қасиеттерін жақсарту үшін түрлі материалдардың қасиеттерін, өңдеу және әрлеу әдістерін анықтау	«ЭКО-МЕН»

<i>Қызығушылық</i>	<i>Құқықтық сауаттылық</i>	<i>Адалдық</i>	
А8.2.6.1. Шығармашылық тәуекелдерді ескере отырып, материалдармен, әдістермен және үдерістермен тәжірибе жасау	А8.3.2.1. Өз жұмысында және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер, ЖЗ) жұмыстарында көрініс тапқан идеяларды талдау үшін критерийлерді қолдану	А8.3.3.1. Өзінің және басқалардың жұмысында (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) қолданылған әдістер мен тәсілдерді талқылау және бағалау	Түрлендіру

«Музыка» компоненті

Дағды	Сауаттылық түрі	Құндылық	Негізгі құзыреттіліктер
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Адалдық</i>	
7.1.1.1. Өздері тыңдаған қазақ ұлттық музыкалық шығармаларын және әлемнің басқа халықтарының музыкасын әртүрлі жанрларда, стильдерде, контекстерде талдау және салыстыру, ойлар, сезімдер мен эмоцияларды сипаттау	МА 7.2.1.1. Идеяларды зерттеу және дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану (соның ішінде АКТ қолдану)	МА 7.3.3.1. Өз жұмысын және басқалардың жұмысын бейімдеу, жетілдіру бойынша сындарлы ұсыныстарды енгізу	Таным
<i>Эмпатия</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Ашықтық</i>	
7.1.1.1. Өздері тыңдаған қазақ ұлттық музыкалық шығармаларын және әлемнің басқа халықтарының музыкасын әртүрлі жанрларда, стильдерде, контекстерде талдау және салыстыру, өз ойларын, сезімдері мен эмоцияларын, композитордың ой-өрісін сипаттау	7.2.2.1. Өз идеясын қалыптастыру және музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жүзеге асыру үшін тиісті материалдарды (музыкалық және музыкалық емес) таңдау	7.2.3.1. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау үшін контекстің музыкалық немесе музыкалық емес құралдардың, соның ішінде цифрлық технологиялардың кең ауқымын пайдалана отырып, әртүрлі жанрларда, стильдерде музыка жазу және импровизациялау	Өзін-өзі реттеу
<i>Ынтымақтастық</i>	<i>Цифрлық сауаттылық</i>	<i>Жаһандық азаматтық</i>	
7.1.3.1. Музыкалық шығарманы белгілі бір жанрларда, стильдерде, контекстерде сезімдер мен эмоцияларды жеткізе отырып, есту қабілетіне сүйеніп/нота бойынша ансамбльде/жеке импровизациялау/орындау	МА 7.2.1.1. Идеяларды зерттеу және дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану (соның ішінде АКТ қолдану).	7.2.4.1. Музыканың және/немесе өнердің басқа да түрлері (бейнелеу өнері, әдебиет, би, драма, кино) арқылы өз идеяларын, сезімдері мен эмоцияларын, жеткізу.	Цифрлық

<i>Аспапта ойнау/ән айту</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
7.1.3.1. Музыкалық шығарманы белгілі бір жанрларда, стильдерде, контекстерде сезімдер мен эмоцияларды жеткізе отырып, есту қабілетіне сүйеніп/нота бойынша ансамбльде/жеке импровизациялау/орындау.	МА 7.2.2.2. Уақыт пен басқа факторларды ескере отырып, шығармашылық/жобалау жұмыстарын жоспарлау және реттілігін анықтау.	7.2.4.1. Музыканың және/немесе өнердің басқа да түрлері (бейнелеу өнері, әдебиет, би, драма, кино) арқылы өз идеяларын, сезімдері мен эмоцияларын, жеткізу.	Қолданбалы
<i>Қызығушылық</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Құрмет</i>	
МА 7.2.1.1. Идеяларды зерттеу және дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану (соның ішінде АКТ қолдану).	7.2.2.1. Өз идеясын қалыптастыру және музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жүзеге асыру үшін тиісті материалдарды (музыкалық және музыкалық емес) таңдау	7.2.4.1. Музыканың және/немесе өнердің басқа да түрлері (бейнелеу өнері, әдебиет, би, драма, кино) арқылы өз идеяларын, сезімдері мен эмоцияларын, жеткізу.	Қарекетшілдік
<i>Әлеуметтік жауапкершілік</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Ашықтық</i>	
7.2.4.1. Музыканың және/немесе өнердің басқа да түрлері (бейнелеу өнері, әдебиет, би, драма, кино) арқылы өз идеяларын, сезімдері мен эмоцияларын, жеткізу	7.1.2.1. Тиісті пәндік терминдерді қолдана отырып, музыканы талқылау және салыстыру	7.1.2.2. Музыкалық фрагментті/музыкалық шығарманы нота көмегімен оқу/жазу	Әлеуметтік өзара әрекет
<i>Коммуникация</i>	<i>Құқықтық сауаттылық</i>	<i>Отбасы құндылықтары мен дәстүрлер</i>	
7.1.2.1. Тиісті пәндік терминдерді қолдана отырып, музыканы талқылау және салыстыру	7.2.3.1. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау үшін контекстің музыкалық немесе музыкалық емес құралдардың, соның ішінде цифрлық технологиялардың кең ауқымын пайдалана отырып, әртүрлі жанрларда, стильдерде музыка жазу және импровизациялау	7.1.3.1. Музыкалық шығарманы белгілі бір жанрларда, стильдерде, контекстерде сезімдер мен эмоцияларды жеткізе отырып, есту қабілетіне сүйеніп/нота бойынша ансамбльде/жеке импровизациялау/орындау	Жаһандық

Ұзақ мерзімді жоспарларды іске асыру ерекшеліктері

Негізгі мектептің барлық сыныптарына арналған ұзақ мерзімді жоспарлар оқу мақсаттарының жүйесі негізінде құрылды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес барлық бөлімдер бойынша тапсырмалар дайындалды, ресурстарға сілтемелер келтірілген.

Ұзақ мерзімді жоспар үлгісі, 8-сынып

4-бөлім. Өнім дизайны. Үстел ойыны					
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырмалар түрлері	Пән аясында дамитын дағдылар	Метапәндік дағдылар/күндізліктер және сауаттылық түрлері	Дербестендірілген оқыту
1–2 Үстел ойындарын зерттеу және талдау. Тарихы. Өндіру үдерісі.	А8.1.2.1. Өнер, дизайн және ғылымды байланыстыра отырып, түрлі тарихи және мәдени (қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеті) туындылардың ерекшеліктерін салыстыру А8.1.5.1. Жазбаларды жүргізу, жоспарлау, зерттеу және идеяларды дамыту кезінде альбомды жетілдірілген тәсілмен қолдану	Бастапқы/қосымша ақпарат көздерімен жұмыс Түрлі елдердің үстел ойындарының түрлерін зерттеу Үстел ойындарын жасауға әсер еткен оқиғаларды (экономикалық, әлеуметтік және саяси) зерттеу Зерттеу нәтижелерін ұйымдастыру Жазбаларды жүргізу Идеяларды қалыптастыру.	Талдау Зерттеу Ақпаратпен жұмыс Көркем материалдармен жұмыс Ұйым Бақылау	Метапәндік дағдылар: Зерттеу дағдылары Сыни ойлау Шығармашыл ойлау Өзін-өзі реттеу Қызығушылық Білім алуды үйрену Күндізліктер: Құрмет Жаһандық азаматтық Еңбек және шығармашылық Ашықтық	Теория: Түрлі елдердің үстел ойындарының пайда болу тарихын, ерекшеліктерін зерттеу. Анықтау: Әлемнің экономикалық, әлеуметтік және саяси аспектілері түрлі елдерде үстел ойындарының дамуына қалай әсер еткенін Тәжірибе: Бірнеше үстел ойынына салыстырмалы талдау жасау

4-тоқсан

3–4 Үстел ойындарының дизайнын әзірлеу. Жоспарлау	А8.1.7.1. Объектінің/бұйымдардың дизайнын функционалдық (техникалық), эстетикалық талаптар мен этикалық нормаларға сәйкес әзірлеу А8.2.4.1. Түрлі графикалық құралдардың (соның ішінде АКТ және ЖЗ мүмкіндіктерінің көмегімен бұйым жасау үшін нобай сызу, графикалық құжаттама жасау А8.1.8.2. Бұйымға кеткен материал шығындарын, құнын анықтау	Тұжырымдамалар мен терминдермен жұмыс: дизайн кезеңдері, ойынның мақсатты аудиториясы, құрал-жабдығы, ойын механикасы және т.б. Үстел ойынының құрамы/құрылымы, көрініс дизайны туралы апаратты жүйелеу Шығармашылық жоба идеяларын қалыптастыру Үстел ойыны мен оның элементтерінің дизайнын жасау Эскиз жасау Цифрлық программалармен жұмыс Үстел ойынының бөлшектерін жасау үшін графикалық құжаттаманы әзірлеу Үстел ойынының материал шығындары мен құнын анықтау	Зерттеу Ақпарат көздерімен жұмыс Әзірлеу Жоспар Идеяларды қалыптастыру Көркем материалдармен жұмыс	Метапәндік дағдылар: Зерттеу дағдылары Сыни ойлау Жоспарлау Шығармашыл ойлау Қолөнер Мәселелерді шешу және шешім қабылдау Құндылықтар: Еңбекқорлық және шығармашылық Жаһандық азаматтық Адалдық	Теория: «Мақсатты аудитория», «құрал-жабдық», «ойын механикасы» ұғымдарын зерттеу; көркемдік жобалаудың кезеңдерін анықтау. Анықтау: Үстел ойынының дизайнын Әзірлеу ретін Мақсатты аудиторияны Ойын ережелерін Үстел ойыны жасалатын материалды және жасау тәсілін Тәжірибе: Үстел ойынының дизайны мен элементтерін эскиз түрінде (немесе АКТ құралдарының көмегімен) әзірлеу Үстел ойындарын әзірлеу спецификациясын орындау
---	---	--	--	---	--

Оқу мақсаттары арқылы тәрбие аспектісін жүзеге асырудың мысалдары

«Өнер» пәні оқушының жеке дамуында, құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Өнер мен музыка арқылы оқушылар қазақ халқының тарихымен, дәстүрлерімен және мәдениетімен танысады, бұл отанға, салт-дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Әлемдік бейнелеу және қолданбалы өнер, сондай-ақ музыка жауһарларын зерттеу ашықтықты, басқа мәдениеттер мен пікірлерді құрметтеуді, жаһандық азаматтықты қалыптастыруға көмектеседі.

«Өнер» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны NIS-Programme білім беру бағдарламасында белгіленген құндылықтарды сіңіруге бағытталған. 2023 жылғы 2.0-нұсқасына сәйкес пәндік оқу бағдарламалары білім берудің маңыздылығын анықтайтын мына құндылықтарды ұсынады:

- Құрмет
- Ашықтық
- Адалдық
- Еңбекқорлық және шығармашылық
- Отансүйгіштік және жауапкершілік
- Отбасы құндылықтары мен дәстүрлер
- Денсаулық пен игілік
- Жаһандық азаматтық

Бұл құндылықтарды оқу үдерісінде іске асыру мұғалімдерге оқу мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ өнер мен музыканың көркем құралдары арқылы шығармашыл тұсын білдіре алатын, сыни талдауға және әлемдік құндылықтарды қабылдауға қабілетті үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Компонент: «Музыка».

Құндылық: Құрмет.

Оқу мақсаты: М 7.1.1.1. Өз ойларын, сезімдері мен эмоцияларын, шығармадағы композитордың ойын сипаттай отырып, қазақ ұлттық және басқа да әлемдік мәдениеттердің музыкалық туындыларын (оның ішінде ЖЗ көмегімен жасалған жұмыстарды) әртүрлі жанрларда, стильдерде, контекстерде талдау және салыстыру.

Бұл оқу мақсаты музыканы қабылдау, тыңдау және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, ол мұғалімдерге оқу үдерісінде тәрбиелік аспектілерді енгізудің бірегей мүмкіндігін ұсынады. Мысалы, түрлі жанрлар мен стильдердегі шығармаларды талдау әлемдік музыка мұрасының байлығы мен алуантүрлілігін тамашалауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының және әлемнің басқа халықтарының музыкалық дәстүрлерін салыстыра отырып, оқушылар музыка әлеміндегі мәдени алуандықтың құндылығын түсінеді, басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауды үйренеді. Музыканы тыңдау барысында оқушылар музыканы жеке музыкалық талғам арқылы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі музыкалық жанрлар мен стильдердің мәдени және тарихи контекстегі ерекшеліктерін зерттеу арқылы бағалауды үйренеді.

Қазіргі әлемде адам қызметінің әртүрлі салаларында эмоциялық зият өзекті болып табылады. Ол өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, әлеуметтік сезімталдық, қарым-қатынасты басқару сияқты компоненттерді қалыптастыруда шешуші рөлге ие. Эмоцияларды басқару, басқа адамдарға жанашырлық таныту – маңызды дағды. Музыка сабақтарында музыкалық шығармалармен танысу барысында оқушылар өз эмоцияларымен танысып, оларды сипаттауды, музыканы естуді және тыңдауды, шығармашылық жұмысты орындау кезінде (ән айту, композиция, импровизация, сахналау және т.б.) музыка арқылы өз ойлары мен сезімдерін, ішкі тәжірибелері мен сезімдерін білдіруді үйренеді.

Сонымен қатар, бұл оқу мақсатын жасанды интеллектінің көмегімен жүзеге асыру оқушылардың білімі мен дағдыларын кеңейтеді, оларға цифрлық музыканы пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін және музыка арқылы ішкі сезімдерін білдіру тәсілдерін үйретеді.

Құндылық: «Еңбекқорлық және шығармашылық».

Оқу мақсаты: М7.2.4.1. Музыкалық және шығармашылық туындыларды жасау үшін сандық технологияларды және ЖЗ мүмкіндіктерін қоса алғанда, контекстердің кең ауқымын, музыкалық және музыкалық емес құралдарды пайдалана отырып, әртүрлі жанрларда, стильдерде музыка жазу/импровизациялау.

Бұл оқу мақсатын ғылыми жобалар (*музыкалық жанрларды, стильдерді, бағыттарды зерттеу, композиторлардың, музыканттардың шығармашылық әдістерін талдау және т.б.*), дыбыспен (*дыбыстық эффектілер, шу шығару*) және музыкамен эксперимент жүргізу (*музыкалық шығармаларды құрастыру және импровизациялау*), дауыс (*дауыстау, ән айту*), музыканы өңдеу және құрастыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану сияқты түрлі шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар өздерінің шығармашылығын сынау қабілетін дамытады, шығармашыл үдерісте өз мақсаттарына жету табандылығын жетілдіреді.

Компонент: «Бейнелеу өнері»

Құндылық: Отансүйгіштік және жауапкершілік.

Оқу мақсаты: А8.2.5.2. Шығармашылық жұмыстарды/бұйымдарды/объектілерді жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану

Отансүйгіштік пен жауапкершілік құндылықтары өнер сабақтарында ұлттық мәдениеттің өнер туындылары мен музыкасын талдау, шығармашылық/жобалық жұмыстарды орындау барысында түрлі көркемдік, музыкалық іс-шаралар арқылы қалыптасады. Бұл құндылықтар туған жердің мәдениетіне, дәстүрлері мен өнеріне құрмет білдірумен, оқушының өз елінің мүдделері мен әл-ауқатын қорғауға түсінігі мен дайындығымен тығыз байланысты.

Бұл оқу мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ олардың білімі мен Қазақстанның мәдени мұрасы туралы түсінікті тереңдетуге бағытталған. Шығармашылық жұмыстарды әзірлеу барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану балалардың өз отанын мақтан тұта білу сезімін қалыптастыруға ықпал етеді, олардың патриотизмін нығайтады және мәдени дәстүрлерді сақтау жауапкершілігін тәрбиелейді.

Сонымен қатар, ол мұғалімдерге оқу үдерісіне тәрбиелік аспектілерді енгізудің бірегей мүмкіндігін ұсынады. Мысалы, оқушылар көркемдік жобаларда дәстүрлі өрнектер, ою-өрнектер, мотивтер сияқты қазақ мәдениетінің түрлі элементтерін қолданатын сабақтарды ұйымдастырады. Бұған сызбалар, картиналар, панно, тоқыма бұйымдарын (мысалы, кесте, кілем) жасау, сондай-ақ ұлттық ою-өрнектермен безендірілген әртүрлі заттарды жасау кіруі мүмкін.

Осылайша, оқу мақсаты көркемдік дағдылар мен шығармашылықты дамытып қана қоймай, балалардың туған мәдениетіне деген құрметі пен сүйіспеншілігін тәрбиелейді, олардың ұлттық бірегейлігі мен патриоттық сезімін нығайтуға көмектеседі.

Құндылық: Құрмет.

Оқу мақсаты: А8.1.2.1. Өнер, дизайн және ғылым арасында өзара байланыс орната отырып, түрлі тарихи және мәдени (Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеті) туындыларының ерекшеліктерін салыстыру.

Бұл оқу мақсаты көркем шығармаларды қабылдау, салыстыру және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, ол мұғалімдерге оқу үдерісінде тәрбиелік аспектілерді кіріктірудің бірегей мүмкіндігін ұсынады. Мысалы, түрлі жанрлар мен стильдердегі шығармаларды талдау оқушыларға әлемдік көркем мәдениеттің байлығы мен әртүрлілігімен танысуға көмектеседі. Қазақ халқының көркем мұрасын әлемнің басқа халықтарының мұрасымен салыстыра отырып, оқушылар өнер мен қолөнердегі мәдени алуандықтың құндылығын түсіне бастайды, басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне құрмет сезімі пайда болады. Көркем шығармаларды зерттеу барысында оқушылар суретшілердің жұмысын жеке талғамы арқылы

ғана емес, сонымен қатар әртүрлі көркем жанрлар мен стильдердің мәдени және тарихи контекстінің ерекшеліктерін түсіне отырып бағалауды үйренеді.

НЗМ ДББҰ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі үздік қазақстандық тәжірибе мен халықаралық тәжірибені біріктіретін оқушылардың тұтас дамуы болып табылады.

ДББҰ оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің біртұтас тәсілін іске асыру үшін инвариантты оқу жоспарының кіріктіруші компоненті ұсынылды. Бұл жобаны оқу үдерісіне еңгізу 2024–2025 оқу жылына жоспарланған.

«Өнер» пәні аясында бұл кіріктіруді «Қазақ әндері» және «Ұлы Дала ақындары» әлеуметтік жобаларымен пәннің мазмұны және 7–8-сыныптарда «Музыка» және «Бейнелеу өнері» компоненттерінің ұзақ мерзімді жоспарлары арқылы жүзеге асыру ұсынылады, атап айтқанда:

7-сынып. «Музыка» компоненті (4-бөлім, «Театр, кино және анимациядағы музыка» тақырыбы) мен **«Бейнелеу өнері» компонентінің** («Кино. Қозғалмалы кескіндер» тақырыбы) **ұзақ мерзімді жоспарлары бойынша** оқушылар визуалды және музыкалық дағдыларды біріктіретін бірыңғай жобаны орындайды. Оқушылар шығармашылық жоба ретінде қысқаметражды анимациялық (пластилин, сурет) фильм, көлеңкелі театр (қуыршақ силуэттері немесе адамдардың силуэттері), мультфильм дайындайды. Осы жобаны дайындау кезінде мұғалімдерге қазақ контентін, атап айтқанда қазақ музыкасын (ежелгі заманнан қазіргі заманға дейін, вокалдық, аспаптық, вокалдық-аспаптық жанрлар мен музыка стилін) пайдалану ұсынылады. Ұсынылған жобалардың нәтижесінде алған ұпайларды «Қазақ әндері» жобасы бойынша бағалау ретінде есептеу ұсынылады.

8-сынып. «Бейнелеу өнері» компонентінің ұзақ мерзімді жоспары (4-бөлім, «Өнім дизайны. Үстел ойыны» тақырыбы) «Ұлы Дала ақындары» әлеуметтік жобасымен бірлесе отырып, үстел ойындарының сюжеттерін жасау ұсынылады. Бұл қазақ халқының Асан қайғы, Бұқар жырау, Абай Құнанбайұлы, Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері сияқты көрнекті ақындарының, сондай-ақ қазіргі замандағы ақындардың өмірі мен шығармашылығына арналған ойындар болуы мүмкін.

«Графика және жобалау» пәні

«Графика және жобалау» оқу пәні арнайы пәндердің (компьютерлік графика және сызу) мазмұнын біріктіретін кіріктіруші курс болып табылады. Оқу бағдарламасының мазмұны оқушыларды жобалау-конструкторлық қызметтің негіздерімен таныстырады, бейнелі (кеңістіктік), логикалық және шығармашыл ойлауды, дәстүрлі және заманауи графикалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді, политехникалық және функциялық сауаттылықты нығайтады.

Оқу жүктемесі

Сынып	Апталық жүктеме, сағ	Жылдық жүктеме, сағат	Сыныпты топтарға бөлу	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
11	3	108	Иә	2-нұсқа, 2018 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
12	3	51	Иә		2-нұсқа, 2019 ж.

Оқытудың ерекшеліктері

«Графика және жобалау» таңдау пәні болып табылады және 11 және 12-сыныптарда оқытылады. «Графика және жобалау» пәнінің мазмұны графиканың әртүрлі (қолмен/компьютерлік) құралдарымен ықтимал/жобаланатын объектілердің прототиптерін жасауға бағытталған жобалау-зерттеу қызметін қамтиды.

Компьютерлік технологияларды графикалық кескіндерді жасау және жобалау құжаттамасын жасау үшін меңгеру пәннің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мұғалімдер білім беру мекемесінің мүмкіндіктерін ескере отырып, пәнді оқыту үшін графикалық компьютерлік программаларды өз бетінше таңдай алады. Ол үшін кез келген қолжетімді графикалық компьютерлік программаларды пайдалануға болады. Ұсынылатын программалық жасақтамалар – Autodesk (AutoCAD) программаларының оқу нұсқалары және КОМПАС-3D лицензияланған программасы (КОМПАС-3D V22 оқу жиынтығы).

«Графика және жобалау» пәнін оқытудың соңғы кезеңі шығармашылық жобаны орындаумен аяқталады. Мұнда жобалау нысанын таңдауға ерекше назар аудару керек.

Жобалау нысанын таңдау:

Оқушылардан терең кәсіби білімді қажет етпейтін қарапайым нысандарды таңдау ұсынылады.

Жобалау нысандары (объектілері) графика тұрғысынан қызықты пішінге ие болуы және жобалау кезінде өзекті болуы тиіс.

Жобалар шынайы жағдайларды ескеруі керек. Мысалы, өз қаласына автобус аялдамасын жобалау, мектеп үшін жиналмалы жиһаз жасау немесе тұрғын үйдің қасбетін қайта құру.

Конструкторлық құжаттаманы әзірлеу

Оқушылар өз жобаларына конструкторлық құжаттама дайындауы тиіс. Нысан пішінінің ерекшеліктерін ашу үшін сызбалардың оңтайлы санын пайдалану маңызды. Мысалы, аялдама жобасы үшін қасбет, бүйір қасбет, жоспар, бас жоспар немесе ситуациялық жоспар, сондай-ақ объектінің сипаттамасы сияқты сызба-құжаттар ұсынылуы керек.

Жоба түрлері және жүзеге асыру мерзімі

Оқу жобалары жеке, жұпта немесе топта орындалуы мүмкін.

Орындау мерзімі қысқа (1–2 апта) немесе ұзақ (тоқсан аяқталғанға дейін 4 апта немесе одан да көп) болуы мүмкін.

Жобалар оқыту сабақтарының аясында мұғалімнің тікелей басшылығымен жүзеге асырылады және сабақтан тыс жұмысты қажет етпейді.

Жобалардың тақырыптары мен мазмұны

Жобалардың тақырыптары, мазмұны мен көлемі оқушылардың жеке ерекшеліктерін: олардың қабілеттері, қажеттіліктері, ойлау түрі мен қызығушылықтарын ескере отырып саралануы тиіс.

Жобаларды таңдау кезінде уақыт пен материалдық шығындарды ескеру қажет.

Ұсыныстар әр оқушының мүмкіндіктері мен мүдделерін ескере отырып, шығармашылық (оқу) жобаларды орындау үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

«Графика және жобалау» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында құндылықтарды қалыптастыру және тәрбиелік аспектілер

NIS-Programme білім беру бағдарламасында мына құндылықтар белгіленген: *құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық және шығармашылық, өмір бойы білім алу.*

«Графика және жобалау» пәнінің оқу бағдарламасында құндылықтарды қалыптастыру пәннің мазмұны, оқу мақсаттары, тақырыптар мен бөлімдер арқылы, сондай-ақ сабақты ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Құндылықтарды қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі – тәжірибеге бағытталған іс-әрекет, ол оқушының оқу мақсаттарын өз бетінше қою, оларды жүзеге асыру жолдарын жобалау, жетістіктерін бақылау және бағалау қабілетін дамытуды көздейді.

Мысал:

Құндылық: Өмір бойы білім алу.

11-сынып. Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары **бөлімі.**

Тақырыбы: Суреттердің тарихы мен мағынасы.

Оқу мақсаты: 11.1.1.1. Адам өміріндегі әртүрлі салалардағы (ғылымда, техникада және өнерде) ақпаратты визуализациялау мен ұсынуда бейнелеу рөлінің маңыздылығы туралы білім мен түсінікті көрсету.

Түсініктеме

Сабақтың бірінші тақырыбы пәннің негізгі мақсаты мен мәнін түсінудің басты тірегі болып табылады. Бұл сабақтың аясында пән бойынша білім, дағды және қабілеттерін үнемі жетілдіріп отыру қажет екенін атап өткен жөн. Дәстүрлі графика мен компьютерлік графиканың адам өміріндегі маңыздылығына ерекше назар аудару керек.

1-тапсырма. Теория. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі графиканың дамуын зертте. Үш негізгі кезеңді таңда (мысалы, үңгір суреттері, Қайта өрлеу дәуірі, заманауи цифрлық графика) және әрқайсысы туралы қысқаша есеп бер.

Мақсаты: графиканың эволюциясын және оның адам дамуына әсерін, оқыту мен жаңа технологияларға бейімделудің маңыздылығын түсіну.

2-тапсырма. Тәжірибе. Графиканың бүгінгі күні әртүрлі салаларда (ғылым, техника, өнер) қалай қолданылатыны туралы визуализация (мысалы, инфографика) жаса.

Мақсат: графиканың заманауи қолданылуы туралы білімді бекіту және графикалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Сұрақтар

- 1) Графика және дизайн дағдыларын үнемі дамыту неліктен маңызды деп ойлайсың?
- 2) Соңғы 10 жылда ақпаратты визуализациялауда қандай өзгерістер болды? Бұл сенің өміріңе және білім алуыңа қалай әсер етті?
- 3) Компьютерлік графика дағдылары маңызды болып табылатын мамандықтарға мысалдар келтір.

«Графика және жобалау» пәні бойынша оқу үдерісі шеңберінде ұсынылған тапсырмалар мен сұрақтарды қолдану «өмір бойы білім алу» құндылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл оқу мақсаттарын өз бетінше қою, оларды жүзеге асыру жолдарын жобалау, жетістіктерді бақылау және бағалау, сондай-ақ білімдер мен дағдыларды үнемі жетілдіру қабілетін дамытады.

Құндылық: Шығармашылық.

11-сынып. Пішінді түрлендіру бөлімі.

Тақырыбы: Зат пішінін түрлендіру.

Оқу мақсаты: 11.5.1.1 Бөлшектерді сығу және жою әдісімен заттың пішінін түрлендіру.

Түсініктеме

«Графика және дизайн» пәні дұрыс шешім қабылдау және қоғам өміріне жасампаздықпен қатысу үшін ұтымды ойлауға үйретеді. Бұл бөлім сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етеді, мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

1-тапсырма. Тәжірибе. Қарапайым геометриялық нысанды таңда (мысалы, текше немесе цилиндр) және бірегей дизайн жасау үшін оның пішінін қысып шығару және бөлшектерді алып тастау әдісімен түрлендір. Тапсырманы орындау үшін AutoCAD немесе КОМПАС-3D программасын пайдалан.

Мақсаты: графикалық программалық жасақтамамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту және мәселелерді шешу кезінде шығармашыл болуға ынталандыру.

2-тапсырма. Идеяларды қалыптастыру. Мектеп үшін функциялы заттың дизайнын жаса (мысалы, трансформациялық үстел немесе инновациялық орындық). Заттың функциялылығы мен эстетикасын жақсарту үшін бөлшектерді қысып шығару және бөлшектерін жою әдістерін қалай қолдануға болатынын қарастыр.

Мақсат: оқушыларды жаңа идеяларды қалыптастыруға және нақты мәселелерді шешу кезінде шығармашыл ойлауды қолдануға ынталандыру.

3-тапсырма. Талдау. Бөлшектерді қысып шығару және бөлшектерді жою әдістерін қолдану бірегей дизайнға әкелген заттардың мысалдарын келтір.

Сұрақтар

1. Бөлшектерді қысып шығару және жою әдістері бірегей және функциялы дизайнды құрастыруға қалай көмектесе алады?

2. Бұл олардың функциялылығы мен эстетикасына қалай әсер етті?

Мақсат: дизайндағы шығармашыл тәсілдің маңыздылығын және оның түпкілікті нәтижеге әсері туралы түсінікті тереңдету.

«Графика және жобалау» пәні аясындағы оқу үдерісінің шеңберінде ұсынылған тапсырмалар мен сұрақтарды пайдалану жаңа идеяларды қалыптастыру, жұмысты сыни тұрғыдан бағалау және тәжірибелік мәселелерді шығармашылықпен шешу қабілетін дамытады.

5.6 «Дене шынықтыру» білім беру саласы

«Дене шынықтыру» пәні

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты оқушылардың физикалық дайындығының деңгейін арттыру, салауатты дене дамуын және спорттық қимыл дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Бағдарлама жеке гигиена ережелерін сақтау, психикалық денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаларын меңгеруді қоса алғанда, балалардың тұтас дамуына ықпал ететін түрлі физикалық әрекеттердің кең ауқымындағы білімін, түсінігін және дағдыларын дамытуға бағытталған ілгерілеуші оқу жоспарын ұсынады.

Оқу бағдарламасының бағыттары:

- негізгі қимылдау дағдылары мен тиісті қабілеттерді жетілдіру, сондай-ақ арнайы спорттық қимылдау дағдыларын дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды, соның ішінде түрлі көздерден алынған пайдалы ақпаратты пайдалана білу, оны белгілі нұсқада көрсету қабілетін дамыту;
- ойлау және зерттеу дағдыларын дамыту;
- патриотизм, төзімділік және табандылық сияқты жеке адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және дамыту;
- оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға ынтасын арттыру.

Оқу жүктемесі және құжаттар

2024–2025 оқу жылы 8-сыныпқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жоспарлары енгізілетін болады. 6, 9 және 10-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларын енгізу кестесіне сәйкес алдағы оқу жылдарында енгізілетін болады.

Сынып	Апталық жүктеме, сағат	Жылдық жүктеме, сағат	Оқу бағдарламасы	Оқу жоспары
Негізгі мектеп				
6	2	72	5-нұсқа, 2019 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
7	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
8	2	72	2.0-нұсқа, 2023 ж.	2.0-нұсқа, 2023 ж.
9	2	72	5-нұсқа, 2019 ж.	2-нұсқа, 2018 ж.
10	2	66	5-нұсқа, 2019 ж.	2-нұсқа, 2019 ж.
Жоғары мектеп				
11	2	72	7-нұсқа, 2019	5-нұсқа, 2017
12	2	68	7-нұсқа, 2019	4 нұсқа, 2019

Төмендегі кестеде қайта қаралған оқу бағдарламасын оқу мақсаттары арқылы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырудың мысалдары келтірілген.

Негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының мысалдары (бұл үдеріске дамушы метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері мен құндылықтар әсер етеді)

Дағдылар	Сауаттылық түрлері	Құндылықтар	Негізгі құзыреттілік
<i>Спортпен шұғылдану</i>	<i>Дене шынықтыру сауаттылығы</i>	<i>Денсаулық пен әл-ауқат</i>	
8.1.1.1 Өз бетінше жұмыс істеу кезінде арнайы іс-қимыл әрекеттерін қолдану	8.1.4.1. Денені қыздыру және қалпына келтіру техникалары үшін негізгі жаттығуларды анықтау	8.3.2.1. Дененің функционалды жүйелеріне әсер ететін жаттығулар тізбегін көрсету	Өзін-өзі реттеу
<i>Сыни ойлау</i>	<i>Денсаулық саласындағы сауаттылық</i>	<i>Еңбекқорлық және шығармашылық</i>	
8.2.1.1. Тапсырмада тандалған рөлге сәйкес әрекеттерді орындау	8.1.2.1. Реттілігін ескере отырып, қарапайым жаттығулардың комбинациясын орындау	8.2.3.1. Ойын тактикасы мен стратегияларын көрсету	Қолданбалы
<i>Алғашқы көмек көрсету</i>	<i>Дене шынықтыру сауаттылығы</i>	<i>Денсаулық пен әл-ауқат</i>	
8.1.5.1. Іс-қимыл әрекеттерін орындау және түрлі жабдықтарды пайдалану кезіндегі қиындықтар мен тәуекелдерді түсіне білу	8.1.2.1. Реттілігін ескере отырып, қарапайым жаттығулардың комбинациясын орындау	8.1.3.1. Дене қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін талқылау және көрсету	Өзін-өзі реттеу
<i>Зерттеу дағдылары</i>	<i>Функционалдық сауаттылық</i>	<i>Адалдық</i>	
8.3.4.1. Салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін салыстыру және түсіндіру	8.3.3.1. Қозғалыс аппаратының негізгі функцияларын дамыту	8.2.4.1. Әділ ойын мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіру	Қолданбалы
<i>Көшбасшылық</i>	<i>Денсаулық саласындағы сауаттылық</i>	<i>Денсаулық пен әл-ауқат</i>	
8.2.2.1. Көшбасшылық дағдыларын пайдалана отырып, бірлескен жұмыста жауапкершілікті бөлу	8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау	8.3.2.1. Дененің функционалды жүйелеріне әсер ететін жаттығулар тізбегін көрсету	Таным

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарында оқу мазмұны, оқу мақсаттары, сондай-ақ оқу іс-әрекетінің түрлері NIS-Programme бағдарламасында көзделген барлық **сауаттылық түрлерін** қалыптастыруды көздейді: **функционалдық сауаттылық, денсаулық саласындағы сауаттылық, дене сауаттылығы**. Қайта қаралған оқу бағдарламасының сауаттылық түрінің компонентін іске асыру мысалы 3-кестеде келтірілген.

«Денсаулық саласындағы сауаттылық» түрін қалыптастыруды күшейтудің мысалдары

Бұрынғы тұжырымдама Оқу мақсаттары	Өзгертілген тұжырымдама Оқу мақсаттары	Дағдыларды нығайту «Денсаулық сақтау сауаттылығы»
8.3.1.1. Физикалық денсаулықты нығайту жаттығуларын құрастыру	8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау	Өзгеріс оқушылардың жаттығулардың сауықтыру пайдасын бағалай алатындығына байланысты.
8.1.4.1. Сабақтарды өткізу шеңберінде дене қыздыру жаттығуларының және қалпына келтіру техникаларының негізгі компоненттерін анықтау	8.1.4.1. Денені қыздыру және қалпына келтіру техникалары үшін негізгі жаттығуларды анықтау	Өзгеріс нақтылаумен байланысты: компоненттер емес, нақты жаттығулар. Оқушылар қыздыру және қалпына келтіру техникасы үшін негізгі жаттығуларды анықтауды үйренеді.

Б. Блум таксономиясы бойынша түрлі білім салаларын қалыптастырудың мысалдары

Танымдық сала	Аффектілік сала	Психомоторлы сала
ОМ мысалы: 8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау	ОМ мысалы: 8.2.4.1. Әділ ойын мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіру	ОМ мысалы: 8.1.3.1. Дене қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін талқылау және көрсету
Тапсырма мысалы: – Сау және әдемі сымбатқа арналған жаттығулар; – Көз жаттығулары; – Жалпақтабандылықтың алдын алуға арналған жаттығулар; – мойын-желке аймағындағы ширығуды жеңілдетуге арналған жаттығулар.	Тапсырма мысалы: – Қазақ ұлттық ойындары; – Спорт ойындары; – Белсенді қимылдау ойындары; – Зияткерлік ойындар; – Үстел ойындары.	Тапсырма мысалы: – Қимыл координациясына жаттығу (тепе-теңдік); – Қол күші мен иық белдеуін дамытуға арналған жаттығу; – Жылдамдық пен жылдамдыққа төзімділікті дамытуға арналған жаттығу.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша 8-сыныптың оқу бағдарламасындағы негізгі жаңартулар (өзгерістер).

1.1 «Жалпы ережелер» бөліміне «Дене шынықтыру» пәнін басқа пәндермен кіріктіру» 1.5-бөлімшесі қосылды.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны «Физика», «Биология», «Химия», «Математика» сияқты оқу пәндері және тілдік пәндермен тығыз пәнаралық байланысқа ие.

«Дене шынықтыру» пәнінің оқу мақсаттарының басқа пәндермен байланысының мысалдары төмендегі кестеде келтірілген:

Пәндер	«Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының мысалдары	Кіріктіру бойынша ұсыныстар
Биология	8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау 9.3.2.1. Дене белсенділігінің ағзаның функциялық жүйелеріне әсерін талдау	<p>Биология сабақтарында дененің негізгі жүйелерінің (жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, тірек-қимыл аппараты және т.б.) құрылымы мен қызметін зерттеу.</p> <p>Дене шынықтыру сабақтарында тәжірибелік жаттығуларды өткізіңіз, оқушылар физикалық белсенділіктің түрлерімен айналысқанда бұлшықеттері мен буындарының қалай жұмыс істейтінін сезіне алады.</p> <p>Биология сабақтарында оқушыларға денсаулықтың негізгі көрсеткіштерін (пульс, қан қысымы, қандағы оттегі деңгейі және т.б.) өлшеуді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру сабақтарында бұл білімді физикалық жаттығуларға дейінгі және кейінгі жағдайды бағалап, денсаулыққа қалай әсер ететінін талдау үшін пайдаланыңыз.</p>
Математика	7.1.2.1. Жаттығулар комбинациясын көрсетілген ретпен орындау 8.2.3.1. Ойын тактикасы мен стратегияларын көрсету	Математика және дене шынықтыру сабақтарының кірігуі. Мысалы, жаттығулардың қайталану санын есептеу, белгілі бір тапсырмалардың орындалу уақытын өлшеу және жаттығулар нәтижесінде орташа немесе пайыздық өзгерістерді есептеу.
Химия	7.3.2.1. Дененің функциялық жүйелеріне әсер ететін жаттығуларды орындау 8.1.3.1. Дене қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін талқылау және көрсету	Метаболизм, энергия шығындары және физикалық белсенділіктің дененің әртүрлі жүйелеріне әсері сияқты химиялық үдерістерді зерттеу.
Информатика	8.1.3.1. Дене қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін талқылау және көрсету	Физикалық белсенділікті бақылау, Денсаулық деректерін талдау және жаттығулар мен оқу материалдары бар бейнелерді жасау үшін технологиялар мен қолданбаларды пайдалану.
Қазақ тілі Орыс тілі Ағылшын тілі	7.2.3.1. Ойынның түрлі тактикасы мен стратегияларын түсіндіру 8.2.4.1. Әділ ойын мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіру	Әдебиет сабақтарында спортшылардың оқиғаларын немесе жетістіктерін сипаттайтын шығарманы оқып үйрену, кейін бұл шығармаларды дене шынықтыру сабақтарында талқылау, оларды тәжірибелік сабақтармен байланыстыру.

8-сыныптың оқу мақсаттарына мына өзгерістер енгізілді:

Өзгертілген оқу мақсаттары	Пікірлер
8.1.1.1. Өз бетінше жұмыс істеу кезінде арнайы іс-қимыл әрекеттерін қолдану	Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу мен сенімділікті дамыта отырып, іс-қимыл әрекеттерін өз бетінше орындау қабілеті. Арнайы іс-қимыл әрекеттерін дұрыс орындай білу жалпы техниканы жақсартып, жарақат алу қаупін азайтады.
8.1.2.1. Реттілігін ескере отырып, қарапайым жаттығулардың комбинациясын орындау	Жаттығуларды белгілі бір ретпен біріктіру қабілеті жоспарлау қабілетін дамытады және шығармашылыққа ынталандырады.
8.1.3.1. Дене қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін талқылау және көрсету	Жаттығуларды талқылау қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жаттығуды басқа қатысушыларға көрсету мүмкіндігі көшбасшылық қабілеттері мен өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамытады.
8.1.4.1. Денені қыздыру және қалпына келтіру техникаларының негізгі жаттығуларын анықтау	Денені қыздыру және қалпына келтіру жаттығуларын дұрыс таңдау қабілеті жарақат алу қаупін азайтады және сабақтың тиімділігін арттырады.
8.2.1.1. Тапсырмада таңдалған рөлге сәйкес әрекеттерді орындау	Тапсырмаларда әртүрлі рөлдерді орындау қабілеті икемділік пен бейімделу қабілетін дамытады. Ұжымда рөлді орындау командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді
8.2.3.1. Ойын тактикасы мен стратегияларын көрсету	Тактиканы түсіну және қолдану аналитикалық және стратегиялық ойлауды дамытады. Тактиканы көрсету теориялық білімді тәжірибе жүзінде бекітуге көмектеседі.
8.2.4.1. Әділ ойын мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіру	Әділ ойынның маңыздылығын түсіну этикалық және адамгершілік қасиеттерді дамытады. Ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіну әлеуметтік дағдылар мен өзара түсіністіктің дамуына ықпал етеді.
8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау	Жаттығудың пайдасын түсіну белсенді және салауатты өмір салтын сақтауға ынталандырады. Жаттығудың сауықтыру пайдасын бағалау мүмкіндігі денсаулық пен дене шынықтыру туралы хабардарлықты арттырады.
8.3.2.1. Дененің функционалды жүйелеріне әсер ететін жаттығулар тізбегін көрсету	Дененің функционалды жүйелеріне әсер ететін жаттығуларды білу және көрсету физиология туралы түсінікті дамытады. Жаттығулардың реттілігін көрсету тәжірибелік дағдылар мен білімді нығайтады.

Ұзақ мерзімді жоспарларды іске асырудың ерекшеліктері

Ұзақ мерзімді жоспарға өзгерістер енгізілді. Әрбір оқу мақсатын іске асыру үшін ұсынылатын тапсырмалар берілген; осы оқу мақсатының шеңберінде қалыптастырылатын дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар көрсетілген. Дербестендірілген оқытуға арналған арнайы графа енгізілген, ол теориялық материалға сілтемелерді және дағдыларды бекіту мен тәжірибелік тұрғыда пысықтауға арналған тапсырмаларды қамтиды. Бұл тапсырмалар сабақты өткізіп алған жағдайда білімді өз бетінше игеруге және дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Ұзақ мерзімді жоспар үлгісі, 8-сынып

Тақырып мазмұны	Оқу мақсаты	ОМ-ға қол жеткізу бойынша ұсынымдар	Ұсынылатын тапсырмалар түрі	Пән шеңберінде дамитын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
4-тоқсан						
8-бөлім: Жеңіл атлетика арқылы денсаулықты нығайту						
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі						
Жүгіру және оның түрлері	8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау	Тапсырма бойынша арнайы жаттығуларды орындайды	Максималды қарқындылықпен сипатталатын жаттығулардың жылдам-күшті түрлері Шынығуға арналған жүгіру жаттығуларын құрастыру. Бейнересурс: https://youtu.be/PBxTIN8JB6Y	Іс-қимыл координациялық дағдылар. Спринт жүгіру дағдылары.	Метапәндік дағдылар: – Спортпен шұғылдану. Сауаттылық түрлері: – Денсаулық сақтау сауаттылығы. Құндылықтар: – Денсаулық пен әл-ауқат.	Тәжірибе: Кешкі уақытта біркелкі қарқынмен жүгіру Теория: Сілтеме бойынша тест тапсырмаларын орындау https://onlinetestpad.com/ru/test/256594-fizicheskaya-kultura-razminka Ресурс: Дене шынықтыру және спорт физиологиясы. Е. В. Моргуль 2019 ж.

«Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында құндылықтарды қалыптастыру және тәрбиелік аспектілер

«Дене шынықтыру» пәні оқушыларды дамытуда және олардың құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол физикалық дағдылар мен қабілеттерді дамытып қана қоймай, жеке қасиеттерді қалыптастырады, физикалық және психикалық денсаулықты қолдайды және әлеуметтік дағдыларды жетілдіреді. Спорт түрлерін, соның ішінде ұлттық спорт түрлерін меңгеру отанға, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға деген сүйіспеншілікке, сондай-ақ басқа мәдениеттер мен дәстүрлерге деген құрметті қалыптастыруға көмектеседі.

«Дене шынықтыру» пәні оқу бағдарламасының мазмұны NIS-Programme бағдарламасында белгіленген құндылықтарды сіңіруге бағытталған. 2023 жылғы 2.0-нұсқасына сәйкес пәндік оқу бағдарламалары білім берудің маңыздылығын анықтайтын мына құндылықтарды ұсынады:

- Құрмет
- Ашықтық
- Адалдық
- Еңбекқорлық және шығармашылық
- Отансүйгіштік және жауапкершілік
- Отбасы құндылықтары мен дәстүрлер
- Денсаулық пен әл-ауқат
- Жаһандық азаматтық

Бұл құндылықтарды оқу үдерісінде іске асыру мұғалімдерге оқу мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ спорттық және физикалық іс-шаралар арқылы өзін-өзі көрсетуге, сыни талдауға және әлемдік құндылықтарды қабылдауға қабілетті үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

NIS-Programme бағдарламасында көзделген құндылықтарды іске асыру үшін «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың интерактивті формаларының мысалдары.

8-сынып

8-бөлім. Жеңіл атлетика арқылы денсаулықты нығайту

Сабақтың тақырыбы: Жүгіру және оның түрлері.

Оқу мақсаты: 8.3.1.1. Дене жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалау

Бағалау критерийлері:

- оқушылар ҚТ сақтайды;
- оқушылар физикалық денсаулықты нығайтуға бағытталған жүгіру жаттығуларын көрсетеді;
- оқушылар физикалық денсаулықты нығайтуға бағытталған жүгіру жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалайды.

Құндылық: Денсаулық және әл-ауқат.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылар сабақта ҚТ сақтайды;
- оқушылар физикалық денсаулықты нығайтуға бағытталған жүгіру жаттығуларының сауықтыру пайдасын бағалайды.

Мұғалім оқушыларға тапсырмаларды ұсынады:

1-тапсырма. «Сұңқар мен тауық» ойыны

Оқушылар шағын топтарға бөлінеді.

Оқушылар тізбектесіп тұрып, бір-бірін белбеу тұсынан ұстайды. Алдыңғы тұрған оқушы (тауық) қарсы алдында тұрған оқушыға (сұңқарға) тізбек соңында тұрған оқушыны ұстап алуына жол бермей, кедергі келтіреді.

Дескрипторлар

Оқушылар:

- тапсырманы орындау кезінде ҚТ сақтайды;
- шабуыл және қорғаныс тактикасын құрастырады;
- тізбекті үзбейді;
- тізбек соңындағы оқушыға қол тигізеді;

Бағалау: тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға дескрипторлар бойынша өзін-өзі бағалауды ұсынады.

Мұғалім мына сұрақтарды қояды:

- Қимыл белсенділігі сенің денсаулығыңа қалай әсер етеді?
- Жүгіру кезінде неліктен қауіпсіздік техникасын сақтау керек?

2-тапсырма

Мұғалім әр жұпқа карточкалар таратады. Оқушылар төменгі сөреден жүгіру техникасын орындайды және бағалайды.

Дескрипторлар

Оқушылар:

- ҚТ сақтайды;
- әр пәрмен бойынша төменгі сөреден жүгірудің дұрыс техникасын көрсетеді;
- қысқа қашықтыққа жүгірудің сауықтыру пайдасын бағалайды.

Бағалау

Тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға «Екі жұлдыз бір тілек» стратегиясы бойынша өзара бағалау жүргізуді ұсынады.

Сұрақтар

- Жүгірудің қай кезеңдерін жетілдірдің?
- Жылдам жүгіру үшін қандай физикалық қасиеттер қажет?
- Әр уақытта әртүрлі қашықтықта жүгіру біздің ағзамызға қалай әсер етеді?
- Физикалық белсенділіктің қандай пайдасы бар?

3-тапсырма. «Күн мен түн» ойыны

Ойыншылар зал ортасында бір-біріне арқасын беріп екі қатардан тұрады. «Түн» пәрмені берілгенде аталған команда өзінің «үй» сызығына қарай тезірек жетуге асығып, қаша жөнеледі. «Күн» командасы оларды қуады. Қуып келе жатқан ойыншы қашқан оқушыға «үйіне» жетпес бұрын қол тигізуге тырысады. Кейін барлығы ортаңғы сызыққа оралып, бір-бірінен 2 метр қашықтықта тұрып, ұсталғандардың санын есептейді. Осыдан кейін ойын қайтадан басталады. «Үй» сызығына жеткендерге қол тигізуге болмайды.

Дескрипторлар

Оқушылар:

- ҚТ сақтайды;
- командалар ойын тактикасын талқылайды;
- оқушылар «күн» немесе «түн» атауын дұрыс анықтайды;
- алда жүгірушіге «үй» сызығына жетпей қол тигізеді;
- «үй» сызығын өтіп қашып кетеді.

Бағалау

Тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға дескрипторлар бойынша өзін-өзі бағалауды ұсынады.

Сұрақтар

- Әр уақытта әртүрлі қашықтықта жүгіру ағзаңа қалай әсер етеді?
- Физикалық белсенділіктің пайдасы қандай болуы мүмкін?

8-сынып

Сабақ тақырыбы: Спорт ойындарының тактикасы

Оқу мақсаты: 8.2.4.1 Әділ ойын мен ынтымақтастықтың маңыздылығын түсіндіру

Құндылық: Адалдық

Күтілетін нәтиже:

- оқушылар спорт ойындары мен өмірдегі адалдықтың маңыздылығын түсінеді.
- оқушылар әділетсіз мінез-құлықты тануды және оны түзетуді үйренеді.
- оқушылар адал мінез-құлық танытып, құрдастарын өз араларында адалдықты сақтауға ынталандырады.

Тапсырмалар. «Алаңдағы сенім» ойыны

Оқушылар спорттық ойынға (мысалы, футбол немесе волейбол) қатысу үшін командаларға бөлінеді.

Ойын басталар алдында әр қатысушыға «адал ойыншы» немесе «адал емес ойыншы» рөлдерінің карточкасы беріледі. Қатысушылар өз рөлдерін басқаларға айтпайды.

«Адал ойыншылар» ережелерді бұзбай ойнайды және өздері байқаған ереже бұзушылықты хабарлауы керек.

«Адал емес ойыншылар» ойынды әділетсіз немесе қауіпті етпей, ережелерді бұзуға тырысады.

Ойыннан кейінгі талқылау

Ойыннан кейін барлық қатысушылар талқылау үшін жиналады.

Оқушылар өздерінің рөлдерінде өздерін қалай сезінгені және адалдыққа жат мінез-құлыққа қалай жауап бергені туралы өз әсерлерімен бөліседі.

Адалдық пен адалдыққа жатпайтын әрекеттің ойынның нәтижесі мен командалық рухқа қалай әсер еткені талқыланады.

Жағдайларды талдау

Мұғалім оқушыларға мінез-құлықтың адал немесе адал еместігін анықтауға бірнеше жорамалданған жағдайларды (немесе нақты болған жағдайларды) ұсынады.

Оқушылар әр жағдайда қалай әрекет ететінін және себебін талқылайды.

Қосымша тапсырма. «Әділ ойын» плакатын жасау:

Оқушылар спорттағы адалдықтың маңыздылығын көрсететін плакат жасау үшін топтарда жұмыс істейді.

Плакатта адал мінез-құлықтың мысалдары, танымал спортшылардың дәйексөздері және әділ ойынды насихаттайтын ұрандар болуы керек.

Бағалау

Талқылау және үлес:

Оқушылардың белсенділігі мен пікірталасқа қосқан үлесі олардың қатысу дәрежесі мен өз көзқарастарын дәлелдеу қабілетіне қарай бағаланады.

Жағдайларды талдау:

Оқушылар адал және адал емес мінез-құлықты дұрыс анықтау және дұрыс шешімдер ұсыну қабілетіне қарай бағаланады.

Плакат (қажет болған жағдайда):

Плакаттар мына критерийлер бойынша бағаланады: шығармашылық, ақпараттың толықтығы мен анықтығы, тартымдылық және тақырыпқа сәйкестік.

Ұсынылатын тапсырмалардың түрлері сабақ тапсырмалары мен оқу іс-әрекетінің түрлерін әзірлеудің негізі ретінде келтірілген, мұғалім бұларды сыныптардың, оқушылардың ерекшеліктерін және өзінің оқыту стратегиясын ескере отырып, өз қалауы бойынша жоспарлап әзірлейді.

6. ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Типтік оқу жоспарының вариативті компоненті (бұдан әрі – ТОЖ) элективті курс (2 сағат) және үйірме жұмысынан (2–4 сағатқа дейін) тұрады. 15 жылда атқарылған жұмыстарды талдай отырып, оқушылардың білім алудағы қабілеттері мен қажеттіліктерін және Зияткерлік мектептер қауымдастығынан алынған кері байланысты ескере отырып, жүйелі жұмысты жүзеге асыру мақсатында ДББҰ 2035 жылға дейін «Оқушылардың тұтас дамуы» деп аталатын Даму стратегиясының бағытын енгізеді.

2024–2025 оқу жылында 7, 8, 9, 11-сыныптарда ТОЖ-ға сәйкес «Міндетті жобаны» жүзеге асыру үшін үйірмеге арналған барлық сағат ішінен 1 сағатты пайдалану төмендегі кестеге сай ұсынылады.

Сынып	Міндетті жобаның атауы	Іс-шара	Бағалау
7	«Домбыра»	Бірыңғай домбыра сабағы (мамыр)	Табельде «сынақтан өтті» деген белгі қойылады (қосымша: ерекше қабілет танытқан оқушыға сертификат беріледі)
8	«Қоғамға қызмет»	Жобалар көрмесі (сәуір)	Табельде «сынақтан өтті» деген белгі қойылады (қосымша: ерекше қабілет танытқан оқушыға сертификат беріледі)
9	«Workout»	Workout fest (сәуір)	Табельге «сынақтан өтті» деген белгі қойылады (ең үздік нәтиже NIS рекордтар кітабына енеді)
11	«Тәлімгерлік»	8-сыныпта «Қоғамға қызмет» немесе 9-сыныпта «Workout» міндетті жобаларын жүзеге асыруда оқушыларға қолдау көрсету. Эссе.	Табельге «сынақтан өтті» деген белгі қойылады

«Домбыра» міндетті жобасы

«Домбыра» ТОЖ-дың вариативті компонентінің міндетті жобасы 7-сынып оқушыларының домбырада ойнауы арқылы ұлттық өнерге сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған.

Жобаның мақсаты – оқушының ұлттық аспапта ойнау арқылы рухани-адамгершілік құндылығын дамытуға ықпал ету. Домбыра ұлттық аспап ретінде ұлттық кодты және мәдени жәдігерлерді сақтауда маңызды орын алады. Осы орайда домбыраны ұлттық брендке айналдырып, қазақстандық бірегейлікті сақтауда 7-сыныптар үшін міндетті жоба ретінде енгізу қажет, бұл салт-дәстүр мен мәдениеттің арасындағы байланысты нығайту және мәдени жәдігерлерді меңгеруде баланың бойында мақтаныш сезімін дамытуға үлес қосады.

Ішекті аспаптарда ойнау оқушының дамуына оң әсер етеді, үйлестіруді, моториканы, музыкалық қабілеттерді, когнитивті функцияларды жақсартады, эмоционалды және шығармашылық дамуға ықпал етеді²⁰.

²⁰ Palac J. A., Sogin D. W. (2005). Hand asymmetry: a study of young string players' finger dexterity. *Bull. Council Res. Music Educ.* 163 29–34. [[Google Scholar](#)].

Martins M., Neves L., Rodrigues P., Vasconcelos O., Castro S. L. (2018). Orff-based music training enhances children's manual dexterity and bimanual coordination. *Front. Psychol.* 9:2616. 10.3389/fpsyg.2018.02616 [[PMC free article](#)]

Jaschke A. C., Honing H., Scherder E. J. A. (2018b). Longitudinal analysis of music education on executive functions in primary school children. *Front. Neurosci.* 12:103. 10.3389/fnins.2018.00103 [[PMC free article](#)] [[PubMed](#)] [[CrossRef](#)] [[Google Scholar](#)]

Тоқсан	Күйлердің атауы	Бағалау
1	«Кеңес»	Әр тоқсан соңында күй орындалуын бағалау
2	«Келіншек»	
3	«Жастар биі»	
4	«Тепеңкөк»	
Мамыр	«Кеңес», «Келіншек», «Жастар биі», «Тепеңкөк»	Бірыңғай домбыра сабағы

«Қоғамға қызмет» міндетті жобасы

«Қоғамға қызмет» ТОЖ-дың вариативті компонентінің міндетті жобасы 8-сынып оқушыларының белгілі бір іс-әрекеті арқылы өзін Қазақстанның ізденімпаз, ұқыпты, жауапты азаматы ретінде көрсетуіне мүмкіндік ашуға бағытталған. Осылайша, бұл жоба оқушының өзін-өзі танып білуіне және қоғамның дамуына қатысты өзіне тиісті міндеттемелерді түсінуіне жағдай жасайды.

Жобаға қатысу оқушының өзіне деген сенімділігін арттырып, ұйымшыл болуға, сонымен қоса қазіргі қоғамның сын-қатерлерін қабылдай білуіне ықпал етеді. Олар әлеуметтік ортадан қоршаған ортаға дейінгі әртүрлі мәселелерді шеше алады, өздерінің азаматтық ұстанымдарын таныта алады және әлемді жақсартуға белсенді атсалысады. Зерттелетін мәселе мектеп немесе мектептен тыс деңгейді қамтуы мүмкін. Мысалы, мәселені анықтау, зерттеу және оны нақты шешу жолдарын ұсыну, мәдениетті арттыру, іс-әрекеттерді орындау және нәтижесінде өзі үшін рефлексия жасау. Рефлексия арқылы өзі пәндер арқылы алған білімдерін тәжірибеде тиімді қолдана алғандығын, өз бойындағы жаңа білім мен дағдыларды дамытқандығын бағалайды.

«Қоғамға қызмет» жобасы төмендегі кестеге сәйкес 4 кезең арқылы жүзеге асырылады:

№	Кезең	Оқушының рөлі	Мерзімі
1.	Зерттеу	Оқушы қазіргі қоғамдағы мәселелерді анықтайды, әртүрлі ресурстарды меңгереді, бақылау жүргізеді. «Қоғамға қызмет» жобасын жүзеге асыруда оқушы өзінің дағдылары мен қабілетін бағалайды. Дағдыларды игеру үшін ресурстарды анықтап, мерзімін белгілеп, қажет іс-шаралар жоспарын жасайды.	1–10.10
2.	Әрекет	Оқушы өз жоспарын жеке, серіктесімен немесе топта жүзеге асыра алады. Айына кемінде 1 рет тәлімгер мен оқушы қойылған міндеттерді шешудің мүмкіндіктерін, жолдарын және т.б. қол жеткізген нәтижелерін талқылау үшін кездеседі. Кездесу қорытындысы хаттамада тіркеледі.	10.10–1.04
3.	Рефлексия	Оқушы болған оқиғаны сипаттайды, эмоциялар мен сезімдерін білдіреді, идеяларын айтып және сұрақтар қояды. Оқушы жобаны жүзеге асыруда жаңа идеялар туындаған жағдайда жоспар мен оның құрылымын бейімдеуі қажет.	Жобаның жүзеге асырылуы барысында
4.	Демонстрация	Көрмеде жұмысын таныстыра отырып, оқушы өзінің не үйренгенін айтып, жеткен жетістігімен бөліседі. Оқушы жобасын таныстыру және айналасымен қарым-қатынас жасау арқылы қойылған мақсаттардың жүзеге асырылғанын көрсетеді.	Сәуір

«Workout» міндетті жобасы

«Workout» ТОЖ-дың вариативті компонентінің міндетті жобасы 9-сынып оқушыларының физикалық дамуына бағытталған. Жоба аясында оқушы гимнастика, фитнес, дене тәрбиесімен айналысады.

«Workout» спорттық алаңдардағы түрлі жаттығуларды қамтиды, турниктер, швед қабырғалары, дене мүшелерін қатайтатын әрі икемділікке бағыттайтын спорттық құралдар, басқа да жаттығуларды қамтиды. Бастысы оқушы өз дене бітімін ширатып, шынықтырып, күшін арттырып, төзімділікке назар аударады.

Жобаға қатысу арқылы оқушы физикалық денсаулығын нығайтып, икемділік, төзімділік, ерік-жігерін арттырып, табысты болуға ұмтылады. Бұл жобаның «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасынан және спорттық үйірмелерден айырмашылығы – оқушы физикалық даму тұрғысынан өзі үшін жаңа бір биік белес, алар асуларды анықтайды. Осы мақсатқа жету үшін оқушы жеке жоспар құрады, жүйелі түрде іс-әрекеттерді орындайды, рефлексия жасайды және нәтижесін жыл сайынғы workout Fest іс-шарасында көрсетеді. Іс-шарада мектеп қоғамдастығының мүшелерінен тұратын мектеп комиссиясы нәтижелерді бағалайды.

Жобаға физикалық қабілеттерін ескере отырып, медициналық көрсеткіштер бойынша босатылған оқушыларды қоса алғанда, 9-сыныптың оқушылары қатысады. Жобаға барлық оқушыларды тарту ұсынылады.

Оқу жылы бойы оқушылар өз нәтижелерін жақсартады, жоғары деңгейге ұмтылады және марапатқа ие болады. Егер оқушы мектеп бойынша рекорд орнатса, оның нәтижесі мектептің комиссиясы шешімімен мектептің рекордтар кітабына енгізіледі (*мысалы, Астана қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің рекордтар кітабы*), ал желі бойынша ең жоғарғы деңгейге ие болған оқушының нәтижесі «NIS рекордтар кітабына» енгізіліп, ДББҰ ресми сайтында жарияланады.

№	Кезең	Оқушының рөлі	Мерзімі
1.	Зерттеу	Оқушы «Workout» жобасының соңында қол жеткізуі тиіс физикалық денсаулығына қатысты нәтиже көрсеткішін анықтайды. Оқушылар жаңа дағдыларды меңгеру мақсатында, іс-әрекеттер жоспарын әзірлейді, қажет ресурстар мен мерзімін анықтайды.	1–10.10
2.	Әрекет	Оқушы өз жоспарын жеке орындайды. Айына кемінде 1 рет тәлімгер мен оқушы қойылған міндеттерді шешу, қиындықтарды жеңудің жолдары және т.б. қол жеткізген нәтижелерін талқылау үшін кездеседі. Кездесу қорытындысы хаттамада тіркеледі.	10.10–1.04
3.	Рефлексия	Оқушы болған оқиғаны сипаттайды, эмоциялар мен сезімдерді білдіреді, идеялар тудырады және сұрақтар қояды.	Жобаның жүзеге асырылуы барысында
4.	Демонстрация	Оқушы өзінің жүйелі жұмысының нәтижесін жыл сайынғы Workout Fest іс-шарасында көрсетеді.	Сәуір

«Тәлімгерлік» міндетті жобасы

«Тәлімгерлік» жобасы бейресми оқу жүйесіне жағдай жасауға бағытталған 11-сынып оқушыларына арналған ТОЖ вариативтік компонентінің міндетті жобасы болып табылады. Білімі мен тәжірибесі мол 11-сынып оқушылары 8–9-сыныптар оқушыларына тәлімгерлік жасау арқылы қолдау көрсетіп, кеңес береді, сол арқылы «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының сабақтастық идеясын жалғастырады. Табысты тәлімгерлік қарым-қатынас тәлімгерге де, оқушыларға да түрлі артықшылықтар береді.

Аталған жоба мектепте оқушының позитивті қарым-қатынасты арттыруына, мектеп қауымдастығында мектепшілік жағдайды жақсартуға, өзіне сенімділігін арттыруға, өзіне деген бағасын арттыруға, қоғамның бір мүшесі екендігін сезінуіне ықпал етеді. Тәлімгерлікті жүзеге асыру белгілі бір циклден өтеді, онда тәлімгер мен оған қарасты адамдар үшін қарым-қатынасын ыңғайлы болады.

Теңдік, сенім, жауапкершілік және кері байланыс беру тәлімгерлікті жүзеге асыруда негізгі принциптерді сақтауға және оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Оқу жылының басында 8–9-сыныптар оқушыларына тәлімгерлер (11-сынып) тағайындалып, төмендегі кестеге сәйкес жұмыс жасалынады.

№	Кезең	Тәлімгердің рөлі	Мерзімі
1.	Зерттеу	Тәлімгер оқушымен достық және жайлы қарым-қатынас орнатады, оның жобасының мақсатын және дамуын анықтауда қолдау көрсетеді.	1–10.10
2.	Әрекет	Тәлімгер оқушының жасаған әрекетіне мониторинг жасайды, мақсаты мен жетістігін бағалайды. Кездесу қорытындысы хаттамада тіркеледі.	10.10–1.04
3.	Рефлексия	Тәлімгер жоба барысында оқушының әрі қарай түсінуіне, жоспарларды қайта қарауда, өз тәжірибесінен сабақ алу, оқушының дамуы мен жетістіктері арасында байланыс орнату және т.б. үшін оқушылардың ойларына жүйелі түрде кері байланыс береді. Кездесу қорытындысы хаттамада тіркеледі.	Жобаның жүзеге асырылуы барысында
4.	Демонстрация	Тәлімгер оқушының жобаны орындауына ықпал етіп, нәтижесінде баға қояды. Жыл қорытындысы бойынша тәлімгер оқушы мен өзінің жеке дамуы және жұмыс қорытындылары мен нәтижелері туралы рефлексия бере отырып, эссе жазады.	Сәуір

Жобаның жүзеге асырылуын бағалау

Жобаны үйлестіру жұмысын Зияткерлік мектептердің қызметкерлері жүзеге асырады. Оқу жылының соңында оқушы мен тәлімгер арасында жобалардың мақсатқа жету деңгейлерін өзара бағалау жұмысы төмендегі кестеге сәйкес жүргізіледі:

Жетістік деңгейі	«Жобалар» бағасы
Күтілетін нәтижеден жоғары	Сынақтан өтті
Күтілетін нәтижеге сәйкес	Сынақтан өтті
Күтілетін нәтижеге жақын	Сынақтан өтті
Күтілетін нәтижеден төмен	Сынақтан өтпеді

7. ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР

«Инженерлік ғылым негіздері» міндетті элективті курсы

Оқушыларды әлемнің шынайы сын-қатерлеріне дайындау дегеніміз – оқушы бойында негізгі дағдыларды қалыптастыру ғана емес, күнделікті өмірде болатын мәселелерді шешуге септесетін дағдыларды да дамыту. Білім беру бағдарламалары орталығы әзірлеген «Инженерлік ғылым негіздері» элективті курсы оқушыны күрделі мәселелерді шешуге талпындыратын оқыту моделі болып саналады. Оқушы зерттеуші рөліне енеді, мәселелерді зерттейді, шешімдер қабылдайды, қорытынды жасап, әрекеттерін құжаттайды.

Элективті курс бағдарламасы оқушыларға қолданбалы есептерді шығаруда тәжірибелік дағдылар мен шығармашыл ойды пайдалана білуді үйретуге бағытталған. Оқытудың негізі зерттеу ісінен және мәселелерді шешуден тұрады. Жоба жасау және оны іске асыру жұмысы зерттеу мәселелерін шешуге, ықтимал шешімдер іздеуге, өнім жасап шығаруға, сондай-ақ түпкі шешімді сынап көруге және бағалауға мүмкіндік беретін құрал рөлін атқарады. Элективті курс бағдарламасы тәжірибелік дағдыларды дамытуға ғана емес, шығармашыл және сыни ойлау қабілеттеріне де ықпал етеді.

Курс мақсаты

Инженерлік қағидалар мен шығармашыл ойлау арқылы оқушылардың қолданбалы мәселелерді шешу қабілетін дамыту.

Курс міндеттері:

1. Оқушыларға мәселелерді талдай білуді, зерттеу жасауды және негізді шешімдерге сүйеніп тұжырымдауды үйрету;
2. Жобаларды табысты орындауға септесер инженерлік және техникалық дағдыларды игерту;
3. Инженерлік мәселелер шешімін табу барысында шығармашыл және сыни ойлай білуге ынталандыру;
4. Жобалау әдістерін, соның ішінде инженерлік шешім қабылдау, сынау және бағалау дағдыларын зерттеу және қолдану.

Курс 34 академиялық сағатқа есептелген және 7-сыныптың екінші жартыжылдығында және 8-сыныптың бірінші жартыжылдығында оқытылатын болады. Курс «Биология», «Химия», «Физика», «География», «Математика», «Информатика», «Бейнелеу өнері» пәндерімен пәнаралық байланысқан.

Әдістемелік ұстанымдар

Курс оқытудың белсенді және интерактив түрлеріне:

- жеке және топтық ғылыми жобаларға;
- зертханалық және компьютерлік модельдеуді қамтитын тәжірибелік сабақтарға;
- пікірталастар, презентациялар және жобаларды қорғауға негізделіп құрастырылған.

Кіріктірілен элективті курстар дегеніміз – әртүрлі пәндік салалардан білім мен дағдыларды синтездеуге бағытталған инновациялық білім беру формасы. Мұндай курстар кешенді талдауды және жан-жақты білімді қолдануды қажет ететін күрделі заманауи мәселелерді шешуге қажет оқытудың пәнаралық тәсілін жүзеге асыруға ықпал етеді.

«Оқушылардың жаңа білімді игеру қабілеті таным саласы маңызды мәселені шешу әрекетімен байланысты болғанда, деректер мен дағдылардың неге, қалай және қай кезде маңызы арта түсетінін түсінуге ықпал еткен кезде шыңдала түседі

Bransford, Brown, & Conking, 2000, p. 23

Кіріктірілген элективті курстардың функциялары:

1. Пәнаралық оқыту: күрделі мәселелер туралы тұтас түсінік қалыптастыру мақсатында әртүрлі салалардағы білімді біріктіру.

2. Сыни ойлауды дамыту: оқушыларды түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдауға және бағалауға үйрету.

3. Кешенді дағдыларды қалыптастыру: түрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеу және оларды шынайы жағдайларда қолдану дағдыларын дамыту.

4. Шығармашылықты ынталандыру: түрлі әдістер мен идеяларды біріктіру арқылы креативтілікті ынталандыру.

5. Шынайы өмірге дайындық: оқушылардың болашақ кәсіби және жеке жолында кездесетін жағдайларды модельдеу.

Кіріктірілген элективті курстардың міндеттері:

- Білім синтезі: оқушылардың ой-өрісін кеңейту мақсатында түрлі пәндердің оқу материалын біріктіру.

- Мета-пәндік құзыреттіліктерді дамыту: сыни тұрғыдан ойлау, топта жұмыс істей білу, коммуникация және шығармашылық сияқты заманауи жағдайларда табысты оқыту және жұмыс істеуге қажет дағдыларды қалыптастыру.

- Пәнаралық зерттеулерге дайындық: кешенді зерттеулер мен жобалар жасауға қажет дағдыларды дамыту.

- Өзін-өзі жүзеге асыру жағдайларын қалыптастыру: оқушыларға өздерінің мықты жақтарын білімнің әртүрлі салаларында көрсетуге мүмкіндік беру.

- Жаһандық ойлауды қалыптастыру: оқушыларды жергілікті және жаһандық үдерістер арасындағы байланысты көруге, өмірдің әртүрлі салаларының өзара тәуелділігін түсінуге үйрету.

Төменде оқушыларға арналған элективті курс бағдарламаларының 9 атауының тізімі берілген, олар бейіндік дайындық және болашақ мамандықты таңдау шеңберінде жоғары мектеп оқушыларының тәжірибелік және зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған:

№	Пәндердің кіріктірілуі	Курстың атауы	Курстың қысқаша мазмұны
1	«Математика», «Информатика», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндерінің кіріктірілуі	«STEM: Ғылым және инновация әлеміне саяхат»	Бұл курс аясында оқушылар негізгі STEM тұжырымдамаларын тереңірек түсінуге және қолдануға көмектесетін жеке жобаларды әзірлейді. Оқушылар тәжірибелік сабақтарда нақты инженерлік тапсырмаларды орындауды, инновациялық технологияларды әзірлеуді және деректерді талдау үшін математикалық модельдерді пайдалануды үйренеді.
2	«Биология», «Экология», «География» пәндерінің кіріктірілуі	Орман және дала экожүйелерін зерттеу: олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету стратегиялары.	Бұл курс аясында оқушылар ормандар мен далаларда жүретін биологиялық және экологиялық үдерістер туралы терең білім алады, сонымен қатар олардың жағдайын және түрлі факторлардың әсеріне осалдығын бағалауды үйренеді. Оқушылар өсімдіктер мен жануарлар қауымдастығының алуантүрлілігін, олардың өзара әрекеттесуін және экожүйедегі рөлін зерттейді.

3	«Өнер», «Экология», «Биология» пәндерінің кіріктірілуі	ECOART – экологиялық саналы шығармашылық	Курс оқушыларды өнердің түрлері мен формалары арқылы экологиялық мәселелерді түсінуге ынталандырады. Курс бағдарламасы заманауи экологиялық сын-қатерлер туралы теорияны және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған тәжірибелік сабақтарды қамтиды. Оқушылар заманауи суретшілердің жұмыстарын зерттейді, олардың экологияға көзқарастарын талдайды және экологиялық тақырыптар (оның ішінде треш-арт, спектакльдер, фотокөрмелер және т.б.) аясында шығармашылық жобаларын жасайды.
4	«Өнер», «Музыка» компоненті, «Қазақ әдебиеті» пәндерінің кіріктірілуі	Музыка. Қазақ халық әні	Бұл курста оқушылар қазақ халық әнінің ерекшеліктерін, халық композиторлары мен кәсіби композиторлардың, ақындардың шығармашылығын зерттейді, сондай-ақ қазақ халық әндерін ойнауды үйренеді, айтысқа қатысады және оларды концерттік түрде ұсынады.
5	«Дүниежүзі тарихы», «Өнер», «Орыс әдебиеті» пәндерінің кіріктірілуі	Тарих: өнер туындыларындағы көрінісі	Курс дүниежүзі тарихын өнер туындылары арқылы зерттеу мүмкіндіктерін қарастырады. Көркем картиналар, мультфильмдер, инсталляциялар және әдеби және музыкалық шығармалардың үзінділері тарихи дереккөздер ретінде қарастырылады. Мұның арқасында «Дүниежүзі тарихы» мен «Өнер» пәндері кіріктіріледі. Курс оқушылардың зерттеу дағдыларын, креативті және сыни ойлауын, ғылым мен шығармашылықтың әртүрлі салаларындағы білімді қолдана білуін дамытуға ықпал етеді, оқушылардың ой-өрісі мен эстетикалық дамуына көмектеседі.
6	«Дүниежүзі тарихы», «Орыс әдебиеті», «Экономика» пәндерінің кіріктірілуі	Тарихтағы тұлғалық фактор	Курста әлемнің тарихи тұлғаларының рөлі қарастырылады. Курс мазмұнына дүниежүзі тарихы курсына оқылатын ең маңызды тарихи тұлғалар кіреді. Курс оқушылардың зерттеу дағдыларын, жүйелі және сыни ойлауын, үлкен көлемдегі ақпаратты жинақтау және тарихи дереккөздерді талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге және көшбасшылық қасиеттері мен белсенділік дағдыларын тәрбиелеуге көмектеседі.
7	«Қазақстан тарихы», «География», «Геометрия» пәндерінің кіріктірілуі	Кесенелер құпиясы	Курс оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын және деректермен жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталған. Курс аясында Қазақстанның қасиетті кесенелері туралы қызықты ақпарат беріледі. Оқушылар кесенелердің құпияларын ашу үшін олардың географиялық орнын, архитектуралық ерекшеліктерін, тарихи және мәдени маңыздылығын зерттейді. Курс тарих, геометрия және география пәндерімен кіріктіріліп, пәнаралық оқытуға ықпал ететін кесенелердің туризмді дамытудағы рөлін қарастырады. Осылайша, оқушылар бірегей ескерткіштер мен олардың маңыздылығы туралы жан-жақты түсінік алады.

8	«Экономика», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің кіріктірілуі	Тарихтағы экономика	Курс әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық үдерістер мен тарихи оқиғалар арасындағы байланысты түсінуге бағытталған. Курс оқушыларға экономиканың негізгі тұжырымдамаларын игеруге, сондай-ақ олардың қоғамдық құрылымдардың, мәдени ерекшеліктер мен саяси оқиғалардың қалыптасуына әсерін түсінуге көмектеседі.
9	«Орыс тілі мен әдебиеті», «Информатика» пәндерінің кіріктірілуі	Медиа кілті: ақпаратты сыни бағалау	Курс оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға, ақпаратты сыни бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған. Курста оқып, оқушылар жалған ақпараттың не екенін түсінеді, жалған жаңалықтарды тануды үйренеді; фишингтің не екенін және олардан жеке өмірін қалай қорғауға болатындығын біледі. Сондай-ақ, желіде қандай сандық із қалатынына назар аударылады. Оқушылар кибербуллинг тақырыбын және одан қалай қорғану керектігін талқылайды.

Элективті курстарды бағалау оқу процесінің маңызды элементі болып табылады, өйткені ол оқушылардың материалды қаншалықты меңгергендігін және олардың алған білімдерін практикада қолдануға қаншалықты дайын екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау форматтары

1. *Жобалық жұмыс*: Әртүрлі пәндік салалар бойынша білімдерді синтездеуді қажет ететін жобаларды жүзеге асыру. Жобалар топтық жұмыс пен коммуникативтік дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретін жеке немесе топта орындалуы мүмкін.

2. *Эсселер, рефлексивті жұмыстар, ғылыми есептер*: Эссе, рефлексивті жұмыстар және ғылыми есептер жазу. Оқушылар алған тәжірибесін талдайды, зерттелетін мәселелерді шешу бойынша өз ойлары мен ұсыныстарын айтады.

3. *Жобаларды таныстыру және қорғау*: Оқушылар өз жобаларының нәтижелерін аудитория алдында ұсынады, бұл олардың көпшілік алдында сөйлеу және өз идеяларын қорғау қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

4. *Практикалық тапсырмалар*: Оқушылардың өз білімдері мен дағдыларын қолдана алатын нақты жағдайларды модельдейтін практикалық тапсырмаларды орындау.

Кіріктірілген элективті курстар бойынша қорытынды баға барлық орындалған жұмыстардың және тапсырмалардың жалпы нәтижесіне негізделген «сынақтан өтті/сынақтан өтпеді» форматында қойылады. Бұл тәсіл оқушылардың нақты үлгерімі мен меңгерілген құзыреттеріне назар аудара отырып, олардың пәнаралық жетістіктерін икемді бағалауға мүмкіндік береді.

8. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР

2024–2025 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme (бұдан әрі – NIS-Programme) білім беру бағдарламасы аясында әзірленген 8-сыныпқа арналған Зияткерлік мектептердің жаңартылған NIS-Programme бағдарламасына сәйкес қайта қаралған қазақ және орыс тілдеріндегі «Химия», «Физика», «Биология», «Математика», «Өнер», қазақ тілінде «Қазақстан тарихы», «География», орыс тілінде «Дүниежүзі тарихы» және «Информатика» пәндері бойынша оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін оқу үдерісіне енгізу жоспарлануда. Оқулықтар мен ОӘК енгізу электрондық форматта жүзеге асырылатын болады. Электрондық нұсқалар sk.nis.edu.kz «Педагогикалық білім базасы» порталында қолжетімді болады.

9. NIS-PROGRAMME БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ІШКІ ҮЙЛЕСТІРУ

NIS-Programme іске асыруды мектепішілік үйлестіру білім беру үдерісін басқарудың негізгі аспектісі болып қала береді. Білім беру ортасындағы елеулі өзгерістерді ескере отырып, мектептер жаңа жағдайларға бейімделіп, бағдарламаны табысты іске асыруы қажет. Оқу жылын мектептің барлық педагогикалық ұжымын NIS-Programme негіздеріне және оның негізгі принциптеріне оқытудан бастау ұсынылады.

NIS-Programme тұжырымдамасын енгізуден басқа, мектептерге кері байланыс алу үшін сабақтарды бақылау, мұғалімдермен, оқушылармен және ата-аналармен сөйлесу арқылы оқу үдерісін жүзеге асырудың тиімділігін үнемі бақылап отыру керек. Қажет және іске асырылатын NIS-Programme мазмұны арасындағы минималды алшақтық мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің нәтижелілігін сипаттайды, сонымен қатар нәтижелілікті талдау негізінде мектептің, білім беру үдерісінің және мұғалімдердің даму траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Мектептің жалпы даму жоспарына барлық оқу пәндері бойынша NIS-Programme бағдарламаларын іске асыруды мониторингілеу жүйесін енгізу ұсынылады. Алынған нәтижелер жиынтық есепте жинақталып, кейін мұғалімдер арасында және әдістемелік бірлестіктерде талқылануы керек. Бұл мектептерге ағымдағы жағдайды бағалап қана қоймай, жақсарту және дамыту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің рефлексиялық тәжірибесін сақтау маңызды. Сабаққа жүйелі түрде қатысу бұл тәжірибенің негізгі элементі болып табылады. Директорлар, директорлардың орынбасарлары және әдістемелік бірлестіктердің басшылары ай сайын сабақтарды бақылауға белгілі бір уақыт бөлуі керек. Бұл NIS-Programme іске асырудың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ оларды кейіннен жетілдіру үшін мұғалімдермен талқылауға мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің және әкімшіліктің барлық мүшелерінің тұрақты рефлексиялық тәжірибесі үшін сабаққа жүйелі түрде қатысу маңызды:

- директор – айына кемінде 10 сабаққа;
- директордың орынбасарлары – айына кемінде 12 сабаққа;
- әдістемелік бірлестіктердің басшылары – айына кемінде 10 сабаққа;
- NIS-programme үйлестірушісі – айына кемінде 10 сабаққа;
- шебер мұғалім – айына кемінде 10 сабаққа;
- зерттеуші мұғалім – айына кемінде 8 сабаққа;
- сарапшы мұғалім – айына кемінде 6 сабаққа;
- модератор мұғалім – айына кемінде 4 сабаққа.

Пән үйлестірушілері NIS-Programme бағдарламасын іске асыруда білім беру бағдарламалары орталығы мен мектеп арасындағы негізгі буын болып табылады. Пән үйлестірушісі мұғалімдерді өзекті оқу бағдарламасымен қамтамасыз етуі, оқу бағдарламалары мен жоспарларына енгізілген жаңартулармен таныстыруы тиіс. NIS-Programme іске асыру аясында мұғалімдерді әдістемелік сүйемелдеу және жан-жақты қолдау талабы үйлестірушіге мына міндеттерді қояды:

1. Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша жаңадан келген мұғалімдерге арналған семинарлар ұйымдастыру.

2. Заманауи педагогикалық технологияларды (практикалық жұмыстар, белсенді оқыту әдістері, пәнаралық интеграция және т.б.) пайдалану бойынша мұғалімдерге арналған семинарларды жоспарлау.

3. Кері байланысты қамтитын тұрақты өзара сабақ бақылауын ұйымдастыру.

4. Өзгерістерді жіктеу және құжаттарды қайта қарастыру үшін енгізіліп жатқан оқу бағдарламалары мен жоспарларына қатысты сұрақтар, комментарийлер мен ұсыныстарды жинау үдерісіне болысу.

NIS-Programme іске асырудың мектепшілік мониторингінің схемасы

Кезеңдер	Әрекеттер	Қатысушылар
Дайындық кезеңі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Педагогикалық ұжымға NIS-Programme білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін оқыту. 2. NIS-Programme білім беру бағдарламасының негізгі принциптері мен мақсаттарын талқылау. 	Директор, директордың орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары
Мониторинг және бағалау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мектеп әкімшілігі мен әдістемелік бірлестіктер басшыларының сабақтарды үнемі қадағалауы. 2. Тәжірибе алмасу және кері байланыс алу үшін мұғалімдердің сабақтарды өзара бақылауы. 	Директор, директордың орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, мұғалімдер
Талдау және есеп беру	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мониторинг нәтижелерін жиынтық есепте жинақтау. 2. Мұғалімдермен және әдістемелік бірлестіктермен есепті талқылау. 	Директор, директордың орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, мұғалімдер
Түзету және дамыту	<ol style="list-style-type: none"> 1. Есептерді талдау негізінде жақсарту бағыттарын анықтау. 2. Оқыту семинарлары мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру. 3. Оқу бағдарламаларын жаңарту үшін сұрақтар мен ұсыныстар жинау үдерісіне болысу. 	Директор, директор орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, NIS-programme үйлестірушісі
Қолдау және сүйемелдеу	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пәндер бойынша үйлестірушілер мұғалімдерді өзекті оқу материалдарымен қамтамасыз етеді. 2. NIS-Programme енгізу барысында тұрақты оқыту семинарларын өткізу және мұғалімдерді қолдау 	NIS-programme үйлестірушісі, шебер мұғалімдер, зерттеуші мұғалімдер, сарапшы мұғалімдер